

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 323.1 (574)

Қолжазба құқығында

ШАКЕЕВА БОТАКОЗ РАХИМБЕКОВНА

**Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасу аясындағы қазақ
этникалығы**

6D050200 - Саясаттану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
философия ғылымдарының докторы, доцент
Шайкемелев М.С.

Шетелдік ғылыми кеңесші
PhD, Барбара Жүнісбай
Питцер колледж, Клермонт
(Калифорния, АҚШ)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2022

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1. ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ- ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ	11
1.1. Ұлттық бірегейлік тұжырымдамасын талдаудағы негізгі тәсілдер	11
1.2. Этникалықты зерттеудегі түсініктер мен тәсілдер.....	36
1.3. Қазақ этникалығының тарихи дамуындағы батыстық және шығыстық векторлар.....	56
2. БОЛАШАҒЫ БІРТҰТАС ҰЛТТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ҚҰРЫЛЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЭТНИКАЛЫҒЫНЫҢ РӨЛІ	74
2.1. Қазақ этносының генеалогиялық және әлеуметтік-мәдени факторлары.....	74
2.2. Жалпықазақстандық бірегейлікті қалыптастыру мен қазақ этникалығының генезисіндегі тілдің қызметі.....	90
2.3. Қоғамдық сананы жаңғырту үрдісіндегі қазақ этникалығының өзгерісі.....	105
ҚОРЫТЫНДЫ	123
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	126
ҚОСЫМША А – Зерттеу әдісі.....	140
ҚОСЫМША Б – Сауалнама сұрақтары.....	145
ҚОСЫМША В – Фокус топ нұсқаулығы.....	170
ҚОСЫМША Г – Тереңдетілген сұхбат сұрақтары.....	175

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Жаһандану шынайы түрде әлемнің барлық елдерін жаппай қамтып отырған кең таралған құбылысқа айналды. Бұл құбылыс әлем елдері үшін сан алуан жағымды мүмкіндіктерді ашып қана қоймай, көптеген дамушы елдерде протекционизм мен национализм тенденциясын да қатар күшейтіп отыр [1]. Әсіресе, этникалық жағынан біркелкі емес дамушы елдерде дамудың өтпелі кезеңінде дәстүршілдіктің жылдам қарқынмен жандана бастайтындығы бүгінгі күні тәжірибеде жиі кездеседі [2]. Соның айқын бір мысалы саналатын Қазақстан Республикасы да дамудың осы өтпелі кезеңін толықтай бастан өткере қоймағандығы анық.

Қазақстанда тәуелсіздік алғаннан бері дәстүршілдік бағыттың өсуі мәдени сананың, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың қайта жаңғыруы түрінде және олардың мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларына белсенді түрде араласуы арқылы көрініс берді [3]. Бұл үрдістер қазақ тілінің мәртебесінің, рулық қатынастар мен халықтық мерекелердің және тағы басқа да ұлттық құндылықтардың қайта қалпына келуі түрінде байқалды. Бірақ, біз кез келген мәдениетте сипаты жағынан прогрессивті және консервативті, тіпті архаикалық патриархалдық құндылықтар кездесетінін түсінуіміз керек. Алайда қазақстандық қоғамның бірігуіне және өзара топтасуына оң әсерін тигізетін дәстүрлерді жаңғырту аса маңызды болып табылады.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан үкіметі алдында этносаралық тепе-теңдікті сақтай отырып және мемлекет құрушы этностың талаптарын ескеру арқылы қалай көпэтносты қоғамды біріктіруге болады деген күрделі тапсырма тұрды. Оған қоса ХХ ғасырдың 90 жылдарының басында жергілікті байырғы қазақ халқының үлес салмағының шамамен 40%-ды ғана құрауы жағдайды одан әрі күрделендіре түсті [4]. Осы орайда мемлекет аталмыш күрделі мәселені біртіндеп қазақстандық бірегейлікті алға жылжыта отырып, азаматтық ұлтты құру жолымен тиімді шешу жолын таңдады. Бұл жөнінде Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты бағдарламалық мақаласында «Біздің жолымыз – ол бірлік жолы және азаматтық біртектілік негізінде ұлтты дәйектілікпен қалыптастыру жолы» – деп атап көрсетті [5].

Бірақ Қазақстанның ұлттық бірегейлігі тек әлеуметтік-саяси аспектілерден ғана тұрмайды, сондай-ақ, оның құрамында көпэтносты мемлекеттерге тән аса маңызды этномәдени аспектілер де жоқ емес, себебі «ұлт» түсінігінің өзі азаматтық-саяси және этномәдени қағидаларды біріктіреді. Ұлт – азаматтардың әрі саяси-құқықтық қауымдастығы, әрі отандастардың рухани-адамгершілік, мәдени-құндылық бірлестігі, сондықтан ұлттың азаматтық бірегейлігі мәдениеттің негізінде құрылады [6]. Сондықтан ұлттық бірегейліктің саяси және мәдени құрамдас бөліктерін бір-бірінен ажырату өте қиын.

Қазақстанда ұлттық бірегейліктің қалыптасуы азаматтық бірегейлікке негізделгеніне қарамастан, бұл үрдісте қазақ этносы мен мәдениетінің өзіндік

үлкен ықпалы бар екенін түсінуіміз керек. Алайда, кеңестік кезеңде қазақ халқының тарихи санасында тарихтың көптеген қайғылы беттерін жойып жіберу арқылы қазақ этникалығын барынша өзгеріске ұшыратуға тырысты. Оған қоса Қазақстан тарихы бойынша түпнұсқалық дереккөздердің өте аз болуы мен әлемдік ғылыми қауымдастықтың кеңестік периферияға қызығушылық танытпауы – Қазақстанның азаматтық ұлттық бірегейлігінің қалыптасуы аясында қазіргі қазақ этникалығының дамуына ғылыми тұрғыда болжам жасауды одан әрі қиындата түсті.

Осы орайда бүгінгі күні мемлекеттік бағдарламалар мен «Қазақстан-2050» Стратегиясы арқылы қазақстандық қоғамның санасының жаңғыруы қазақ этникалығына қалай әсер ететіндігін терең ғылыми тұрғыда танып түсіну маңызды. Іс жүзінде қоғамда қазақ этносы азаматтық бірегейлік негізінде Қазақстанда өмір сүретін барлық этностық топтарды біріктіре алатын мемлекет құрушы этносқа айнала алады ма деген сұрақтың туындауы заңдылық. Осыған байланысты қазақ этникалығының негізгі саяси және социомәдени белгілерін жан-жақты ғылыми зерттеу мен оған терең талдауды қажет етеді. Ол үшін қазақ даласында саяси жүйенің қызмет етуінің ерекшеліктері, сананың мәдени және тарихи синкретизмі мен оның қоғамның саяси және мәдени өмірінде көпқырлы сипаты, тілдің рөлі мен рулық қатынастардың, тарихи сананың қайта жаңғыруы сияқты тағы да басқа мәселелерді терең ғылыми ой-толғаныстан өткізу керек.

Бүгінгі күні елдің ұлттық бірегейлігін қалыптастыру тақырыбында көптеген кешенді ғылыми зерттеу жұмыстары, сонымен қатар қазақ этносының тарихы мен мәдениетін зерттеуге арналған көптеген ғылыми еңбектер бар. Дегенмен, қазақстандық ғылыми дискурста ұлттық бірегейліктің қалыптасуына қазақ этникалығының ықпалын зерттеу тақырыбына қатысты еңбектер әлі де жеткіліксіз. Қазақстанның ұлттық құрылысын қалыптастыру үрдісінде қазақ этникалығы белгілерінің ерекше маңыздылығын ескеретін болсақ, аталмыш тақырып тереңірек ғылыми талдауды қажет ететіні сөзсіз. Бұл біздің таңдап алған зерттеу тақырыбымыздың қазіргі уақыттағы өзектілігін айқын көрсетеді.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Ұлттық бірегейлік мәселелері шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттерде соңғы уақытта өзінің маңызын жоғалтпай келе жатқан және әрқашан терең зерттеуді талап етіп отырған саясаттану ғылымында тың тақырып болып саналады. Шетел әдебиеттерінде этникалық бірегейлік мәселесі әр түрлі ғылыми мектептер мен бағыттар шеңберінде зерттелініп келеді. Соның ішінде примордиалистік мектептің көрнекті өкілдері саналатын И.Г. Гердер [102], И.Г. Фихте, К.Гирцті айтуымызға болады. Ал кейінгі конструктивистік бағыттың негізін қалаушылардың қатарында Б.Андерсон [33], Р.Брубейкер, П.Бурдые, Э.Геллер [31], Э.Хобсбаум [32], В.Тишков [40], В.Бадмаев ұлттық бірегейлікті конструктивизм тәсілі тұрғысынан алып қарастырды. Этносимволизм көзқарасы шеңберінде жазылған бірнеше іргелі еңбектердің авторы саналатын Э.Смит өткен заманның этностық қауымдастығы мен қазіргі ұлттық бірегейлік

арасындағы байланыстарды символдардың мәні арқылы зерттеуге талпыныс жасады [30]. Ғылымда тағы бір жаңа бағыт саналатын инструментализм теориясының белгілі өкілдері Д. Белл, Г.Вулп, Н.Глейзер, Д.Мойнихэн және тағы басқалар өздерінің ғылыми концепцияларында этностың мәдениеттегі рөлін анықтауға тырысты. Сонымен қатар Б.Дэйв [142], М.Б. Олкотт [7], Э.Шатц [147], К.Феррет, М.Ларуэль және С. Пейруз, Д. Лейтин, Г. Лапидус, А, Халид [8] және басқалардың еңбектерінде қазіргі Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасу мәселелері кеңінен қарастырылды.

Қазақстанның ұлттық бірегейлігін құруда этносимволдардың рөлін зерттеген ғалымдардың қатарында Д. Кудайбергенова [9], Д.Шарипова [10] В. Фирман Қазақстанның ұлттық бірегейлігі мен тіл саясатының өзара байланысын салыстыра отырып терең зерттеді [11].

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық бірегейлік мәселесі көптеген отандық зерттеушілер үшін де өзекті тақырыпқа айналды. Елдің мемлекеттік және ұлттық құрылысының әр түрлі аспектілеріне қатысты мәселелер ерекше қызығушылық тудырды. Атап айтқанда жас мемлекеттің азаматтық және этникалық бірегейліктерінің өзара байланысы, көпэтносты және көпмәдениетті қоғамдағы азаматтық қоғам мен этносаралық келісімнің рөлі сияқты мәселелер жаңаша ғылыми көзқараспен қарауды және бағалауды қажет етті. Осы сияқты шешімін таппаған күрделі сұрақтар отандық ғалымдар А.Н. Нысанбаев, В.Ю. Дунаев [12], В.Д. Курганская [13], Р.Қ. Қадыржанов [14], Д.Д. Ешпанова [15], М.С. Шайкемелев [16], М.Ж. Сеңгірбай [17], Е.Қ. Әлияров [18], Әбдіғалиева Г.Қ., Б.Б. Әбдіғали [19], М.С. Әшімбаев [20], Ә.Ғали [21], Т.А. Козырев [22], С.Ш. Мұсатаев [23], М.М. Нұрғалиева [24], И.А. Черных, Е.Б. Асылтаева [25], Н.Ы. Айтымбетов [26] және басқалардың еңбектерінде кеңінен зерттеледі.

Отандық саясаттану ғылымы саласында ұлттық бірегейлік мәселесінің көптеген аспектілері елімізде өмір сүретін халықтардың тарихын қайта зерттеумен тығыз байланысты, соның ішінде бірінші кезекте ұлт құрушы болып саналатын қазақ халқының өткен тарихындағы тарихи тұлғалардың, оқиғалардың, ескерткіштердің символ ретінде қайта жаңғыруын айтуымызға болады. Оны, біз, Н.Э. Масанов [162], К.М. Байпақов, М.Қ. Қойгелдиев, С.М. Әкімбаев [144], Ж.О. Артықбаев, Д.Х. Ахмедьянов, Р. Темірғалиев, Т.Қ. Әуелғазина және басқа да қазақстандық авторлардың еңбектерінде қазақ этносының қалыптасуы мен дамуының тарихи ерекшеліктерін оның өмірі мен тұрмыс салты, өте бай ауызша мәдениеті, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын зерттеуінен көре аламыз.

Жоғарыда аты аталған авторлардың ғылыми еңбектері Қазақстанда ұлттық бірегейліктің қалыптасуы мәселелерін зерттеуде ең маңызды зерттеулердің бірі болып саналады. Алайда Қазақстанда қазіргі ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда қазақ этникалығының рөлі мен орны жан-жақты қарастырылмаған. Сондықтан біздің диссертациялық жұмыста Қазақ хандығы құрылған кезеңнен бүгінгі күнге дейінгі уақыт аралығында қазақ этникалығының трансформациялану мәселелері кеңінен қамтылады және

оның Қазақстанның қазіргі ұлттық бірегейлігінің қалыптасуына ықпалы ғылыми тұрғыда зерттелінеді.

Диссертацияның негізгі гипотезасы. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың бірнеше кезеңін бастан өткерді. Елде қазақстандық ұлттық бірегейлік пен бірлікті күшейтуде әр түрлі мемлекеттік бағдарламалар, стратегиялар мен тұжырымдамалар қабылданды, оларда қазақ этносы Қазақстанның ұлттық бірегейлігін қалыптастырудың өзегі болып қала береді. Өз кезегінде қазақ этносының тарихи қалыптасуы мәдени, діни және дүниетанымдық синкретизмге негізделген. Тиісінше, қазіргі Қазақстан үшін ұлттық бірегейліктің оңтайлы формасы тактикалық және ситуациялық негізде этникалық, азаматтық бірегейлік пен көпмәдениеттіліктің интеграцияланған түрі мен мобильді синтезі ретінде құрылуы керек.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу нысаны Қазақстан ұлттық бірегейлігін қалыптасу аясындағы қазақ этникалығы болып табылады. Қазақ этникалығын біз қазақ этносының бірегей өзіне тән ерекше қырларының жиынтығы ретінде алып қараймыз. Сондықтан қарастырылып отырған зерттеу объектісінің қайнар көзі көшпенді қазақ этносының пайда болу тарихынан бастау алады. Біз қазақ этносының ерекшеліктерін антропология немесе мәдениеттану тұрғысынан емес, көбінесе оның ұлттық бірегейлікті құруға тигізетін ерекше ықпалын саясаттанулық көзқарас тұрғысынан қарастырамыз.

Диссертациялық зерттеудің пәні – жаһандық және аймақтық үрдістердің ықпалынан өзгеріске ұшырайтын қазақ этникалығының негізгі белгілерінің эволюциясы. Бізді қазақ этникалығын зерттеуде Қазақстанның ұлттық бірегейлігін қалыптастыруға ықпалы зор ерекше қасиеттер қызықтырады. Ол үшін қазақ этносының даму тарихы барысында орын алған өзгерістер мен өзіне ғана тән ерекшеліктерді терең сараптаудан өткізуді қажет етеді.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты – Қазақстанда ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы қазақ этникалығының рөлін талдау. Бұл мақсатқа қол жеткізу барысында келесі **міндеттер** алға қойылды:

- әлемдік және қазақстандық ғылыми әдебиеттердегі ұлттық бірегейлік концепциясын талдаудың негізгі тәсілдерін қарастыру және Қазақстан үшін қолайлы бірегейлік теориясын анықтау;
- этникалықты зерттеудегі әртүрлі концепциялар мен тәсілдерді талдап, қазақ этникалығының негізгі аспектілерін ашу;
- Қазақстанның ұлттық бірегейлігінің қалыптасуындағы қазақ этникалығының тарихи дамуына батыс және шығыс векторларының ықпалын көрсету;
- қазіргі кезеңдегі қазақ этникалығының генеалогиялық параметрлерінің әсерін ашып көрсету;
- тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ тілінің рөлі мен мәртебесін және оның жалпы қазақ болмысының қалыптасуына әсерін зерттеу;

- қоғамдық сананы жаңғырту үрдісінде қазақ этникалығының трансформациясын бағалау.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі. Диссертацияның теориялық негізін әлем және аймақ тарихындағы ұлттық бірегейлік пен национализм көріністерінің әр түрлі аспектілерін зерттеген шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері құрайды.

Диссертацияда қазақ этникалығының саяси және әлеуметтік функциялары ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін қалай өзгергенін түсіну үшін тарихи әдіс қолданылды. Азаматтардың этникалық бірегейлігінің ерекшеліктерін анықтауда тіл мен рулық қатынастардың рөлін зерттеу үшін қазақ ауылдарында сауалнама және тереңдетілген сұхбат сияқты әлеуметтанулық-антропологиялық әдістер қолданылды. Талдаудың құжаттық әдісі ұлттық саясат саласындағы мемлекеттік бағдарламалық құжаттарға, тиісті нормативтік құқықтық актілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалаларға талдау жасауда қолданылды. Бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген ұлттық саясат саласына қатысты мемлекеттік бағдарламалық құжаттар, соған сәйкес нормативті актілер мен заңдарды талқылауда құжаттық әдіс кеңінен қолданылды.

Зерттеудің эмпирикалық базасы. Негізгі дереккөздер ретінде, біз, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының «Қоғамдық сананы жаңғырту міндеттері аясындағы қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында жүргізілген сандық социологиялық зерттеулердің деректері пайдаланылды. Зерттеу 2019 жылдың сәуір-шілде айларында жүргізілді. Сауалнамаға Қазақстан бойынша 1800 адам қатысты. Сондай-ақ, сапалық әдіс аясында ақпарат жинаудың екі негізгі құралы қолданылды: шағын қалалардың, сондай-ақ ауылдық елді мекендердің тұрғындарымен фокус-топтық пікірталас, сарапшылық қоғамдастық өкілдерімен, сонымен қатар мектеп мұғалімдерімен тереңдетілген сұхбат жүргізілді.

Сондай-ақ 2020 жылы Қазақстанның бірнеше ауылында жүргізілген тәуелсіз сапалы әлеуметтік-антропологиялық зерттеулердің деректері де сараланды. Зерттеулер Алматы облысының Қасымбек, Көктөбе, Ынтымақ және Масақ ауылдарында (қазіргі Қазтай Ұлтарзақов атындағы ауыл) жүргізілді. Іріктеу Алматы қаласынан 100-150 км радиуста 5000 адамға дейінгі ауылдар арасында жүргізілді. Жалпы әр ауылда 5-7 тереңдетілген сұхбат құрады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Диссертацияның ғылыми жаңалығы туралы тұжырымдар келесідей:

- ұлттық бірегейлік феноменін талдауда примордиалистік, конструктивистік және инструменталды концепцияларды біріктіретін көппарадигмалық көзқарастың өзара байланыстылығы дәлелденді;

- «этникалық» категориясы этностық топтың ерекше қасиеттері ретінде мәні ашылып, оның негізгі тіл мен рулық қатынастар сияқты нышандары талданды;

- синкретизм негізінде қазақ этносының батыс және шығыс векторының әсерінен өзгеру кезеңдерінің өзіндік классификациясын ұсынды және әрбір кезеңнің нәтижелері атап көрсетілді;

- рулық-тайпалық қатынастардың қазақтар үшін квазитрайбализм түріндегі белгілі бір мүдделерді жүзеге асыру құралы ретіндегі маңызы ашылды;

- Жүзеге асыруда күш-жігер талап ететін қазақ тілінің қазақстандық бірегейлікті біріктіруші фактор ретіндегі мәртебесі мен рөлі анықталды;

- Ұлттық құрылыстың этномәдени және азаматтық ұстанымдарының біріктірілген формасы мен релевантты синтезі бүгінгі күні Қазақстанның ұлттық бірегейлігін қалыптастырудың тиімді жолы болып табылады.

Диссертацияның теориялық және ғылыми-тәжірибелік маңызы.

Диссертацияның теориялық маңыздылығы оның тұжырымдары ұлттық саясаттың өзекті мәселелерін әзірлеуге және шешуге негіз болуымен айқындалады. Сондықтан зерттеу нәтижелерін Қазақстанның ұлттық бірегейлігінің одан әрі дамуының тарихи генезисі мен траекториясының қалыптасуының біртұтас ғылыми теориясын қалыптастырудың дереккөздерінің бірі ретінде пайдалануға болады. Сондай-ақ диссертацияның нәтижелері ұлттық саясатты қалыптастыруға және жүзеге асыруға қатысатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, министрліктеріне және ведомстволарына қолданбалы ұсыныстардың ғылыми көзі ретінде қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар.

1. Қазақ этникалығының ерте кезеңнен бері қарай қалыптасу ерекшеліктерін ескеретін болсақ, онда «генеалогиялық бірегейленуді» зерттеуде примордиалистік тәсілдің сәтті қолданылуы қазақ этникалық бірегейленуін түсіндіруде және зерттеуде де барынша сәйкес келетін тәсіл болып табылады. Дегенмен жаңа және ғылыми қауымдастық кеңінен мойындаған конструктивистік тәсіл Қазақстан сияқты көпэтносты және көпмәдениетті елде жалпыұлттық бірегейліктің қалыптасуын талдау үшін қолдану әлдеқайда дұрысырақ болады. Себебі, қазақ этникалығының пайда болу көріністерінің идентификациялық стратегияларын анықтау кезінде қазақстандықтар арасында қоғамдық пікірді екіге бөліп қарастыруға болады, олар – примордалистер және конструктивистер. Осыған сәйкес қазақ этникалығының этномәдени аспектілерін талдауда примордиалистік тәсіл қолайлы болса, ал азаматтық бірегейленуді талдауда конструктивистік тәсіл нақты басымдыққа ие. Осылайша қазақ этникалығы мен қазақстандық бірегейлікті талдауда кешенді тәсіл ситуативті сипатты иеленуі тиіс, өйткені зерттеу пәнінің нақты аспектілерінің маңыздығына байланысты тәсілдерді таңдап қолдану артықшылықты иеленді.

2. Қазақ этносының генеалогиялық факторы қазақ тарихында әрқашан өте маңызды рөл атқарды. Кеңестік кезеңде тыйым салынғанына қарамастан шежірені білу міндетті түрде әрбір қазақ ұлты үшін ең маңызды этномәдени белгі болып табылды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін шежіреге деген

қызығушылық одан да артып, саясатта және қазақтың күнделікті өмірінде генеалогиялық фактордың рөлін өзгертті. Қазақ ауылдары арасында жүргізілген зерттеулер нәтижелері қазақ қауымдастықтарында рулық қатынастар мен шежіренің қайта жаңғыруы квазитрайбализмді тудырды. Атап айтқанда, рулық қатынастар олардың өздерінің жеке мүдделері үшін бір-бірімен сенімді және жақын қарым-қатынас орнатуда қолданылатын құралдардың біріне айналып кеткенін көрсетті.

3. Қазақ тілінің мемлекет пен қоғам өміріндегі рөлі – қазақ қауымдастығы үшін ең өзекті және әлсіз тұсы болып саналады. Қазақстан тәуелсіздік алған кезде көптеген қазақтар, әсіресе, Қазақстанның Солтүстігінде және үлкен қалаларда тұратын тұрғындар өздерінің этностық ана тілін күнделікті тұрмыстық өмірінде қарым-қатынастың толыққанды құралы ретінде пайдаланбады. Және де бүгінгі күні қазақ тілін елдің ақпараттық кеңістігіне ендірудегі мемлекеттің жетістігіне қарамастан, ол қазақстандық қоғамда өзіне тиісті орын мен дәрежені осы күнге дейін иелене қойған жоқ. Сонымен бірге бірегейлік сезімі бәрінен бұрын проблемалық немесе осал тұсы саналатын этникалық белгілерді қорғауға негізделетінін түсіну маңызды. Бірақ та әлем тәжірибесі көрсетіп отырғандай Алжир, Уэльс, Үндістан және басқа да көптеген екі тілді немесе көп тілді елдерде ана тілін қалпына келтіру үрдісі өте ұзақ және күрделі екенін айтып кеткен жөн. Сондықтан тіл саясаты және қазақ тілінің қазақстандық қоғамда мәртебесін көтеру үшін ұйымдастырылған шаралар осындай маңызды тұсты ескеру қажет.

4. Қазақ тарихының әртүрлі кезеңінде батыстық және шығыстық векторлардың ықпалы кезек-кезек ауысып отырды: ықпалы кейде артты, кейде әлсіреді. Осы сияқты өзгерістер қазақ халқының тарихи дамуында терең із қалдырды, себебі қазақ этникалығының өн бойында кездесетін көпвекторлық және бейімделушілік ерекше келбетін қалыптастырды. Бүгінгі таңда еліміздегі мәдени плюрализм қазақ этносының өзінің мәдени еркіндігінің заңды жалғасы болып табылады. Қазақ этносының өзі біркелкі емес, әртүрлі мәдениеттерді бойына сіңіріп, әртүрлі көзқарастардан және құндылықтардан тұрады. Демек, қазақ ұлтының өзі көпмәдениетті сипатқа ие. Мұндай қасиеттер ұлттық бірегейліктің біріктіруші идеологиясын құру мақсатында басқа да қазақстандық этникалық топтарын қызықтырып, қазақ этникалығын жаңғыртуға көмектеседі. Ұлттық болмыстың тұрақты құбылыс емес, уақыт пен дәуірдің ықпалынан өзгеріп отыратын динамикалық құбылыс екенін түсіну маңызды. Қазақстан үшін ұлттық бірегейлік мәселесінде этникалық және азаматтық бірегейлік пен көпмәдениеттілік арасындағы тепе-теңдікті тауып, олардың арасында шеберлікпен іс-қимыл жасау маңызды.

Диссертациялық жұмыстың сыннан өтуі және мақұлданыуы. Диссертация Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институтының ғылыми кеңесінде, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультетінің саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының ғылыми отырысында талқыланды.

Зерттеу барысында алынған негізгі нәтижелер мен қорытындылар ҚР БҒМ БҒСБК бекіткен 5 ғылыми журналда орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде жарияланды. Сонымен қатар халықаралық және отандық ғылыми конференциялар мен дөңгелек үстелдерде 6 мақалалар сынақтан өтті. 2020 жылы 40 процентиль көрсеткішімен Scopus деректер базасына енген «Central Asia and Caucasus» журналында ««Tribalism in Kazakhstan: tradition reborn or social instrument» мақаласы жарияланды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Диссертациялық жұмыстың құрылымы зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес кіріспеден, екі тараудан, алты параграфтан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертациялық жұмыстың жалпы көлемі 175 бетті құрайды.

1. ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1. Ұлттық бірегейлік түсінігін талдаудағы негізгі тәсілдер

Жалпы бірегейлік ұғымы көп жағдайда адам санасында өмір сүретін психиканың бір құрамдас бөлшегі ретінде пайымдалып, көптеген ғылыми зерттеу еңбектері мен оқулықтарда жеке тұлғаның түрлі әлеуметтік топқа өзін жатқызуымен байланысты анықталып жүр. Себебі адам баласы социумда өмір сүруі мен қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасқа түсуі барысында өзінің бірегейлігін саналы түрде анықтайды. Атап айтқанда белгілі бір әлеуметтік, экономикалық, саяси, діни, ұлттық, этностық, нәсілдік, тілдік және сол сияқты топтарға өзін жатқызу немесе теңеу арқылы бірегейлену үрдісін бастан өткереді.

Бірегейлік ұғымының мәні өте терең және әлеуметтік ғылым саласында көп жылдардан бері үздіксіз зерттелініп келеді. Соның ішінде аталмыш ұғым философия, психология, саясаттану және журналистика салаларында да кеңінен қолданыс тапқан. Философия саласын алып қарайтын болсақ ежелгі антикалық философ Аристотельден бастап Гегельге дейін бірегейлік философиялық тұрғыда тұлғаның «жаны» мен «тәні» ретінде мысалға алынғанына көз жеткіземіз. Ол уақыт кеңістігінде адам болмысының қалыптасуы, сана мен ақыл-ойдың қызметі тұрғысынан қарастырылады. Ал психология ғылымында бірегейлік түсінігіне екі түрлі көзқарас қалыптасқан. Яғни, ол бір жағынан бірегейлік қоғам құндылықтарын өзіне қабылдау арқылы сыртқы әлеммен байланыс орнату болса, екінші жағынан, жеке индивидтің өзіндік «Мен» сезімін тұрақты түрде сезінуге қажеттілік болып табылады.

Бірегейлік ұғымына қатысты ең алғашқы тұжырымдамалар мен анықтамалар батыстық гуманитарлық ғылымдар саласында пайда болды. Жалпы бірегейлік терминінің түп тамырына үңілетін болсақ, оның латынның «*identicus*» сөзінен шыққанына көз жеткіземіз. Мағынасы адамның өзін өзі бір нәрсемен теңестіруі, сәйкестендіруі немесе белгілі бір топқа жатқызуын білдіреді. Бұл термин орыс тілінде «идентичность» деп аударылғанымен, қазақ тілінде теңестіру, сәйкестендіру және тағы да басқаша түрліше баламалар қолданылып жүр. «Google» іздестіру жүйесіне (Google.kz) қазақша бірегейлік сөзін тергенімізде нәтижесінде 78 300 сөз табылды. Яғни, бұл дегеніміз қазақ тілді контентте «идентичность» сөзін бірегейлік деп аударып, жаппай ғылыми басылымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылып жүргенін көрсетеді.

Жалпы гуманитарлық ғылым саласында бірегейліктің бірнеше түрі бар. Алайда біздің ғылыми жұмысымыздың негізі және зерттелетін пәні ұлттық бірегейлікпен тығыз байланысты болғандықтан ұлттық бірегейліктің ғылыми тұрғыда тұжырымдамалық зерттелу мәселесіне тереңірек назар салатын боламыз. Ұлттық бірегейлік жоғарыда айтылған адам бірегейліктерінің бір түрі, нақтырақ айтқанда, белгілі бір ұлтқа, халыққа немесе этносқа өзін жатқызу, соның толыққанды мүшесі ретінде сезіну. Ұлттық бірегейлік – бұл

ұлттың өзіндік бірегей дәстүрі, мәдениеті мен тілі арқылы ерекшеленетін біртұтастық сезімі [27].

Саясаттану ғылымында ұлттық бірегейлік түсінігі өте ауқымды әрі кең мағыналы болып келеді. Ұлттық бірегейлік билік жүйесі және мемлекеттің ұлттық саясаты, азаматтылық, саяси мәдениет, тарих, патриотизм, символизм, этносаясат сияқты өз алдына жеке салалармен өзара мағыналық тұрғыда бір-бірімен астасып жатады. Ұлттық бірегейлік бір мемлекет ішінде өмір сүретін түрлі ұлт пен этнос өкілдерінің ұлттық бірлігін күшейтіп, оларды бір шаңырақтың астына жинап, бірегей қауымдастыққа біріктіретін қозғаушы күшке ие. Олай деуіміздің басты себебі – ұлттық бірегейлік ортақ мекен ету аумағы, ортақ дәстүр, ортақ мәдениет пен ортақ тіл арқылы азаматтардың санасында олардың біртұтас қауым мүшелері бейнесін орнықтыра түседі. Сол арқылы «біз» және «олар», «өзіміз» және «басқалар», «бөтен» сияқты бір-біріне қарама-қарсы өзара бөлініске алып келеді.

Американдық ғалым Самуэль Хантингтонның американдық бірегейлікке арналған «Біз кімбіз?» атты еңбегінде бірегейліктің бірнеше түрін жіктеп көрсетеді:

1) аскретивті – жас мөлшері, жынысы, туыстық белгісі, этностық және нәсілдік ерекшелігі бойынша;

2) мәдени – рулық, тайпалық, тілдік, діни, мәдени ерекшелігі бойынша;

3) территориялық – жақын орта, ауыл, қала, провинция, өңір, климат ортасына сәйкес;

4) саяси – фракциялық және саяси, топтық мүдделер, идеология, мемлекет мүддесі;

5) экономикалық – жұмыс, кәсіп, лауазым, жұмыс ұжымы, сала, экономикалық секторлар, кәсіподақ, сыныптар, мемлекет;

б) әлеуметтік – достар, клубтар, команда, ұжым, әлеуметтік статус [28].

Хантингтон осылайша бірегейліктің бірнеше түрін бөліп көрсете отырып, оған былайша ғылыми анықтама береді: «Бірегейлік – жеке тұлға мен топтың өзіндік санасы. Ол мені басқалардан өзгешелендіріп тұратын өзіндік бірегейленудің ерекше өнімі. Бірегейлік тіпті жаңа туған балаға да тән, өйткені, оны жынысы, аты, ата-анасы, азаматтығы арқылы анықтауға болады. Сондай-ақ, бірегейлік адамның мінез-құлқын анықтаумен де маңызды. Егер мен өзімді ғалым ретінде санасам, онда мен осыған сәйкес әрекет етемін. Алайда жеке тұлғалар бірегейліктерін ауыстыруға бейім тұрады» - деп атап көрсетеді [28, б. 43]. Оның пікірінше ұлттық бірегейлік басқа бірегейліктерге қарағанда ешқашан өзгеріссіз қала алмайды. Ол адамзат баласының тарихында бірнеше рет өзгеріске ұшырап, жетіліп отырған.

Ұлттық бірегейліктің қалыптасуы үшін қолайлы жағдай жасайтын негізгі оның құрамдас бөліктері ретінде саясаттану ғылымында мыналарды атайды: 1) әлеуметтік немесе ұлттық-азаматтық (күнделікті қызмет, тіл, мәдениет, экономика); 2) саяси немесе ұлттық мемлекет (мемлекеттік билікпен бірегейлену, оның институттарымен және символдарымен – шекара, әскер, мемлекет басшысы, азаматтық, әнұран, ту, елтаңба). Ұлттық бірегейліктің осы

сияқты құрамдас бөліктері өзара үйлеспеген жағдайда тұрақсыздыққа, мемлекет дағдарысына алып келеді, ұлттық құлдырау қаупі төнуі мүмкін [29].

Ұлттық бірегейліктің қалыптасуы үшін міндетті түрде ұлт болуы керек. Ұлт болмаған жерде ұлттық бірегейліктің де болуы мүмкін емес. Өйткені кез келген адамның белгілі бір ұлтқа өзін жатқызуы, соның әдет-ғұрыптары мен нормаларын қабылдауы тиіс. Ал ұлттың өсіп өркендеуі үшін оның өмір сүретін аумағы, шекарасы мен мемлекеті болуы керек. Сондықтан азаматтардың бойында ұлттық бірегейліктің қалыптасу үрдісін ұлт пен мемлекет ұғымдарынан бөліп жарып қарай алмаймыз. Сол үшін ең алдымен ұлт пен этностың шығу теорияларына шолу жасасақ.

Ұлттың шығу тарихын қазіргі кезде зерттеушілер он сегізінші ғасырдың орта тұсында орын алған Ұлы француз революциясымен байланыстырып жүр. Дегенмен, ұлттың пайда болуы мен оның қалыптасып, дамудың шарықтау шегіне жетуі ұзақ уақыттар бойында іске асатын үрдіс. Оған көз жүгіртер болсақ; ұлттардың құрылуы ортақ территориясы, тарихи естеліктері мен мифтері бар жинақталған адамдар қауымын кездестіреміз. Яғни, ұлт дегеніміз қандайда бір елдің тұрғындарынан тұрады, оларды біріктіріп тұратын ортақ тарихи сана, мәдениет, ортақ мақсат пен өзара сенім құрайды. Кез келген ұлтты топтастырушы күш ретінде тарихтағы әр түрлі оқиғаларды, атап айтқанда, түрлі деңгейдегі соғыстар, ұлт-азаттық көтерілістер, империяның ыдырауы мен отаршылдық зорлық-зомбылықтармен бірге тағы басқаларды айта аламыз. Бір сөзбен айтқанда сол ұлттың тарихында көрген қиыншылықтар ұлттық сананы құрай отырып, ұлттың өзара бірігуіне, ұлттың топтасуына жол ашады.

Қазіргі кезде национализм теориясы тұрғысынан алып қарағанда ғылыми еңбектерде ұлт терминімен қатар «этнос» сөзі қатар қолданылып жүр. Ұлт пен этнос арасындағы мағыналық айырмашылық пен қарама-қайшылықтың астарына көптеген зерттеушілер баса мән бере бермейді. Сондықтан терминдер төңірегінде ғылыми қауымдастық арасында түрлі көзқарастар мен қарама-қайшылықтардың өмір сүруі себепті үнемі пікірталастар өрбіп отырады. Бірақ та ұлт пен этнос ұғымының ара жігін ажыратып алған маңызды. Этнос – ортақ мәдениеті, тарихы, тіршілік ететін аумағы, тілі мен салт-дәстүрі бар адамдардың қауымдастығын білдіреді. Ал ұлт болса мемлекет құрылуымен тығыз байланысты ұғым екендігін көреміз. Мемлекет басшылары мен ұлттық интеллигенция ұлттық құрылысты қалыптастыра отырып, ұлттың ұлттық санасы мен ұлттық мүдделерін анықтайды.

Батыстық этнология ғылымында этностық және ұлттық мәселелердің мәнін терең түсінуде негізінен үш әдіснамалық тәсіл қолданылады, олар: примордиализм, конструктивизм және инструментализм.

Примордиализм ұлттық мәселерді зерттеудегі байырғы ғылыми тәсілдердің бірі ретінде саналады. Бұл тәсілді ең алғаш ғылымға енгізген әлеуметтанушы Э. Шиллз, кейініректе оны этнология саласында бірінші болып Клиффорд Гирц қолданды. Примордиализм теориясына сәйкес ұлт ежелгі кезеңде пайда болды, ұлт биологиялық, лингвистикалық және

этнографиялық сипаты бар табиғи құбылыс ретінде саналады. Осы көзқарас бойынша адамның түр әлпеті, көзінің қиығы, терісінің түсі, бір сөзбен айтқанда қай ұлтқа жататындығы туылмай тұрып анықталып қояды және ешқашан өзгермейді, ол ата-анасының гені арқылы беріледі. Ғылымда примордиализм бағытының өкілдері мен осы бағытты дамытушы ғалымдар К. Гирц, У. Коннор, Э. Смит, Дж. Армстронг, Ю.В. Бромлей, В.И. Козлов және тағы басқаларды атап көрсетуге болады. Примордиализм кейініректе этнология ғылымында басқа да тәсілдердің өмірге келуіне байланысты ескіргенмен, қазіргі күнге дейін өзінің маңызын жоғалта қойған жоқ және ұлт мәселесін зерттеуде бірден бір негізгі әдістемелік тәсілдердің бірі ретінде қалып отыр.

Примордиализм бағытының ұстанымына қарсы шығатын келесі бір этностылықты зерттеуге жаңа көзқарас ұсынған танымал әдістемелік тәсілдің бірі конструктивизм. Осы тәсілге сай этнос, ұлт мәдени әр алуан әлеуметтік ұйымның бір түрі. Этностылық алдын ала анықталып қойылған қатаң қағида емес, ұлттық элиталардың көмегімен саяси мақсатта құрастыруға болатын қолжетімді дәреже. Этносаясаттағы негізгі конструктивизм теориясының негізін салушылар Б. Андерсон, Э. Геллнер, Э. Хобсбаум, Р. Брубейкер, М. Эзман және тағы басқаларды атап айтуға болады.

Тағы бір этнология саласының әдістемелік тәсілі – инструментализм. Яғни, оған сәйкес этнос, ұлт проблемалары билік пен мансап үшін күрестің құралы ретінде қарастырылады. Этнос мәселелері топтық мүдделерді іске асыру құралы немесе ұлт зиялыларының адамдарды топтастыруға бағытталған идеологиясы саналады. Бұдан түйіндейтініміз этностың туындауы әлеуметтік жағдайлардың өзара әрекетінің өнімі. Этнологияда осы теорияның өкілдері Н.Глейзер, Д. Лэйтин, Г. Вулл, М. Губогло сияқты танымал зерттеушілер.

Жоғарыда айтылған этнология саласындағы негізгі зерттеу тәсілдері ұлттың немесе этностың қалыптасуын түсіндіріп қана қоймай, сондай-ақ бірегейліктің анықталу себептерін де көрсетеді. Яғни кез-келген жеке тұлға өзін бір мәдени топқа жатқызу үшін сол ортада туылып, онымен туысқандық байланыстың қажетінсіз бірегейленуге болатындығын көрсетеді. Ұлттық бірегейлік адамның жеке қалауымен іске асатын таңдау, оны өзгертуге және құрастыруға болады. Тек сол ортаның өзге де мүшелері мойындаған жағдайда жүзеге асыруға болады. Бұл дегеніміз жеке индивидтің әлеуметтік ортада бірегейленумен байланысты туындайтын қиыншылықтарын жеңілдетуге, бірегейленуге байланысты қатаң ұстанымды жұмсартуға болатындығын білдіреді. Осыған орай этнология ғылымында ұлттық бірегейлікке байланысты үш негізгі әдістемелік тәсілді одан әрі терең түсіну мақсатында ғалымдардың тұжырымдамаларына жеке тоқталсақ.

Примордиализм бағытының айқын өкілі британдық ғалым Э. Смит өзінің зерттеулерінде ұлттық бірегейлікті қалыптастыратын негізгі элементтерді атап көрсетеді. Олар:

- 1) тарихи жалпы территориясы, заңдары мен институттары;

- 2) құқық және міндет жүйесінде айтылған азаматтардың саяси теңдігі;
- 3) азаматтық мәдениеті мен идеологиясының ортақтығы.

Ғалымның пікірі бойынша этностық бірегейліктің қалыптасуында негізгі рөлді мыналар атқарады:

- 1) өзінің туысқандарының тобына жататын шығу тегі;
- 2) ұлттық мәдениеті;
- 3) тілі;
- 4) әдет-ғұрпы [30, б. 12-13].

Э. Смит «Ұлттық бірегейлік» («National identity») атты еңбегінде ұлттық бірегейліктің азаматтық және этностық түрлері арасындағы қарама-қайшылықтарды бөліп көрсетуге тырысады. Автордың пікірі бойынша ұлттық бірегейліктің азаматтық түрін айқындауда көп жағдайда мемлекеттік пен жалпы территорияның бар болуы ерекше мәнге ие. Сондай-ақ, ұлттың өзінің төл тарихы, тарихи оқиғалары мен мифтері халықтың санасында ұдайы өмір сүруі арқылы ұлт алдында әрбір жеке азаматтың азаматтық борышын сезінуіне жетелейді. Ал, этностық бірегейлік түріне керісінше басты қасиет ретінде мұрагерлік, ұлттық тіл мен салт-дәстүр, ұрпақтар арасындағы сабақтастық пен этнос алдындағы ұжымдық міндет жатады.

Осылайша, Э. Смиттің ұлттық бірегейлікті жіктеп көрсеткен тұжырымына сүйене отырып ұлттық бірегейліктің азаматтық және этностық түрлері арасындағы айырмашылықтарын анық көруімізге болады. Осы тұжырым бізге қазақстандық қоғамда ұлттық бірегейліктің қалыптасу заңдылығын, оның табиғатын терең түсінуге көмектеседі. Яғни, қазақстандық қоғам ішіндегі тәуелсіздік жылдар бойындағы өрбіген пікірталастар ұлттық бірегейліктің азаматтық және этностық парадигмалары арасындағы қарама-қайшылық «қазақ» және «қазақстандық» бірегейліктері арасындағы бәсекелестікке жол ашқандығын білеміз. Бұл өз кезегінде осы екі потенциалды бірегейліктердің өзара күресі тек мемлекеттің араласуымен ғана бір жақты шешілетін мәселе екендігін еске салады. Яғни, мемлекет осы екі бірегейліктің қай түріне таңдау жасап, соған барынша қолдау танытса, сол бірегейліктің түрі ғана қоғамда басымдыққа ие болады. Алайда, осыған қатысты қоғам ішіндегі ұлттық элиталардың пікірі мен көзқарастарын де назардан тыс қалдырмауымыз керек, олардың бірегейлікті құрастырудағы ұстанымы белгілі бір дәрежеде азаматтардың ұлттық және тарихи санасын оятуда өзінің қызметін атқаратыны ақиқат.

Национализм теориясының негізін қалаушы, конструктивист ағылшын ғалымы Эрнест Геллнер «Ұлттар және национализм» атты өзінің еңбегі арқылы қалың оқырман қауымға кең танымал. Осы еңбекте Геллнер «Нақтырақ айтқанда ұлт та бар болғаны мемлекет сияқты кездейсоқтық, ол жалпыға ортақ қажеттілік емес. Сол сияқты ұлт та, мемлекет те барлық уақыттарда және кез келген жағдайда өмір сүре бермейді деп пайымдайды» [31, б. 11]. Алайда автордың ойынша адамның мұрны мен екі құлағы сияқты, оның ұлтының да болуы міндетті. Кез келген жағдайда осы кемшіліктердің орын алуы мүмкін, тіпті кейде жиі кездесіп отырады. Алайда бұл әрқашан

бақытсыз жағдайдың нәтижесі» деп атап көрсетеді. Автордың пікірінше ұлттардың жойылуы табиғи құбылыс. Тарихта бүтін бір тайпалар мен ұлттардың тарихи кезеңдерде әр түрлі оқиғаларға байланысты жойылып кеткені белгілі. Бұл көбіне жер үшін халықтар арасындағы орын алған түрлі соғыстардың нәтижесінде орын алып отырады. Кей жағдайда ірі ұлттар шағын топтарды өзінің құрамына қосып алу арқылы ассимиляцияға ұшыратып жібереді.

Осы орайда Геллнер қазіргі әлемде ұлттар мен мемлекеттердің саны көп жағдайда бір-біріне сәйкес келе бермейтіндігін түсіндіреді. Өйткені көптеген жер бетінде өмір сүретін ұлттардың өздерінің жеке тұрақты мемлекеттілігі жоқ. Сондықтан, ол – оларды нағыз және әлеуетті деп екіге бөліп көрсетеді. Тек алдыңғы қатардағы нағыз ұлттарда ғана өздерінің мемлекеті бар, ал қалғандарының өз алдына жеке мемлекеті жоқ. Себебі, олар мемлекет құру деңгейіне әлі жетпеген, мәдениеті төмен жабайылыққа негізделген деп санайды. Бұдан шығатын түсінік әрбір жоғарғы мәдениетке ие ұлт өзінің ұлттық мемлекетін құруға ұмтылатыны сөзсіз.

Геллнердің ұлттық бірегейлікті адамның тумасынан пайда болатын қасиеті емес деп есептейді, алайда, ол қазіргі уақытта солай біржақты түсініліп жүргенін меңзейді. Геллнердің пікірінше, ұлтты оңай құрастыруға болады, сондай-ақ, жеке адамдар кез келген уақытта қалауы бойынша өздерінің ұлттық бірегейлігін ауыстыра алады. Ұлтты құруда элиталардың рөлі әрдайым жоғары тұратындығын баса көрсетеді. Ал ағылшын тарихшысы Э.Хобсбаум болса әлемнің көптеген елдерінде мемлекет пен ұлттық қозғалыс ұжымдық өзара байланыс сезімі арқылы жеке мақсаттарда қолданылуы мүмкін деген тұжырымға келіп, осы сезім жаңа саяси деңгейде әрекет ете алатындығын айтты. Нақты осы сезімдерді Хобсбаум «протоұлттық сезімдер» деп атап көрсетеді. Сондықтан жалпы этностық шығу тегі мен этномәдени өзгешеліктерді қазіргі ұлттарды құру үшін қолданылатын құрылыс материалы ретінде анықтайды [32].

Тағы бір конструктивистік бағыттың өкілі, ағылшын ғалымы, Корнель университетінің профессоры Бенедикт Андерсон 1983 жылы өзінің «Қиялдағы қауымдастықтар» атты атақты кітабын жарыққа шығарды. Автор ұлттың шығуын зерттей отырып, ұлт және национализм ұғымдары жаңа дәуірдің және капитализмнің құбылысы деген қорытындыға келеді [33]. Ғалымның пікірінше, ұлт дегеніміз қандайда бір қиялдағы қауымдастық, адамның санасына жатпайтын құрылым, сондай-ақ, ол алдын ала қалыптасып қойған әлеуметтік және биологиялық ақиқат.

Б. Андерсон ұлттың қалыптасуын капитализм дәуіріндегі баспаны ойлап табумен тығыз байланыстырады, өйткені газет, журналдар мен романдар барлық қауымның, яғни, қиялдағы қауымдастықтың санасында тұтастай бір бейнесін жасайды. Осылайша халықтың жаппай сауатының артуына байланысты ақпараттың көбеюі мен әдеби тілдің дамуы, баспа өнеркәсібінің өркендеуі ұлттық тілдің және ұлттық сананың қалыптасуына түрткі болды деп білеміз. Жоғарыда аты аталған национализм теориясының негізін қалаушы

ғалымдар Геллнер мен Андерсон ұлттың шығуын жоғарғы өркениет, модернизм және қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуымен тығыз байланыстыра қарастырады.

Келесі бір батыстық ғалым Роджерс Брубейкердің пікірінше ұлттық бірегейліктің негізін құрайтын институттар, әдет-ғұрып, тарихи сана және рационалды зайырлы құндылықтар. Әрбір адам өзінің тумысына немесе этностық тобына қарамастан ұлтқа өзін жатқыза алады, алайда оған үйрену үшін бірнеше күш-жігер қажет [34, б. 252]. Автор адамның «Мен» сезімі үздіксіз өзгеріп отырған қазіргі өзгермелі заманда қоғамдық пікірталастарға сәйкес бірегейлікті қайта-қайта құрастыруға болатындығын айтады. Сонымен қатар, автор бірегейлікті екі түрге бөліп көрсетеді, олар: күшті немесе қатты және әлсіз немесе жұмсақ бірегейлік.

Бірегейліктің күшті немесе қатты тұжырымына сәйкес бірегейлік ұзақ уақыттар бойында әртүрлі адамдардың бойында сақталады. Ал бірегейліктің әлсіз немесе жұмсақ түрі көп, тұрақсыз, фрагментарлы, ойда жоқта пайда болған, алдын ала келісілген деп тұжырымдайды. Примордиалистік тәсілді қатты, керісінше, конструктивистік тәсілді жұмсақ деп бағалайды. Оның себебі біреуі бірегейлікті өзгертуге болмайды деп қатаң тыйым салса, екіншісі оны оңай өзгертуге болатындығын алға тартады. Осы тәсілдер теориялық тұрғыда ғылымда ұлттық проблемаларды зерттеуде өзара бірлікте пайда болғанымен, тәжірибе жүзінде бір-біріне қарсы шығып, бірі екіншісін мүлдем жоққа шығаруы философия ғылымындағы диалектика заңдылығына сәйкес келетінін атап айту керек.

Брубейкер посткеңестік кеңістікте қайта жанданған ұлттық мемлекеттердегі бірегейлікті күшті және өміршең деген қорытындыға келеді. Өйткені, ол ұлттарға қарсы ұзақ уақыт бойында аяусыз жүргізген коммунистік режимнің қатаң саясатына төтеп берді деп бағалайды. Осы посткеңестік кеңістікте құрылған ұлттық мемлекеттердегі ұлттық құрылыс үрдісін ұлттанушы мемлекет (nationalizing state) деген терминмен атайды. Оның мәні белгілі бір мемлекеттегі басым ұлттың национализмі болып табылады, яғни, сол елдегі ұлтшылдардың пікірі бойынша мемлекеттік институттар, құрылымдар тәжірибе жүзінде титулды ұлттың мүддесіне қарама-қайшы жұмыс істеген жағдайда пайда болады. Мұндай национализм әдетте мемлекет пен қоғам арасында қалыптасқан күрделі қарым-қатынасты білдіреді. Ол оның легитимділігін мойындағанмен, міндетті түрде оның территориялық шекарасын және саяси режимді қабылдамайды. Бір жағынан алып қарағанда осы сияқты национализмнің түрі қосымша қолдау көзі мен саяси жұмылдыру жолдарын қажет етіп тұратын биліктің ерекше қамқорлығына ие. Екінші жағынан осындай қамқорлық ұлтшылдарды әлсіретіп, олардың саяси субъектілік жолына ұмтылысын бәсеңдетеді. Нәтижесінде олар өзінің еркіндігі мен дербестігін жойып қана қоймай, сонымен қатар өзіне қатер төндіретін түрлі байланысқа түсуіне алып келеді [35, б. 11-12].

Жоғарыда айтылған батыстық ғалымдардың тұжырымдарына сәйкес қандай да болмасын жаңадан қалыптасып келе жатқан ұлттық мемлекеттерде

национализм идеологиясының алауы тұтанбауы мүмкін емес. Оның басты себепкерлері ретінде қоғам ішінде пайда болатын ұлт жанашырларын айта аламыз. Осы ұлттық элиталардың қызметі ең алдымен халықтың ұлттық санасын оятып, оның ұлттық мүдделерін қорғаудан басталады. Олар әдеттегідей ағылшын ғалымы Э.Смиттің этносимволизм теориясында көрсетілген ұлттың негізгі символдарын өздерінің қызметінде басты құралы ретінде қолданады. Атап айтқанда ұлттың тілі, тарихы мен тарихи символдары бірінші кезекте қайта жанданып, тіріле бастайды. Яғни, сол ұлттың тілі мен тарихы, тарихи оқиғалары, тарихи тұлғалары аталмыш ұлтты жоғарғы деңгейде, қайталанбас құбылыс ретінде көрсетуге тырысады.

Француз тарихшысы Марк Ферро ойынша постколониалды әлемде жаңа пайда болған тәуелсіз мемлекеттерде кенеттен ұлттық зиялы қауымның талабына сәйкес мектепте оқытылатын тарихи сабақтарды өзгерте бастады. Жаңа заман тарихы елдің және ондағы халықтың бірлігін дәйектеу үшін бәрінен бұрын алға шықты. Сондықтан ол былай деп жазды: «Бүкіл әлем тарихы бұдан былай болмайды, өйткені, оның себебі Еуропаның жағдайын баяндайтын жай ғана қарапайым тарих болды». Соған байланысты ол үш түрлі осыған байланысты жобаның тобын: саясат, идеология, режимді көрсететін және заңдастыратын ең басты институционалды тарих; институционалды контртарих; ұжымдық тарихи деп бөліп көрсетті [36, б. 305-309].

Жалпы саясаттану ғылымында батыстық ғалымдардың ұлт пен этнос туралы идеяларын терең одан ары қарай зерттеуді кеңестік және ресейлік ғалымдар да жалғастырды. Әсіресе, примордиалистік, конструктивистік, инструменталистік, сондай-ақ, этностың шығуындағы этногенез сияқты әдістемелік тәсілдердің дамуына біршама үлес қосты. Соның бірі кеңестік этногенез теориясының негізін салушы Л.Н. Гумилевтің пікірінше этностар тарихтағы негізгі тұлғалар, олар ең жоғарғы сатыдағы белсенді адамзат қауымдастығы ретінде барлық адамдарды қамти отырып тарихи уақытта дамиды [37, б. 4]. Этностарды бір-бірінен ажыратып тұратын әмбебап өлшем – ол ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын олардың ана тілі. «Біз - олар» және «өзіміз - бөтен» сияқты стереотиптердің пайда болуы себепті ұлттық өзіндік сана қалыптасады. Этностардың бірлігі биосфераның геобиологиялық энергиясымен қамтамасыз етіледі, оның нәтижесі пассионарлық ретінде анықталады, атап айтқанда белгілі бір мақсатқа жету жолында өзінің өмірін немесе өзінің ұрпағының өмірін қиюға дайын болумен есептеледі.

Гумилев этногенез үрдісінің жүруі барысында әрбір этнос бастан кешіретін кезеңдерді бөліп көрсетеді, олар: пассионарлықтың жоғарылау сатысы, пассионарлықтың күрт төмендеуі, пассионарлықтың біртіндеп төмендеуі, пассионарлықты жоғалту сатысы. Этногенездің шарықтап дамуы космостың жер бетіне әсерінен пассионарлықтың күшеюімен түсіндіреді. Ол генетикалық тасымалдану арқылы берілуі мүмкін, бір этностың басқа этноспен жақын қарым-қатынасқа түсуі, басқа әлсіз этностарды өзінің құрамына қосып, оларды ассимиляциялау, жаңа территорияға үстемдік ету

жолындағы үздіксіз соғыстар жүргізу жолымен іске асатын суперэтнос деңгейіне жету деп түсіндіреді [38, б. 123].

Тағы бір этностар теориясын дамытушы кеңестік академик Ю.В. Бромлей этнос терминіне өзінше анықтама береді. Оның пайымдауынша: «Этнос дегеніміз белгілі бір аумақта тарихи тұрғыда қалыптасқан тұрақты ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тапқан адамдар тобы, олар бір-біріне сыртқы келбетімен ұқсап қана қоймай, сонымен бірге ерекше тұрақты ортақ мәдениетті, тіл мен психиканы иеленді. Сондай-ақ, олар осы сияқты басқа да адамдар тобынан ерекшелену қасиеттері, біртекті санасы мен өзіндік атауымен өмір сүреді деген пікірге келеді» [39, б. 58.]. Автор этностарды өздерінің тарихтағы жолын жүріп өтеді, олар мүмкін бір-бірімен бір этносқа бірігуі, бір-бірінен бөлінуі, тіпті басқа этносқа қосылып жойылып кетуі де ғажап емес. Бұл этнология ғылымында этностық топтасу үрдісі ретінде саналды. Этностар өздерінің дамуының шарықтау шегіне дейін жетеді, сол кезде ұлтқа айналады, әсіресе, бұл үрдіс капиталистік, буржуазиялық қоғамда іске асады деген қорытындыға келеді.

Танымал ғалымның идеясын ары қарай жалғастырушы, оның шәкірті В.В. Тишковтың ойы бойынша: «Ұлт дегеніміз – бірегейліктің бір түрі, кез-келген халықтың біріккен біртұтас басқаруға негізделген жалпыға ортақ құндылықтар мен идеалдардың жиынтығы. Егер бізде руханилық, тарих, мәдениет сияқты жалпыға ортақ құндылықтарымызды бәріміз бірге тұтынғандықтан бізді бір халық деп атайды ма әлде тек біртектес паспорттың иесі болғандықтан ба?» – деген сұрақ қойып соған жауап іздеуге тырысады [40, б. 15]. Соңында ұлттық бірегейлік азаматтардың өзінің елі туралы жалпыға ортақ түсініктің пайда болуы мен соның бір мүшесі ретінде өзін сезінуінен туындайды деген қорытындыға келеді. Ол ұлт пен этнос арасын бөліп тұратын айқын шекара бар деп есептейді. Ұлттардың өз алдына мекен ететін аумағы мен мемлекеті болуы керек, ал этностар болса жай ғана мәдени қауымдастық. Олар бір-бірлерімен ешқашан сәйкес келмейді. Осы пікірмен Л.М. Дробижева да келіседі, оның айтуынша: «жеке тұлғаның топпен өзара арақатынасы, тобы туралы түсінігі, жеке тұлға мен әр түрлі топтардың өзін-өзі анықтаудың әлеуметтік тәсілдері болады» [41].

Сонымен жоғарыда айтылған ұлттық бірегейліктің қалыптасу тұжырымдарының негізгі құрамдас бөліктері мемлекеттің сақталуы мен табысты дамуының кепілі болып табылады. Осы құрамдас бөліктердің қайсы бірінің жоқ болуы елдегі ұлттық бірегейліктің жойылуына, ақыр соңы мемлекет ішіндегі қоғамның дағдарысына алып келеді. Ұлттық бірегейліктің құрамының сақталуы толықтай өте заңды және тұрақты түрде уақыттың талабына сай өзгеріске ұшырап отырады. Басқаша айтқанда топ мүшелерінің өткен тарихы, оның қабылдануы мен бағалануы қоғам үшін құндылық бағдарлардың тұрақты жиынтығы саналады.

Ұлттық бірегейліктің ажырамас *бірінші* құрамы ретінде қоғамда мемлекеттіліктің өткен тарихи тәжірибесі мен маңызды тарихи оқиғаларына құрметпен қарауды айта аламыз. Сонымен қатар оны дұрыс бағалау, тарихи

сананы қалыптастырудың нақты міндеті болып табылатын мемлекеттің қазіргі жағдайын ақтап алу немесе болашақта болатын іс-әрекеттерге ұмтылу да жатады. Ұлттық бірегейліктің *екінші* құрамдас бөлігі – ұлттың басым бөлігі құрмет тұтатын жалпы құндылықтар жүйесінің белгілі бір жиынтығы болып табылады. Олар сыртқы ортаның тұрақтылық жағдайында ешқашан өзгеріске ұмтылмайды. Бұл жерде атап көрсететін мәселе осы құндылықтар жүйесі әдеттегідей атадан балаға таралып келе жатқан өте маңызды қоғамдық көзқарастар мен пікірлер жиынтығынан тұрады. Олар күрделі тарихи кезеңдерде ұлтты аман сақтап қалуда ерекше қызмет атқарған әлеуметтің мінез-құлқы мен қызметінің кейбір аспектілері болып табылады.

Бұл құндылықтар мен идеялар мемлекеттің азаматтарының санасына сіңіп кеткені соншалықты олар оны бейсана түрінде ойланбастан қолдана береді. Сондықтан осы қалыптасқан құндылықтар жүйесін өзгерту немесе толықтыру қажеттілігі уақыт талабына сәйкес пайда болған қауіп-қатерлерге ескі құндылықтар жауап бере алмаған жағдайда ғана туындайды. Осы тұста ұлттық бірегейлікті құрайтын құндылықтар жүйесі жеткілікті деңгейде өзгерістерге ұшырайды. Ұлттық бірегейліктің *үшінші* құрамы – елдің болашағына қатысты барлығының жаппай жауапкершілік борышын сезінуі – бұл барлық құрамдас бөліктердің ішіндегі ең тұрақтысы болып келеді. Осы сияқты жауапкершілік өзгеріске түсуі мүмкін емес, ондай жауапкершілік бәрінде болады немесе мүлдем өмір сүрмейді. Сондықтан жоғарыда айтылған ұлттық бірегейлікті құрайтын құндылықтар жүйесінің негізінде ұлттық бірегейлікті талдау жеткілікті түрде тұрақты құбылыс болып табылады [42, б. 33].

Ұлт мәселерімен айналысатын тағы бір ресейлік ғалым Н.П. Медведев ұлт дегеніміз – ортақ тіл, мәдениет, территория мен ұлттық өзіндік сана негізінде қалыптасқан, өзінің мемлекетіне, ұлттық территориясы мен мәдени автономиясына қатысты өзін-өзі анықтау құқығы бар этностық қауымдастық деген анықтама береді. Әлемде өмір сүріп отырған этностық қауымдастықтар өздерінің жеке мемлекетін құру арқылы өзін өзі қайта анықтауға құқығы бар деген қорытындыға келеді [43, б. 31].

Автор этнос пен ұлттың айырмашылығын салыстыра келе, ұлт тек қана туысқандық байланыспен ғана анықталмайды, экономикалық және саяси фактормен, ұлттық мінез-құлық пен ұлттық психология, ұлттық идеалдар мен ұлттық өзіндік сана сияқты нәрселермен де байланысты қарастырылады деген қорытындыға келеді. Сонымен бірге, ұлттық мәселелердің туындауы жаңадан ұлттық мемлекеттердің құрылуымен қатар жүреді. Конструктивті тәсілге сәйкес ұлттардың өз алдына ұлттық мемлекетін құруы ең алдымен тарихын түгендеумен және ұлттық сананы қалпына келтіру арқылы бір мемлекеттің төңірегіне топтасу арқылы іске асатынын айтады.

Жоғарыда ұлттық мәселелерді терең зерттеуде батыстық және кеңестік, ресейлік ғылым саласындағы біршама ғалымдардың еңбектеріне шолу жасай отырып, национализм теориясының әдістемелік және концептуалды тәсілдеріне жан-жақты тоқталдық. Осы тақырыпты терең қарастыруға

шетелдік ғалымдармен бірге отандық ғалымдар да ерекше қызығушылық танытып, жан-жақты ғылыми зерттеулер жүргізіп келеді. Тіпті қазақстандық ғалымдардан құралған ұлттық мәселелерді зерттеуде бүтіндей бір ғылыми мектептер қалыптасқанын да айтуға болады. Соңғы жиырма жылдың көлемінде осы тақырып төңірегінде бірнеше ғылыми кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалып, монографиялар мен кітаптар жазылып жарық көрді. Осы орайда тақырып төңірегінде отандық ғалымдардың ұстанымдары мен концептуалды тұжырымдарына төменде тоқталар болсақ.

ҚР ҰҒА академигі Ә.Н. Нысанбаев Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің маңызына былайша тоқталады: «Бірнеше ғасырларды қамтыған отаршылдық нәтижесіндегі рухани күйзелістен кейін тәуелсіздігіне қол жеткізгеніне он шақты жыл енді ғана толған Қазақстанның қазіргі жағдайында ұлттық бірегейлік пен мәдени тұтастықты қалыптастыру ең көкейкесті мәселенің бірі болып отыр. Барлық ізгі рухани белсенділіктер басылып қалатын құлдық жағдайдан шығып, мәңгүрттік пен маргиналдық санадан тез арада айығып, шынайы еркіндікке қол жеткізу қазіргі жаһанданудың қатаң бәсекелестігі жағдайында саяси, әлеуметтік-экономикалық дербестікпен қатар, рухани тәуелсіздікке ие болуды қажет етеді» [44].

Автор ол үшін ұлт тәрізді күрделі жүйенің қалыпты өмірқамын қамтамасыз ететін төлтума тарих пен мәдениеттің өзегін құрайтын ұлттық дүниетанымды, рухани қайнарларды қайта қалпына келтіру арқылы қоғамның өзіндік тарихи санасын қалыптастыру керек дейді. Тарих өткен шақпен, адами жадымен және әлеуметтік еспен байланысты болғандықтан, бұған төл тарихты тану арқылы қол жеткізуге болады. Тереңге бойлап, құнарлы топырақтан нәр алатын тамырынсыз дарақ ағаштың жапырақ жайып, көгермейтіні сияқты, қазіргі заман да өткеннің тарихынан тағылым алып, сабақтастықты сақтамаса келешектен күдерін үзері сөзсіз деген қорытынды жасайды.

Ғалымның ұлттың қалыптасуы туралы пікірі ғылымдағы конструктивистік тәсілдің негізінен бастау алады. Өйткені ұлттың тарихи санасын ояту, тарихты қайта жазу қағидасы автор үшін ұлттық мемлекетті құрудың басты міндеті болып табылады. Ұлттық тарихтың осы күнге дейін дұрыс жазылмауы идеологияның әлсіздігінен және кеңестік ұлттық саясаттың одаққа енген ұлттардың тарихын қолдан жойып жіберу саясаты салдарынан болған тарихтағы олқылықтардың орнын қайта толтыруға шақырады. Ол үшін тарихи ескерткіштерді қайта тірілту, жазба деректерді көтеріп шынайы тарихты қайта жазу арқылы ұлттық жадыны қалыптастыруға болады.

Белгілі тарихшы Мәмбет Қойгелдиев қазақ елінің ұлттық бірегейлігін зерттеуде өткен тарихқа үңіледі. Өйткені тарихшы тарихта ұлттық бірегейлік үшін күрес болмағанда қазіргі кезде мемлекеттік тәуелсіздігіміздің шындыққа айналуы екіталай болар еді деп есептейді. Сондықтан ғалым ұлттық бірегейлік пен ұлттық сананы зерттеуге арналған еңбегінде қазақ тарихындағы азаттық үшін болған күрестерді бірнеше кезеңдерге бөліп қарастырған. Соның ішінде ұлттық сананың қалыптасуына тарихи тұлғалар мен оқиғалардың ықпалы ерекше зор. Осыған байланысты тарихшы ғалым олардың былайша жіктейді:

Біріншіден, Исатай Тайманұлы мен Махамбет, Кенесары, Бұқарбай, Саурық, Сұраншы батырлар бастаған көтерілістер; Екіншіден, Алаш ұлттық зиялы қауым өкілдері жатады, олар: Ә.Бөкейханов, М.Шоқай, А.Байтұрсынов, С.Сәдуақасов, М.Жұмабаев және тағы басқалардың ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы ұлт үшін еткен қызметі қарастырылады [46].

Қазақстанға белгілі саясаттанушы-философ ғалымдар В.Д.Курганская және В.Ю. Дунаевтардың пікірі бойынша бірегейлік саясаты азаматтық және этномәдени ұлт арасындағы қарым-қатынастың үш негізгі нормативті-теориялық моделіне сәйкес құрылуы мүмкін, олар: дәстүрлі, модернистік және постмодернистік. Осыған сәйкес модельдер ретінде саяси және идеологиялық нормалар мен ұлт құрудың стратегиялары болып табылатын этнонационализм, азаматтық национализм және мультикультурализмді атауға болады. Бұл ретте бірегейлік саясатының тиімділігі белгілі бір нақты жағдай үшін оңтайлы оның моделін таңдаумен ғана шектеліп қалмайды. Сонымен бірге ұлттық бірегейліктің қалайша қалыптасатыны, өзгеретіні, қабылданатыны нақты әлеуметтік негізделген идеяларға сүйене отырып анықталады және эмоционалды тәжірибеде бұқаралық сана арқылы бағаланады [12]. Ал осы теорияларды Қазақстан жағдайына бейімдей отырып қарастыратын болсақ, тәуелсіздік алғаннан бері елде ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда азаматтық және этномәдени модельдердің дилеммасын шешуға талпыныс жасалды. Ол үшін халықтың мәдени құндылықтары мен азаматтық саяси құқықтық ұстанымдарын бір-бірімен жақындастыруға тырысты.

Қазақстандағы ұлттық құрылыс пен ұлттық мәселелерді зерттеумен айналысатын белгілі қазақстандық ғалым Р.Қ. Қадыржанов: «Әрбір ұлттың өз алдына мемлекеті бар немесе өзінің жеке мемлекетін иеленуге ұмтылады. Сондықтан жеке тұлғаның мемлекетпен байланысы оның ұлтпен байланысын көрсетеді. Мемлекеттің өз алдына жеке символдары, мерекелері мен салт-жоралары бар. Сонымен бірге олар ұлттық символдар болып табылады. Осы күшті эмоционалды мәнге ие мерекелер мен салт-жораларға қатысу азаматтарға ұлтпен және мемлекетпен ортақтастық сезімін береді, олардың ұлттық бірегейлігін қалыптастырады және күшейтеді» – деп пайымдайды [14, б. 7].

Р.Қ. Қадыржанов ұлттың пайда болуы мен ұлттық бірегейліктің дамуының негізін этносимволдармен тығыз байланыстырады. Автор өзінің көзқарасын Смиттің әйгілі этносимволизм теориясы шеңберінде дамытады. Этносимволизм теориясына сәйкес бірегейліктің қалыптасуы кез келген этностың шыққан тегіне, этностардың символдарына, дінге, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға, тілге, ұлттық тарих пен тарихи мифтерге және тағы басқаларға жүгінетіні белгілі. Этностық символдар адамдарды ортақ ұжымдық қауымдастыққа біріктіреді және ұрпақтар арасындағы мәдени байланысты қамтамасыз етеді.

Философия ғылымдарының докторы М.С. Шайкемелев қазақ бірегейлігі құбылысын әлеуметтік-философиялық талдауға арнаған «Қазақ бірегейлігі»

атты монографиясын жарыққа шығарды. Автор осы еңбегінде жаһандану қауіп-қатері өршіп тұрған жағдайда қазақ этносының бірегейлену жобасы мен құндылықтар жүйесінің тұтастай бейнесін қалыптастырудағы дүниетанымдық және әдістемелік тәсілдер тұрғысында зерттеу жүргізген.

Автордың пайымдауынша бірегейліктің байқалуы бірегейлену үрдісі кезінде көрініс береді. Бұл үрдістер қауымдастықтар, топтар мен қоғамның қатысуы емес, керісінше тек жеке тұлғаның өзінің қатысуымен іске асады. Топтық, ұлттық және т.б. бірегейліктер екі түрлі жолмен іске асуы мүмкін: 1) Басқалардан өзгешелену арқылы; 2) Өзінен жоғарырақ топ, этнос немесе ұлтқа өзін жатқызу арқылы. Дегенмен, бұл екі аспект екі жағдайда да өзінің қауымдастығын басқалардан ерекшелеу арқылы іске асады деген тұжырымға келеді [47, б. 17].

Қазақстан саясаттанушы С.Ш. Мұсатаев болса, қазақстандық ұлттық бірегейліктің азаматтық қоғам құрудағы рөлін алып қарастырды. Оның көзқарасы бойынша азаматтық қоғам құру үшін ұлттық бірегейлік азаматтық және демократиялық құндылықтар негізінде қалыптасуы қажет. Тарихи Қазақстан жерін байырғы қазақ этносы мекендегенімен, қазіргі уақытта Қазақстан көпұлтты мемлекет болып табылады [23]. Сондықтан ол барлық этностардың теңдігін қамтамасыз ету үшін әлемдік тәжірибе көрсеткендей демократиялық-құқықтық заң негізінде қоғам құрудың қажеттілігі жөнінде баса айтады.

Қазақстанның Мемлекет және қоғам қайраткері, саясаттанушы Б. Әбдіғалиұлының көзқарасы бойынша саяси және экономикалық жаңғыру қазақтардың ұлттық бірегейлігі толық қалыптаспаған кезеңде орын алды. Сондықтан, бүгінгі күні қазақтардың ұлттық сана-сезімінің жаңаша өрлеуі басталған кезде, қазақстан халқының бір шаңырақ астында бірігу мәселесі өзекті болып қала береді. Ол Қазақтардың ұлттық өзін-өзі тану деңгейі әлі де жетілмеген күйінде қалса, дағдарыс пен ұлттың маргинализация қаупі ешқашан жойылмайды деп есептейді [19]. Сондықтан мемлекеттік органдар мен қоғамдық-саяси күштер ұлттық интеграция Стратегиясын әзірлеуі қажет, оның негізі жаңа қазақы болмыс пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру идеясы шығуы тиіс. Бұл қазақ халқының негізгі борышы деп есептейді.

М.Сеңгірбайдың көзқарасы бойынша Қазақстанда ұлттық жаңғыру әлі жалпыхалықтық деңгейде жүріп жатқан жоқ, яғни халықтың санасы ұлттық мемлекет құру қажеттілігін сезінетіндей деңгейге көтерілуі керек. Ал тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мемлекеттік билік институттарын нығайту, елдің іргесін қалап, етек-жеңін жинап алу үшін Америкада қолданған этностардың теңдігін жариялаған жолды таңдау қажет болды. Ал қазір Қазақтар мемлекет құраушы ұлт дәрежесін алып, басқалар «диаспора», «ұлттық азшылық» деген категорияға жатқызылуы керек деп есептейді [48].

Саясаттанушы Н.Ы. Айтымбетов Қазақстанда ұлттық бірегейліктің азаматтық және этностық парадигмалары арасындағы қарама-қайшылықтар Қазақстанның саяси мәдениетінің қалыптасуының ең маңызды факторы

ретінде көрсетті. Оның ойынша: «Қазақстанның көпэтносты қоғамдық ерекшелігіне орай барлық ұлттарды бір мүдде төңірегінде топтастыратын саясатын дамыту елдегі ұлтаралық татулық пен келісімді күшейтуге көмектеседі. Сондықтан Қазақстан қазіргі уақытта біртұтас жалпыға ортақ бірегейлікті анықтауда ұлтаралық араздыққа жол ашатын тек қана бір ұлттың мүддесінің басымдығына жол беру мүмкін емес. Қазақстанның ұлттық бірегейлігін қалыптастырудағы саясаты азаматтық қоғамның құндылықтары мен ұлттық құндылықтарды тепе-тең дәрежеде ұстай отырып жүзеге асырылғаны абзал» деп есептейді [26].

Жалпы жоғарыда айтылған шетелдік және отандық ғалымдардың ойларын қорытындылай келе, Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасу үрдісіне былайша баға беруге болады. Қазақстандық қоғамдағы ұлттық бірегейлікті анықтауда жинақталған қоғамдық пікірді екі топқа бөліп қарастыруымызға болады. Оның біріншісі – примордиалистер, екіншісі – конструктивистер. Екінші топқа қарағанда бірінші топтағылардың жалпы саны әлдеқайда басым екенін айту керек. Бірінші топтағыларға көбіне қарапайым азаматтардан бастап ұлт жанашырлары мен патриоттар қауымы кіреді. Ал конструктивистерге ең алдымен мемлекет және ұлттық сананы қалыптастыруға атсалысып жүрген азаматтар, мәселенің мән-жайын байыптап қарайтын алдыңғы қатар зиялы қауым мен ғалымдарды жатқызуға болады. Бұдан шығатын қорытынды қазақ этникалығы мен қазақстандық бірегейлікті талдауда кешенді тәсіл ситуативті сипатты иеленеді.

Қазақстан көптеген этностардың мекені ретінде тарихи қалыптасқан. Сондықтан мемлекет тарапынан этносаралық қатынастарды реттеу маңызды деп есептеледі. Жалпы этносаралық қарым-қатынастар дегеніміз қоғамның әртүрлі салаларындағы этностардың өзара әрекеті мен әлеуметтік қарым-қатынасын білдіреді. Кез келген этностың мүдделері екі түрлі өзіне тән ерекшеліктерді иеленеді: бір жағынан өзіндік болмысты, қайталанбас мәдениетті сақтау болса, екінші жағынан, этносаралық өзара әрекет барысында мәдениетті байыта және дамыта түсу, жалпы адамзат баласының құндылықтарына қол жеткізу. Басқаша айтқанда қоғамның әртүрлі салаларында: тұрмыстық, көрші-қолаң, еңбек, ұжым және достық байланыс пен қатынас салаларында орын алатын түрлі этнос өкілдерінің адамдары арасында болатын қарым-қатынас жатады. Этносаясат ғылымында этносаралық қарым-қатынас саласын екі деңгейге бөліп қарастырады, олар: жеке тұлғалар мен топтар арасындағы қатынас. Этносаралық қарым-қатынас өзара әрекет нәтижесінде этносаралық байланыс орнатуға бағыт-бағдарлардың пайда болған кезінен басталады.

Этносаралық қарым-қатынасқа сипаттама берер болсақ, оның қандай түрлері болмасын, атап айтқанда достық, бейтарап немесе наразылық-қақтығыс деңгейі өткен тарихи уақыттан бастау алатынын көруге болады. Қалыптасқан тарихи сана мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және күнделікті өмірдегі мәдени-тұрмыстық жағдай қамтиды. Жеке тұлғааралық байланыстың орнауы көп жағдайда адамдардың жеке психологиялық

қасиетіне тікелей қатысы бар екенін айту керек. Сондықтан болар этносаралық қарым-қатынасты табысты дамыту үшін маңызды адами ұстанымдарды қатаң ұстанған жөн, атап айтқанда олар төмендегідей:

- Зорлық-зомбылықтардан бас тарту;

- Адамның ұлттық ерекшелігіне қарамастан ең маңызды құндылық ретінде оның құқығы мен еркіндігін мойындау;

- Қарама-қайшылықтарды бейбіт жолмен реттеу, келісім жолымен шешудегі үшінші жақтың араласуы;

- Этностық қауымдастықтар арасындағы экономикалық және мәдени байланыстар мен серіктестіктердің дамуы [49, б. 12].

Ұлтаралық қарым-қатынас болса ұлттар арасындағы экономикалық, тілдік, мәдени, экологиялық және тағы сол сияқты байланыстарды қамтиды. Ұлтаралық қарым-қатынастардың осы айтылған факторлары бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді. Мәселен, экономикалық тұрғыда алып қарайтын болсақ, ұлтаралық қарым-қатынас ғылымда ұлттың экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Олар жеке ұлттық мемлекеттер арасында сауда-саттық, экономикалық, тауар алмасудың дамуы кезінде қалыптасады. Ал саяси ұлтаралық қарым-қатынастар болса көп ұлтты мемлекеттерде барлық ұлт өкілдерінің маңызды саяси шешімдер қабылдағанда – сайлауға, жоғарғы саяси билікті атқару мен басқару органдарына араласуын білдіреді. Саяси ұлтаралық қарым-қатынас түрлі ұлт өкілдерінің азаматтық құқығы мен еркіндігін іске асыруға атсалысады [50].

Сонымен қатар ұлттардың дамуында олардың рухани өмір саласы да назардан тыс қалмайды. Ұлттардың рухани өмірінде өзара әрекет пен байланыс ұлттық болмысты сақтау мен дамытуға, оны өзара толықтырып отыруға бағытталатынын айту қажет. Ол, әсіресе, бір ұлт пен екінші ұлт арасындағы ән-күй, өнер, би, әдеби шығармашылық пен сурет өнері сияқты тағы да басқа рухани мәдениеттің түрлі салаларында тәжірибе алмасуға жол ашатын құбылыс. Сондай-ақ, ұлттар табиғатты қорғау саласында да өзара бір-бірімен қарым-қатынасқа түсе алады. Атап айтар болсақ түрлі ұлттар мекендейтін аймақта жер, су, орман сияқты табиғи байлықтарды бірігіп игеру мен оларды қорғауға біріге атсалысады.

Этносаралық қарым-қатынастың орын алуының себебіне терең үңілер болсақ міндетті түрде оның екіге бөлінетінін көз жеткізуге болады, олар: бір-бірін ыдырату немесе топтастыру. Этностар бірі екіншісін ыдыратуы арқылы бір-бірін толықтай немесе жартылай жойып жіберуге немесе өзінің құрамына қосып алуға тырысады. Ол көбінесе бір күшті этностың әлсіз бір екінші этносты жұтып жіберу арқылы жүзеге асады. Бұл жағдайда бір әлсіз этникалық топ күшті бір этникалық топтың мәдениетін, тілін, әдет-ғұрпын толықтай қабылдап оны бойына сіңіреді. Нәтижесінде сол әлсіз этностың өзінің этностық шығу тегін жоғалтып алуына, этникалық бірегейлігі мен санасының өзгеруіне алып келеді. Осы орайда ұлт проблемаларын зерттейтін қазақстандық ғалым Р.Қ. Қадыржанов былай деп пікір білдіреді: «Көп түрлі мәдени топтар бір қоғамда бірлесе өмір сүрген жағдайда бір топтың екінші

топты өзіне бағынуын талап ету тәртібі қажет болады. Мұндай мәдени саладағы бағынушылық ассимиляция деп аталады» [51, б. 18].

Этностардың ассимиляциясын әлемдік тәжірибе көрсеткендей үш топқа шартты түрде бөліп көрсетуге болады, олар: жартылай, толық және мүлдем. Мәселен, кейбір этностық топтар түрлі тарихи жағдайлардың себеп-салдарларынан басқа бір ортаға түсіп өзінің мәдениетінен толықтай бас тартады, керісінше өмір сүру үшін сол ортаның құндылықтарын бойына барынша сіңіруге тырысады. Оған мысал ретінде Қазақстанда өмір сүретін корей этностарын айтуымызға болады. Өткен ғасырдың бел ортасында қиыршығыстан Қазақстанға жер аударылған корейлер қауымдастығы қазіргі таңда жылдам өсуші этнос ретінде саналады. Корейлер өздерінің азиаттық шығу тегіне қарамастан еуропалық құндылықтар жүйесін бойына терең сіңіру нәтижесінде еуропаланған этностар қатарына жатады. Олар өздерінің ана-тілін толықтай ұмытып орыс тілін түгелдей дерлік меңгеруге бет бұрған. Сонымен қатар корейлердің көпшілігі христиан дінін қабылдаған, яғни сол дін өкілдерінің құрамында. Осыған ұқсас жағдайлар әлемде көптеп кездестіруге болады.

Келесі бір жартылай ассимиляцияланудың түрі этностық топ мүшелерінің өзінің мәдениетін толықтай түрде емес, жартылай ғана құрбан ете отырып, жаңа ортаның мәдениетін қабылдайды. Алайда бұл жағдай көбіне қоршаған ортаға бейімделу мен өмір сүру үшін уақытша түрде іске асады, бірақ этностық топ өзінің мәдениетін ұмытпай сақтайды. Бұл сияқты жағдайлар әлемде толып жатыр, оған бірнеше мысалдар келтіруге болады. Тіпті бір мемлекеттің өзінде түрлі этностық топтар осылай тіршілік етіп жатқанын көруімізге болады. Соңғысы сирек кездесетін жағдай, яғни белгілі бір этностың қандай ортада болмасын, қанша уақыт болмасын өзінің мәдениетін жоғалтпай сақтауы және қоршаған ортаның ықпалына түспеуін айтуымызға болады. Оған мысал ретінде қытай этникалық топтарының әлемдік түкпір-түкпірінде өмір сүруі және ешқандай ассимиляцияға ұшырамауын келтіруге болады. Керісінше, сол ортаның өзінің мәдениетімен ерекшеленіп, оның кең тарату арқылы тіпті үлкен мегаполис ішінде қытай қалашықтарын (чайнатаун) қалыптастырып жатады.

1905 жылы Вашингтон қаласында Ұлттық географиялық қауымдастық З.Максумидің жасалған баяндамасында қытай стереотипінің негізгі еркешелігі көрсетілген. Баяндамада: «Америка Құрама штаттарының мәдени түрде жұтып жіберу ықпалы біраз уақыттан бері онда өмір сүретін ұлттар мен нәсілдер арасындағы айырмашылықтарды толықтай еңсеруде, алайда оның тек қытайларға ғана қатысы жоқ. Бұл ұлтты ассимиляциялау мүмкін емес» – делінген [52]. Бұл дегеніміз қытай халқының сан мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан мәдени және ұлттық өзіндік ерекшелігі өте берік екеніне көз жеткізуге болады.

Этнология ғылымы саласында ассимиляция үрдістерінің өтуін екіге бөліп қарастырады, олар табиғи жолмен және күшпен іске асыру. Табиғи жолмен іске асатын ассимиляция әралуан этностар тобын бәріне ортақ әлеуметтік,

шаруашылық және мәдени өмірінде іске асады. Яғни, бір-бірімен өмірдің маңызды салаларында қарым-қатынасқа түсуі кезінде ортақ бір тілде және мәдениетке келісуі нәтижесінде көрінеді. Ал күшпен жасалатын ассимиляцияның түрі мемлекеттің күштік құрылымдарының көмегімен жүзеге асырылады. Бірінші кезекте билік органдарының қоғам өмірінің барлық салаларында ассимиляция үрдісін жылдамдату мақсатында ұлттық азшылықтардың тілі мен мәдениетін күшпен ығыстырып шығарады.

Сонымен бірге этнология ғылымы саласында этносаралық интеграция аясында бір немесе бірнеше этностық топтардың өзара әрекеті нәтижесінде жаңа этномәдени қауымдастық пайда болуы туралы түсінік бар. Басқа этнос өкілдері өздерінің мәдениетін, этностық ерекшелігін сақтап қалады. Көпэтносты мемлекеттерде осы сияқты құбылыстар кеңінен байқалады. Түрлі этнос өкілдері бірігіп өмір сүре отырып өздерінің бірегейліктерін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын сақтап қалады. Бұндай мемлекеттерде этностар арасындағы қарым-қатынасты түрліше сипаттауға болады, олар, әлеуметтік, экономикалық, тарихи мақсаттар мен мүдделердің тоғысуынан шығатын байланыстар. Алайда әлемнің көптеген мемлекеттерінде өмір сүріп жатқан этностық топтар мен этностық өкілдердің бөтен ортада өмір сүруі барлық жағдайда табысты іске аса бермейтінін айту керек. Этностық азшылық өкілдеріне зорлық-зомбылық, күш көрсету, шыққан тегі, тілі мен дініне байланысты және т.б. толып жатқан көптеген себептерге байланысты кемсітушіліктер жиі орын алып, ауық-ауық көрініс беріп отырады.

Дж. Фиарон мен Д.Лейтин өздерінің ғылыми тәжірибелік жұмыстарында этносаралық қарым-қатынас саласында пайда болатын әртүрлі кемшіліктерді түбірімен жойып алып тастау мүмкін емес екендігін дәлелдеді. Оған қарамастан екі жақтың тату қарым-қатынас орнатуға, бір-бірімен жарасымдылығына ұмтылуы негізге алынатын дұрыс мінез-құлық стратегиясы ретінде оны сақтау керектігін айтады [53, б.73]. Этносаралық қарым-қатынас қазіргі қоғамның әртүрлі салаларына өзінің терең ықпалын тигізе алатын сала. Ф.Касмир бір этностың екінші этносқа үстем етуі, психологиялық тұрғыда басымдылық танытуы негізінде этносаралық қарым-қатынасты қалыптастыру мүмкіндігін жоққа шығарады. Онын орнына жалпыға ортақ мәдениеттің қалыптасуына алып келетін өзара келісім тәсілін іздестіру қажеттілігін қолдайды [54, б. 466].

Қазіргі уақытта этноәлеуметтану және этнопсихология ғылымдарында этносаралық қарым-қатынас тақырыбына кешенді ғылыми зерттеулер жүргізетін шетелдік және отандық авторлар көпмәдени қауымдастықтарда этностық шекара, әлеуметтік және мәдени ара қашықтық, этностық дәреже сияқты терминдерді жиі қолданады. Этностық шекара түсінігі норвегиялық ғалымның Ф.Барттың көпке танымал еңбегінің жарыққа шығуымен байланыстырады. Ол шекараны мәдени ерекшеліктің әлеуметтік ұйымы ретінде этникалық ұғымы тұрғысынан қарастырады. Барттың пікірі бойынша көпэтностық қоғамда этностық топтың барлық мүшелері мәдени ерекшелікті қолдайды [55, б. 10].

Этностық шекараны айқындауға бағытталған теориялық және эмпирикалық зерттеулер шекаралардың пайда болуы көп жағдайда этностық толеранттылық пен шектеулердің және этносаралық өзара әрекеттің күшеюі кезінде байқалатындығын көрсетті [56, б. 20]. Этностық шекаралар символдық тұрғыда қиялдағы сызық болып елестетіледі, ол бір этностық топты екіншісінен әлеуметтік, психологиялық және мәдени белгілері бойынша бөлектеп көрсетіп тұрады [57]. Әлеуметтік шекараға біздің көзқарасымыз бойынша этностардың мекен ететін территориялық аумағы, халықтың ортақ қалыптасу тарихы жатады. Сонымен қатар этностың ашық қоғамда мәдени жаһандану мен толеранттылықтың моделін қаншалықты қабылдағанын көрсететін жаңғыру деңгейін де айтуға болады.

Ал келесі бір этностар түрі туралы айтар болсақ, шекараның психологиялық белгісіне этностық қауымның санасында өмір сүретін «біз» және «біз емес», «басқалар немесе бөтен» сияқты түсініктер жататындығын көруге болады. Соңғы шекараның мәдени белгілеріне ана тілі, салт-дәстүр, әдет-ғұрпы, құндылықтар жүйесі мен әлеуметтік мінез-құлық қағидалары кіреді. Алайда этноұлттық мемлекеттерде өмір сүретін этностық азшылықтар айқын немесе жасырын түрде өтетін кемсітушіліктерге жиі ұшырап тұратындығы жасырын емес. Нәтижесінде аталған этностық азшылықтарда бір мемлекеттің ішінде өмір сүргендігіне қарамастан түрлі этностық топтар өкілдері арасындағы шекара күшейе түседі. Бұл көп жағдайда этносаралық наразылықтар мен қақтығыстардың жиі орын алуына жол ашады.

Этносаралық қарым-қатынас саласы этностардың арасында пайда болатын жағымсыз әрекет – наразылық және қақтығыстық белгілерді де қамтиды. Этносаралық қақтығыс көп жағдайда көпэтностық қоғам ішінде кейбір этностық топтардың әлеуметтік игіліктер мен қоғамда лайықты орынды иелене алмаған жағдайда да орын алады. В.П.Ратникова этносаралық қақтығыстарға этностық қауымдастық шеңберінде өтетін қақтығыстардың кез келген түрін жатқызады (ұйымдастырылған саяси қозғалыс, жаппай тәртіпсіздік, сепаратистік үндеулер, азаматтық соғыс және т.б.). Автор этносаралық қақтығыстарға төмендегідей сипаттама береді:

1. Этносаралық қақтығыстар кешенді, күрделі құрамдас сипатқа ие.
2. Эмоцияның өте жоғарғы деңгейімен, құмарлықпен және адамзат табиғатының иррационалды.
3. Терең тарихи тамыры бар, егер жоқ болған жағдайда қақтығысушы жақ оны тез арада жасап алуға қабілеті бар, мысалға мынау сияқты: «Біздің ата-бабамыз әрқашан осында өмір сүрген!».
4. Жоғары деңгейде ұйымшылдықпен сипатталады. Қорғалатын этностық ерекшеліктер (тіл, тұрмыс, сенім) барлығын бірдей толғандыра бермейтін сөз еркіндігі немесе жиын емес. Бұл ерекшеліктер этностың әрбір мүшесінің күнделікті өмірінде ерекше маңызға ие, оларды қорғау үшін жаппай сипат танытады.

4. Созылмалы сипатты иеленеді, олар нақты шешімге келмеген, өйткені этносаралық қарым-қатынастар үнемі қозғалыста, еркіндік пен жеке дербестікке ие емес [58, б.122].

Конфликтология ғылымы саласында танымал ғалым В.А. Авксентьев этностық қақтығыстарды төмендегідей негізде жіктеп бөліп көрсетеді:

- қоғамдық өмірдің салаларында олар айрықша анық формада көрінеді (саяси, экономикалық, конфессионалды және т.б.);
- қақтығыстың орын алу себептері (мемлекеттік тіл, территория, экономикалық ресурстар мәселелері бойынша және т.б.);
- субъектілер мен олардың институциялану дәрежесі (біртекті, мысалы: титулды этнос – титулды этнос; әртекті: титулды этнос – этностық азшылықтар) [59, б. 110].

Бұл классификацияға қарсы этностық қақтығыстарды жіктеуді түрлі негіздер бойынша іске асыруды Г. С. Денисова, М. Р. Радовель ұсынады:

- субъектілер бойынша (этностық топтар республика шеңберінде, этностық топ – республикалық билік, этностық топ және федералды орталық, республикалық билік және федералды орталық);
- құндылық мақсаттар бойынша (мәдени-тілдік, әлеуметтік-экономикалық, дәрежелік, территориялық және мемлекеттің құрамынан шығушылық);
- даму сатысы бойынша [60, б. 21].

Көпэтносты қоғамда жүргізілетін этносаясат біржақты болмауы керек, керісінше этносаралық байланысты сипаттайтын халықтың этностық құрамына және тұрғылықты жеріне байланысты нақты стратегиялық мақсаттар көзделуі керек. Сондықтан жоғарыда айтылған этносаралық қарым-қатынас жүйесінде пайда болатын сызықтар мен шекаралардың алдын алу үшін және этносаралық наразылықтар мен қақтығыстарды болдырмау үшін мемлекеттік орган басшылықтары этносаясат саласындағы мамандармен кеңесіп отыру керек. Осыған байланысты ресейлік ғалымдар Тишков В.А., Шаббаев Ю.П. этносаясат саласында терең ғылыми зерттеулер жүргізіп келесі қорытындыларға келеді. Олардың ұсыныстары бойынша төмендегідей негізгі қағидаларды мемлекеттік этносаясатта қатаң ұстануға шақырады:

- Көпэтностылық, әртүрлі топтардың өзіндік мәдени ерекшеліктерін мойындау және оны қолдауды құқықтық нормаларда және бағдарламаларда бекіту;
- азаматтардың этностық, тілдік және діни ерекшеліктеріне қарамастан теңқұқылығы;
- әрбір азаматтың бір немесе бірнеше этностық ерекшелігін анықтауға құқының болуы және одан бас тартуға құқының болуы;
- этностық, тілдік және діни ерекшелігі белгілері бойынша азаматтардың құқы мен мүмкіндігін шектеу, кемсітуге жол бермеушілікке жағдай жасау;
- этносаралық қарым-қатынастың барлық салаларында әлеуметтік, этностық, тілдік және діни алауыздықты қоздыруға бағытталған қызметке тыйым салу және заңмен қудалау;

- мәдени дәстүрді ұрпақтар жалғастығы арқылы тарату ісінде этностық қауымдастыққа көмек көрсету мақсатында этностық мәдениетті сақтау мен дамытуға атсалысу;

- тіл этнопсихологиялық символдарға ғана қызмет етіп қоймай, этномәдени өзін өзі анықтау тетіктеріне, этностық бірегейліктің қалыптасуына қызмет етеді. Сондықтан этностық қауымның тілдерінің дамуы мен қызмет етуіне, сақталуына қолдау таныту;

- этностық қауымдастықты шектен тыс мақтаудан бас тарту, өйткені ол қауымның жаңғыру мен өзгеру үрдістеріне оңай бейімделу мүмкіндігінен айырады [61, б. 351-352].

Жалпы жоғарыда этностар арасындағы қарым-қатынастың өте күрделілігі мен әр алуандылығына жан-жақты тоқталдық. Этностар арасында бір этностың екінші этносқа жоғары менмендікпен жақтырмай қарау сезімі жиі орын алып отырады. Осы орайда қазіргі этносаясаттану ғылымында «ксенофобия» термині өте жиі қолданылады. Ксенофобия сөзінің түсінігі грек тілінен енген «бөтен» деген мағынаны білдіреді. Қазіргі таңда бұл сөздің қолданылуы көп жағдайда басқа этнос адамдарына жеккөрушілікпен қарау. Ксенофобия қоғам ішінде екі түрлі формада қолданылуы мүмкін. Мәселен, адам екінші адамды жақтырмау, оған үреймен қарауы мүмкін, дегенмен онымен өзін қарым-қатынаста дұрыс ұстай біледі. Яғни, ашық сыртқа жеккөрушілік сезімін көрсетпейді және оны жасырын ұстайды. Екінші түріне өте ашық түрде көрінетін белгілер жатады. Оған жәбір көрсету, шабуыл жасау, ұрып соғу, тіпті кейде өлім оқиғасына дейін апарды.

Осы сияқты жағымсыз қарым-қатынастардың орын алуына түрткі болатын себептер адамдардың сыртқы келбеті, нәсілі, ұлты мен діні сияқты ерекшеліктері бойынша орын алады. Тұрғылықты этностар өздерінің мекен ететін аумағында басқа этнос өкілдерінің пайда болуымен және бөтен адамдардың қауымдастық ішінде жайсыздық тудырған жағдайда ксенофобиялық әрекеттің орын алуына жол ашады. Ең алдымен жағымсыздық эмоционалды деңгейде орын алады, ол өзінің шырқау шегіне жеткенде ашық қарама-қарсылыққа ұласады. Ғылымда ксенофобияның тарихы өткен ғасырда Еуропа мемлекеттерінде батыс өркениетімен тығыз байланыстыра қарастырады. Тарихқа көз жүгіртер болсақ, Еуропада Екінші Дүниежүзілік соғыс кезінде өмір сүрген еврей халқының көрген аяусыз зорлық-зомбылықтары, азаптары мысал бола алады. Сонымен қатар еврейлердің ислам әлемін басып шаншуы, оларды зорлықтар көрсетуі мен мигранттардың дамыған өркениетті елдерге ағылуынан ксенофобиялық көзқарастар туындады.

Бұл мәселеге қазіргі уақытта әлеуметтік және адамгершілік көзқарас тұрғысынан қарағанда бұл қақтығыс – қарама-қарсылық пен қысым көрсету арқылы бір этносты жойып жіберуге дейін апаратын жол. Алайда, екінші этнос өзіне көрсетілген қысымға жай ғана қарап жата алмайтыны анық, кері байланыстың орын алатыны заңды. Бұл адамдар, этностар мен ұлттар арасында бір-бірін жойып жіберуге дейін жеткізетін соғысқа, адам шығынына

алып баратын қауіпті қадам. Сондықтан көптеген мемлекеттерде басқа этностарды кемсітушілікке шақыру және тағы да басқа осыған ұқсас пайда болған адамдардың көңіл-күйі ұлтаралық, этносаралық араздықты қоздыру деп танылып, заң бойынша қудаланады және қылмыстық жауапқа тартылады [62, б. 47].

Яғни, көпэтносты қоғамда этностар арасында жоғарыда айтылғандай жағымсыз көзқарастар мен қарама-қайшылықтардың алдын алып, оған жол бермеу мақсатында толеранттық мінез құлықты дамытуға баса мән береді. Толеранттылық дегеніміз шыдамдылық, төзімділік пен өзгені қабылдаушылықты білдіреді. Өзгенің дүниетанымы, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, өмір сүру тәсіліне құрмет көрсету мен төзімділікке тәрбиелейтін мінез-құлық белгісі екенін бәріміз білеміз.

Саяси энциклопедияда толеранттылық терминіне былайша анықтама берілген екен: «Толеранттылық дегеніміз ешқандай әлсіздікті білдірмейді, керісінше ұстамды, шынайы түрде жағымды және оны ұстанған адам тарапынан тиімді» [63]. Яғни, бөгде этнос өкілдерінің қауым ішіндегі әрекетіне және оның басқа да қауым мүшелеріне ұқсамайтын ерекшеліктеріне шыдамдылық таныту және оған түсінікпен қарау адам мінез-құлқындағы сапалы қасиеттердің бірі ретінде анықтама берілген. Белгілі ресейлік педагог ғалым А.М. Байбаковтың пікірі бойынша: «Толеранттылық – әмбебап құқық пен жеке тұлғаның еркіндігі шеңберінде бәсекелестіктен қашпайтын, өзінің ұстанымына берік субъектінің басқа да көзқарастардың өмір сүруін, мәдени ерекшелікті әралуан түрін мойындау қабілеті, сонымен бірге адамның жеке тұлғалығын қамтамасыз ету және тұлғаның әлеуметте үйлесімді дамуы» – деген анықтама береді [64, б. 2].

Біздің пікіріміз бойынша үйлесімді түрде этностардың басқа қоғам ішінде өмір сүруі немесе оның сол қоғамға сіңісуі ең алдымен олардың бір-біріне құрметпен қарауында болып табылады. Дегенмен толеранттылық тек бір жақты бөгде этностың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, тілі мен дінін құрметтеумен ғана шектелмеуі керек. Сол бөгде этнос, яғни сырттан қосылған басқа этнос өкілі де қоршаған қауымға құрмет тұтуы қажет. Басқаша айтқанда толеранттылық екі жақтан немесе бірнеше топтың бір-біріне деген құрмет көрсету, мойындауы мен қабылдауы сияқты қарым-қатынастан құралады. Өйткені әрбір жеке тұлғаның өзіндік мені болатындығын естен шығармауымыз қажет. Бірінің екіншісіне үстемдік етуі міндетті түрде этносаралық қақтығысқа жол ашатындығы жоғарыда айтылды. Ондай ортада толеранттылық қарым-қатынасты орнату мен дамыту мүмкін емес.

Сонымен, этносаралық қарым-қатынаста ерекше маңызға ие толеранттылықты қалайша қоғам ішінде қалыптастыруға немесе тәрбиелеуге болады? Осы мәселе қазіргі таңда әлемді, әсіресе, көпэтносты қоғамды өзіне назарын аудартқан өзекті тақырыпқа айналып отыр. Сол үшін қазіргі таңда азаматтардың бойында толеранттылықты тәрбиелеу білім беру саясатының басты мақсаттарының біріне айналды. Сол сияқты этносаралық қарым-қатынас саласын басқарып, оны реттеп отыратын заңнамалық құжаттар заң

актілері бар. Соған сәйкес әлемнің әр түкпірінде өмір сүретін этностық азшылықтар өкілдерінің құқын қорғайтын, оларға қарсы геноцидке жол бермеудің амалдары қарастырылған.

Этносаралық қарым-қатынасты реттеу мен басқаруда ең негізгі құжаттардың бірі де, бірегейі ретінде 1995 жылы 16 қараша күні ЮНЕСКО толеранттылық қағидаларының декларациясын қабылдады. Осы құжатта шыдамдылық рухы мен ашықтық қатынасты қалыптастыруды күшейту, мәдениеттің бай әралуандылығын, адамзат баласының ой еркі мен жеке тұлға ретінде танылуын дұрыс түсіну мен құрметтеу қажеттілігі айтылған. 16 қараша күні жылсайын бүкіл әлем бойынша толеранттылықтың Халықаралық күні атап өтіледі. Осы құжатқа сәйкес әрбір мемлекет әділ және бейтарап заңнама негізінде, құқықтық тәртіп пен сот арқылы әкімшілік нормаларды сақтау арқылы толеранттылықты қадағалап отырады. Сонымен бірге әрбір азаматқа өзінің экономикалық және әлеуметтік жағдайын жақсартуды ешқандай кедергісіз іске асыруға мүмкіндік жасалуы тиіс. Осы орайда этностық қарым-қатынас саласында наразылықтар мен қақтығыстық оқиғалар орын ала қалған жағдайда негізі шарттарға бағыну және оның талаптарын бұлжытпай орындау қажет. Олар мыналар:

Біріншіден, этносаралық қақтығыстың нақты себептері тез арада анықталуы тиіс;

Екіншіден, этностық қақтығыстың көрінбейтін түпкі себептерін сыртқа ашып шығару қажет;

Үшіншіден, қақтығыс өте қатты шиеленіске айналған тұста кедергі келтірмеу керек;

Төртіншіден, басқаруға келмейтін эмоционалды қақтығыстарды оқшаулау қажет;

Бесіншіден, қақтығысты еңсеруге бағытталған әртүрлі әдістерді қолдау қажет, мысалы: келіссөздер, бітістіру үшін тараптардың араласуы;

Алтыншыдан, наразылық жағдайында жаңадан орын алғалы отырған қақтығыстың алдын алу, оны есткерту [65, б. 124.].

Жалпы полиэтностық қоғамда өмір сүретін елдер этносаралық қарым-қатынас саласында пайда болатын әртүрлі оқиғалардың алдын алу жолы қарастырылған. Қақтығыстық жағдайларға жеткізбес үшін билік тарапынан қоғам ішіндегі татулық пен келісімді әрдайым бірқалыпта тұрақты деңгейде ұстап отыру үшін түрлі тәсілдер қарастырылған. Мәселен, этносаралық қарым-қатынастың жай күйін бақылап, оған талдау жасап отыру мақсатында мониторинг тәсілі, түрлі этнос өкілдерінен оларды толғандыратын мәселелер бойынша сұрақ-жауаптар алу, сауалнама, фокус-топтар өткізу арқылы пайыздық көрсеткіштермен есептейді. Егер қандай да бір өткір мәселелер этностарды мазалайтын жағдайда билік органдарына хабарлап, ұсыныстар беріліп отырады. Сонымен қатар этносаралық қарым-қатынас саласында климатты жақсарту үшін қоғам ішінде ерікті топтармен бірлесіп билік органдары түрлі этнос өкілдерінің мәдениетін, тілін, әдет-ғұрпы мен салт-

дәстүрін қолдау мен дамыту мақсатында түрлі іс-шаралар, конкурстар мен мерекелік концерттер ұйымдастырып отырады.

Қазақстанда бұл мерекеге ұқсас «14 наурыз – Көрісу күні» мерекесін айтуымызға болады. Аталмыш мереке ежелден келе жатқан дәстүр. Бұл күні көрші-қолаң, ағайын туыс бір-бірінің үйіне кіріп жақсылық тілеп қауышатын күн. Өзара өкпе-реніші, араздығы болған болса бір-бірінен кешірім сұрасып, жасы үлкендерге ілтипат көрсететін дәстүр.

Қазақстан Республикасы да тәуелсіздікке қол жеткізген уақыттан бастап тарихи кезеңдерде қалыптасқан өзінің көпэтносты қоғамында татулық пен тыныштық сақтау мақсатында орынды саясат жүргізуге бет бұрды. Елде өмір сүретін барлық этнос өкілдерінің тілі, салт-дәстүрі, сенімі мен дініне ешқандай кемсітушілікке жол бермеу үшін ішкі саясатты барынша тиімді қолдануға тырысып келеді. Ұлттық саясатта басты ұстаным этносаралық қарым-қатынаста тұрақтылық пен келісімді бұзбай сақтап, оны әрдайым дамытып жетілдіріп отыруға негізделеді. Осы орайда 2016 жылы Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев Астана қаласында өткен «Бейбітшілік пен келісімнің 25 жылы» атты тақырыпта өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының этномәдени бірлестіктерінің республикалық фестивалында осы мәселеге ерекше баға берген болатын. Елбасы пікірі бойынша «Бейбітшілік, келісім, тұрақтылық – біздің баға жетпес байлығымыз. Тәуелсіздіктің 25 жылындағы барлық қазынамыздың ең бастысы. Мемлекет әрдайым және кең көлемде барлық этномәдени бірлестіктерді қолдап, мектеп оқушыларын қаржыландырып, ана тілінде оқуына мүмкіндік жасап келеді» – деген болатын [66].

Жалпы ғылымда бірегейлік пен толеранттылықтың қалыптасуы бір-біріне қарама-қайшы құбылыс болып есептеледі, алайда бірегейліктің өмір сүруі толеранттылыққа қарама-қайшы келмейді. Бірегейлік тарапынан толеранттылыққа төнетін қауіп пен қарама-қарсылық тек бірегейлік тұрақсыз және күрделі жағдайда ғана пайда болады. Осыған сәйкес бір қоғам ішінде әртүрлі топтардың бірегейлігінің тұрақты қолайлы жағдайда дамуын барынша қамтамасыз ету қажет. Соған қарамастан қоғамның топтасуы тек кейбір жалпыға ортақ бірегейлік төңірегінде іске асуы керек [67, б. 37].

Соңғы уақытта жүргізілген ғылыми зерттеулерде көпэтностық қоғамның ұлттық бірегейлігін анықтауда әлемдік тәжірибеде «азаматтық ұлттық бірегейлік» трендінің пайда болғанын байқауға болады. Аталған термин тек қана ғылыми айналымға ғана еніп қоймай, сондай-ақ, қоғамдық тәжірибеге белсенді түрде еніп келе жатқаны белгілі. Осы түсініктің бір-біріне қарама-қайшылығына қарамастан бірегейлік белгілі бір әлеуметтік топпен, ұжыммен теңестірілуі ретінде түсіндіріледі. Ұлттық бірегейлік бәрінен бұрын адам белгілі бір топтың мүшелеріне тән нормалар мен ережелерді қабылдағанда көрінеді [68, б. 255].

Азаматтық ұлттық бірегейлікті қалыптастыру саясатының негізгі мақсаты көпэтносты қоғамда интеграциялық үрдісті күшейтуге бағытталады. Көбінесе, өткен ғасырда империялық одақтардың ыдырауына байланысты

отар болған көптеген әлемдік мемлекеттердің өзінің тәуелсіздікке қол жеткізуі ірі жетістік болып табылды. Сол уақытта егемендігін алған бодан елдер өздерінің ұлттық мемлекетін құру барысында көпэтностық қоғамның жаңаша саяси мәдениетін қалыптастыру мен бірегейлендіруді ең алдымен қолға алғандығын тарихтан көруімізге болады.

Ұлттық бірегейлікке қатысты қазіргі уақытта жаңадан пайда болған инклюзивті және эксклюзивті бірегейлік түрлерін қарастыра кетуді де жөн көрдім. Инклюзивті латын тілінен аударғанда «includo» қосу деген мағынаны білдіреді. Яғни инклюзивті бірегейлікте қоғам жаңа мүшелерді қосуға ашық деп қарастырылады. Ал эксклюзивті дегеніміз ағылшын тілінен аударғанда «exclusive» ерекше, жалғыз, тек бір объектіге қатысты деген мағынаны береді. Эксклюзивті бірегейлік басқа мүшелердің өзінің құрамына енуіне қатаң тыйым салады.

Көбінесе осы «ұлт» және «азаматтық» терминдері арасында түсінбестік жиі пайда болып жатады. Оны біз әр елде бұл терминдердің аудармасынан байқай аламыз. Мысалға Біріккен Ұлттар Ұйымының Хартиясын алып қарайтын болсақ, оның ресми тілдеріндегі аудармаларының өзінде «ұлт» пен «азаматтық» арасында ұқсастық байқалады. Француз тілінде «nationalite» тек «азаматтықты» білдіреді. Ал неміс тілінде бұл терминдерде әртүрлі сөздер қолданады: «Nationalist» этникалық бірегейлікті білдірсе, «Staatsbürgerschaft» - азаматтық бірегейлік деп аударылады. Бұрынғы КСРО құрамындағы елдерде де осы терминдерге қатысты сұрақтар туындамай қоймайтыны анық. КСРО азаматтарының жеке төлқұжаттарында міндетті түрде «ұлты» белгіленген және ол этникалық сипатқа ие екенін көруімізге болады.

Енді осы ұлт пен азаматтықтың арасындағы байланысты түсіндіру үшін оның бірнеше типтерін өзара бір-бірімен салыстыра отырып қарастыруға болады:

- Эксклюзивті немесе инклюзивті байланыстың болуы;
- Примордиалды немесе әлеуметтену үрдісінде пайда болған байланыстың болуына қарай негізгі төрт типті белгілей аламыз.

1.«Ұлт» примордиалды және эксклюзивті деп түсіндіріледі. Яғни бірегейлік тек биологиялық тұрғыда қаны немесе генетикасы арқылы анықталады, басқаша айтқанда тумасынан беріледі. Оған қоса сол ұлттың құрамына басқа адамдардың кіруге мүмкіндігі жоқ. Оған мысал ретінде еврей, неміс және қазақ ұлтын алып қарасақ болады. Олардың ерекшелігі өзінің бірегейлігін қан арқылы анықтайды. Басқаша сөзбен айтқанда еврей, неміс не қазақ болу үшін тек сол ұлт болып туылу керек.

2.«Ұлт» примордиалды және инклюзивті деп түсіндіріледі. Бұл жерде бірегейлік қанмен анықталса да, басқа ұлт өкілдерінің құрамына кіру мүмкіндігі бар. Оған мысал ретінде Ресей империясын алуға болады. Сол кезде Ресейде ұлты орыс болмаса да православиені қабылдап шоқынса жетіп жатыр, оны орыс деп есептеген.

3. Конструктивті және эксклюзивті ұлт типіне жеке-жеке сипаттама беретін болсақ, бірегейлік адамның сезімі негізінде анықталады, бірақ басқа

этникалық топтарды өзіне қоспайды. Оған мысал ретінде француз ұлтын келтірсек. Француз деп француз мәдениетін, ділін, тілін қабылдаған кез келген адам бола алады. Бірақ этникалық мәселелерге келгенде қаталдылық көрсетеді. Осыған дәлел ретінде Франция «Ұлттық азшылықтардың» тілдерін қорғау жөніндегі Еуропалық хартиясына қосылмағанын келтіруге болады. Тарихта Франция өзінің тілі мен мәдениетінің тазалығына ұмтылатын дәстүрімен танымал [69].

4. Конструктивті және инклюзивті көзқарас бойынша кез-келген адамның ұлтқа мүше болу, қосылу мүмкіндігі бар және басқа этностарды толығымен қабылдайды. Осыған айқын мысал ретінде АҚШ азаматтарын алуға болады. Олардың бірегейлігін анықтауда «америкалық» кез келген адам олардың құндылықтары мен мәдениетін қабылдаса «америкалық» болуы әбден мүмкін. Соған қоса, этникалық бірегейлік қоса жүреді, қарама-қайшы зат деп қабылданбайды. Яғни адам бірінші кезекте америкалық (азаматтық бірегейлік) болса, екінші кезекте ол мексикалық, итальян және тағы басқа (этникалық бірегейлік) деп есептелінеді. Сонымен бірге, бұл бірегейліктер бір-біріне қайшы келмейді.

Жалпы алғанда қазіргі заманда инклюзивті бірегейлікті дамыту елде әлеуметтік-саяси тұрақтылықты сақтау үшін өте маңызды. Эксклюзивті бірегейлік көбінесе этникалық және тілдік жағынан адамдарды кемсітуге алып келеді. Оған мысал ретінде 90-шы жылдардағы бұрынғы Югославия мен Руандада орын алғандай этносаралық қантөгіске қайта алып келуі ғажап емес.

Қазақстанға келетін болсақ елімізде де эксклюзивті бірегейлік басым болып келеді. Оның негізгі белгілерін сарапшы Ғалым Жүсіпбек былайша көрсеткен: «Қазақстан сияқты формальды демократиялық институттар әлі де әлсіз болып табылатын мемлекеттерде ресми мемлекеттік институттарға қарағанда бейресми демократиялық емес институттар көбінесе басым болып келеді. Осылайша, бейресми институттар өз кезегінде жеке тұлғаның бірегейлігін қалыптастыру процестерін анықтайды» [70].

Бұрын ешбір қоғам этникалық және лингвистикалық тұрғыдан біртектес болмаған. Ал қазіргі заманда миграциялық ағымдарды ескерер болсақ, біртектес қоғамдар саны мүлдем жоқтың қасы. Сондықтан тұрақты даму мақсатында дамушы елдер адам құқықтары мен инклюзивтілік қағидаттарын берік ұстанады.

Қазақстан көпұлтты мемлекет екенін ескере отырып, ұлттық бірегейлікті азаматтық бірегейлік негізінде құру үшін алдымен ХХІ ғасыр жағдайында тұтас интеграцияланған жеке тұлғаны қалыптастыруға кедергі келтіретін осы бейресми институттардың күшін қоғамда әлсірету керек. Керісінше, мемлекеттік институттардың дамуына жол ашу керек. Қоғамда инклюзивтілікті қалыптастыру үшін берік құндылықтар мен баламалы дискурстарды қалыптастыру қажет деп ойлаймыз. Бұл өз кезегінде Қазақстанның жан-жақты дамуының кілті болмақ.

1.2. Этникалықты зерттеудегі түсініктер мен тәсілдер

Ұлттық бірегейліктің құрылымы мен оның элементтерін талдау үшін біз когнитивті модельді қолдана аламыз. Бұл модель арқылы біз жеке бірегейліктің әлеуметтік және саяси бірегейліктердің өзара үйлесімді жиынтығынан тұратынын көз жеткізе аламыз. Егер де адамның әлеуметтік бірегейлігін көлденең, ал саяси бірегейлігін тік сызықтар ретінде қарастыратын болсақ, төмендегідей кестені көреміз.

Әлеуметтік бірегейлікке («көлденең» бірегейлік): аумақтық (территориялық), табиғи (дене), рухани (мәдени), агенттік (кәсіби) сияқты элементтер кіреді. Осы орайда төмендегі кестеге назар салсақ (Кесте 1):

Кесте 1 - Көлденең (әлеуметтік) бірегейлік

Аумақтық
Табиғи
Рухани
Агенттік

- Аумақтық (территориялық) бірегейлікке адамдардың территориялық, климаттық, ландшафттық, табиғи ресурстық байланыстарын жатқызуға болады. Ол келесідей белгілерді қамтиды: көлік тасымалдауына қол жетімділік, қауіпсіздік, табиғатты қорғау;

- Табиғи (дене) бірегейлік адамдардың антропологиялық келбетінен, тамақтанудан, тұрғын үйден, күнделікті өмір салтынан, отбасылық қарым-қатынасынан, денсаулықтан көрініс табады. Оның негізгі белгілері: денсаулық, ерлі-зайыптылар арасындағы және балалар мен ата-аналар арасындағы махаббат пен өзара сыйластық;

- Рухани немесе мәдени бірегейлікке сенім, ұлттық әдебиет, өнер, педагогика, тәрбие жатады. Оның белгілері ретінде діннің қасиетті объектілері, батырларды еске алу, тарих, мәдениетті айта аламыз;

- Агенттік бірегейлік халықтың экономикалық көрсеткіштерінен көрінеді: халықтық қолөнер, жергілікті шаруашылық, шеберлер, кәсіби командалар. Оған жататын белгілер: еңбекқорлық, ынтымақтастық, бәсекелестік. Сонда әрбір қоғамда осы құндылықтар арқылы адамдардың әлеуметтік бірегейлігін қалыптастырады. Әр адам өзінің туған жерін, туыстарын, дәстүрін ұмытпайды, сақтап жүреді, балаларына соны үйретеді және ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп қалдырады.

Енді саяси бірегейлікке келетін болсақ оның өзіндік басқалардан ерекшелігі бар. Көптеген адамдардың күнделікті өмірінде саяси бірегейлік байқала бермейді. Олар оны тұрмысы мен қауіпсіздігіне нұқсан келген жағдайда ғана еске алады. Мәселен, егер адамның өмір сүру жағдайы нашарласа (көлік, экология, коммуналдық қызметтер, медициналық көмек, білім беру, жұмыспен қамту) адамдар бұзылған құқықтар мен мүдделерді

білдіру мен қорғау үшін саяси өмірге белсене араласа бастайды. Бұл жағдайда адамдар: а) өздігінен; б) жеке тұлғалар мен топтардың күш-жігерін біріктіру; в) мемлекеттің көмегімен (депутаттар, полиция, сот, прокуратура және т.б.); г) әлемдік қауымдастыққа (халықаралық ұйымдарға) жүгіну арқылы әрекет етеді.

Саяси бірегейлік тәртіпсіздікке жол бермей, қоғамды біріктіруге және жалпыға ортақ міндетті ережелердің орындалуын қадағалайды. Кез келген қоғамда бұл адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын, мүдделерін жүзеге асыратын маңызды категориялар болып есептеледі. Төмендегі кестеде саяси бірегейліктің элементтері тігінен орналасқанын көруге болады.

Кесте 2 - Саяси (тігінен) бірегейлік

Индивидуалдық	Ұжымдық	Мемлекеттік	Халықаралық
---------------	---------	-------------	-------------

Енді кестеде көрсетілген бірегейліктердің әрқайсысына жеке-жеке анықтама бере кеткенді жөн көрдік:

- Жеке (индивидуалды) бірегейлікте адам (азамат) өзінің мүдделері мен жеке құқықтарын біледі және оларды өз бетінше қорғайды. Оның құндылықтары еркіндік пен тәуелсіздік.

- Ұжымдық бірегейлік арқылы қоғамдық бірлестіктердің көмегімен мүдделерді қорғауға көмектеседі. Оның негізгі құндылықтары: ынтымақтастық пен ұйымшылдық.

- Мемлекеттік бірегейлік азаматтарды әлеуметтік қамсыздандыруды, ұлттық мүдделерге қызмет етуді қамтиды. Құндылықтары: эгалитаризм, яғни теңдікке ұмтылу, ұлттық қауіпсіздік.

- Халықаралық бірегейлік халықаралық қоғамдастық пен халықаралық ұйымдардың көмегімен мүдделер мен құқықтарды қорғауды болжайды. Оған жататын құндылықтар: халықаралық ынтымақтастық, мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау [71].

Жоғарыда келтірілген әлеуметтік және саяси бірегейліктердің элементтері бірігіп, ұлттық бірегейліктің негізін құрайды. Бір жағынан алып қарағанда, көлденең және тік орналасқан элементтер жіптен өрілген мата іспеттес. Ал әр елде әлеуметтік пен саяси бірегейліктердің өзіндік ерекшелігі бар болғандықтан, олар матаның бетіне басылған ою-өрнегі сияқты ерекше ұлттық кодты құрайды.

Кесте 3 - Ұлттық бірегейліктің элементтері

Ин	Ұ	Мем	Ха
Аумақтық			
Див	Жы	Ле	Лық
Табиғи			
Идгу	М	Кет	а
Рухани			
ал	ды	т	ра
Агенттік			
дық	к	ік	лық

Жалпы алғанда бірегейлік саясаты этностық және азаматтық бірегейліктердің өзара арақатынасына қарай үш нормативтік-теориялық модельдер негізінде қалыптасады: дәстүрлі, модернистік және постмодернистік. Дәстүрлі бірегейлік моделіне этнонационализм тән болса, модернистік модель – азаматтық национализмді негізге алады. Ал постмодернизге ең алдымен мультикультурализм жатады.

Этнонационализм дегеніміз – мемлекетте бір этностың үстемдік құруы дегенді білдіреді. Этникалық көшбасшылардың топтастыру әрекеттері халық ішінен қолдау тапса, этнонационализм жаппай барлығын бірдей қамтитын қозғалысқа айналады. Қазіргі кезде этнонационализм термині ұлт шеңберінде құралатын этникалық элементтердің арасындағы шекараның жойылмайтынын және өздерінің ұлттық ерекшеліктерін сақтап, оған қоса оны еркін көрсете алу мүмкіндігі ретінде қарастырылады.

Азаматтық национализм – этнонационализмге қарама-қарсы ұғым, национализмнің инклюзивті түрі. Ол бірінші кезекте азаматтық ұлттың құндылықтарына негізделеді. Атап айтқанда саяси бостандық, төзімділік, теңдік және адам құқықтарының дәстүрлі либералды құндылықтарын ұстанады. Ұлттық мемлекеттің қалыптасуы саяси, әлеуметтік, мәдени факторлардың көмегімен жалпы азаматтық бірегейлік негізінде жүзеге асады. Азаматтық национализмнің маңызды құрамдас бөлігі қауымдастықта ұлттың өзіндік ерекшелігін қалыптастыру болып табылады.

Мультикультурализм - бұл қоғамда мәдени плюрализмді дамытатын саясат. Мультикультурализм концепциясы бойынша адамдардың этникалық, нәсілдік және діни ерекшеліктеріне қарамастан құқықтарын құрметтеу қажет деп есептеледі. Көп мәдениетті қоғамда барлық азаматтар өз мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін, этникалық және діни құндылықтарын дамытуда тең құқылы. Мұндай қоғамда этникалық мектептер ашылып, этникалық тілде газет-журналдар шығады.

Көріп отырғанымыздай ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда мәдениеттің де атқаратын рөлі жоғары. Ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда «Мен кімін, біз кіміз, бізді не біріктіреді, біз үшін не маңызды?» – деген сұрақтарға жауап іздеу мәдениет салаға терең енуді қажет етеді. Себебі, азаматтық қоғам құруда мәдениет адамдарды біріктіруші фактор ретінде қолданылуы мүмкін. Мәдени өнімдер рухани құндылықтарды анықтайды, тарихи оқиғаларды көрсетеді және қоғамда мәдени қарым-қатынасқа қажетті алаң жасайды. Мәдени құралдардың көмегімен қауымдастықтар ең алдымен өздерінің шекараларын белгілейді. Оларды басқа да қауымдастықтардан ерекшелеп көрсетеді, сонымен қатар ортақ құндылықтар мен көзқарастарды біріктіретін мәдени қауымдастықты құрайды.

Мәдениетте болып жатқан үрдістер мемлекеттің, дербес шығармашылық ұжымдардың, жеке тұлғалардың және шығармашылық зиялы қауымның әрекетіне байланысты. Мәдени процестің маңызды құрамдас бөлігі – көрермен, белсенді, қабылдаушы, тартылған аудитория. Ол қоршаған ортаның ұйысуына, жаңа институттардың пайда болуына және дамуына әкеледі. Сондықтан бұл үрдіс үнемі қарқынды түрде алға қарай жылжып отыруды талап етеді.

Бұл ой толғаныстан шығатын тұжырым ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда этномәдени және азаматтық бірегейліктің арақатынасына қатысты сұраққа ғылымда нақты жауаптын жоқтығын білдіреді. Осы туралы Роджерс Брубейкер де этномәдени мен азаматтық бірегейліктің арасындағы айырмашылық ғылымда күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Бірақ олар бірін-бірі жоққа шығармайды деген көзқарасын жасырмайды [34].

Ал Қазақстанда ұлттық бірегейлікті қалыптастыру үшін этникалық және азаматтық бірегейлік арақатынасы позитивті өзара әрекеттесу емес, керісінше, көп жағдайда қарама-қайшы, бәсекелестік түрінде қарастырылады. Оның дәлелі ретінде қоғамда Қазақстан тарихының кейбір тұстарына қатысты өрбіген пікірталастар бола алады. КСРО ыдырағаннан кейін Еуразия аумағында бұрынғы одақтас республикалар жаңадан пайда болған өз алдына ұлттық мемлекеттерін құра бастады. Осы кезде посткеңестік елдің әрқайсысы ұлттық бірегейлікті анықтау мәселесімен тікелей бетпе-бет келгені рас. Ал Қазақстандағы жағдай басқа посткеңестік елдермен салыстырғанда мүлдем басқаша. Өйткені ел территориясында коммунистік саясат нәтижесінде көшіп келген көптеген басқа этнос өкілдері мен олардың ұрпақтары тұрады. Олардың жалпы халық санында үлес салмағының басым болуы себепті Қазақстан халқы полиэтникалық сипатқа ие болды.

Кеңестік кезеңде бәріне ортақ құдіретті коммунистік идея болды. Кеңес одағы ыдырағаннан кейін бірнеше ұрпақ қасиет тұтып сенім танытқан коммунистік идея келмеске кетті. Ал тәуелсіз Қазақстанда жаңа идеялар мен идеологемалар туындай бастады. Осы орайда ұлттық идеяны қалыптастыруда қазақстандық қоғамда қоғамдық пікір екіге бөлініп жарылды.

Қазақстан қоғамының бір бөлігі Қазақстанда қазақтардан құралған бір ғана ұлт бар, ал республикада тұратын басқа халықтардың барлығы диаспоралар деп есептейді. Демек, Қазақстанның ұлттық идеясы - қазақтардың ұлттық идеясы. Олай болса ұлттық идея қазақтың ұлт болып қайта жаңғыруына негіз болуы керек.

Алайда, басқа бір топ қазақстандық ғалымдардың көзқарасы бойынша көпұлтты мемлекетте ұлттық идея тек бір ғана халықтың идеясы бола алмайды. Қазақстанда ұлттық идея өз мәні бойынша еліміздің барлық азаматтарын ұлтына қарамастан, оларды азаматтық ұстанымдарға негізделген және біртұтас халыққа біріктіруге бағытталған ұлттық идеяға айналуы керек. Бұл көзқарас қазіргі этносаясат ғылымында азаматтық ұлтты құру деп аталады [72].

Осы тақырып аясында әлемдік тәжірибеге көз жүгірту мәселені дұрыс шешуге жағдай жасайды. Қазіргі уақытта іс жүзінде әлемнің көптеген мемлекеттері көпұлтты, себебі әлемде орын алып отырған миграция, жаһандану әсерінен басқа этникалық топтар саны көбейіп келеді. Сондықтан кез келген мемлекеттің үкіметі алдында халықты жалпыға ортақ ұлттық бірегейлікке негізделген біртұтас ұлтты құру міндеті тұр. Көптеген мемлекеттерде осы күнге дейін ең үлкен этникалық топ немесе титулды этнос, кішігірім этникалық топтар арасында әртүрлі қарама-қайшылықтар сақталып отыр. Сондықтан олардың алдында азаматтық және этномәдени түсінік арасындағы қайшылықты қалай шешуге болады деген сұрақ туындап отырады.

Көптеген мемлекеттердің тәжірибесі көрсеткендей, бұл қайшылықты шешуде «немесе - немесе» емес, «және - және» қағидасын қолдану керек. Сондықтан, Қазақстан жағдайында да ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда ұлттың азаматтық және этномәдени ұғымдарының екеуін де қолдану керек. Оны жүзеге асыруда азаматтық қоғам жақсы дамыған болуы керек. Алайда Қазақстанда азаматтық қоғам толық қалыптасып үлгерген жоқ. Азаматтық қоғамды қалыптастыру бүгінгі күні үкімет тарапынан қолға алынып, қазақ этносы ұлт құраушы ядро және азаматтық құндылықтар негізінде жалпыға ортақ ұлттық бірегейлік қалыптастырып отыр. Осылайша, мемлекет Қазақстандағы ұлттың азаматтық және этномәдени концепциялары арасындағы қарама-қайшылықты «және – және» қағидасы негізінде де шешуге тырысуда.

Ұлттық мемлекеттердегі ұлттық және мемлекеттік құрылыстың қалыптасу үрдісі кезінде этникааралық қарым-қатынастар ерекше мәнге ие. Әсіресе, егер сол мемлекеттің ішіндегі қоғам біркелкі емес, керісінше әр текті болса этникалық қарым-қатынасты және тұрақтылықты сақтау аса маңызды

болып табылады. Көпэтносты қоғамның мәдени және әлеуметтік ерекшелігіне назар аудара отырып, этникаралық қарым-қатынастың тиімді моделін құрастыру мен оны қоғамға енгізу мемлекеттің ұлттық саясатының басты міндеті болып табылады.

Енді «этникалық» (этничность) терминінің мән-мағынасына терең үнілу біздің зерттеу пәнінің нысаны болып табылады. Жалпы «этникалық» терминінің пайда болу тарихы сонау 1960 жылдары бастау алады. Бұл кезең әлемде постколониалды үрдістің қарқынды дамуымен сипатталады. Яғни, халықаралық қатынастар аренасында жаңа мемлекеттердің пайда болуы, бұрын отаршылдықта болған елдердің өзінің тәуелсіздігін нығайтумен қатар, этникалық дәстүрлері мен тілдерін қалпына келтірумен терең байналысты. Осы тұста әлемнің түкпір-түкпірінде азшылықты құрайтын этникалық топтардың да өздерінің құқықтары үшін күресі күшейген кез болатын. Сонымен қатар әлеуметтік және саяси өзгерістер, әлеуметтік қақтығыстар, нәсілдік қатынастар, ұлт бірегейлігі, ассимиляция және тағы да басқа осы сияқты мәселелер алға шықты.

Осы тақырып төңірегінде жүргізілген және жазылған ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына сараптама жасайтын болсақ «этникалық» терминін жаңа қырынан тануға мүмкін туындайды. Этникалық ұғымының мән-мазмұнын жан-жақты ұғынуда олардың әрқайсынына жеке-жеке тоқталып кеткенді жөн көрдік. Ең алдымен «этникалық» терминін этникалық топ ретінде қарастыруды бөліп көрсету керек. Осы орайда канадалық зерттеуші В.Исайив ортақ мәдениеті мен бірлігі бар, ортақ шығу тегі бар бір топ адамдарды «ethnicity» деп атап көрсетті [73]. Яғни, оны ағылшын тілінен орыс тіліне «этничность» деп аударып қолданып жүр. Ал біз оны қазақшаға осыған дейін жазылған ғылыми әдебиеттердегі кеңінен қолданылған баламаны негізге ала отырып «этникалық» деп қолдануды жөн көрдік.

Кейбір ғалымдар «этникалықты» этникалық бірегейлік деп түсіндірген болатын. Мысалғы, американдық зерттеуші Джек Дэвид Эллер «этникалықты» нормалар, нанымдар, құндылықтар, қауымдастық сезімі, эмоционалды байланыс сияқты психологиялық құрылымдармен анықтайды [74]. Басқаша айтқанда «этникалық» термині әлеуметтік азшылықты құрайтын топтың құрамына тиесілі болу ретінде әдебиеттерде өте сирек қарастырылғанымен кейбір авторлардың еңбектерінде әдетте кездестіруімізге болады. Атап айтқанда Х.Штейн мен Р.Хилл еңбектерінде азшылықты құрайтын топтарды «этникалық» (ethnic) деп сипаттады [75].

Ғылымда «этникалықты» әлеуметтік шекара деп анықтаудың түрін американдық әлеуметтанушы С.Олзак енгізді. Ол этникалық дегеніміз – халықтың әртүрлі топтарға тиесілі екенін көрсететін шекара деп түсіндірді. Оның тұжырымына сәйкес белгілі бір этностық топтың мүшесі болу үшін арнайы белгілер болу керек:

- ортақ тегінің болуы;
- ортақ мәдениет, тіл, дін және дәстүрлердің болуы немесе ортақ тарих;
- ұлттық және діни шығу тегінің бір болуы [76].

Кеңестік этнология ғылымы саласында «этникалық» терминіне П.И. Кушнер бір халықтың өмірін екінші халықтың өмірінен ажырататын ерекшеліктерге байланысты болады деп түсіндірді [77]. Халықтарды ажырату үшін этнограф тілге, сонымен қатар тұрғын үй формасына, киімге, дәстүрлі тамақтарына және материалдық мәдениеттің басқа да элементтеріне назар аударуды ұсынды. Автор бұл мақсатта әлеуметтік құрылым мен рухани мәдениет құбылыстарының айырмашылығын қолдану әлдеқайда қиын деп есептеді.

Жоғарыда айтылған түрлі тұжырымдамаларды сараптай келе ғылымда этникалық терминіне қатысты нақты анықтама жоқ екеніне көз жеткіземіз. Оны біз бір топ ғалымдардың «этникалықты» этнос терминімен байланыстырып, оның баламасы ретінде қарастырағанын көрдік. Ал енді бір топ ғалымдар «этникалық» бұл этностың ерекшелігі деп өз бетінше түсіндіруге тырысады. Енді осы екі терминнің анықтамаларын жеке-жеке өз бетімізше талдап, оған өз тарапымыздан баға беруге тырысып көрейік. Сонымен біздің ойымызша «этникалық» – мәдени ерекшелігі бар белгілі бір топтарды атауда ғылымда кең қолданатын категория деп түйіндейміз. Яғни, «этникалық» этнос түсінігінің баламасы ретінде қарастыратын болсақ, онда әрбір этникалық топ өзінің ерекше гомогенді, функционалды және статикалық сипаттамаларына ие болатыны сөзсіз.

Қазіргі кезде «этникалық» тұжырымдамасына талдау жасағанда ғалымдар тек оның мәдени ерекшеліктеріне ғана көп көңіл бөлінетіндігі күмән келтіреді. Оның орнына қазіргі қоғамдарда мобильді және көпмәдениеттілікке бет бұрып, іс жүзінде мәдени изоляциядан шығуға назар аудару қажет деп есептейміз. «Этникалық» терминін анықтауда ғалымдар арасында бірауыздан келісілген анықтаманың жоқтығы сондықтан. Демек «этникалықты» этнос деп анықтағанда оларға тән ортақ сипаттамаларды көруге болады. Олар:

- топ мүшелерінің ортақ территориялық тарихи шығу тегі, ортақ тілі, материалдық және рухани мәдениеттің ортақ белгілерінің болуы;
- топты біріктіретін Отан мен мемлекеттілік сияқты арнайы саяси институттарының болуы;
- ерекшелік сезімі, яғни, топ мүшелерінің оған тиесілі екендігін сезінуі және осыған негізделген ынтымақтастық пен бірлескен іс-қимылдың болуы.

Макс Вебер этникалық қауымдастыққа «мүшелері сыртқы келбеті мен әдет-ғұрыптарының ұқсастығына байланысты немесе отарлау мен көші-қон сияқты тарихы ортақ жалпы естеліктері бар топ» деп анықтама берген. Этникалықты түсінуде міндетті түрде олардың әлеуметтік немесе мәдени шекаралары жөнінде сөз қозғалады. Норвегиялық зерттеуші Фредерик Барт «этникалықты» мәдени ерекшеліктері бар әлеуметтік ұйымдастыру формасы деп анықтап, оның мәдени шекараларының маңыздылығын ерекше атап өткен. Себебі, оның пікірінше этникалық шекара арқылы оның шекара сызығы емес, сол шекара ішіндегі топтың ерекшелігі мен бірлігін сипаттайды деген қорытындыға келеді [78]. Этникалық бірегейлікті белгілі бір мәдени ерекшеліктері бар жиынтық ретінде емес, көбінде әлеуметтік ұйымдастыру

ретінде қарастыру қажет. Оның сипаттамасын тарихи, экономикалық және саяси жағдайлардың нәтижесі болатындығына күмән жоқ.

Осылайша, этникалық топтың объективті және субъективті өлшемдері болатындығын көрдік. Соның ішінде туыстық немесе қандық, рулық сияқты объективті критерийлерден басқа да маңызды түрлері бар. Әлеуметтік өзара әрекеттесу, сыртқы келбетіндегі ұқсастық, географиялық шығу тегі, экономикалық мамандануы, діні, тілі, тіпті киім немесе тамақ сияқты ерекшеліктері де есепке алынады.

«Этникалықты» этностық қауымдастықтың сипатын, қасиеттерін және оның басқа қауымдастықтардан ерекше ететін айырмашылықтарын білдіреді деген пікір де кең тараған. Еуропалық ғалымдар арасында бұл термин бастапқы кезде «этностық топқа тән мәдени белгілердің жиынтығы» деп қарастырған. Біз осы диссертациялық жұмысымызда «этникалықтың» анықтамасы деп осыны негізге алдық. Қазақ этносының ерекше қасиеттері мен мәдени белгілерінің жиынтығы Қазақстан бірегейлігін құруда қалайша әсер етеді? Осы сұраққа жауап беру үшін ең алдымен қазақ этносының ең басты ерекше қасиеттерін талдаудан бастасaq. Қоғамда осы күнге дейін «Қазақ болу қанның тазалығынан басталады» деген сөз кең таралған. Яғни, бұдан біз қазақ үшін шыққан тегі әлі де маңызды екенін көреміз.

Жалпы национализм теориясында ұлт сөзінің шығуына байланысты көптеген тұжырымдамалар (концепциялар) бар. Соның бірі ұлттың пайда болуын этностардан шығарады, яғни ортақ мәдениеті, этнопсихологиясы мен өзіндік этностық санасы бар этникалық қауымдастықтардың тарихи дамуы барысында өзара бірігуі мен топтасуы нәтижесінде ұлт қалыптасады деген көзқарас кездеседі. Сонымен оқырмандардың ойында ұлт пен этностың айырмашылығы қандай деген заңды сұрақ туындайды. Бұл сұраққа жауап беруде көп жағдайда ғалымдар ұлттың өз алдына жеке мемлекетінің болуымен, ал этностарды керісінше бір мемлекеттің ішінде басқа этнос өкілдерімен бірігіп өмір сүруімен, өздерінің жеке мемлекеті болмайтындығы арқылы ерекшелеп көрсетуге тырысады. Алайда шынтуайтына келгенде национализм теориясында ұлт пен этнос туралы ғалымдардың ойлары бір жерден шыға бермейді.

Ұлт және этнос ұғымдары көп жағдайда аралас және көп жағдайда күрделі қарама-қайшылықтарға толы болып келеді. Ұлт пен этнос ұғымдары арасындағы нақты екіге айырып көрсететіндей шекараның болмауы сияқты этностық және ұлттық бірегейліктің аражігін ажыратып көрсететін нақты анықтаманың жоқтығын айтпасақ болмайды. Этностық және ұлттық бірегейлік өздерінің негізінде мәдени бірегейлікті иеленеді, бірақ бұл түсініктер мағыналық тұрғыда өзара теңестірілмеген, өйткені әртүрлі негіздерге сүйенеді. Этностық бірегейлік – сананың психологиялық деңгейі, ал ұлттық бірегейлік – бұл жоғарғы деңгейде сананың идеологиялық, рухани, рационалды деңгейі. Этностық бірегейлік адамның өзін белгілі бір этносқа жатқызуынан көрінеді, соның арқасында ол бір жағынан, өзіндік ерекшелігін қанағаттандырса, екінші жағынан, өзінің қауымына жататындығын қорғауды

камтамасыз етеді. Этностық бірегейлік индивидтің өзіндік санасының айрықша тұрақты құрамдас бір бөлігі болып табылады. Көптеген зерттеушілер «этникалық», «этностық бірегейлік» пен «этностық өзіндік сана» туралы түсініктерін мағыналық тұрғыда бір-біріне етене жақын қарастырады.

Кез келген ұлттың негізінде этнос жатады деген көзқарасты ағылшын этносоциологі Энтони Дуглас Смит айтқан болатын. Оның дамытқан теориясы «Этносимволизм» деген атқа ие болды. Оның бағытын әрі қарай дамытқан Джон Армстронг, Джон Хатчинсон және тағы басқалары.

Э.Д. Смиттің этносимволизм теориясы бойынша национализм өз күшін этникалық мұра мен мифтерінен, естеліктерінен, дәстүрлері мен нышандарынан алады [79].

Көп жағдайда этностық бірегейліктің басты шарты ретінде олардың шығу тегіне қатысты мифтер міндетті түрде аталады. Мифтердің негізінде этностық байланыстар мен көңіл-күй, жер бетінде мекен еткен ортасы мен өмірлік тағдыры туралы астарлы мән-мағына жатыр. Ортақ шығу тегі бойынша мифтер этностардың неге бір қауымдастыққа бірігіп өмір сүретіндігі туралы және неге олар бір-біріне ұқсас болатындығы туралы мол мағлұмат береді. Сонымен қатар тарихта сол қауымның бір жерге келіп қоныс тебуі мен олардың барлығы бір атадан тарағандығы себепті біз бәріміз бірге болуымыз керек және әрқайсымыздың қайғымыз бен қуанышымызға ортақ болуға тиістіміз деген үндеуді насихаттайды.

Осыған сәйкес әлемдегі түрлі этностар басқалардан өзгешелену үшін олардың атауы, мәдени қауымдастықтың ортақ шығу тегі жөнінде аңыздар, ортақ тарихи сана мен тарихи жады, ұжымдық сананы қалыптастыру үшін ортақ мифтер мен символдар, ортақ тарихи естеліктер мен ортақ тарихи тұлғалары, ортақ мекендейтін территориясы болады. Егер де бір мүшесі өзге ортада жүрген болса, отанымен мәдени байланысты, әсіресе, олардың арасында туысқандық байланысты үзбей сақтауға тырысады. Нәтижесінде, тарихтың әлеуметтік ғылыми пән ретінде қалыптасуы барысында ұлттық сананы ояту мақсатындағы соңғы уақытта тарихтың қайта жазылуы қоғамдық санада біртіндеп ұлттық мифтердің танымал болуына алып келді.

Мифтердің мәні сол қауымның ежелден бері өмір сүріп келе жатқандығын білдіреді. Сонымен қатар оны қазіргі қоғамға түсінікті тілмен және барынша зорайтып әсірелеу арқылы жеткізуге тырысады. Гарвард университетінің Украина тарихы бойынша профессоры Сергей Плохийдың айтуы бойынша ұлттық мифтердің көпшілігі ұзақ уақыт бойы ұмытылған тарихи құжаттарды қолдан жасау арқылы, әдебиет пен тарихи шығармаларды, аңыздар әңгімелер мен ертегілерді негізге ала отырып, қайтадан көпшілік назарына ұсынады. Мұндай тарихтың қайтадан жаналық болып ашылуын авторлардың өзі шын мәнінде, қалыптаспаған қазіргі ұлттардың құрылысына қолданылатын қызметін жоққа шығармайды. Тіпті мұндай мифологиялық еңбектер мазмұны жағынан ұлттық мифтер бола тұра, оны элиатның көмегімен сол қауым мүшелеріне жеткізу және оны барынша сеніммен қабылдауы нәтижесінде өзара бірегейленуіне ерекше әсер етеді [80].

Этностық қауымдастық қоршаған ортада сырттан келетін әр түрлі ықпалдарды ашық түрде қабылдауы мүмкін немесе оларға мүлдем жабық ықылас танытуы да ғажап емес, алайда, қандай жағдай болмасын олар өздерінің ұжымдық сезіміне берік және оған нақты түрде сенімді болады. Қауымның әрбір мүшесі үшін олардың бірлесіп өмір сүретін тобы табиғи және рухани әлемнің негізі болып табылады. Этностық топтың басқа халықтарға және олардың әдет-ғұрпына үстемдікпен қарауы, сол арқылы мәдени түрде ерекшеленуі мен топтық айырмашылық сезімінің оянуы этноцентризмді көрсетеді.

Осындай кең таралған айрықша топтық сана сезім бір жағынан шығу тегі туралы мифтер, тарихи естеліктер, мәдениет және туған жер ата-бабадан мұраға берілген дұрыс құнды дүниелер саналды. Екінші бір жағынан, көп жағдайда мифтерге, естеліктерге, мәдениеттер мен туған жер туралы аңыздарға шындық жетіспегендіктен уақытша құбылыс тұрғысынан қаралды. Алланың шапағаты біздің жерді және біздің қоғамды мәңгі өз нұрына бөлейді, ал басқа этностар қара түнекте өмір сүреді және жабайы тілде сөйлейді деген түсінік болды. Оған мысал тарихта толып жатыр, гректер басқа халықтарды «варварлар» деп санаса, египеттіктер азиялықтарға үстемдікпен қарады, Дар аль-Ислам араб мұсылман сенімі кез келген басқа өркениеттен жоғары тұрды.

Осы сияқты жаппай таралған этностық дүниетанымның артында генеалогиялық тарихи негізге арқа сүйеген этноцентризм тұжырымдамасы тұр. Әрбір этнос өздерінің қауымдық мұрасына, атап айтқанда олардың мифтері, естеліктері, құндылықтары мен символдарына сөзсіз берілгендігін көрсетеді. Бұл дегеніміз этностық бірегейлік топтың мүшелерін біріктіретін элементтерге тәуелді екендігін білдіреді. Сондықтан этностар бір үлкен айрықша отбасын құрайды, олардың әрбір мүшесі бір-бірімен тығыз ынтымақтасқаны соншалық, олар өздерінің мәдени мұрасына отбасылық дүние ретінде адал қарайды. Этностың өмір сүру түрі мен мәдениеті олардың ата-бабаларынан келе жатқандықтан әрбір отбасы оны көзінің қарашығындай сақтап келесі ұрпаққа жеткізу борышы саналды. Сондықтан өмір сүру түрі мен мәдениеттің жалпыға ортақ элементтері, атап айтқанда мифтер, естеліктер, құндылықтар мен символдарды әрбір отбасы мүшесі өздерінің мұрасы ретінде сөзсіз қабылдады.

Мәдениеттің барлық элементтері – мифтер, символдар және естеліктер заңдарда және әдет-ғұрыптарда, дінде, өнерде, музыкада, билерде, сәулет өнерінде, отбасы ғұрыптарында кодталған немесе қарапайым тілмен айтқанда осылардың негізінде жатыр. Бұл дүниелер отбасы мүшелерін ата-бабадан келе жатқан қауымға біріктіруге көмектеседі, сол арқылы әрбір ұрпақ өкілін өзінің ата-бабасына сыйынып және оған құрметпен қарауға шақырады.

Сырттан қарағанда ұжымдық өмірдің символдары – киім, этикет, тамақ, өнер, музыка, салт-жоралар, тіл және т.б. шын мәнінде этнос мүшелерін басқалардан бөлектеп көрсетуге қызмет етеді. Сол арқылы кез келген уақытта және қай жерде болмасын қауымның «мәдени шекарасын» сыртқы ортадан қорғайды. Алайда, бұл символдардың ішкі мәнін түсіну өте маңызды болып

табылады. Өйткені, символдар әрдайым ортақ мұра мен тағдыр туралы қауым мүшелерінің есіне салып отырады. Сонымен қатар символдар біздің қайдан шыққанымызды және ертеректе өмір сүрген ата-бабаларымызды есімізге салып және оны ұмытпауымызды қамтамасыз етеді. Бұл үрдіс ұрпақтар алмасқан сайын үздіксіз қайталанып отырады. Олар (символдар) бізді ортақ отбасы мұраларымызға және ортақ тағдырымызға қайта оралтып отырады. Осылайша, этностық символика әрбір отбасынан құралатын қауымның ұжымдық тәжірибесін көрсетеді.

Егер бәріне ортақ естеліктер негізінде құралған тарихи қауымдастық болмаса этнос та болмашы еді. Ортақ тарихи сезім ұрпақтарды бір этнос төңірегіне біріктіреді. Сондай-ақ олардың бірлесіп өмір сүруі барысында жинақталған құнды рухани дүниелері, атап айтқанда әдет-ғұрып, салт-дәстүр, түсініктер сияқты және т.б. мұралар баладан балаға қалып отырады. Оған қоса, сол қауымның тарихи элементтері уақыт талабымен қауым мүшелерінің келісімі арқылы ұдайы толықтырылып отырады. Онсыз сол қауымның тарихы бір-біріне үйлеспейтін әрі бір-бірін жоққа шығаратын ертегілерге айналушы еді. Осы сияқты қауымдастық дәстүрі тарихи жазбалардың жазылуының ажырамас бөлігі болып табылады, мәселен, Пайғамбар хадистері Құранды толықтыру үшін қолданылды немесе Иаковтың он екі ұлынан тараған тайпалардың дәстүрі израильдықтардың шығу тегі туралы нақты жазбалар ретінде қарауға болады.

Шығу тегі туралы мифтер мен естеліктерден басқа этностар өздерінің мәдениеттерінің бір немесе бірнеше элементтері бойынша да басқалардан өзгешеленеді және өзара бірігеді. Бұл туралы профессор Бенджамин Акзин «ұқсастық-айырмашылық» деп атайды, яғни этностар мәдени ерекшеліктері бойынша олар бір-бірлеріне ұқсайды немесе олар сол арқылы басқалардан өзгешеленеді. Ең көп таралған жалпыға ортақ ерекшеліктер – тіл және дін; әдет-ғұрып, институттар, заңдар, фольклор, архитектура, киім үлгісі, ұлттық тамақ, музыка және өнер, тіпті терісінің түсі, дене бітімі және т.б [81].

Мына бір қызық жайға назар айдарсақ, Америка құрама шттатарында өмір сүретін қара нәсілді тұрғындарды біріктіретін факторлар тілі мен діні емес, керісінше тарихта көрген зорлық-зомбылықтары мен азаптары туралы естеліктер болып табылады екен. Америкалық қара нәсілділер қаншама ғасырлар Америка жерінде өмір сүріп келеді, осы аралықта олар өздерінің африкалық түп тамыры мен мәдени ерекшеліктерін жоғалтып америкалық бірегейлікті қабылдады. Дегенмен де олар өздерін жергілікті америкалықтардан ерекшелеу үшін контр мәдениет қалыптастырды (джаз, түрлі культтар және т.б.).

Шотландықтардың тілі біріктіруші рөлін баяғыда жоғалтқан. Олардың этностық бірегейлігі басқару институттары, шотландық білім беру жүйесіне негізделеді. Кейбір жағдайда жалпыға ортақ мәдениеттің бір бөлігін тілмен қатар дін де құрап жатады. Ұзақ уақыт бойы этностық бірегейліктің негізін тек тіл құрайды деген түсініктің күшін жоятын әлемде орын алып отырған жоғарыда айтылғандай көптеген мысалдарды келтіруге болады. Дегенмен

оған қарамастан кейбір ғалымдар этностық бірегейліктің ядросы ретінде тілді қарастыруды жалғастыруда. Бұл шын мәнінде этностық қауымдастықтың бұрынғы және қазіргі өрескел қате түсінігіне алып келеді.

Бұдан шығатын қорытынды кез келген этностық топтың мәдени ерекшелігі тек оның тілінен ғана байқалмайды, дін сияқты тағы басқа да көптеген мәдениет элементтері де өз кезегінде біріктіруші рөл атқарады. Жоғарыда келтірілген мысалдар кейбір этностық топтардың тілі жойылып кеткенмен де, олар өздерін басқалардан мәдени тұрғыда ерекшеленуін басқа элементтерді қолдану арқылы жалғастыра беретінін көрсетеді. Сондықтан этностық бірегейлікті сақтауда және оны қалыптастыруда бар салмақ сол қауымдастықтың тіліне ғана түсіп тұрған жоқ. Оған қарамастан тағы да басқа мәдени ерекшеліктер мен элементтер жұмыс жасауы қажет.

Жоғарыда атап кеткендей ұлттық бірегейлік адам бірегейлігінің сипаттамасының бір бөлшегі. Адам өзін бір топқа жатқызу үшін белгілі бір критерийлердің негізінде жүзеге асырады. Мысалы, адам өзін белгілі бір ұлтқа жатқызу үшін дәстүр, тіл, діл ұқсастығы сияқты маңызды факторларды есепке алады. Соның ішінде ең бастысы ұлттық тіл болып табылады, сол арқылы қауым мүшелерінің жалпыға бірдей дүниетанымы, өмір салты мен құндылықтары қалыптасады. Адам тумысынан ата-анасы пайдаланатын тілді қабылдау арқылы сол ұлттың мәдениетін бойына сіңіреді. Тіл мен мәдениет арасындағы байланыс көп ғасырлар бойы қалыптасып, олардың бір-бірімен тығыз ықпалдасуының кезеңдерін көптеген ғалымдар зерттеп жан-жақты дәлелдеген.

Алайда тілдің ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда маңыздылығы қаншалықты деген сұраққа сарапшылардың пікірі тағы да бір жерден шықпайды. Мысалы, Еуропаның өзінде бірнеше ұлттық мемлекеттердегі осы мәселені салыстыратын болсақ, қоғамда мемлекеттік тілдің мәртебесі және оған деген адамдардың көзқарастары әртүрлі екенін байқауға болады. Осы тұрасында әлемдік тіл саясатын зерттеуші, ағылшын сарапшысы Ли Оукс өзінің «Тіл және ұлттық бірегейлік» атты еңбегінде Франция мен Швецияның тіл саясатын салыстыра отырып қарастырады.

Ли Оукс аталмыш еңбегінде Франция мен Швецияның тілге қатысты жағдайын үш деңгейде салыстырады. Бірінші деңгей – мемлекет ішіндегі тілдің рөлі. Екінші деңгей – Еуропалық Одақ шеңберіндегі рөлі. Ал үшінші деңгей – халықаралық алаң. Осыған сәйкес Франция француз тілін өте жоғары бағалайды және оны Еуропалық Одақта болсын, халықаралық деңгейде болсын мәртебесін көтеруге белсенді әрекет жасайды. Ал Швеция болса швед тілін елден тыс жерлерде тұрмақ, елдің өз ішінде тілге қатысты саясаты өте жұмсақ деген баға береді [82]. Бұдан шығатын қорытынды Франция ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың басты белгісі ретінде француз тілін дәріптесе, керісінше, Швеция оған көп көңіл бөле бермейді. Осыдан біз еуропаның өзінің ішінде ұлттық бірегейлікке қатысты мемлекеттік этносаясаттың деңгейі әр түрлі екенін байқаймыз.

Біздің осы ойымызды француз тарихшысы Ж.Мишленің мына сөзі: «Франция тарихы француз тілінен басталады» шындыққа жақындата түседі. Автор – тіл ұлттың негізгі белгісі деп есептейді. Оған дәлел ретінде алғашқы француз тіліне арналған ескерткіш ретінде 842 жылғы Страсбург антын келтіреді [83]. Шын мәнінде 1833 жылы шыққан Ж.Мишленің «Франция келбеті» (Tableau de la France) атты еңбегі «ұлттық мифті» қалыптастыруда және елді біріктіруге үлкен үлес қосты.

Ал француз философы Э.Ренанның көзқарасы Ж.Мишледен мүлдем өзгеше екенін көруге болады. Ол сол кезде танымал болған ұлтты қалыптастыратын негізгі белгілердің көбісін жоққа шығарады. Оның көзқарасы бойынша «тіл тек бірігуге шақырады, бірақ ешкімді мәжбүрлей алмайды» [84]. Бұдан түйетін ой – ұлттың негізгі белгілері ретінде оның нәсілі, тілі, діні және географиясы сияқты факторларды алуға болмайды. Келесі тағы бір еуропалық ұлт саналатын немістердің этникалық белгісі примордиалистік бағытпен түсіндіріледі. Немістерде қаны бойынша бірегейлігін құру қағидасы ұстанса, ал бұл тұжырым басқа мемлекеттерге оны пайдалануға келмейді. Оның себебі Франция халқының өзі бірнеше этностық топтардан құралады, алайда француз ұлтына бірігу нәтижесінде қазіргі күні олардың бургундиялық, аналек немесе вестгот шығу тектері ұмытылып барады. Барлығы өздерін француз ұлтымыз деп есептейді.

Француз үкіметі француз тілінің жан-жақты әлемдік тіл ретінде дамуына бар жағдайды жасайды. Тіпті бұрын Францияның отары болған елдерді француз тілі негізінде біріктіру үшін арнайы Франкофония халықаралық ұйымын құрған болатын. Бұл ұйым 1970 жылдардан өзінің жұмысын бастап, жалпы алғанда әлемнің 88 мемлекеті, оның ішінде 54 ұйымға мүше мемлекеттерде француз тілінің сақталып, дамуына жағдай жасай бастады [85]. Себебі, француз тілінің дамуына жағдай жасалынбаса, оның қолданыс аясы тарылып кетуі әбден ықтимал. Расында ауызекі немесе диалект болып саналатын санаулы топ сөйлейтін тілдердің бірте-бірте айналым шеңбері тарылып, әлемде бәсекеге қабілеттілігі төмендеу нәтижесінде қолданыстан ығыстырылады.

Ал енді осы Франциядағы тіл саясатына қарама-қарсы Швейцариядағы жағдайды мысалға алып салыстырып көрсек. Швейцарияда ресми түрде төрт тіл бар: неміс, француз, италян және ретроромандық тілдер. Онымен бірге Швейцарияда ресми тілдерден басқа өте көп диалектілер бар. Олардың қолданыс аясы кішігірім болғанына қарамастан, әлі күнге дейін сақталып отыр. Швейцарияның әр азаматы үшін осы төрт тілдің бәрін білу міндетті емес. Көбінесе әр азаматы ел ішінде ресми 1-2 тілді ғана білу жеткілікті саналады.

Еуропаның басқа бір мемлекеті Швецияда да жағдай сондай. Швецияда тіл саясатының алғаш жүргізіле бастауы ХХ ғасырдың екінші жартысындағы елдің әлеуметтік-саяси, экономикалық дамуымен тығыз байланысты болды. Сол кезде билік басына келген отырған социал-демократиялық жұмысшы партиясы өз алдына ең маңызды екі мақсат қойды. Біріншіден, ішкі саясатта

«әлеуметтік мемлекет» құру. Екіншіден, сыртқы саясатта еуропалық қауымдастықтың дәстүрлі нейтралды мүшесі ретінде танылу. Тіл саясаты және идеологиямен айналысатын швед профессоры Т.Миланидің көзқарасы бойынша швед ұлттық бірегейлігі 1970-жылдары интернационализм, нейтралитет, әлеуметтік теңдік қағидасы негізінде қалыптасты. Сондықтан швед тілі ұлттық бірегейлікті құруда маңызды рөл атқарудан тыс қалды. Оның орнына ағылшын тілінің мәртебесі бірден көтерілді [86].

Бастапқыда Швеция моноұлтты ел болған. Бірақ та XX ғасырда елге сырттан иммигранттар ағылып келе бастады. Қазірдің өзінде Швеция халқының 15%-ын иммигранттар құрайды. Келімсектер қатарында көбіне Шығыс Еуропа, Азия, Африка елдерінен босқындар мен жұмыс күштері бар. Олардың барлығын бір қоғамға интеграциялау үшін арнайы мектептерде швед тілі тегін үйретіледі. Сонымен қатар, азшылықтардың өз ана тілі мен дәстүрін ұмытпау үшін барлық мүмкіндік жасалынады.

1995 жылы Швеция Аймақтық тілдер жөніндегі Еуропалық хартияға қол қойып ратификациялады. Франция бұл құжатқа қол қойса да, конституцияға қайшы келеді деп ратификацияламады. Сондықтан Францияда бұл құжат күшіне енген жоқ. Ал Швецияда бұл құжат көптеген диалектілерді сақтауға мүмкіндік берді. Себебі, Хартия бойынша, тілдің қолданыс аясы 2-10% болса, онда ол тіл аймақтық тіл мәртебесіне ие болады. Мысалы, Швецияда ресми түрде этникалық азшылық құрайтын топтың жеті тілі бар: саамдық, фин, меянкиели, романи және идиш. Бірақ көп тілдердің сақтап қалуға бағытталған саясат пен ағылшын тілінің қарқынды дамуына қарамастан, швед тілі негізгі, көп таралған тілдер қатарына жатады. Мектепте, жоғары оқу орындарында швед тілінде оқытылады. Мұғалімдерге швед тілін білу міндеттеледі. Бизнес, сауда – барлығы швед тілінде жүргізіледі. Мемлекеттен швед тілінің дамуына арналған бағдарламалар жасалынады. Швед тілін үйренуге барлық жағдайдар ойластырылған. Бірақ оған қоса, ағылшын тілінің және басқа да ресми тілдердің қолданылуына шек қойылмайды.

Бұл елде швед тілін реттеу мәселесімен айналысатын арнайы ресми орган не ұйым жоқ. Швед тілінің дамуына жауапты Швед тілінің кеңесі жартылай ресми болып есептеледі. Бұл Кеңес Швеция үкіметі тарапынан қаржыландырылғанымен негізгі қызметі шектеулі. Оған қарағанда Франциядағы тілге қатысты Француз академиясының мәртебесі мен қызметі әлдеқайда жоғары.

2000 жылдан бері қарай Швецияда ағылшын тілінің рөлі жоғарылай бастады. Кейбір мектептер мен жоғары оқу орындары толығымен ағылшын тілінде білім беретін болды. Медиа саласында да тек ағылшын тілінде бағдарламалар саны көбейді. Мигранттардың санының көбеюіне байланысты интернационалды тіл ретінде ағылшын тілінің қолданыс аясы кеңейе түсті. Осы тұрғыда швед тілінің жанашырлары тілдің рөлінің төмендеуіне алаңдаушылықтарын білдіре бастады. Сөйтіп бұл елде «Тілді қорғау» қоғамдық қозғалысы пайда болды. Оның көшбасшысы швед тілінің мұғалімі А.П. Линдблом болып табылады. Олар швед тілінің қоғамда рөлінің әлсіреуіне

байланысты ұлттық бірегейлікке төнетін қауіптің жоғары екенін үнемі алға тартып, үкіметтен нақты іс-шараларды қабылдауды талап ете бастады. Нәтижесінде 2009 жылы он жылдық дайындықтың жемісі ретінде алғаш рет «Швед тіліне қатысты заң» қабылданды. Бұл тіл заңында швед тілінің ресми тіл екені танылып, заң жүзінде қолданыс аясы реттелді. Расында швед тілі Швецияда негізгі ресми тіл саналады. Мемлекеттік органдардың барлығы швед тілінде жұмыс істейді. Кез келген швед азаматы швед тілін үйрене алады. «Тіл туралы заң» осы барлық жағдайды ресми қағаз жүзінде бекітті.

Оған қарамастан қазіргі кезде швед тіліне ағылшын тілі қауіпті деп есептейтін азаматтардың саны күннен күнге артып келеді. Яғни, осыған қатысты қоғамда адамдардың ұстанымы екі топқа бөлінген. Бірінші топ швед тілінің табиғатының қатаң сақталуын талап етсе, екінші бір топ интернационалды тіл ретінде ағылшын тілінің мәртебесін көтеруді жөн санайды. Ағылшын тілінің халық арасында таралуын жаһанданудың бір белгісі деп түсінуге шақырады.

Ақиқатында ағылшын тілінің әлемде кең таралуын жаһандану үрдісімен тығыз байланыстыруға болады. Жаһандану үрдісі әлем елдері ғана емес, біздің елдің ішкі жағдайына да үлкен өзгерістер енгізіп жатыр. Бұл өзгерістердің белгілерін барлық саладан көруімізге болады. Жаһандану үрдісі мемлекеттер арасындағы және мәдениеттер арасындағы шекараны жоюға күш салуда. Алдымен жаһандану мемлекеттің экономикалық саласына әсерін тигізеді. Содан кейін оның ықпалы саяси, әлеуметтік және мәдени салаға біртіндеп өте бастауы заңды құбылыс.

Сондықтан көптеген кішігірім елдерде өзінің ұлттық құндылықтарын қорғаштап сақтау мәселесі өзекті тақырыпқа айналып отыр. Ұсақ немесе дамушы елдердің ұлттық саясаты халықтың этномәдени ерекшеліктерін, тілін, дәстүрлерін сақтауға бағытталған. Бір жағынан, адамдарда өзінің ұлттық тілін жоғалту арқылы өз мәдениетімізден айрылып қалуымыз мүмкін деген қауіп басым. Екінші жағынан, протекционизм мен изоляционизм саясаты мемлекеттің деградациясына алып келеді. Оның басты себебі жаһандану үрдісі табиғи үрдіс, одан қалыс қалған мемлекет әлемдік дамудан да қалады. Тек жаһандануға икемделе білген мемлекеттер ғана осы үрдістен өзіне тиімді жақтарын ала алады.

Бұдан біздің байқағанымыз кез келген мемлекетте тіл мәселесі өзекті болып есептелінеді. Өйткені тіл ұлттық және этникалық дифференциацияда маңызды роль атқарады. Тіл мәселесі қоғамның бөлінуіне немесе саяси ойындардың мықты құралы ретінде қолданылуы мүмкін. Сондықтан ұлттық бірегейлікті құруда тілдің атқаратын рөлін ешкім жоққа шығара алмайды.

Бірақ сарапшылар арасында бұл мәселе жөнінде тағы да ортақ пікір табу өте қиын. Бір топ ғалымдар ұлттық бірегейліктің негізі тіл деп есептесе, екінші бір бөлігі оған аса мән бере бермейді. Нақтырақ айтқанда, ғалымдардың бір бөлігі тілді этносты құраушы негізгі факторы деп есептесе, қалған бір бөлігі оны этногенездің тікелей нәтижесі деп қабылдайды [87].

XX ғасырдың басында көптеген ғалымдардың еңбектерінде тіл этникалық идентификацияның басты элементі деп қарастырылды. Мысалы, атақты неміс филологы Вильгельм Гумбольд ұлттың рухы тілде деп есептеген. Тілдің табиғаты, мәні, құрылымы, тіл мен мәдениет тақырыбы саласында зерттеу жүргізген ғалым «ұлттың өзіне тән, іштей дамидын рухы бар. Сол рухтың ерекшелігін сыртқа шығарып, сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа беруші күш – тіл» деп айтқан болатын [88]. Оның осы ойын әрі қарай атақты неміс ағартушысы И.Г.Гердер жалғастырып, ғылымға «ұлттық рух» түсінігін енгізді. Ол «Ұлттық рухтың» негізінде тіл жатады деп есептеген болатын. Оның көзқарасы бойынша «тіл – адамдардың өзінің бірегейлігін, басқалардан ерекшелігін, ата-бабадан қалған мұрасын сақтаудың және келесі ұрпаққа жеткізудің ең сенімді құралы» [89]. Неміс философы Э.Кассирер және И.Л. Вайсгербер атты ғалымдардың пікірі де бір жерден шығады, олар да этностың маңызды символдарының бірі – тіл деп көрсетті.

Америкалық ғалымдар арасында осы бағытта жұмыс жасаған ғалымдар Б.Л.Уорф, Ф.Боас, Э.Сепир. Тілі білімі саласына Б.Л. Уорф өзінің «лингвистикалық салыстырмалық қағидасы» түсінігін енгізген болатын. Сонымен қатар, осы ойды Э.Сепир одан әрі қарай зерттеп дамыта түсті. Бұл зерттеу бағыты бойынша, ғалымдар тілдің адам дүниетанымына және әлемді қабылдау мүмкіндігіне ықпалы өте зор екенін түсіндіруге тырысты. Басқаша айтқанда бір тілде сөйлейтін халықтың дүниетанымы да бір-біріне өте ұқсас болып келеді. Ал бұл қасиет ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда өте маңызды фактор екенін естен шығармауымыз керек.

Ресейде осы тақырып төңірегінде жүргізілген зерттеулерде К.С.Аксаков, А.А.Потебни, А.С. Хомяков және тағы басқалардың еңбектері өте құнды деп есептелінеді. Олардың ұстанымын бір сөзбен топшылайтын болсақ, тіл этностың негізгі құраушы элементі, тілсіз этнос та жоғалады, сондықтан да әрбір этнос өз тілін сақтап қалуға тырысады деп есептеген.

Отандық зерттеушілердің ішінде тіл мәселесін Ә.Н.Нысанбаев, Р.Қ.Қадыржанов, А.Д.Маймакова, М.Ш.Мусатаева және тағы басқалар өз еңбектерінде жан-жақты қарастырған болатын.

Р.Қ. Қадыржановтың «Этномәдени символизм және Қазақстанның ұлттық бірегейлігі» атты еңбегінде тіл этномәдени символизмнің негізі деп алады: «адам өзінің бірегейлігін бір ұлтпен байланыстырғанда, ол оның құндылықтары мен символдарын толық қабылдайды» деген тұжырымға келеді [90]. Ал осындай этномәдени символдардың бірі де бірегейі де тіл болып табылады. Тек тіл ғана әртүрлі этностар мен ұлттар арасын бір-бірінен көрінбейтін мәдени шекарамен бөледі.

Енді екінші бір топ ғалымдардың көзқарастарын біртіндеп саралауға көшетін болсақ. Бұл ғалымдардың көзқарасы бойынша, тіл адамның ойлау қабілетіне, құндылықтары мен дүниетанымына тигізетін ықпалы мардымсыз. Сондықтан оның ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда ешқандай маңызы жоқ деп есептейді. Осы пікірді ұстанатын ғалымдарды атап өтетін болсақ М.М. Гухман, Л.С. Ермолаева, С.Линкер, Н.Хомский, П.В. Чесноков және тағы

басқаларды айтуымызға болады. Ғалымдар өз ұстанымдарын төмендегідей мысалдармен дәлелдеуге барынша күш салады. Олардың ойы бойынша бір ұлтта бірнеше тіл қолданылуы мүмкін немесе бірнеше ұлт бір тілде сөйлеуі мүмкін. Мысал ретінде Бельгияда неміс, француз, нидерланд тілдері ресми қолданылады. Тағы бір мысал ретінде испан тілі Латын Америкада орналасқан 20-дан аса мемлекеттің ресми тілі болып саналса, ал ағылшын тілінде Ұлыбританиядан басқа АҚШ, Канада және Африканың 19 мемлекеті сөйлейді.

Тілге қатысты осындай екі тәсілге сараптама жасай отырып, адамның бірегейлігін қалыптастыруда тілдің рөліне келетін болсақ, әр жағдайда әр қалай болатынына көз жеткіземіз. Тіл мен ұлт және этнос арасындағы ара қатынас қатып қалған ереже немесе кездейсоқ жағдай емес, оған тарихи оқиғалар мен этногенездегі үрдістер әсер ететінін байқауға болады.

Осыған ұқсас жағдайды посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттерден байқауға болады. Кеңестік Одақ ыдырағаннан кейін тәуелсіздік алған бұрынғы одақтас республика саналатын мемлекеттерде идеология мен ұлттық бірегейлікті анықтауда дағдарыс туындады. Көптеген Балтық елдеріндегі мемлекеттер ұлтты жандандыру мен өз тілдерінің мәртебесін қалпына келтіруде қатаң саясат жүргізе бастады.

Қоғамда үлкен өзгерістер пайда болып, әлеуметтік тұрақсыздық орын алып жатқанда ұлттық бірегейлік дағдарысы да қатар жүруі өтпелі қоғамдарға тән қасиет. Осындай үрдістер орын алған жағдайда мемлекет ішінде түрлі этносаралық қақтығыстарға алып келуі ықтимал. Бұл теорияның тәжірибеде іске асуы КСРО ыдыраған кезде жиі көрініс берді. Этникалық құрылымы күрделі КСРО сияқты үлкен алып территорияда одақтың ыдырауы жаңа этносаралық қақтығыстарды оятып қана қоймай, жаңа дау-дамайлардың пайда болуына алып келді. Оны біз кеңестік одақтың құрамына кірген Әзірбайжан мен Армения арасында 90 жылдары орын алған Қарабақ соғысынан көруімізге болады. Осы сияқты этносаралық қарым-қатынас негізінде пайда болған қанды қақтығыстарды посткеңестік кеңістіктен жиі көруге болады.

Өткен ғасырдың соңында миллиондаған КСРО азаматтары кеңестік бірегейлігінен айрылды. Оның орнына пайда болған жаңа мемлекеттер өздерінің этносаясатын жандандырып қалыптастыра бастады. Осындай әлеуметтік күйзеліс заманында этникалық топтар өзінің этникалық бірегейлігін нығайту тенденциясы басталды. Ал бұл үрдіс әртүрлі этникалық және территориялық қақтығыстарға алып келді. Осындай жағдай Ресей Федерациясында да орын алды. Сондықтан көпұлтты елде жаңа жалпыға ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда билік көптеген қиыншылықтарға тап болады. Осындай көпэтносты қоғамдарда тілдің рөлі қаншалықты маңызды? – деген сұрақ туындауы заңдылық. Әрине, тіл көпұлтты елде біріктіруші ортақ фактор ретінде маңызды рөл атқарады. Әр елдің өзінің белгілі бір ортақ мемлекеттік тілі бар. Яғни, тіл мемлекеттіліктің негізгі компоненттерінің бірі деп есептелінеді. Ғалымдар тілдің ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда алатын рөлі жөнінде толық бір келісімге келе алмай отыр. Осыған орай Бізде

мынандай сұрақ туындайды: Тіл халықты бір ұлттық бірегейлікке біріктіре ала ма, әлде біріккен халық ортақ тіл қабылдайды ма?

Әйгілі саясаттанушы Б. Андерсонның көзқарасы бойынша, ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың негізі ұлттық тілде жатыр [91]. Бірақ бұл ақиқат Батыс Еуропада XVI ғасырда пайда болған ұлттық мемлекеттерге тиесілі. Расында да Батыс Еуропада национализм ең алғаш саяси идеология ретінде тарады. Ұлттық тілдердің қалыптаса бастауы ұлттық мемлекеттердің саяси территориялық ұйым ретінде құрылуынан басталды. Осы тұрғыда танымал ағылшын тарихшысы Э. Хобсбаумның пікірі бойынша, ұлттық тіл – саяси құрылым [92]. Расында да көптеген посткеңестік мемлекеттерде тіл мәселесі мемлекеттік деңгейде ғана шешімін тапты. Бірақ бұл мәселе әр елде әртүрлі жолмен өрбіді.

Кеңес үкіметі тұсында заңмен одақтас республикаларда өздерінің этникалық тілін дамытуға шек қоймады. Бірақ 1930 жылдаран кейін кеңес бірегейлігін қалыптастыруға ерекше көңіл бөле бастады. Осы кезден бастап орыс тілі ұлтаралық тіл ретінде бекітілді. Кеңес мәдениетін таратуда және кеңестік адамдардың санасына сіңіруде орыс тілі негізгі құрал ретінде пайдаланылды. Сондықтан Ресей Федерациясында өмір сүретін түрлі ұсақ халықтар үшін орыс тілінің мәртебесі Кеңес үкіметі құлағаннан кейін де күшін жоғалтпады. Дегенмен федерация құрамына кірген автономияларда өздерінің этностық тілін сақтап қалуына барлық алғышарттар болды. Бірақ та тоқырау жылдары тілге қатысты ешқандай мәселелер қозғалмады.

Қазақстанда бұл жағдай мүлдем басқаша болды. Қазақ тілі түркі тілдес елдердің қыпшақ тобының ішінде қыпшақ-ноғай тармағына кіреді. Қазақ тілінде көнеден қалған жазба деректер сақталмағандықтан, бізге келіп жеткен деректер ауызша түрде сақталған. Қазақ тілі жазба әдебиеттің дамуы тек XIX ғасырда Абай Құнанбаев пен Ыбырай Алтынсарин атты ғұламалармен тікелей байланысты. Жазба әдебиетінде 1930 жылға дейін қазақ тілі араб графикасын қолданды.

Жалпы Ресей империясының қол астына кірген елдерді орыстандыру саясаты орыс тілінде мектеп ашудан басталды. Мұсылман елдерінде мектептер ашуда біраз қиындықтар туындады. Сондықтан үкімет заңды қайта қарастырып, 1880 жылы мұсылман халықтарына жаңа әдіспен мектептерді ашып, оларда алдымен өз ана тілінде оқытып, кейіннен орыс тілін және сол орыс тілінде бірнеше пән енгізуді міндет етті. Қырымнан шыққан саясаткер, ағартушы Ысмайыл Ғаспарұлы осындай саясаттың бастаушысы болды. Бірақ бұл мектептерге алғашқыда балалар өте аз барған. Мысал ретінде, 1912 жылдың мәліметтеріне сүйенетін болсақ Сырдария облысында балалардың 150 110-ның 3033 ғана орыс мектеріне барған [93]. Сөйтіп, XIX ғасырдың соңына қарай қазақ жерлерінде екі тілді мектептер ашылды. Бірақ жоғары оқу орындарында тек орыс тілінде ғана сабақ жүргізіле бастады. Сол кездері басылымнан шыққан газеттер де екі тілде шығарылды. Оған қоса жақсы жұмысқа тұру үшін де орыс тілін білу міндетті саналды.

1905 жылғы төңкерістен кейін тілдік және ұлттық шектеулер алынып тасталды. Жаңадан құрылған партиялар осыған қатысты өздерінің жаңаша бағдарламаларын ұсына бастады. Монорхистер ортақ мемлекеттік тіл – орыс тілі болуын, ортақ заң мен бірыңғай мемлекеттік мектептердің болуын ұсынды. Октябристер ұлтына, дініне қарамай барлық азаматтардың теңдігі дұрыс деген ұстанымда болды. Ал Кадеттер болса әр этностың ерекшелігін сақтай отырып, ұлттық мәдени бірлестіктердің құрылуына қолдау танытты. Негізгі топ саналатын большевиктер тіл мәселесінде мәжбүрлеу болмау қажет деп нақты көзқарас білдірді. Сондықтан большевиктер билік басына келгенде әртүрлі этникалық топтар өз тілдерін дамытуға тырысты [94]. Оған 1910 жылы басылымға шыққан кітаптардың 20-дан аса тілде жазылғаны дәлел бола алады.

1922 жылға қарай кеңестік елдерде ұлттық саясаттың негіздері қалана бастады. Кеңес Одағы құрамын кірген әрбір мемлекет өз мәртебесін өзі шешетін дәрежеге жетті. Тілге қатысты саясат та бастапқы кезде қатал болмады. Кеңестік автономиясын жариялаған мемлекеттер өздерінің этностық тілімен қатар орыс тілін бірдей қолдану мәртебесіне ие болды. Атап айту керек сол кездері орыс тілін – ұлтаралық қатынас тілі ретінде мәртебеге бірден ие бола қоймады.

1923 жылдың 22 қарашасында Қазақстанда «Іс-қағаздарды қырғыз тілінде жүргізу» жөнінде заң қабылданды. Осы жаңа заң негізінде қазақ тілді ауылдарда, елді мекендерде іс-қағаздар қазақ тілінде, ал аралас этникалық топтар тұратын жерлерде орыс мен қазақ тілі қатар қолданыла бастады. Осы кезден бастап қазақ және орыс тілдерінің теңдігі (паритеті) пайда болды да, екі тілдің теңдігі Қазақ Автономиясының Конституциясында заңды түрде бекітілді. Халыққа қызмет көрсететін мемлекеттік органдарда қазақ тілді мамандарды көбейту саясаты жүргізілді. Қазақ тілді мамандарды қысқа мерзімдік курстарда оқытып дайындады. Мысалы, 1927 жылы 7 курс ұйымдастырылып, жалпы саны 395 адамды құрайтын қазақ тілді мамандар дайындалып шықты. Ал білікті мамандарға арналып қазақ тілін үйрету курстары да ашылды. Онда 1464 адам оқып дайындықтан өтті. Нәтижесінде қазақ тілді мамандар саны басында 5%-ды ғана құраса, 1929 жылдың соңына қарай олардың саны 45% көбейді. Қазақ тілінде кітаптар мен оқулықтарды шығаруда мемлекеттен қаражат бөлініп отырды. Жалпы алғанда 1935 жылы қазақ мектептеріне арнап 20 оқулықтың түрі шығарылды [95]. 1932-1933 жылдары КСРО-ң ұлттық саясатында өзгеріс болды, сондықтан қазақ тіліне деген көзқарасы біршама өзгерді.

Бірақ бір жағынан қазақ тілін дамытуда Кеңес үкіметі барлық жағдайларды жасап жатса, екінші жағынан қазақ тілінде үлкен өзгерістер орын алып жатты. Бұл ең алдымен қазақ тілінің латын гарфикасына көшумен тығыз байланысты болды. Қазақ жерінде халықтың сауатын ашу үшін қазақ тілінің графикасын жеңілдету мәселесімен танымал ғалым А.Байтұрсынов айналысқан еді. Ол ұсынған араб гарфикасындағы реформасы ерекше сәтті нұсқа болды. Тіпті Байтұрсынов жасған араб графикасына негізделген төте

жазу бүгінгі күнге дейін Қытай қазақтары қолданып келеді. Өкінішке орай 1937 жылы қуғын-сүргін уақытысында ҚазССР Конституциясында қазақ тілінің мәртебесі мүлдем көрсетілмеді. 1938 жылдан бастап мектептерде орыс тілін міндетті түрде оқыту жөнінде заң қабылданды. Басында орыс тілін оқыту екінші сыныптан басталса, кейіннен бірінші сыныптың екінші жарты жылдығында басталды. Оған қоса, орыс тілі әдебиеті де орыс тілінде жүргізілді. Ал 1979 жылдан бастап мектепке дейінгі балабақшаларда да орыс тілін оқыту міндетті деп саналды. Қазақ тілінде кириллицаға толығымен өту 1940-жылдары іске асты. Кириллица әліпбиін негізге ала отырып, оған қазақ тіліндегі ерекше дыбыстарды білдіретін әріптерді қосты. Ал қазақ тілінде мүлдем қолданылмайтын орыс тілінің ь, ъ, ё, ц, ч, щ, э, ю, я әріптері қалды.

Қазақ жерлерінде орыстандыру саясаты қарқынды жүрде бастады. 1930 жылдары индустриализация мен урбанизация үрдісі кезінде орыстар қазақ жерлеріне жаппай қоныстана бастады. Сөйтіп орыс тілінің кеңінен таралуына жол ашылды. Кейбір өңірлерде аралас тілді мектептер ашыла бастады. 1955 жылдан бастап жаңа қабылданған қаулы бойынша орыс тілді мектептерде қазақ тілін оқыту міндетінен босатылды. Ал 1958 жылы «Мектеп пен өмір арасындағы байланысты нығайту» заңы қабылданды. Бұл заң бойынша баланың ата-анасы ұнаған мектепте білім алуға рұқсат берілді. Орта мектептер кез келген автономияның ұлттық тілінде болса да, жоғары білімді тек орыс тілінде алуға болатын еді. Сондықтан болашағын ойлаған ата-аналар өз балаларын орыс тілді мектептерге беруге тырысты. Сол себепті кейбір ұлттық тілдегі мектептер толығымен жабылды. Статистика мәліметтеріне сүйенетін болсақ, 1960 жылдары Кеңес Одағы бойынша 47 тілде ұлттық мектептер болса, 10 жылдан өте келе олардың саны 30-ға дейін азайды [96].

1959-60 жылдары жалпы алғанда ҚазССР-де 3123 қазақ мектептерінде 192 274 балалар оқыса, 4199 орыс мектептерінде 826 103 оқушы болды [97]. Қазақ мектептері көбінде ауылдық елді мекендерде кездесті. Сонымен қатар жыл сайын қазақ мектептерінің саны азайып, орыс және аралас мектептердің саны өсті. ҚазССР-де орыстандыру саясатының әсерінен халықтың ұлттық құрамы өзгеріп, қазақтардың санының күрт азайды:

- 1930-жылдардағы ашаршылық кезінде қазақ халқының санының азаюы;
- Славян республикаларынан шаруалардың қазақ жерлеріне көшуі;
- ҚазССР индустриализация саясаты кезінде басқа республикалардан адамдардың көшіп келуі;
- 1937 мен 1949 жылдары аралығындағы әртүрлі этникалық топтардың депортациямен көшіп келуі;
- Сталиннің репрессиясына ұшыраған адамдардың қазақ жерлеріне келуі;
- 1954 жылдан бастап тың жерлерді игру кезінде ҚазССР-не басқа республикалардан адамдардың көшіп келуі.

1989 жылдың 22 қыркүйегінде ҚазССР-де «Тіл туралы» заң қабылданды. Бұл заң бойынша мемлекеттік тіл деген ұғым енгізіліп, қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесі берілді. Орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі ретінде бекітілді.

1.3. Қазақ этникалығының тарихи дамуындағы батыстық және шығыстық векторлар

Бір жағынан алып қарасақ бірегейлікті жалпы алғанда тарихи үрдіс ретінде қарастыруға болады. Ол белгілі бір мемлекетте бірден пайда болмайды, себебі, оны қалыптастыруда сол халықтың тарихи мол мұрасының маңызы зор [98]. Әрбір этнос өзінің қалыптасу тарихында өзінің өмір сүру стиліне байланысты қолданыстағы салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарымен ерекшеленеді. Бұл этномәдени ерекшелік қауымға топтасқан әрбір адамның ойында оларды бір-бірінен «жақын» немесе «бөтен», «біз» және «олар» деп бөлуге итермелейді. Оның айқын мысалы ретінде тарихта көшпенді және отырықшы халықтар арасындағы қалыптасқан мәдениеттің түрлі деңгейі мен құндылықтардың әртүрлілігі көп жағдайда өзара түсініспеушіліктерге алып келгендігі дәлел.

Мәдени бірегейлік ерекше дәстүрлерден тұратын адамдар тобынан құрылған мәдени әлем. Баршамызға мәлім болғандай бірегейліктің әртүрлі модификациялары бар: этникалық, азаматтық, ұлттық, діни және т.б. Ал мәдени бірегейліктің басқалардан ерекшелігі ол осы барлық бірегейлікті өзінің бойына біріктіреді. Осыған орай әрбір этностың өзіне ғана тән ерекше мәдениеті болады. Оның ерекшелігі тарихи үрдістердің ықпалынан және өмір сүру салтынан қалыптасады. Әрбір ұлттық мәдениет тәуелсіз әрі тең дәрежеде басқа ұлттық мәдениеттермен өзара байланысқа түсе алады.

Жаһандану үрдісі жағдайында әрбір ұлт немесе этнос өзінің ерекшелігін сақтап қалуға жанталаса тырысады. Ең қызығы жаһандану үрдісі бір жағынан мәдени бірегейлікке қауіп төндірсе, екінші жағынан, өзара олардың арасында әрекеттестікті нығайта түседі. Осы орайда Қазақстанның даму тарихын, оның этникалық шығу негіздерін, рухани құндылықтарын, қазақ мәдениетінің мұрасын ескере отырып терең сараптау арқылы жете түсіне аламыз. Сондықтан «Қазақ мәдениетінің бастау көздері қандай?» – деген сауалнаманың туындауы ғажап емес. Қазақ мәдениеті тарих беттеріне көз жүгіртер болсақ ең алдымен көшпенділер мәдениетінен бастау алатынына көз жеткіземіз. Көшпенді өмір-салты қазақ мәдениетіне үлкен із қалдырып, халық мәдениетінің өзіне ғана тән ерекшеліктерін қалыптастыра алды. Сонымен қатар қазақ мәдениетіне әсер еткен көптеген сыртқы факторлар да жоқ емес. Яғни, қазақ мәдениетіне басқа да көршілес елдердің мәдениеттерінің ықпалы зор болған. Көбінде сырттан келген дәстүрлер көшпенділер қоғамында біршама өзгеріске ұшырап, көшпенді өмір салтына уақыт өте келе сіңісіп кеткен. Қазақ көшпенді мәдениетінің құдіретін көршілес алып Қытай, Ресей сияқты елдердің мәдени экспансиясына, араб пен моңғол шапқыншылығы ықпалына, исламизацияға қарсы төтеп бере алғандығынан көре аламыз.

Ұлттық өзін-өзі тануы – бұл халықтың өзінің әлеуметтік-этникалық мәнінің адамзат тарихында қандай нақты рөл атқарғандығын немесе атқара алатындығын, олардың адамзат өркениетіне қосқан үлесі қандай екенін түсінумен байланысты. Қысқаша айтқанда әрбір ұлт өзінің адамзат

тарихындағы атқарған рөлін түсіну қажет. Мәселен, көп ғасырлар бойы көшпенділерде мәдениет болған жоқ, олар өркениеттер қатарына жатпайтын жабайы «варварлар» деп кемсітушілікке ұшырап келген болатын. XVIII ғасырдың ғұламалары саналатын Руссо, Дидро, Монтескье, Кондорсе қоғамда мәдениеттің дамуына қарай үлкен үш топқа бөлген: жабайы (варварлар), көшпенділер және дамыған ауыл шаруашылығымен айналысатын өркениеттер. Ал швед ғалымы Свен Нильсон болса адамзат тарихында дамудың төрт кезеңін нақты белгілеп берді: жабайы, номадизм, ауыл шаруашылығымен айналысатындар және дамыған өркениетті елдер [99].

Ш.Монтескье мал шаруашылығымен айналысатын халықты варварлар деп есептеді, бірақ олардың жақсы жақтарын да айтып кеткен болатын. Атап айтқанда бұл еркіндік немесе бостандық көшпенділердің ең басты құндылығы деп атап көрсетті. Сонымен қатар бұл қоғамда құлдықтың жоқтығы мен адамдардың теңдігі ерекше жетістік ретінде атады [100]. Ф.М. Вольтер болса, көшпенділерді жабайы, қанішер, надан деп суреттеген болатын. Көшпенділерде ғылымдар дамымаған, оларда геометрия, астрономия сөзі мүлдем жоқ деп айтқан болатын [101].

Кеңестік ғалымдар көшпенділердің мәдениеті тұйық, сондықтан дамуға бағытталмаған деп есептеді. Бір жағынан бұл ойдың астарында айтарлықтай мән жатыр. Көшпенділер ауыр табиғи жағдайында өзін және малын аман сақтап қалу үшін көбінде ата-бабадан қалған көп жылдық білімі мен тәжірибесіне сүйенді. Яғни, көшпенді үшін жаңа білім іздеу маңызды емес, ең алдымен бұрыннан қалыптасқан ата-баба дәстүрін, тұжырымдарды көздің қарашағындай сақтап болашақ ұрпаққа жеткізу басты мақсат болды. Бұл жөнінде неміс ғалымы И.Г. Гердер география мен климаттың әсерінен кейбір халықтардың дамуы баяу жүреді деп айтқан болатын [102]. Бұл түсінік географиялық детерминизмге негізделген деп айтуға болады. Ол адамзат климаттың қолындағы икемді саз ретінде сипаттаған болатын. Яғни, адамдардың өмір сүру салты мен даму эволюциясы халықтың тұрған жеріне, климатына тікелей байланысты. Бірақ қандай даму эволюция сатысында болмасын, әрбір халықтың өзіне тән мәдениеті болады. Себебі, И.Г. Гердердің көзқарасы бойынша мәдениеті жоқ халық болмайды. Ол мүмкін емес. Сондықтан көшпенділердің де өзіне ғана тән ерекше мәдениеті бар. Оның Еуропа өркениеттерінің дамуына сай келмейді деп немесе әлемде қалыптасқан стандартқа сай емес деп шеттетуге болмайды деп есептеген болатын.

В.В. Радлов осы турасында былай деп пайдымдайды: «Көшпенділердің әлеуметтік құрылымы мен көзқарастары, құндылықтары мен заңдары мүлдем басқа. Көшпенділер мекен еткен дала тек осындай көшпенді мал шаруашылығымен айналысуға ғана жарайды» [103]. Автордың айтпақ ойы сырттан енгізілген алдыңғы қатарлы елдердің дәстүрлері көшпенділердің өміріне сәйкес келе бермейді. Ол керісінше прогреске емес, қайта регреске алып келеді деген ойды меңзейді.

Көшпенділердің ерекше мәдениеті жөнінде тағы бір кеңестік ғалым С.П. Швецов өз пікірін білдірген болатын. Ол көптеген ғалымдармен дауласса келе

көшпенділердің мал шаруашылығы қарапайым шаруашылық, мәдениеті мүлдем дамымаған деп қарастыруға болмайды деген көзқарасты алға тартты. Ол әрбір халықтың өзіндік төл мәдениеті бар деген пікірді берік ұстанды [104]. Сонымен қатар С.П.Швецов көшпенділерді жан-жақты терең зерттей келе, оларды отырықшылық өмірге күштеп немесе тез арада көшудің жаман әсері болатындығы жөнінде көп айтып дауласқан болатын.

Көшпенділердің мәдениетінің ерекшелігі туралы қазақстандық тарихшы ғалым К.И.Нуров зерттеумен айналысты. Оның көзқарасы бойынша көшпенділердің мәдениеті дәстүрлі мәдениет түріне жатпайды. Сондықтан оны шығыс, не аграрлы, не дәстүрлі және т.б. сияқты сипаттамаларға жатқызбай, еуразиялық ерекше мәдениет деп қарастыру қажет деп есептейді [105].

Осындай пікірді қазақстандық ғалым М.С. Шайкемелев ұстанады. Қазақтың көшпенді қоғамы тарихи концепцияларға сай келмейді, сондықтан оны өзіндік ерекшелігі бар мәдениет деп қарастыру қажет деген шешімге келеді [106]. Бұдан шығатын қорытынды көшпенді мәдениет негізі қоғамның әлеуметтік байланыстары, нақтырақ айтқанда рулық қатынастардың пайда болуынан шығады. Себебі рулық қатынастар өн бойында көшпенді халықтың ойлау қабілеті мен мәдениеті жатыр. Рулық қатынастар – бұл қандық туыстық байланыстардың шекарасын белгілеу ғана емес, сондай-ақ, рулық қатынастар негізінде адамның қоғамдағы мәртебесі, орны, байланысы мен жүріс-тұрыс тәртібі жатыр.

Әртүрлі тарихи жағдайларға байланысты көшпенділер басқа мәдениеттердің ықпалын сезінбей қоймады. Әсіресе, көшпенділер ислам діні мен орыс мәдениетінің элементтерін қабылдады. Бірақ көшпенділер оны толығымен қабылдады деп айтуға келмейді, олар тек өз өмір салтына сай келетінін ғана икемдеп алды. Қазақ мәдениетінің ерекшелігі әртүрлі мәдениетті өзіне біріктіре алуында жатыр. Оны ғылымда синкретизм тән келетін сипат ретінде бағалайды [107]. Синкретизм терминінің мән-мағынасы әртүрліліктің бір жерде үйлесім табуын білдіреді.

Мысалы, X ғасырда ислам діні Оңтүстік аймақтарда көшпенді қазақтар арасында толығымен тарала бастады. Сөйтіп бірте-бірте Солтүстік аймақтарға да жетті. Бірақ ислам дінін қабылдауда қазақтардың өзіндік ерекшеліктері болды. Бұрыннан келе жатқан зороастризм, Тәңірге сену салттарды сақтай отырып қабылдады. Тіпті бертін келе орыс патшасы жіберген зерттеушілер мен шенеуніктер қазақтар арасында тараған ислам дінінің әлсіздігі мен үстірт сақталатыны жөнінде жазған болатын [108]. Қазіргі кезде қазақтар ұстанатын ислам діні – бұл тұрмыстық немесе халықтық ислам деген көзқарас кеңінен таралған. Ал таза немесе классикалық ислам мұсылман елдерінен алу қажет деп есептелінеді. Осыдан байқайтынымыз, бір жағынан қазақ халқында дінге қатысты синкретизм байқалса, екінші жағынан осы ислам дінінен басқа діндер қазақ даласында берік сақталмағандығын көрсетеді. Оған қоса қазақтардың бірегейлігінде ислам діні оның ажырамас бір бөлігі болып табылады. Яғни қазақ дегенде, біз міндетті түрде оны мұсылман деп қарастырамыз.

Бұл жөнінде XVI ғасырда Мұхаммад Хайдар Дулатидың әйгілі еңбегі «Тарих-и-Рашидиде» айтылған болатын. Ол аталмыш еңбекте қазақтардың Қасым хан билігі кезеңін қамтып, олардың ислам дінін ұстанатыны жөнінде жазған болатын. Бірақ расында қазақтардың Ислам дінді ұстанатыны жөнінде одан да бұрын, нақтырақ айтқанда сонау Керей мен Жәнібек хандар тұсында деп айтылған. Яғни, Қазақ хандығы құрылған кезінде-ақ жаңа құрылған мемлекеттің халқы мұсылман болды. Ислам дінін қазақ хандары билігін нығайтуға және әр түрлі қазақ тайпаларын біртұтас этникалық қауымдастыққа біріктіру үшін қолданды [109].

Жалпы алғанда ислам діні Орталық Азия халықтары арасында сонау X ғасырда кеңінен таралған. Сол кездері Қазақстанның бүкіл аумағын толық қамти алмады. Көптеген ғалымдардың көзқарасы бойынша, ислам діні Қазақстанның тек Оңтүстік аймағында ғана үстемдік етті. Ал Солтүстікте ислам діні Ұлы Екатерина патшайымы билік құрған кезінде келді. Ол көшпенділер арасында ислам дінін тарату үшін XVIII ғасырдың соңында арнайы татар миссионерлерін жіберген. Бірақ америкалық зерттеуші Ч. Веллер бастаған топ ғалымдар ол кезде қазақтар мұсылман болған, патшайым кеңінен және тереңінен ғана тарату үшін татар миссионерлерін жіберген деп есептейді [110]. Жалпы алғанда Қазақстан жеріне ислам діні бірден еніп, жергілікті өңірлерге таралып кеткен жоқ. Бұл үрдіс бірнеше ғасырларға созылып, таралу деңгейі мен ауқымы жағынан әртүрлі болып келді. Басында исламды отырықшы шаруашылықпен айналысатын Қазақстанның Оңтүстік бөлігіндегі ежелгі қалалар қабылдады. Ал көшпенді халыққа ислам діні біртіндеп тұрмысқа икемделіп енді. Оған дейін көшпенділер табиғат күшіне, аруақтарға және Тәңірге сенген болатын [111].

Әртүрлі мәдени дәстүрлердің өзара әрекеттестігі синкретизмді тудырды. Соның ішінде ең көп таралғаны түріктердің ежелгі Тәңірге сенімі мен исламның симбиозы болып табылды. Сонымен қатар, көшпенділер арасында мұсылман дінін таратуда сопылық бағыттың маңызы зор екенін баса айту қажет. Сол кезеңде сопылық бағыт нақты ислам дінінен бөлек өз алдына жеке бағыт ретінде қарастырылмады. Сөйтіп, қарапайым халықтың өмірінде де, саясатта да ислам дінінің әсері зор болды.

Моңғолдардың мәдени ықпалына қарамастан ислам діні өз күшін жоғалтқан жоқ. Қайта көшпелі мәдениеттің ислам дінімен өзара ықпалдастығы, бір-біріне бейімделуі қатар жүрді. Бұдан біз көшпенділер мен оның мәдениетінің икемділік қасиетін байқаймыз. Бұл қасиет көшпенді халықтың табиғат пен қоршаған ортаға жылдам бейімделуінен туындаған қажеттілік еді. Сондықтан сырттан келген мәдениеттердің барлығын дерлік өз тұрмысына жақындатып өзінің салтына бейімдеп алған. Дінтанушы әрі тарихшы А.Қ. Сұлтанғалиеваның көзқарасы бойынша дін толығымен еніп, қазақтардың діни бірегейлігінің негізін құрағанмен, олар ислам сеніміндегі синкретизмнен бас тарта алмады. Шаманизм, анимизм, аруақтарға табыну сияқты дәстүрлер халықтық исламның бір бөлігі ретінде қалыптасты [112].

Ресей империясының құрамына енгеннен кейін қазақтар арасында ислам дініне сенімі әсіреген жоқ. Қайта XIX ғасырдың соңына дейін мемлекет тарапынан қолдау көрсетілді. Атап айтқанда, мемлекет қазынасынан мешіт салуға, молдалардың жалақысын төлеуге қаражат тұрақты түрде бөлініп отырды. Осындай әрекеттің түпкі мәні халық арасында беделі бар молдалар билікке адал болса, көшпенділер арасында саяси-әлеуметтік ахуалды бақылауда ұстау болып табылды.

Алайда XIX ғасырдың соңына таман Ресей империясы қазақ жерінде ислам дініне деген көзқарасты біртіндеп өзгере бастады. Оған басты себеп Осман империясының панисламизм саясатының қазақ даласында беделі артуы еді. Панисламизм дегеніміз – XIX ғасырдың соңында пайда болған жер бетіндегі барша мұсылман қауымы бірігіп, біртұтас бір мұсылман мемлекетін құру туралы концепциясы бар идеология. Панисламизм идеологиясы Патша билігі үшін үлкен қауіп ретінде қарастырыла бастады. Сондықтан ислам дініне шек қойылды. Қазақ даласының мұсылмандарына Меккеге баруға тыйым салынды. Сондай-ақ, Бұқара және Қоқанд хандықтарынан Ресей империясының территориясына кіруге тыйым салынды [113]. Бірақ осындай шектеулерге қарамастан, халық арасында ислам діні сақталып отырды.

Кеңес үкіметі орнаған алғашқы жылдары қазақ даласында мұсылман қауымы қазақтардан, ұйғырлардан, дүнгендерден, өзбектерден және татарлардан құралды. Қазақтардың басым көпшілігі 90% жуығы өздерін мұсылманбыз деп есептеді. 1924 жылы сопылық бағыт қайта жанданып, көптеген жаңа мешіттер мен медреселер салынды [114].

1926 жылы шыққан «КСРО мұсылмандарының дінге қарсы үгіт-насихатына арналған тезистер» атты құжат негізінде мұсылмандарға қарсы күрес басталғанын растайды. Ислам діні пролетариат диктатурасына қарама-қайшы идеология деп танылып, жан-жақты шектеулер енгізілді. Ал 1929 жылы арнайы жарлықпен кез-келген деңгейде ислам дінін оқытуға тыйым салынды. Мұсылман басқармасы, мешіттер мен сол жерде жұмыс істейтін молдалар мемлекеттің бақылауына өтті. Бірақ осындай тыйым салулар мен шектеулерге қарамастан мұсылман қауымы өз сенімін жоғалтпауға тырысты. Қоғамда тығылып намаз оқу сияқты құпия әрекеттер пайда бола бастады.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейінгі кезеңді «ислам дінінің» ресми жандануы деп атауға болады. Ресми түрде дін мемлекеттен бөлінді, сондықтан ислам дініне ешқандай шектеулер қойылмады. Қазақстан мұсылмандарына діни басшылық жасайтын Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасы атты бірлестік құрылды. Діни жоғары оқу орындары ашылып, шетелде діни сала бойынша оқып келу мүмкіндігі пайда болды. Осы тұста мешіттер саны жер-жерлерде күрт өсті. Егер 1990 жылы мешіттер саны 63 болса, жыл сайын саны өсіп, 2019 жылы мешіттер саны 2610 жетті [115]. Сонымен қатар, шекара ашықтығына байланысты «халықтық исламмен» бірге мұсылман елдерінен исламның басқа да ағымдары келді. Жаңа ағымдар мұсылман елдерінен келгендіктен, бұрыннан келе жатқан діни салт-дәстүрлер «таза исламға» жатпайды деп есептеліне бастады. Осындай «жаңа исламның» келуі

қазақтардың өзін екі топқа бөлді. Бір топ ата-бабадан қалған «дәстүрлі исламды» ұстанса, екінші бір топ араб елдерінен келген «таза исламды» ұстана бастады.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін әлемге шекара айқара ашылды. Әртүрлі діни ұйымдар өзінің қаражаты есебінен елде діни орталықтарды ашуға талпыныс жасады. Бірақ мемлекет ондай діни ұйымдардың қаражатынан бас тартты. Осының арқасында елде әртүрлі діни ағымдардың қызметіне тосқауыл қойылды. Бірақ Қазақстанда аз болса да деструктивті ағымдар пайда болды. Әсіресе олар үлкен қалаларда, Қазақстанның Батыс өңірінде шоғырланды. Олар қазақтардың бұрыннан келе жатқан діни салттарын дұрыс емес деп айыптап, «таза ислам» заңдылықтарын дәріптеді.

Қазақстанның Батыс өңірі дәстүрлі исламды бекем ұстанады. Аруақтарға сену, қасиетті аруақтардың моласының қасында түнеу орындарын салу мен қону арқылы тілектерінің орындалуына жалбарыну сияқты дәстүрлер әлі де болса халық арасында сақталып келеді [116]. Ал оны басқалар «таза исламда» құдайға «серік қосу», бұл күнә деп есептейді. Жалпы Қазақстан бойынша кей жерлерде шаманизмнен қалдығы болып табылатын «от» символы да сақталып қалған. Оны біз әсіресе үйге жаңа келін түскенде от жағу, белгілі бір жерді немесе адамды аластаған кезде отпен айналып өту сияқты салттардан байқауға болады. Адамның киім үлгісінде де ешқандай қатал тәртіп сақталмайды. Бірақ осының барлығы «таза ислам» үшін мүлдем жат қылық деп есептелінеді. Сөйтіп Қазақстан қоғамында мұсылмандардың өздері алуан түрлі салттарды ұстанады.

Бүгінгі таңда дін Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің маңызды элементі болып табылады. Халықтың басым бөлігі этникалық қазақтардың демографиялық басымдығына байланысты ислам дінін ұстанады [117]. Дегенмен, діндарлық деңгейі мен дәрежесі әлі де айтарлықтай төмен, өйткені көптеген адамдар қатаң діни рәсімдерді сақтамайды, бұл негізінен кеңестік кезеңдегі атеизмнің ұзақ тарихына байланысты.

Жалпы алғанда қазақстандықтардың бірегейлігінің екі түрі бар. Біріншісі – діни, ал екіншісі – этникалық деп есептелінеді. Ал азаматтық бірегейлік болса декларативті сипатқа ие болып табылады. Осындай қорытынды 2019 жылы ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының «Қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру аясындағы қоғамдық сананы жаңғырту міндеттері» атты жоба шеңберінде жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері көрсетті [118].

Қорыта келе тарихи сараптама жасайтын болсақ, ислам ешқашан қазақ халқының әлеуметтік ұйымдастыру формасы болған емес. Бірақ ислам қазақтың бірегейлігін қалыптастырудың маңызды бір бөлшегі болып табылады. Яғни, рулық, тілдік, этникалық бірегейлікпен қоса ислам да қазақ халқы үшін өзін-өзі тануда маңызды фактор болып табылады. Оның басты себебі Қазақстан жерінде көшпенділер арасында исламизация үрдісінің ерекшелігінде жатыр. Ислам діні көшпенділердің өмір философиясына,

рухына толығымен орнамады. Яғни көшпенділерде басқа мәдениет пен құндылықтарды қабылдауда синкретизм сақталды.

Ал XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында сауда-ақша қатынастары дами бастады. Көшпенділер жаңа шаруашылық түріне үйренуге тура келді. Күнделікті өмір салты өзгере түсті. Еуропалық құндылықтар бірте-бірте көшпенділердің өміріне етене еніп кетті. Атап айтқанда орыс тілі мен мәдениеті келді. Мысалы, танымал қоғам қайраткері М.Шорманов «Павлодар уезіндегі қырғыздар туралы жазбалар» атты еңбегінде көшпенділердің қоғамның сұранысына сай шаруашылықта өзгерістер енгізгені жөнінде жазады. XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың басында көшіп жүруге ыңғайсыз болса да, бірақ нарық талабына сай ірі қара малды ұстау бірте-бірте көбейді. Сонымен қатар, көшпенділер ауыл шаруашылығымен және шөп шабумен айналыса бастады деп өзгерістерді сипаттаған болатын [119]. Сонымен қатар, XIX ғасырдың ортасына қарай қазақ жерлеріне орыстар қоныстағаннан бастап жергілікті халықтың тұрмыс тіршілігінде үлкен өзгерістер болды. Атап айтқанда адамдар малға арнайы қора салу, шөп шабудың қолайлығын түсіне бастады. Ағаштан үй салу да кей жерлерде ақырындап өмір салтына енді [120].

Көші-қон мәселесімен айналысқан экономист А.А.Кауфман Қазақстанда адамдардың шаруашылығында үлкен өзгерістерге әкелген негізгі үш себепті атайды: билік жағынан көрсетілген қысым, көшіп келген орыс фермерлері және жайылымдық жерлердің азаюы [121]. Статист ғалым Ф. Щербина пікірі де осыған дәлме-дәл келеді. Оның қазақ жерлеріне жасалған экспедициялары қазақтардың дәстүрлі шаруашылығының өзгерісі және оған ықпал еткен фактор ретінде биліктің саясаты мен құнарлы жерлердің орыс фермерімен тартып алуымен түсіндірген болатын [122]. Сондықтан көшпенділер отырықшы шаруашылыққа көшуге мәжбүр болды. Мал шаруашылығымен осындай жағдайда айналысу үшін қора салды, қысқа шөп дайындады, егін егумен айналыса бастады.

XIX-XX ғасырда сыртқы факторлардың әсерінен болған өзгерістер тек мал шаруашылығы саласын ғана трансформациялаған жоқ, жалпы қазақ қоғамын түбегейлі өзгертті десек артық айтпаймыз. Тауар, сауда, ақша қатынастарының дамуына темір жол мен дала жәрмеңкелерінің пайда болуы экономикалық салада өзгерістерге, қоғамның эволюциялық дамуына алып келді. Тіпті рулық қатынастарда да өзгерістер байқала бастады. Оған төмендегі танымал зерттеушілердің тұжырымдары дәлел бола алады. Мәселен, А.А. Кауфман зерттеуі бойынша жер және экономика саласында рулық қатынастардың ролінде өзгерістер байқалды деген пікірге келеді [123]. В.А. Тресвятский де сыртқы факторлардың әсерінен қазақтар арасында тек экономикалық қатынастарда, шаруашылықта ғана өзгерістер орын алған емес, сондай-ақ, жаңа пайда болған капиталистік қатынастар қазақтарды жаңа экономикалық кластарға бөліп, рулық қатынастардың өзектілігін азайтқан болатын деп тұжырым жасады [124].

Сөйтіп ғасырлар бойы қалыптасып, сақталып келе жатқан қазақтардың дәстүрлі құрылымы біртіндеп өзгере бастады. Оның өн бойына еуропалық пен капиталистік құндылықтар ене бастады. Бір жағынан, патшаның саясаты негізінде қазақтардан тартып алынған құнарлы жерлер орыс фермерлері мен әскерилерге беріліп, жайылымдық жерлер азайып жатты. Екінші жағынан, тауар-ақша қатынастары, темір жол мен капиталистік құндылықтар қазақтардың дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығына үлкен өзгерістер алып келді. Әсіресе, малдың құрамында ірі қара мал басы көбейе түсті. Жайлау, қыстауға көшудің орнына қора салып, қысқа шөп дайындау сияқты жаңа шаруашылық түрімен таныса бастады. Көбінде егіншілік ауыл шаруашылығымен айналысу, мал басын жоғалтып алып кедейшілікке түскен адамдар арасында көбірек болды. Кейінірек жағдайы жақсарып, мал алуға мүмкіндік болған кезде бірден бұл мүмкіндікті пайдаланып көшпенділікке көшіп кетіп отырған.

Сонымен қатар, патша саясаты бойынша қазақ даласында кең таралған рулық қатынастарды әлсірету де маңызды болды. Себебі жаңа саясатты енгізіп, көшпенділерді оңай билеу үшін ескі әлеуметтік құрылым мен құндылықтарды жою керек деп есептеді. Сондықтан 1868 жылы әкімшілік-территориялық бөлініс жасалған кезде осы рулық бөліністі жоюға бағытталған болатын [125].

Танымал кеңес шығыстанушысы, түркітанушы В.В. Бартольд қазақ көшпенділері өзінің дәстүрлі шаруашылығынан айрылғаннан кейін біртіндеп ұлттық бірегейлігін жоғалта бастады деген пікірге келеді. Оның көзқарасы бойынша отырықшылыққа бет бұрған қазақтар көрші сарматтар мен татарларға ұқсап барады деген [126, 186.]. Нәтижесінде 1867 жылы Түркістан халқының 16% ғана отырықшылыққа көшсе, 1875 жылы оның пайызы 43% құрады. Ал сол әкімшілік бөлініске Ферғана қосылғаннан кейін оның көрсеткіші 70% жетті [126].

А.Б. Турсунбаев өз еңбегінде қазақтардың көшпенді шаруашылығы Қазан төңкерісіне дейін сақталып отырды деп жазды. Оның зерттеуі бойынша толығымен мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар саны 30,79% құраса, көбіне, дәл айтқанда 68,55% аралас шаруашылықты жүргізді. Яғни, егін шаруашылығымен қоса мал шаруашылығы да қатар жүрді, бірақ олар көбінде отырықшылықты таңдады. Себебі қазақтар үшін мал шаруашылығы өте қолайлы, неғұрлым өнімді болды [127]. Сонымен қатар, егін шаруашылығымен көбінде Қазақстанның Солтүстік және Солтүстік-Шығыс бөлігінде айналысты. Ал Оңтүстікте шаруашылықтың бұл түрін дамытуда климаттық жағдай кедергі болды.

Көптеген ғалымдардың зерттеуіне сүйенетін болсақ, қазақтар егін шаруашылығымен айналысуды қорлық ретінде көрген. Отырықшылықпен айналысқан кедейленген малы жоқ қазақтар «жатақ» деп аталған болатын. Сондықтан ауыл шаруашылығы толықтай қазақтардың негізгі шаруашылығы ретінде қабылданбады. Яғни, көшпенділер өзінің өмір сүру салтын сыртқы факторлардың әсерімен өзгертуге мәжбүр болғанымен, оны өз дәстүріне,

дүниетанымына сай етіп бейімдеп алды. Тастан үй салып, малға қора дайындап, малға қысқы жем болсын деп шөп шабу - осының барлығы отырықшыға көшудің балама жолы еді.

Қорытындылай кете көшпенді қазақтардың тұрмысын өзгерткен негізгі үш фактор бар. Олар:

1. Капиталистік қатынастардың, яғни, сауда-ақша қатынастарының дамуы;

2. Ресей империясының жүргізген саясатының салдары: құнарлы жайылымды жерлер тартып алынып, көшіп келген шаруалар мен фермерлерге берілді;

3. Жаңа жағдайға бейімделу негізінде жартылай көшпенді, жартылай ауыл шаруашылығымен айналысу сияқты шаруашылықтың түрленуі.

Нәтижесінде біз бүгінгі күні кең таралған мал шаруашылықтың түрі осылайша қалыптасты деп сеніммен айта аламыз. Бұл климаттық жағдай мен капиталистік өмірдің талабына сай келеді. Сонымен қатар, мал басында да өзгерістер де байқалды. Біріншіден, сандық жағы; екіншіден, түрлері, яғни ірі қара малдың көбеюін айтамыз. Ең бастысы, мал шаруашылығында коллективті меншік жойылды, капитализм талабына сай индивидуалистік бағыт кең тарады.

Заман талабына сай ауыл шаруашылығына көшкен немесе ауыл шаруашылығымен айналысатын адамдардың мәдениеті Батыс мәдениетін және құндылықтарын қабылдауға дайын болды. Олар оны дамудың бір сатысы ретінде оңай икемделіп кетті. Ал бұрыннан көшпенді болған адамға капиталистік құндылықтар өміріне және дүниетанымына мүлдем қайшы болғандықтан, жаңа ортада оған икемделе алмай жалғызсырап қалды.

Кеңес үкіметі орнаған кезде мал шаруашылығымен айналысатын қазақтардың өміріне үлкен өзгерістер алып келді. Ресей империясының билеушілеріне қарағанда Кеңес үкіметінің саясаты қатал болды. Кіші қазан төңкерісінен ауыл қазақтарының өмірі күрт өзгерді. Дәстүрлі шаруашылық түрінен бірден капитализмге, ал XX ғасырдың ортасына қарай бірден социализмге жылдам көшу халыққа өте ауыр тиіп, осындай саясат үлкен қателіктерге ұрындырды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін социализм идеологиясынан бас тартып, елде демократия, азаматтық қоғам, ашық қоғам сияқты батыстық құндылықтарды жария етті. Батыстық дүниетанымда индивидуалистік бағыт ерекше орын алады. Ал ата-бабамыздың бұрыннан келе жатқан көшпенді мәдениетінде, сондай-ақ, жалпы азиаттық дүниеге көзқарас бойынша, керісінше, коллективті ой қалыптасқан. Көшпенділер түсінігінде адам жалғыз өзі табиғаттың күшіне қарсы тұра алмағандықтан, бірігіп өмір сүру керек. Ал жеке адамның өмір сүруі өліммен бірдей болды. Кейіннен Кеңес үкіметі кезеңінде коллективті шаруашылық құрылу негізінде тіпті жеке меншік те жойылған болатын. Жалпы алғанда бұл кезеңде кеңестік қоғамды нағыз жабық қоғам деп сипаттауға болады. Жабық қоғамда оның мүшелері арасындағы байланыстар дәстүрлермен және әдет-ғұрыптармен

шартталады [128]. Жеке тұлғада, әдетте, таңдау еркіндігі болмайды. Тіпті жеке адам қоғамның құндылығы ретінде есептелінбейді.

Тоталитарлы жабық қоғамнан бірден ашық демократиялы қоғамға өтудің өзіндік қиындықтары бар. Қазіргі таңда ашық қоғамды орнатқан елдердің қатарына Солтүстік Америка, Батыс Еуропа пен Шығыс Азия мемлекеттерін жатқызуға болады. Ал Қазақстан ашық қоғам орнатуда бірнеше мәселеге тап болды. Біріншіден, мәдениеттердің әртүрлілігіне баланысты кейбір ұғымдарды түсінудегі айырмашылық десек болады. Бұл бостандық, еркіндік сияқты терминдермен тікелей байланысты. Бір жағынан қарағанда, қазақ үшін көшпенді мәдениетінің құндылығы ретінде бостандық түсінігі жат емес. Тарихқа жүгінетін болсақ, көшпенділер еркіндікте өмір сүрген. Мәселен, басқа шығыс елдерімен салыстырғанда әйелдердің құқықтары кеңірек болған. Бірақ бір айта кететін жәйт, еуропалық пен көшпенділер мәдениетінде бостандық түсінігінде үлкен айырмашылық бар. Еуропада халық қазіргі дәрежедегі бостандық пен демократиялық құндылықтарға жету үшін ұзақ уақыт бойы үлкен күрес жүргізді. Яғни халық биліктен өзі оны талап етіп, күшпен жеңіп алды. Сондықтан да бұл бостандық үнемі қорғалатын құндылық деп түсінеді.

Ал кең байтақ далада өмір сүрген көшпенділер үшін бостандық – бұл өмірдің мәні, туа берілетін құндылық деп түсінген. Байтақ далада тұрақты орны болмай, көшіп-қонып жүрген халық үшін орталықтанған биліктің қажеті болмады. Көшпенділер үшін ханның билігі міндетті деп саналмады. Қазақ ханның шығарған үкімі ұнамаса, көшіп кетуге мүмкіндігі болды [129]. Ал билер мен батырлар өз ойын еркін айта білген. Бұл жерде біз Еуропалық сөз бостандығымен ұқсастығын көре аламыз. Көшпенді халықта адам тек өз руында ғана белгілі бір дәрежеде міндеттемелер алған. Рулық қатынастар адам өмірінде ең маңызды болған. Ру арқылы адам қоғамда өз орнын білген, мал мен мүлікке және ата-бабадан қалған тәжірибе мен білімге ие болған. Содан біз еуропалық және көшпенділердің бостандық түсінігіндегі ұқсастықтары айқын болғанымен ерекшеліктері өте көп екенін көріп отырмыз.

Екіншіден, жоғарыда айтып кеткен қазақ мәдениетіндегі синкретизмді ескеретін болсақ, қоғамда жаңа құндылықтарды енгізуде оны өз мәдениетіне сай қылып бейімдеу орын алды. Оған дәлел ретінде осындай мысалды келтіруге болады: саяси басқару жүйесінде үкімет аппараты, әкімшілік, жергілікті билік органдары құрылғанымен, халық арасында ақсақалдар, әйелдер кеңесін ұйымдастыру кең етек алған. Ақсақалдар кеңесі бейресми орган ретінде құрылса да, көптеген ауылды аймақтарда тәрбие, мәдениет, тәртіп мәселелерімен айналысады. Кез келген қақтығысты шешуде делдал рөлін атқарады.

Тағы мысал келтіретін болсақ, әлеуметтік байланыстардың маңыздылығын айта кетуге болады. Көбінде адамдар жұмыс іздегенде немесе жұмысшы іздегенде таныс, туыс, рулас дегендей, жақындары мен таныстары арасынан іздей бастайды. Әлеуметтік байланыс арқылы жұмыс іздеу не жұмысшыларды тағайындау екі жаққа да тиімді. Себебі таныс арқылы жұмыс


тапқан адам өзін жаңа жұмыс орнында сенімділікпен қарайды. Яғни, ол жұмысын жоғалтып аламын деп қорықпайды. Ал жұмыс беруші өз танысы арасында жұмысшыларды тағайындаса, оларға сенімділікпен жұмыс тапсырады. Яғни, таныс немесе туыс алдында жұмысшы сөз болмас үшін жақсы жұмыс істеуге тырысады. Жалпы алғанда осындай тамыр-туысқандық тек Қазақстанда ғана емес басқа да капиталистік Азия елдерінде бұрыннан қалыптасқан дәстүр. Ғалымдар оны таныстық (кумовской) капитализмі деп те атап кеткен. Кумовской капитализм терминін 1960—1990 жылдар аралығында дамыған «азияттық жолбарыстар» деп атанып кеткен Оңтүстік Корея, Тайвань, Гонконг, Сингапур, Индонезияда және Таиланд мемлекеттерінде жұмыстағы тамыр-таныстықты сипаттау үшін қолданды. Көбінде аталмыш елдерде таныстық капитализмі ірі бизнес өкілдерінің билеуші партиямен жақын қарым-қатынас орнату арқылы көрініс тапты. Осындай тамыр-таныстық ешбір бәсекелестіксіз бизнестің қарқынды дамып, арам жолмен байлардың пайда болуына алып келеді. Алғаш рет ғалымдар бұл «crony capitalism» терминін 1997-1998 жылы болған азияттық экономикалық дағдарыс кезінде қолданды. Калифорния университетінің ғалымы Эндрю Макинтайр Таиланд пен Индонезияда бизнес саласында жайылып кеткен тамыр-таныстық осы экономикалық дағдарыстың негізгі себепшісі деп айтқан болатын. Ғалымның көзқарасы бойынша Азия елдерінің билеушілері инвестициялық іс-шаралармен айналысып, үлкен қаражатты аударуда өзінің туыстары мен таныстарын араластырған [130].

Оңтүстік Кореядағы крони капитализмі бір жанұямен байланысты. Оны тіпті «чеболизация» деп жанұяның фамилиясымен атайды. Чэболь деген жанұяның қолында әртүрлі қаржылық-өндірістік саладағы кішкентай фирмалардан бастап ірі транскорпорацияны біріктіреді. Бұл корпорация Корей соғысынан кейін өз ісін бастап, бүгінгі күні де даму үстінде. Чэболь Оңтүстік Корея билеушілерінің қолдауымен жұмыс істейді. Сондықтан олар көптеген артықшылықтарға ие. Ал компанияның негізгі басты орындарын сол бір жанұяның мүшелеріне, жақын таныстарына, достарына бөліп берген. Чэбольдың күшейген уақыты 1998 жылдарға келеді. Деректерге сүйенсек, сол кезеңде Оңтүстік Кореяның бүкіл өндірістік саладағы саудасының 46%-н осы Чэболь конгломератына тиесілі болды [131]. Тамыр-таныстықтың жайылуы капитализмнің дамуына қарама-қайшылығына қарамастан осы компания арқасында мемлекеттің тоқыраудан шығуға септігін тигізді.

Жапонияда да осыған ұқсас компаниялар болды, олар «дзайбацу» деп аталды. Алғашқы дзайбацулар сонау Эдо кезеңінде пайда болып, Екінші Дүниежүзілік соғыстың соңына дейін өмір сүрді. Солардың қатарына «Мицубиси», «Мицуи», «Ясуда» конгломераттарын жатқызуға болады. Олар да бір кланның мүшелерімен басқарылып, мемлекет тарапынан үлкен қолдауға ие болды. Бірақ Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін ақырындап позицияларын жоғалта бастады. Мемлекет экономиканың дамуында дзайбацулар кедергі жасайтынын түсініп, билік оларды ыдырата бастады [132].

«The Economist» журналы соңғы жылдары «Крони капитализм индексі» есептеп, мемлекеттер арасында рейтинг жасайтын. 2014 жылы Крони индексі бойынша Гонконг бірінші орында болса, 2016 жылы Ресей Федерациясы көш бастап тұрды [133].

Кесте 4 - Крони капитализм индексі.



Бірақ Крони капитализм индексіне тек 23 мемлекет қатысқан (Кесте 4). Ал таныстық капитализмі жайылып кеткен көптеген мемлекеттер әлі де есепке алынған жоқ. Солардың қатарына Моңғолияны да жатқызуға болады. Себебі моңғол экономисті Д.Жаргалсайханның көзқарасы бойынша, Моңғолияда экономиканың 10 саласында тамыр-таныстықтың жайлап кеткенін хабарлайды. Тізімге мемлекеттік маңызды секторлар кірген: қорғаныс саласы, көмір және ағаш кесу, жинақ қассалары, инфрақұрылым, әуежайлар, жылжымайтын мүлік және құрылыс, металлургия, тау-кен, сумен жабдықтау, байланыс, ойын бизнесі және байланыс қызметтері [134].

Қазақстанда да экономика саласында тамыр-таныстық кең етек жайған. Осындай жағдай елдің экономикасын дамытуға, сондай-ақ, қазба байлықтардан келетін кірістің ұтымды пайдалануына үлкен кедергі жасалынады [135]. Жұмысқа тұру үшін де тамыр-таныс қажет. Қазақстанда да бизнес саласында тамыр-таныстықтың жайылуына дәлел ретінде еліміздің тұңғыш президенті Н. А. Назарбаев 2015 және 2017 жылдары кездесулерде сөйлеген сөзін келтіруге болады [136]. Оның талабы бойынша елде ірі бизнес компанияларының иелеріне деофшоризация мен мүліктеріне легализация жасату арқылы миллиардтаған ақшаны елге қайтару болды. Кезінде мемлекет

олардың баюына бар мүмкіндікті жасады. Ал қазір заң жүзінде елге қайтаруды жөн көрді. Ал қазақстандық саясаткер Досым Сатпаев Қазақстан экономикасын тіпті «ағашкалар мен күйеу балашқалар экономикасы» деп атап кеткен [137]. Бір жағынан қарасақ, ірі конгломераттардың әрекеті заңға қайшы емес, тіпті елдің экономикасының дамуына оң әсерін тигізеді. Бірақ басқа жағынан қарасақ, бұл жағдай адал бәсекелестікке жол бермейді. Кіші және орта бизнес өкілдерінің дамуына үлкен нұқсан келтіреді. Қорыта келе, Қазақстанда да капитализм құндылықтары мен заңдылықтарының енуінде өзіндік ерекшеліктерге ие болып отырғанын көріп отырмыз.

Әлемді жаппай жайлаған жаһандану үрдісі Қазақстанды айналып өте қоймайды. Жаһанданудың мәселесі көптеген әлем елдерінің қоғамдық-саяси және мәдени өміріне әсерін тигізіп отыр. Алғаш рет «глобализация» терминін америкалық ғалым Теодор Левитт 1983 жылы ашып, оның мәні ірі корпорациялардың өнімдерінің әлемге жайылып, бір нарыққа бірігуінде болды. Кейіннен ғалымдар жаһанданудың адамның барлық өміріне әсер еткенін байқай бастады. Қазіргі таңда бұл үрдісті вестернизациямен, батыс құндылықтарының бүкіл әлемге таралуымен байланыстырады. Неліктен? Осы сұраққа жауап беру үшін, алдымен тарихқа жүгінейік. Жаһанданудың алғашқы қадамдары Ұлы географиялық ашылулар негізінде жүзеге асты. Кейіннен ол үрдіс отарлау саясатына алып келді. Экспансия, транспорттық жүйенің дамуы, байланыстардың жақсаруы халықтар арасында мәдени, діни, ғылым мен білім байланыстардың кеңеюіне жол ашты.

Әлемде түрлі мәдениеттердің бір-бірімен бетпе-бет кездесуі ешқашан бейбіт болған жоқ. Кейде олар бір-бірінен жақсы жақтарды алып жатса, кейде ассимиляцияға ұшырап, жойылып жатты. Бірақ бұл үрдістің екі жаққа да ортақ нәрсесі – өзара әрекеттестік, өзара ықпалдастық және өзара тәуелділіктің пайда болуында болып табылады. Әрине осының барлығы адамның дүниетанымына терең із қалдырмай қоймайды. Әлемдік құндылықтар қазіргі заманның талабына сай бүгінгі күні өмір кешіп жатқанымен, оны бастапқыда көптеген халықтар тез арада қабылдай қоймады. Адамдардың біртіндеп дүниетанымы ұзақ уақыттар бойында трансформацияға ұшырап, үлкен әлемдік ортақ қоғамға айнала бастады. Басқаша айтқанда бүгінгі біз көріп отырған үйлесімділік ортақ бір әлемдік қоғамға интеграциялану нәтижесі. Дегенмен кейбір халықтар бұл үрдіске әлі де қарсылық білдіріп, ұлттық идеялар мен құндылықтарды қорғаштап жабық саясат жүргізіп отыр. Себебі жоғарыда айтып кеткен «әлемдік» құндылықтарға негізінен Еуропа мен Солтүстік Америка елдерінің салттары жатады. Яғни, әлем бірполюсты болып алдыңғы қатарда Батыс Еуропа мен Солтүстік Америка көшбастаушы елдер болса, қалғандары даму жағынан артынан қуып жетуші елдер деп есептелінеді. Бұл идеяны Шығыс елдерінің ғұламалары «ориентализм» ілімімен байланыстырады. Ориентализм теориясын бір ауыз сөйлеммен түсіндірме беріп кетер болсақ: «We tell you who you are». Оны қазақшаға аударатын болсақ «Біз сенің кім екеніңді айтамыз» – деген мағынаны білдіреді. Басқаша айтқанда, ориентализм – батыстың шығысқа үстемдігін заңдастырудың

ажырамас жүйесі. Бұдан біз мәдени түрде отарлау саясатының әлі күнге дейін жүріп жатқанын байқаймыз. Постколониализм (ориентализм) – бұл ғылымда 1980 жылдары пайда болған пәнаралық бағыт. Бұл теорияның негізін қалаушы - Франц Фанон мен Эдвард Саид сияқты ғұлама ғалымдар болып табылады. Осы ілімді ары қарай дамытушы ізбасарлары Гаятри Спивак, Хоми Бхабха, Булент Шенай және басқа ғалымдарды атап өткен жөн.

1978 жылы Эдвард Саидтің әйгілі «Ориентализм» кітабы жарық көрді және оған қарсы көптеген сыни пікірлерге қарамастан, өзектілігін бүгінгі күнге дейін сақтап келеді. Эдвард Саид өзінің аталмыш кітабында Батыс пен Шығыстың текетіресін егжей-тегжейлі сипаттады. Ғалым батыстың өзін емес, батыстың шығысты түсіну дәстүрін, батыс елдерінің онымен қалай әрекет ететіндігін сынға алады. Автордың ойынша «варварлар» немесе «шығыс адамы» сияқты ұғымдар Шығыс елдерінің адамдарын екінші сұрыпты деп қарастырғандай көрінеді. Сонымен қатар, автордың көзқарасы бойынша Батыс елдері «шығыс адамды» сипаттағанда оны жалқау, алдамшы, арамза, айлакер, сөзқұмар және бостандық пен адам құқығын бағаламайтын адамның барлық алалаушылықтарына толы деп келтіреді. Сондықтан Шығыс елдерінде индивидуализм, адам құқығы, демократия емес, керісінше деспотизм, коллективизм ережелері бағаланады деген қорытындыға келеді [138].

Біз тарихтан өркениеттің алғашқы бесігі Шығыс елдерінде пайда болғандығын білеміз. Бірақ кейініректе Батыс елдері қазіргі өркениетті дамытуда Шығыс елдерін басып озып өтті. Оны біз бірнеше айқын дәлелдемелерден көре аламыз. Мысалға, біз Оксфорд, Гарвард сияқты батыстық университеттерге деңгейлес бірде-бір институтын шығыс елдеріндегі мысалға келтіре алмаймыз. Тағы бір жарқын мысал ретінде, бұрынғы отаршылықта болған елдердің метрополия елінің тілінде жазып, сөйлеуін қарастыруға болады.

Постколониалдық теориядағы әдістерге келетін болсақ, мұнда Эдвард Саид туралы аздап айтып өткен жөн. Шындығында, ғалым саясаттанушы емес, ол араб тектес американдық әдебиет сыншысы, әдебиет тарихшысы. Ол «Ориентализм» кітабын ең алғаш шығарған кезде шығыстанушы ғалымдардан бұл саланың маманы емес деген сынға тап болды. Ол бұл сынға өзінің шығыстық әдебиеті жайында терең білімін және Шығыстың тумасы ретінде мол білімін алға тартты. Екінші жағынан, бұл факт постколониалдық теориялардағы әртүрлі тәсілдерді және оның пәнаралық байланысын көрсетеді.

Тағы бір постколониалдық теорияның өкілі Ашил Мбембенің сөздерінен мынандай мысал келтіруге болады: «Менің ойымша, постколониализм туралы теория ретінде айту – бұл белгілі бір мағынада асыра сілтеу. Бір жағынан, ол отаршылдыққа қарсы және антиимпериалистік күрес идеяларына, екінші жағынан - батыс философиясы мен еуропалық гуманитарлық ой дәстүрлеріне негізделген, сондықтан постколониализм бөлшектелген ашық емес ой деп сипаттауға болады» – деген болатын [139]. Бірақ постколониализм – бұл батыстық ілімдерді жоққа шығаратын, батыстық теорияларға қарсы бағыт

емес. Ориентализм әлемге басқа көзқараспен қарау сияқты ғылыми бағыт екенін ұмытпаған жөн. Яғни, біздің ойымызша осыған байланысты қалыптасқан теорияларға сыни талдау немесе шығыстық көзқарас деп түсіну қажет.

Енді постколониялық теорияны Қазақстанды зерттеуде қолданатын болсақ, онда біздің алдымызда бір негізгі мәселе тұр. Бұл Қазақстан Ресей отаршылдығында болды ма әлде жоқ па? – деген сұрақ Тарихтан біз Қазақстанның Ресей империясына XVIII ғасырдың 30-жылдарында қосылып, кейініректе КСРО-ның құрамында болғанын және одақтың ыдырауы нәтижесінде 1991 жылы ғана тәуелсіздік алғанын білеміз. Кейбір зерттеушілер Қазақстан колония болды және тиісінше отарлану сатысынан өтті деп санайды. Басқалары еліміз колония болған жоқ және постколониализм теориясын қазақстандық дискурста қолдануға болмайды деп санайды. Осыған қатысты үшінші тараптың көзқарасы бойынша Қазақстан Ресейдің отарында болды, бірақ әлі постколониализм саясатын аяқтаған жоқ деп есептейді.

Бұл мәселе бойынша қарама-қайшылықты көптеген еңбектерден көруге болады, солардың кейбіреулерін мысал ретінде қарастырайық. Мәселен Мичиган университетінің ғалымы Дуглас Нортроп Ресей империясы кезінде де, тіпті КСРО орнаған кезде де өзін отарлаушы империя ретінде көрсетті. Олардың ерекшелігі тек метрополия мен отарлы елдердің шекарасында болды [140]. Гарвард университетінің зерттеушісі Лаура Адамс Орталық Азия елдерінің, соның ішінде Қазақстан да, барлығы колония болды, себебі аталмыш елдер өз алдына тәуелсіз саяси билікке ие болмады. Сондықтан постколониялық теорияны қазақстандық дискурста қолдануға болады және қолдану керек деген қорытындыға келеді [141].

Ағылшын ғалымы Бхавна Дэйвтің пікірі осы мәселе тұрғысында екіұдай болып келеді. Оның пайымдауынша Кеңес Одағы орталықтандырылған империя және модернистік мемлекеттің элементтерін біріктіретін гибриді ел деп есептейді [142].

Ал американдық ғалым Адиб Халид болса керісінше осыған қарама-қарсы пікірді ұстанады. Ол КСРО-ның саяси жүйесін жан-жақты зерттей келе, Қазақстан Ресей империясының отары болған деген қорытындыға келеді, бірақ та колония мәртебесіне ие ел ретінде тек 1917 жылға дейін ғана есептеуге болады. КСРО кезеңіндегі Қазақстан отар ел болмады. Себебі Кеңес үкіметі елдің дамуына және барлық халықтардың бірлігі мен теңдігіне барйынша жағдай жасауға тырысты деп есептейді. Ұлыбритания, Франция, Нидерланды сияқты еуропалық империялармен салыстырғанда КСРО артта қалған феодалдық қоғамда өмір сүрген Орталық Азия елдерін көтеруге көптеген ресурстар мен уақыт жұмсады.

Әлемнің басқа империяларымен КСРО-ны салыстыра отырып Адиб Халид Түрік империясымен үлкен ұқсастықтары бар деп есептейді. Атап айтқанда екеуі де радикалды модернизация бағдарламаларын, оның ішінде жаппай жұмылдыру, мемлекеттік құрылыс, саяси орталықтандыру, сондай-ақ сауаттылықты кеңейту сияқты қоғамның мәдени саласына түбегейлі араласу

саясаттарын қолданды. Екі империяның ерекшелігі жүргізген саясаттардың әр түрлі болуында жатыр. Яғни, Түркия ұлтқа, ал Кеңес режимі таптық жүйеге арқа сүйеді [143].

Тарихшы Сұлтан Әкімбеков дәл осы ұстанымды ұстанады. Ол өзінің «Ресей империясындағы Қазақстан» кітабында ХІХ ғасырдың аяғынан бастап Ресей империясы отарлы саясатын жүргізді. Бұл саясат мигрант шаруалардың мүддесі үшін қазақтардан жерді жаппай тәркілеуден басталды. Ал Кеңес Одағы кезінде «колония» термині мүлдем қолданылмады және мемлекеттің жүргізген саясаты отарлы сипатқа ие болмады деп есептейді [144].

Адиб Халидтің КСРО-ның басқа еуропалық империялардан мүлдем өзгеше екендігі туралы пікірінің шындыққа жанасатынын ескеруіміз қажет. Социализм идеологиясы метрополия мен колония арасында болған қанаушылық бағытқа қайшы келді. Кеңес Одағы кезінде Қазақстанда автомобиль жолдары, теміржолдар, зауыттар мен фабрикалар, қалалар салынды, әскери өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы дамыды, мектептер, университеттер мен ғылыми орталықтар ашылды. Әдетте отарлы елге метрополия қаражат салмайды, дамуына ешқандай мүдделі болмайды.

Бірақ Кеңес өкіметі кезінде Қазақстанда орын алған оң өзгерістерге қарамастан, тіпті осы тұста Қазақстан колония болмаса да, мүлдем басқа мемлекеттің құрамында болғанын жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан, еліміз формальды түрде тәуелсіздік алғанымен, қоғамдық сананың және мәдениеттің отарсыздану үрдісінен әлі де өтіп жатырмыз.

Отарсыздану үрдісі жөнінде Қазақстан қоғамында қарама-қайшы көзқарастар тағы да бар екенін айтпай кете алмаймыз. Әсіресе бұл дау-дамай Қазақстанның ұлттық бірегейлігін қалыптастыру аясында айқын көрініс тапқан. Мәселен, танымал Central Asia monitor интернет басылымы 2020 жылдың қыркүйек-қазан айларында сауалнама жүргізді. Басты мақсат – «Қазақстанға отарсыздандыру керек пе? Керек болса, қалай іске асыру қажет?» – деген сұрақ төңірегінде жауап жинау болды. Сұраққа берген респонденттердің жауаптарын топтастыратын болсақ, қоғамда қалыптасқан көзқарасқа екі арнаға бөлінетіндігін байқауға болады. Мысалы, танымал Қазақстан журналисті Серік Малеев Қазақстан отарлы ел болды, отарлық саясаттан үлкен зардап шекті деп есептейді. Сондықтан деколонизация саясатын толығымен аяқтау қажет. Әсіресе, қазақ тілінің нақты мәртебесін қайтару керек деп есептейді. Журналистің бұл көзқарасы қазақтың ұлт патриоттарының пікірімен бір үйлеседі. Қазақстандық ұлт патриоттары Қазақстанда тек қазақтар ғана тұрады, қалғандары диаспоралар. Мемлекеттік тіл – қазақ тілін дамытып, қоғамда негізгі тілге айналу қажет деген ұранды берік ұстанады.

Келесі көзқарас бойынша орыс тілін жақсы білетін және тек орыс тілінде ғана сөйлейтін «қалалық қазақтар», ұлт патриоттарының тілімен айтқанда «шала қазақтардың» пікірлерін ескеруіміз қажет. Олардың ойы бойынша Қазақстанға отарсыздандыру қажет емес деген бағытты ұстанады. Тарихқа үңіліп ескі реніштерді қопарудың орнына жалпы мемлекеттің модернизациясы

мен дамуына назар аударған дұрыс деп есептейді. Бұл санаттағы адамдар төзімділікке бейім, қазақ тілінің проблемасына сабырлықпен қарайды және Қазақстанның ұлттық бірегейлігін азаматтық бірегейлікке негізделуі керек, яғни, Қазақстан халқы қазақстандықтардан тұрады деген пікірде [145].

«Central Asia monitor» басылымындағы бұл мақала жайдан-жай таңдалып алынған жоқ. Тұтастай алғанда респонденттердің көзқарастары мен ұстанымдарын Қазақстандағы ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда қоғамда қалыптасқан пікірді этникалық немесе азаматтық бірегейлікті насихаттайтындар деп екі топқа бөледі.

Бірақ басқа елдердің тәжірибесі көрсеткендей ұлттық бірегейлік мәселесін қысқа мерзімде шешуге болмайды. Қазақстан 130-дан астам түрлі этностар тұратын көпұлтты мемлекет болғандықтан бәріне ортақ ұлттық бірегейлікті таңдау оңайға соқпайды.

Қорыта келе «Жаһандану үрдісін вестернизация деп қарастыруға бола ма?» – деген сұраққа жауап іздейтін болсақ, әлемнің бірполярлы, бір жақты емес екенін түсінуіміз қажет. Қазіргі кезде дамып келе жатқан ориенталистердің фундаменталды зерттеулерін де назарға алуымыз қажеттіз. Неміс-американдық әлеуметтанушы және экономикалық тарихшы А.Г.Франктің көзқарасы бойынша «әлем орталығы» үнемі өзгерісте болып тұрады. Яғни, жаһанданудың мазмұны ең мықты әлемнің орталығы болып саналатын мемлекеттер және мемлекеттер топтамасының мәдениеті мен дүниетанымының негізінде толығып отырады. XII ғасырдан бастап XV ғасырға дейін «әлемнің орталығы» Шығыс елдеріне ретінде есептелді. Ал сауда, экономикалық, индустриалдық прогресс болса тарихта Азия елдерінен бастау алған болатын [146]. Ал кейіннен ұлы географиялық ашылулар тарихи үрдістің бағытын мүлдем басқа арнаға бұрды. Нәтижесінде бүгінгі күні АҚШ-та бастау алған либералды идеялар мен құндылықтар бүкіл әлемге еркін таралып жатыр.

Ұлттық мәдениетке адамның жеке дүниетанымы, табиғи жағдай және әлеуметтік шарттар әсер етеді. Заман талабы тарихтың әр түрлі кезеңінде уақыт талабына сай өзгеріп отырады. Сондықтан адамзат баласының басынан өткерген әр түрлі тарихи кезеңдері ұлттық мәдениеттің дамуына өзінің таңбасын қалдырып кетеді. Көшпенділер мәдениетінің ерекшелігі қоршаған ортаға тез бейімделу және төзімді болу. Себебі, Еуразия даласының күрт континентальды климатына үйрену және осындай климатта мал шаруашылығымен айналысу өте ауыр тиді. Осы төзімділік (толерантность) қазақ мәдениетінің табиғатына тән құнды мазмұны болып табылады. Бұл адамдар өмірінің барлық салаларында көрініс тапқандығын байқауға болады. Осының арқасында қазақтар қиын табиғи жағдайда өзінің салт-дәстүрлерін, бірегей мәдениетін сақтап бүгінгі күнге жеткізіп отыр. Сондай-ақ, басқа адамдардың мәдениеті мен дүниетанымын құрметтеуде шыдамдылық білдіреді. Осындай қасиеттер бүгінгі күні де сақталып, көпэтносты Қазақстанда келісім мен татулықты қалыптастыруда өзінің өзектілігін жоғалтпай, керісінше ерекше қазақстандық модельді құрап отыр. Осы орайда

көпұлтты және әртүрлі діни көзқарастары бар елде төзімділік маңызды құндылық болып есептеледі.

Екінші маңызды қасиет – бейімділік. Қазақ тарихына шолу жасасақ, біз әртүрлі мәдениеттер мен өркениеттердің ықпалын байқай аламыз. Бірақ қазақтар өз құндылықтары мен мәдениетін толықтай басқа мәдениеттің ықпалына беріліп жұтылып кетпеді. Көп жағдайда ол өзіне қажетін ғана, өз өмір салтына сәйкес келетінін ғана икемдеп алып отырған. Осындай қасиетті ұтымды пайдалана білген әлемдегі тағы бір халық, ол – жапондықтар. Мысалы, вестернизация үрдісін ұтымды енгізіп, ұлттық құндылықтарды сақтап қалған елдердің бірі – Жапония. Аталмыш мемлекетте қоғамды модернизациялау үшін мәдениетті икемдемеді, қайта ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерін жаңа қоғам ережелері мен міндеттеріне сай бейімдеп алды. Сондықтан қоғамның ұлттық құрылымы мен құндылықтары либералды қоғамның құндылықтарымен ұштасып жатты. Қазақстан үшін де бұл мысал жақсы үлгі бола алады. Ал ғасырлар бойы жиналған еуропалық және азиялық векторлар жаңа әлем заңдылықтарын өз өмір салтына бейімдеуде үлкен тәжірибе көзі болып саналады.

Қорытындылай келе заманауи қазақ этникалығының құрамы тарихи даму нәтижесінде қалыптасқан еуропалық және азиялық векторлар, Кеңес үкіметінің құндылықтары, азаматтық және ұлттық құндылықтар, демократиялық және либералдық, діни, этномәдени құндылықтар сияқты жиынтықтан тұрады. Бірақ географиялық және саяси орналасуына қарай құндылықтардың ықпалы әр өңірде әртүрлі болып шықты. Қазақстанның солтүстігі мен басқа да ірі қалаларында тұратын тұрғындардың бойында еуропалық вектор көбірек әсер етті десек қателеспейміз. Қазақстанның басқа Оңтүстік пен Батыс өңірлерінде азиялық вектор басым сақталынып қалған. Осындай сыртқы әсердің салдарынан бүгінгі күні қазақ қоғамы біркелкі емес сипатқа ие болып отыр.

2. БОЛАШАҚ ОРТАҚ ҰЛТТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ҚҰРЫЛЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЭТНИКАЛЫҒЫНЫҢ РӨЛІ

2.1. Қазақ этносының генеалогиялық және әлеуметтік-мәдени факторлары

Қазақ этникалығының бір маркері ретінде рулық қатынастарды алуға болады. Қазақ халқы үшін оның шығу тегі және онымен байланысты дәстүрлер өте маңызды. Сондықтан ол бүгінгі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Әсіресе Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін рулық қатынастар қазақ қоғамында қайта жандана бастады. Оған дәлел ретінде бірнеше факторларды атап айтуға болады: халық арасында рудың атақты өкілдеріне бүкіл ру мүшелері бірігіп ас жасауы; ғаламтор желісінде шежіре сайттарының кең таралуы; жұмысқа орналасқанда руластарды тарту сияқты көріністер және т.б.

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты тарапынан 2019 жылдың сәуір-шілде айларында ғылыми-зерттеу жобалары шеңберінде жүргізілген әлеуметтанулық жұмыстардың нәтижелері рулық қатынастардың қоғамда қайта жандануын көрсетті. Атап айтқанда Қызылорда облысының қазақ тілді респонденттері адам арасында рушылдыққа, трайбализмге, рулық және тайпалық белгілеріне қарай бөлінуіне аландайтындығын білдірді. Бұл феноменнің дамуы біртұтас қазақ халқы ішінде бытыраңқылыққа жол ашу қаупі бар екендігі айтылды. Тіпті осы туралы басқа этнос өкілі де былайша өзінің пікірін білдіреді:

«Оларды көбінесе ақыл-ой қабілеттері үшін емес, туыстық байланыстары үшін жұмысқа алады. Бұл Қазақстанның дамуына үлкен кедергі келтіреді деп есептеймін» [118].

(орыс, 60 жаста, Павлодар)

Қазақ қоғамында рулық қатынастардың қайта жандануының себебін зерттеу көптеген ғалымдардың қызығушылығын тудырады. Сонымен қатар бұл феноменнің қоғамда қаншалықты терең еніп, ықпал жасау аймағын белгілеу де маңызды. Шын мәнінде рулық қатынастар қазіргі капиталистік заманда адамдар қарым-қатынасына қалайша әсер етеді және неліктен сақталынып қалғаны туралы зерттеу қажет етеді. Рулық қатынастар өте қатты дамыған қазіргі Ауғанстанда ел бірлігіне және мемлекеттіліктің қалыптасуына үлкен нұқсан келтіріп отыр. Сонымен бірге, Қырғызстанда да рулық қатынастардың ашық жария болуы мемлекеттің дамуына әкелген пайдасы мардымсыз деп есептелінеді. Алайда рулық қатынастарды заманауи қоғам өміріне табысты біріктіре алған Африка елдері де аз емес. Олардың осындай жемісті интеграциясы жөнінде танымал канадалық профессор, саясаттанушы Эдвард Шатц өз еңбегінде зерттеген болатын [147].

Ал рулық қатынастардың қазіргі жағдайы мен оның қазақ қоғамында алатын орнын түсіну үшін алдымен олар неліктен пайда болды, қазақтар үшін қандай рөл атқарды деген сұрақтарға жауап іздеу қажет деп есептейміз. Қазақ халқының этникалық тарихы көп ғасырлар бойы бұл жерде мекен еткен көптеген тайпалар мен халықтардың өзара тығыз байланысынан бастау алады. Тайпалардың «қазақ» атауымен бірігуі тек XV ғасырдың ортасында Керей мен Жәнібек хандардың билігі тұсында жүзеге асты. Осы уақыттан бастап біріккен тайпалар этнос болып құрыла бастады.

Қазақ этносы күрделі тармақталған құрылымнан тұрады. Оның осындай ерекше сипаты көшпелі тұрмыс тіршілігімен тікелей астасып жатыр. Әрбір тайпа бірнеше кішігірім руларға бөлініп, өзара бір-бірімен байланысты күрделі қоғамдық қатынастар жүйесін құрды. Қазақ тайпалары үш үлкен топқа біріктіріледі: Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүз. Жалпы жүздердің пайда болуы жөнінде сарапшылар арасында дау-дамайлар көп. Себебі үш жүздің пайда болуы жөнінде отандық тарихнамада жазбаша деректер жоқтың қасы.

Жалпы жүздердің пайда болуы жөнінде көптеген аңыздар халық арасында кең тараған. Солардың бірі Алаша хан тұлғасымен тікелей байланысты. Ханның үш ұлы болған, олар Байшура, Жаншура және Қарашура үш жүздің басын құрады деп айтылады. Келесі бір аңыз бойынша, ежелгі кезде Моғол мен Татар деген екі ағайынды болыпты. Олардан тараған ел бір күні бір-бірімен соғысады. Бұл соғыста моғолдар жеңеді, бірақ олардан үш жүз әскер ғана қалады. Осы үш жүз әскерден үш жүз тарайды.

Ал жазба деректерді талдайтын болсақ, IX-XVIII ғасыр аралығында жарық көрген араб, парсы, түрік, орыс, батыс еуропалық еңбектерде қазақтардың жүзге бөлінуі туралы ақпарат мүлдем кездеспейді. Алғаш рет жүздер жөнінде тек 1616 жылы орыс саяхатшыларының құжаттарында айтыла бастаған болатын. Аудармашы М. Тевкелев 1731 жылы Кіші Ордаға сапарында қазақтардың үш жүзден тұратындығы жөнінде жазды [148]. Қазақтардың үш жүзден құралғаны жөнінде Орынбор экспедицияның бастығы И. Кирилловтың Анна патшайымына арналған хатында да еске алады [148, 107 б.]. Одан кейінгі деректерде жүздер жөнінде толық ақпараттар халық арасынан жинап алынғанын айтылады. Бірақ ешқайсысында қашан жүздер пайда болды және неліктен қазақтар үшке бөлінді деген сұраққа мардымды түрде жауап бере алмайды. Тек танымал Ресей тарихшысы А. Левшин жинаған халық арасында тараған аңызға сәйкес қазақ ханы қайтыс болғаннан кейін, оның үш баласы өздерінің еншілеріне елді үшке бөліп алады. Содан балаларының жас мөлшеріне қарай Ұлы, Орта және Кіші жүз деп айтылады делінген [149]. Ал басқа танымал орыс шығыстанушы В.В. Вельяминов-Зернов болса өз еңбегінде қазақтар арасында тараған пікір бойынша жүздердің пайда болуы Хақназар ханмен тікелей байланысты деп жазған болатын [150].

Кейбір тарихи деректерге сәйкес көшпелі тайпалар үшке емес екіге бөлінді: оң қанат және сол қанат. Осындай бөліністің түрлері қырғыздарда,

Алтын Орда мен Батыс Түрік Қағанатында жиі кездесті. Осылайша қазақ тайпаларының үш жүзге бөлінуі жөнінде тарихта түрлі көзқарастар бар.

Біріншіден, кең таралған пікір бойынша жүздер территориялық бөлініске қарай пайда болды деп есептеледі. Оны кезінде В. Бартольд пен С. Асфендияров қазақ көшпенділерін зерттеу барысында жүздердің пайда болуы тұрмыстық-мәдени және тарихи үрдіске байланысты территорияның табиғи бөлінісі арқылы үш үлкен топқа бөлінген деп тұжырымдады [151]. Жетісу аймағында табиғи су және Алатау тауларындағы жазғы жайылымдық жерлер Ұлы жүздің жері деп есептелінді. Қазіргі Орталық Қазақстан территориясы Сырдарияда қысқы қыстаулары мен Есіл және Тобыл өзендерінің бойындағы жазғы жайлаулар Орта жүзге тиесілі болды. Қазіргі Батыс Қазақстан жері Орал өзені бойында қыстаулар мен Ақтөбеге дейінгі жерлерде жазғы жайлаулар Кіші жүздің жері деп бөлінді.

Антрополог С. Есенова да жайылымды жерлердің бөлінісі үш жүздің территориялық бөлінісіне алып келді деп есептейді [152]. Яғни, жүздердің территориялық бөлінісі олардың табиғи-климаттық ерекшеліктеріне тікелей байланысты болды. Әрбір ру мен тайпаның өздеріне тиесілі көшіп-қону жерлері болды.

С.М.Әкімбековтың көзқарасы бойынша, кезінде жүздердің территориялық бөлінісі марксистік теорияға сәйкес түсіндірілді. Бірақ оның шын мәнінде басқа түсінігі бар. Сондықтан тарихшы жүздердің пайда болуы жөнінде өзінің жеке көзқарасын ұсынады. С.М.Әкімбековтың пікірі бойынша жүздерге бөліну XVII ғасырдың ортасынан бастап пайда болды және оның саяси негізі бар.

Жүздердің пайда болуы көшіп-қону маршрутына немесе шаруашылық жүргізу территориясына байланысты емес, тайпалардың өзімен байланысты. Шыңғыс хан құрған Моңғолия империясын осының айқын мысалы ретінде алуға болады. Моңғол тілінде «Ұлыс» және «юрт» түсінігінде айырмашылық бар. «Ұлыс» деп Шыңғыс хан ұрпақтарының билігі астында біріккен тайпаларды атаған. Ал «юрт» деп солардың билігіндегі территорияны атаған болатын. Бұдан біздің көретініміз біріккен тайпаларды, олардың мекен еткен территориялары бөлек алып қарастырылған. Қазақтардың жүздерге бөлінуі де осылайша территорияға байланысты болмады. Жүздердің «ұлысқа» қатысы жөнінде Ш. Уәлиханов та өзінің еңбегінде жан-жақты тарқатып айтады. Оның пікірі бойынша қазақ жүздері де XV-XVI ғасырларда моңғолдардың ұлысына ұқсатып құрылды [153].

Тарихшы С.М. Әкімбеков жалпы жүздер жоңғарлардан шыққан сыртқы агрессияға қарсы жауап ретінде пайда болды деп есептейді. Жоңғарлардың шабуылынан қорғану үшін моғолдар Ұлы жүзге, қазақтар Орта жүзге және ноғайлар Кіші жүзге бірікті [154]. Бұл пікірді кезінде профессор, тіл маманы С. А. Аманжолов та айтқан еді. Оның көзқарасы бойынша тайпалар сыртқы жаудан ұжымдық түрде қорғану мақсатында жүздерге VII-IX ғасырда біріккен [155]. Сол кезеңде билік үшін, жер үшін талас жүрді, тұрақсыздық кезеңі болды. Сондықтан қазақ тайпаларының бірігіп, жүздерге бөліну

мәселесі экономикалық жағынан қажеттілік болды деп қарастыру тарихшының ойынша жаңсақ пікір. Керісінше сыртқы жау алдында бірігу қажеттілігінен үш жүздің пайда болуы шындыққа көбірек жанасады.

Ал жүздердің ұлы, орта және кіші деп аталуының қандай мәні бар деген мәселеге келетін болсақ, бұл жерде де ғалымдар арасында ортақ келісімге келген шешім табылмаған. Бір ғалымдар тобы жүздердің атауы иерархияны білдіреді десе, енді бір тобы оның мүмкін емес екенін көрсетеді. Саны жағынан алатын болсақ, Орта жүз өкілдері басқаларымен салыстырғанда көбірек. Иерархия бойынша бөліністі қарастыратын болсақ, сол иерархияны белгілейтін ортақ тұрақты билікті, ұйымдасқан мемлекет басқару жүйесін қажет етеді. Бірақ сол тұрақсыз, аумалы-төкпелі заманында оны орындау мүмкін болмады. С. М. Әкімбековтың пікірі бойынша, жүздердің пайда болуы ойраттармен соғыс жүргізудің нәтижесінде пайда болды. XVII ғасырдың басында қазақ даласында қазақтар, ноғайлар мен моғолдар мекен еткен. Моғолдар мен ноғайларды ойраттар бірнеше шабуыл жасап, әбден әлсіретіп жіберген болатын. Осы кезеңде ойраттар шапқыншылығынан аман қалудың бір жолы өзі ішінде тайпалардың бірігуі болды. Сөйтіп түркі тайпалары саналатын қазақ, моғол және ноғай тайпалары бірікті. Ұлы, Орта және Кіші жүз атауларын олар Шыңғыс хан ұрпағының дәстүрі ретінде одан әрі жалғастырды. Моғолдар Шыңғыс ханның ұлы Шағатай ұлысына жатқандықтан Ұлы жүз атанды. Сол тұста Ноғай Ордасының билігі басында Шыңғыс хан ұрпақтары болмады, сондықтан ол Кіші жүз атауын иеленді. Ал қазақ тайпалары болса Орта жүз деген атауды алды. Көптеген әдебиеттер мен деректерді жан-жақты сараптай келе, жоғарыда келтірілген дәлелдемелер шындыққа көбірек жанасатындығына сенуге болады. Демек қазақтардың жүзге бөлінуі сыртқы жаудан қорғану мақсатында XVII ғасырдың ортасында жүзеге асты деп сенімді түрде айта аламыз.

Жалпы ру, рулық қатынастар мен шежіренің қазақтар үшін қандай қажеті болды. Осы жөнінде ғалымдардың көзқарастары бір-бірімен көп жағдайда сәйкес келеді. Қазақтар көшпелі халық болды. Көшпенділер үшін осындай рулық қатынастардың маңыздылығы зор. Себебі, көшпенділер қатаң далалық тұрмыс жағдайында өмір сүрді. Осындай ауыр тұрмыс жағдайында тек аман қалу ғана емес, сондай-ақ, дамып, мал санын көбейту үшін мол тәжірибе мен терең табиғи білім қажет болды. Осы орайда ел ішінде рулық және ұрпақаралық қатынастар маңызды рөл атқарды. Бұл жағдайда ең басты қағида – отбасы, туысаралық иерархияны сақтау [156]. Атадан балаға мұра ретінде төрт түлік малмен қоса, тұрмыс тіршілік мәдениеті мен жинақталған тәжірибесі де беріліп отырды. Генеологиялық байланыстар қазақ тайпалары үшін осылайша киелі, салттық маңызы зор болды.

Қазақ этникалығы тарихта номад мәдениеті негізінде құрылды. Көшпенді өмір салты қазақтың менталитетіне, дәстүріне өз әсерін тигізбей қоймады. Бірақ қазіргі таңда қазақтар өз тәуелсіздігін алғаннан кейін көшпенді дәстүрге қайтып оралған жоқ. Номадтың өмір сүру салты нарықтық экономика мен жаһандану жағдайына мүлдем сәйкес келмейді. Тіпті мал шаруашылығымен

айналысатын адамдарға көшпенділер сияқты бұрынғыдай ауыр жағдайда аман қалу үшін көшіп қонудың қажеті жоқ. Ата-бабадан қалған тәжірибені қатаң сақтаудың да маңыздылығы төмендеді. Осыған қарамастан неліктен рулық қатынастар заманауи өмірде өз көрінісін тауып отырғаны көптеген ғалымдарды қызықтырады. Себебі, қазіргі кезде жұмысқа орналасқанда адамдар кейде кәсіби қасиеттерге қарағанда, тегіне қарай, қандай рудан шыққанына қарай бағалайды деген деректер кездеседі. Мысалы, тарихшы А. Нурекеевтің пікір бойынша, билікте отырған адамдардың барлығы кәсіби маман емес, біреудің туысы, руласы болғандықтан билікке қол жеткізіп отыр. Сондай-ақ, олардың қол сұғылмаушылық дәрежесі сол рулық байланыстармен түсіндіруге болады [157]. Жалпы алғанда қазақ қоғамында трайбализм мен непотизм сынға көп ұшыраса да, қоғамда өзінің маңызын жоғалтпай көп кездесіп отыр [158].

Сонымен қатар, қазіргі таңда урбанизация үрдісі өте қарқынды жүріп жатыр. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері ауылдан қалаға көшу кең етек алған. Әсіресе Қазақстанның түкпір-түкпірінен негізгі Алматы мен Нұрсұлтан сияқты ірі қалаларына көшу байқалады. Сондықтан осындай үлкен қалаларда көптеген ру өкілдері бір ортаға жиналған. Руластар арасында бұрынғы тығыз байланыс үзілген деп айтуға болады. Бірақ оған қарамастан, үлкен қалалардың өзінде адамдар қолдау іздеймін деп руластарымен байланысты орнатуға тырысады. Осы деректі ескере отырып, танымал саясаттанушы Р.К. Қадыржановтың: «қазақтар бар жерде трайбализм ешқашан жоғалмайды» деген сөзі еске түседі [159]. Осындай феноменнің әлеуметтік-саяси кеңістікте жайылуына қоғамның өзі негативті түрде қарайды. Мүмкін қазақтар рулық қатынастарды осындай нарықтық заманында аман қалу үшін қолданатын шығар деген ой келеді. Себебі, Қазақстан Респубилкасы тәуелсіздік алғаннан бері ауыр транзиттік кезеңді бастан өткеруде. Бұл кезең кеңестік құндылықтар жоғалып, ал жаңа қоғам құндылықтары толық орнықпаған уақытпен сипатталады. Көптеген ғалымдардың пікірі бойынша, осындай кезеңде традиционализм қайта жанданады [160].

Бірақ қазақ қоғамында трайбализмнің көрінісі бұрынғыдай дәстүрлі емес. Бұл феноменді түсіндіру үшін танымал номадолог Н.Э. Масанов «квазитрайбализм» терминін ұсынған болатын. Яғни квазитрайбализмнің түсінігі бойынша, адамдар рулық қатынастарды өз мүдделерін орындау үшін құрал ретінде қолданады. «Руласпыз» деп адамдар бір-бірінің арасындағы байланыстарды нығайтуға, парыздар етуге немесе кепіл алуға тырысады. Н.Э.Масановтың көзқарасы бойынша, осындай негізде құрылған қатынастар мен байланыстар түрлі қауіп-қатерлі жағдайды азайтуға немесе бәсекелестікте артықшылықтарға ие болу үшін қолданады [161].

Рулық қатынастардың трансформациясы. Қазақ этникалығының басты ерекшелігі оның рулық қатынастардан құралғанында жатыр. Рулық байланыстар әлеуметтік-саяси, мәдени және экономикалық үрдістерде өз басымдылығын ғасырлар бойы сақтап келген. Рулық байланыстар негізінде

мұра ретінде тек мүлік пен мал ғана емес, сондай-ақ, тәжірибе, білім, ресурстар берілді. Адамның қай руға жататыны оның қоғамда алатын әлеуметтік дәрежесін, мәртебесін, беделі мен тіпті үстел басындағы орнын анықтады [162].

Дәстүрлі қазақ ауылдары рубасымен және оның маңайындағыларымен, би мен батырлармен басқарылды. Көбіне шығармашылық әдебиеттерде бізге рубасыларды бай әрі руластарының еңбегін қанаушы ретінде көрсетіледі [163]. Шын мәнінде рубасы бай болғанымен бүкіл ауылдың қамқоршысы ретінде үлкен жауапкершілікті өз мойнына алған болатын. Руластарын жұмыспен, малмен және үймен қамтамасыз етіп отырды [164].

Бүгінгі күнмен салыстыра отырып ру құрылымы мен оның функциясын тарихшы Ж. М. Сабитов жақсы өз еңбегінде ұтымды түрде салыстыра көрсеткен: «Бұрынғы кездері ру қазіргі корпарация сияқты болған. Мысалға оны жабық акционерлік қоғам ретінде қарастыруға болады. Әрбір ру мүшесі белгілі бір мөлшерде мал мен жерге, қазіргі сөзбен айтар болсақ активтерге ие болды. Егер кез-келген адам сол ортадағы ру ережелері мен тәртібін бұзған болса, ол барлық активтерінен айырылып, ауылдан қуылған» [165]. Жалпы алғанда ерте кезде ауылдан қуылу қатаң жазаның бірі болды. Себебі бұрынғы кездері адам жалғыз өзі қатаң далада тіршілік ете алмас еді. Қуылған адам өлімге жіберілгенмен бірдей болды.

Рубасы көбінде беделді ақсақал, бәрі оны құрмет тұтатын адам болған. Оның негізгі міндеттеріне жайылымдық жерлерді бөлу, маусымдық көші-қон уақытын белгілеу және соған қатысты барлық мәселелерді шешу, ру мүшелері арасында дауларды шешу, кедейлерге көмек көрсету жатты. Жалпы алғанда руластар бір-біріне көмектесетін ағайындарын ауыр жағдайда қалдырмайтын болған. Егер қиын күн туған жағдайда өз активтерімен де бөлісіп отырған кездері жиі болған.

XIX ғасырда қазақ даласында рулық қатынастардың маңыздылығы күрт төмендей бастады. Себебі осы кезеңде қазақ жерлері Ресей империясына қосылу үрдісі басталды. Ресей заңдылықтары қазақ даласына бірте-бірте етене ене түсті. Рулық қатынастар мен олардың құзыреттілік ету аймағы да тарыла бастады. Осы тұста рулық қатынастардың елдің әлеуметтік-саяси және экономикалық саласына ықпалы азая түсті [166].

1822 жылы Орта жүзде, 1824 жылы Кіші жүзде хандық билік жойылды. Хандық билік жойылғаннан кейін, қазақ жерлерінде сұлтандар билігі жүрді. Сұлтан белгілі бір округті билесе, ал ауылдарды старшиналар басқарды. Сұлтандар тек ақсүйектер арасынан таңдалынды. Бірақ уақыт өте келе билікке ақсүйектен таңдау қағидасы өз маңыздылығын жоғалта бастады. Кейініректе шежіресіне қарамай кез келген бай, беделді адам сұлтан болып тағайындала берді [167]. Мысалы кейбір деректерге сүйенсек Батыс-Сібір округінде 43 билеуші сұлтанның 16-сы ақсүйек отбасынан шықпаған болып шықты [168].

Ал 1860 жылдың соңына қарай билеуші сұлтан позициясы да алынып тасталды. Қазақтар енді тек жергілікті органдарда билік жүргізе алды. Ис-қағаздар жүргізуде ру таңбалары да қолданыстан біртіндеп шыға бастады,

оның орнына арнайы мөр қолданды [169]. Сөйтіп, XX ғасырдың басында рулық қатынастар мен онымен байланысты барлық дәстүрлер өзінің легитимділігін толығымен жоғалтты.

Империализм идеологиясы дәстүрлі рулық қатынастарды қазақ қоғамынан ығыстырды. Рубасының қоғамдағы атқаратын рөлі де өзгеріске ұшырай бастады. Ол енді жер мәселесімен айналыспады, жайылымдық жерлерді бөлмеді, ру ішіндегі даулы мәселелерге араласпады [170].

XX ғасырдың басында Ресей Империясында үлкен саяси өзгерістер болды. Бірнеше орын алған төңкерістің нәтижесінде большевиктер партиясы билік басына келді. Билеу формасы өзгеріске ұшырап, қарапайым халықтың өміріне терең әсер етті.

Билік басына келген большевиктер қоғамды феодализмнен арылтып, социализмді дамыту үшін реформалар жасай бастады. Өзгерістер қазақ даласына да біртіндеп жетті. Қазақ даласында реформалар Ф.И. Голощекиннің басшылығымен жүргізілді. Голощекин 1925 жылы күзде Қазақстан өлкелік партиясының басшысы болып тағайындалды. Оның көзқарасы бойынша большевиктер соншама уақыт құрып келген социализм қазақ ауылдарында мүлдем болмады. Сондықтан ол осы туралы Сталинге хат жазып, Қазақстан жерінде қайтадан Қазан төңкерісін жасау керектігін ұсынды. Ф.Голощекин халықтың экономикалық жағдайын жақсарту үшін отырықшылыққа үйретіп, ескі дәстүр, тұрмыс-салттан бас тартып, социализм жолына түсу үшін «Кіші Қазан төңкерісі» жасау саясатын ұсынды. Академик М. Қозыбаев бұл реформалар жөнінде өзінің еңбегінде былай деп баға береді:

- Ф.Голощекин «Кіші Қазан төңкерісі» саясатын сегіз жыл ішінде орындауға тырысты;

- Оның көзқарасы бойынша, көшпенді өмір салты қазақтардың әдеті сияқты, оны арылту еш қиындыққа соқпайды;

- Көшпенділерді отырықшылыққа үйрету үрдісі барысында құрбандар болуы мүмкін екенін түсінді;

- Отырықшылану үрдісінде мал санының азаюуы заңды құбылыс;

- Социализм құруда Қазақстан Ресей құрамындағы басқа мемлекеттерден еш айырмашылығы жоқ. Сондықтан да социализм құруда ешқандай ерекшеліктерді ескерудің қажеті жоқ [171].

Ф. Голощекин қазақ интеллигенциясының түбінде осындай қатаң реформаларға қарсы шығатынын түсінді. Сондықтан олармен күрес жүргізудің қолайлы әдістерін іздей бастады. Жалпы алғанда Ф. Голощекин қазақтарды үш топқа бөлді: бірінші топқа ұлтшыл қашқындар, олар өз ойларынан қайтпайтын, мүлдем өзгерісті қабылдамайтын адамдар. Сондықтан жаңа қоғам құруда олардың қажеті жоқ. Екінші топ – қалыптасқан жағдайға байланысты өз ұстанымдарын өзгертіп отырады. Ақырғы үшінші топқа барлық қателіктерді Голощекиннің мойнына ілетіндерді жатқызды. Бірінші кезекте Ф. Голощекин осы тізімдегі бірінші топпен күресін бастады. Танымал, беделді қазақ коммунистерін «ұлтшыл» деп айыптап, 1926 жылы С. Сәдуақасов, С. Ходжанов, С. Сейфуллин, М. Мұрзағалиев, С. Меңдешев, М.

Тынышпаев, Ж. Досмухамедов және тағы басқалар құдалауға ұшырады [172]. Сөйтіп қазақ зиялыларын біртіндеп көзін құртып, Ф. Голощекин 1926-1927 жылдары «Кіші Қазан төңкерісі» саясатын іске асыра бастады. Бірінші қадам ретінде жайылымдық жерлерді қайта бөлуден бастады. Келесі қадам ретінде ірі бай-феодалдардың мал-мүлкін тартып тәркілеуді қолға алды. Тәркілеуден бас тартқан адамға қылмыстық жауапкершілік заңы қолданды. Жалпы алғанда осы уақытта бай-феодалдарға қысым жасау тек Қазақстан жерінде ғана емес, бүкіл кеңес республикаларда белсенді түрде жүрді. Өйткені себебі колхоздарды құру мақсатын орындау үшін бұл шара өте қажет еді. Осылайша қазақ ауылдарының бұрыннан қалыптасқан құрылымы бұзылды [165]. Ал шежіре мен рулық қатынастар архаика, өткеннің қалдығы ретінде өз өзектілігін жойды. Тіпті ру мен шежіреге қатысты көзқарасты өзгерту үшін оны буржуазиялық национализмнің көрінісі деп айыптады [173].

Бірақ оған қарамастан, қазақтар өзінің шежірелерін сақтап, балаларына «Жеті атасын» жаттатқызып, дәстүрді сақтап қалуға тырысты. Руластарына көмек түрінде рулық қарым-қатынастардың сақталуы әлеуметтік байланыс жолымен іске асты. Оған мысал ретінде патрон-клиенттік қатынастарды келтіруге болады. Бірақ бұл байланыстар тек рулық, қандық белгі бойынша емес, басқа да әлеуметтік қатынастардың негізінде құрылды. Оларға достық, жерлестік, көршілес, сыныптас, бірге әскерде қызмет еткен сияқты байланыстар негізге алынды. КСРО кезінде олар адамдар арасында өте танымал байланыс ретінде кездесті [174]. Ал КСРО ыдырағаннан кейін тәуелсіз Қазақстанда ол өзінің өзектілігін жоғалта қоймады.

Патрон-клиенттік қатынастың ерекшелігі неде? Патрон-клиенттік қатынас деп әртүрлі деңгейде орналасқан субъектілердің ерікті түрде қатынас жүйесін атаймыз. Көбінде патрон клиентке қарағанда қызметі жағынан жоғары сатыда, беделі мен ресурстық мүмкіндіктері кең болады. Ал клиент болса қызметтік сатысы бойынша төмен тұрады. Патрон өзінің беделі мен билігін қолдана отырып клиентке көмектеседі. Ал клиент оның көмегі үшін оны қолдайды, айтқанын орындайды, сыйлық береді [175]. Осылайша өзара тәуелді қатынас түрін сипаттайды.

Патрон мен клиент арасындағы қатынаста ешқандай мәжбүрлеу жоқ. Клиент өз еркімен патронға қызмет етеді. Сонымен қатар, патрон клиент арасында ешқандай сауда да болмайды. Патрон клиенттің лоялды қызметі үшін оған жақсы жұмыс жағдайын жасайды немесе қызмет мансабында өсуге көмектеседі. Патрон мен клиент арасында ресурсаралық айырбас бер екенін айтпасақ болмас. Бұл қатынастар бейресми формада өтеді. Патрон-клиенттік қатынастардың формальды емес болуына байланысты, оны реттейтін арнайы заң жоқ. Ол тек дәстүр мен осы қатынасқа еніп отырған адамдардың құндылықтары мен адалдығына тікелей байланысты. Бір жағынан алып қарағанда патрон мен клиент арасындағы байланыс ерікті сипатыға ие. Бірақ арасында сараптама жасайтын болсақ, біз олардың патрон жағынан мәжбүрлеу бар екендігін байқаймыз. Себебі клиент өз дегеніне жету үшін патронның көңілін табу керек.

Енді осы патрон-клиенттік қатынасты қазақтардың дәстүрлі рулық қатынастармен салыстыратын болсақ біршама ұқсастықтарды табуға болады. Ру ішінде байлар кедейлерге көмек көрсетсе, ал кедейлер оған жауап ретінде байларға қызмет көрсетіп немесе қолдау танытады. Бірақ ең қызығы қазіргі кезде патрон-клиенттік қатынастар рулық байланыстарды сылтау ретінде алға тарту арқылы қолданады. Мысалы, ауылда белгілі бір жоғары қызмет бабында отырған адамнан көмек алуда өзінің бір рудан шыққанын пайдаланады. Ал кейін олар бір-біріне өзара көмек көрсету арқылы тығыз байланыс орнатуға күш салады. Осылайша олардың «рулас» болуы патрон-клиенттік қатынастардың нығая түсуіне алғышарт жасайды.


Атадан-балаға берілген дәстүр бойынша қазақтар руластарына сатқындық жасамаған, олар бір-бірін бір рудан шыққан адам ретінде қарап барынша көмек көрсетуге тырысып отырған. Бірақ тәжірибе көрсеткендей рулық қатынастарды клиент алға тарта алмаса, ол басқа да әлеуметтік байланыс түрін қолдануы мүмкін. Мысалы, жерлес екендерін немесе бір сыныпта оқығандығын, әскери борышын бірге атқарғандығын және бірге жоғары оқу орнында оқығандығын пайдалануы мүмкін. Әсіресе, осындай әлеуметтік байланыстар КСРО кезеңінде өте кең қолданылды. Қазіргі кезде де қазақстандық қоғамда осы сияқты формальды емес байланыстар сақталып отыр.

КСРО кезеңінде рулық қатынастардың тағы бір ерекшелігі – оның құпия болуында. Қазақтар шежірені дәстүр ретінде атадан балаға мұра қылып қалдырып отырды. Міндетті түрде Жеті атаның атын білу керек деген қағида ел арасында басым болды. Бірақ қалалық жерлерде тұрған қазақтар бірте-бірте шежірені де, рулық қатынастар туралы да ұмыта бастады. Тіпті өзінің қай рудан екенін білмейтіндер де кездеседі.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін елде саяси, демографиялық және әлеуметтік-мәдени өзгерістер орын алды. Қазақстан қоғамында қайтадан шежіре мәселесі көтеріле бастады. Шежірешілер әр рудың тарихын зерттеп, ата-бабалардың үрім-бұтақтарын қалпына келтірумен айналыса бастады. Тіпті кейбір адамдар шежіре кітаптарын шығаруға, өз руының тарихын зерттеуге ақша бөліп шежірешілерді жалдай бастады. Осылайша әр рудың тарихына байланысты кішігірім кітаптар жарық көрді [176].

Сонымен қатар, шежіре бойынша бірнеше сайттар да ашылды. Ғаламторда қазіргі уақыттағы ең ірі шежіреге байланысты сайт <https://tumalas.kz> деп аталынады. Бұл сайтта адамдар өздерінің рулары туралы мәлімет беріп, толықтырулар мен түзетулер жасай алады. Сайттың мәліметіне сүйенетін болсақ, шежіредегі жазбалар (адамдар) саны 1 351 370 жетіп отыр. Сонымен қоса «Тумалас» жобасы шежіре ағашын тапсырыс бойынша кез келген адамға жасап бере алады.

Сурет 1. Шежіре сайтынан.



Суретте көрсетілгендей шежіре интерактивті картаға енгізілген, кез келген адам осы сайтқа кіріп өзінің шыққан тегі туралы шежіресін көре алады және қосымша ақпараттармен толықтыра алады.

Сонымен бірге, ғаламторда сараптама жасау барысында кейбір рулар өз сайттарын ашып қойғанын байқауға болады. Мысалға Арғыннан шыққан Алдияр руының шежіресі атты сайтта <http://taz-aldiyar.kz> толықтырулар үнемі жүріп жатады. Сондай-ақ, өздерінің руластарына пайдалы жаңалықтар, хабарландырулар жариялап тұрады. Бір рудан шыққан танымал батырлар, билер, бабалардың кесенелеріне, мешітке жөндеу жұмыстарын жүргізу, рудың құрылтай мәжілісін өткізуге, ас беруге және т.б. қаражат жинап және есеп беріп отырады екен. Осындай ақпараттық сайттар қазіргі уақытта жетіп артылады, олардың біршамасын атап көрсетер болсақ: Ботақара шежіресі [177], Ноғай руы [178], Қожалар, Дулат руы [179], Саңғыл руы [180] және т.б.

Қазақтардың күнделікті өмірінде де рулық қатынастардың белсенділігі байқауға болады. Мысалға, адамдар бір-бірімен танысқанда көп жағдайда қандай рудан шыққаны туралы сұрасып жатады. Кейбір мәліметтерге сәйкес қоғамда адамдар жаңа жұмысқа орналасу кезінде қай рудан шыққанын сұрағандығы туралы да айтып жатады [181]. Осындай қызығушылықтың басты себебі неде? Шынымен рулық қатынастар қайта жанданып отыр ма? Ал ауылдық жерлерде рулық қатынастардың жағдайы қандай?

Осы сұрақтарға жауап іздеу мақсатымен және ақиқаттың қай жақта жатқанын түсіну үшін біз әлеуметтанулық-антропологиялық зерттеу жұмысын жүргіздік. Рулық қатынастардың қоғамда алатын орнын түсіну үшін сандық зерттеудің түрі ретінде сауалнама арқылы алынатын респонденттердің жауабы жеткіліксіз екенін түсініп, сапалық зерттеу әдістерін қолданған болатынбыз. Себебі қазақ қоғамында рулық қатынастарды жариялай бермейді, сол үшін оның мән-жайын терең ұғыну үшін сапалық әдістерді қолдануды жөн

көрдiк. Атап айтқанда, терең интервью, бақылау және фокус-группа сияқты әдістер қолданылды.

Рулық қатынастардың қазақ этникалығында алатын рөлiн анықтау үшін бiз мына сұрақтарға жауап iздедік: Рулық қатынастар қалайша өзгерді және олардың қазiргi кездегi жағдайы қандай? Адамдар рулық қатынастарды қандай жағдайда және қаншалықты жиі қолданады?

Зерттеу мақсаты: қазiргi кезде Қазақстан қоғамында рулық қатынастардың орны мен рөлi қалайша өзгеруде, адамдардың рулық қатынастарға көзқарасы қандай екенiн түсiну.

Зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін бiз сапалы әлеуметтанулық зерттеу әдістерiн қолдандық, себебi рулық қатынастарға деген адамның көзқарасын бiлу үшін сауалнама сұрақтарынан толық жауап алу мүмкiн емес еді. Сондықтан бiз адамдар арасында терең интервью мен фокус-топтарды өткізуді таңдадық. Терең интервью арқылы респондент өз руының тарихын ғана айтып қоймай, өмірде рулық қатынастарға қатысты оқиғалар мен оның өз көзқарасын жеткізеді.

Зерттеу жұмысы бiрнеше жыл қатарынан Қазақстанның Батыс, Шығыс, Солтүстік және Оңтүстік өңірлерінде орналасқан ауылдарда жүргізілді. Жаңа ақпаратты алу үшін соңғы зерттеу жұмысы 2020 жылдың көктемінде іске асырылды. Соңынан Ковид-19 пандемиясының басталуына байланысты зерттеу аймағын қысқартып, Алматы облысындағы ауылдарда ғана онлайн жүргізілді. Интервьюлер алуда Skype, Whatsapp қосымша әлеуметтік желілері кеңінен қолданылды. Жалпы алғанда әр ауылдан жалпы саны 5-7 интервью көлемінде алынды.

Интервью сұрақтары жас мөлшері бойынша түрлі жастағы ауыл тұрғындарынан алынды. Жалпы алғанда Алматы төңірегінде 4 ауыл қарастырылды. Олар:

1. Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Қазтай Ұлтарақов атындағы ауыл (бұрынғы Масақ ауылы);
2. Алматы облысы Жамбыл ауданы Қасымбек ауылы;
3. Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Көктөбе ауылы;
4. Алматы облысы Іле ауданы Ынтымақ ауылы.

Аталған ауылдарды таңдап алу себебіміз орташа деңгейде халық саны 5000 адамнан кем емес критерий бойынша іріктелді. Ал респонденттерді таңдағанда алдымен тарих пен шежірені білетін ақсақалдарды іздеуден бастадық. Сонымен қатар орта буынды және жастардың да пікірі ескерілді. Себебі, олардың көзқарасы арқылы рулық қатынастардың қаншалықты өзгергені жөнінде құнды ақпарат жинауға мүмкіндік туды. Жалпы алғанда респонденттердің іріктемесі келесідей болды: аға буындылар (60+) – 20%, орта буындылар (45+) – 40%, және жастар (18+) – 40% құрады.

Таза қазақи ауылдарды таңдап алудың да өз себебі бар. Біріншіден, қалаға қарағанда ауылда әлі де болса бiр немесе бiрнеше рулардың тығыз көршілес орналасуы сақталған. Екіншіден, ауыл мен қала арасындағы байланыс қалайша сақталады, адамдар қалаға көшкенде рулық қатынастарды сақтайды

ма деген сұрақтар қызықтырды. Үшіншіден, рулық қатынастардың трансформациясы қаламен салыстырғанда қаншалықты өзгеріске ұшырағанынын білу біз үшін маңызды болды.

Далалық зерттеулер нәтижесіне тоқталатын болсақ, ауылдық жерлердің өзінде жастарға қарағанда қарт буындағылар ру тарихы мен рулық қатынастар жөнінде ақпаратты көп білді. Кейде жастар рулық қатынастарға мүлдем қызығушылығын танытпады. Олар өз руынан басқа ешқандай ақпарат бере алмады. Ал ауылдың қариялары ауылда мекен еткен рулар жөнінде құнды ақпарат беруге асықты. Тіпті баспаға шыққан шежірелерін көрсетті. Сонымен қатар, қарттар жастардың шежіресін білмегені үшін өз алаңдаушылығын білдірді:

- Біздің ата-бабамыз рулық қатынастарды берік сақтаған, қастерлеген. Біз де сақтауға тырысамыз, бірақ қазір бұрынғыдай емес. Ал біздің балаларымыз мүлдем ұмытып барады. Кейбір жастар өзінің шежіресін, жеті атасын да атай алмайды. Олар үшін шежіре маңызды емес. Қазіргі жастарда құндылықтар өзгерген. Олар тіпті шежіренің қаншалықты маңызды екенін де білмейді. Тарихты білу керек. Өзінің шыққан жеріңді білу керек.

(қазақ - 51 жас, Қазтай Ұлтарақов ауылы).

Тағы бір айта кететін жәйт, кейбір ауыл тұрғындары рулық қатынастар тақырыбында зерттеу жүргізудің қажеті жоқ деп кеңес бере бастады. Олардың көзқарасы бойынша бұл тақырыпты көтеру өте қауіпті, себебі, руға бөлінушілік көбейіп, пайда болған трайбализм қоғамның бейбіт өміріне кедергі болады деп қорқынышын білдірген болатын. Расында рулық қатынастар Кеңес үкіметі кезінде жабық тақырыптардың бірі болған. Сол дәстүр әлі де сақталып келетін сияқты.

Респонденттердің көзқарасы бойынша рулық қатынастардың маңыздылығы мәдениет пен «жеті атадан қыз алыспау» дәстүрін сақтау үшін қажет деп есептейді. Әсіресе жастар арасында қыздың руын сұрау дәстүрі бүгінгі күнге дейін сақталып қалған. «Жеті атадан бері қыз алыспау» дәстүрінің терең мәні бар. «Жеті жарғының» өзінде некеге қатысты бөлімінде болашақ жұбайлардың жеті атаға дейін туыстық қатынаста болмауы талап етілген [182]. Егер де жастар дәстүрді бұзған болса, оларға теріс бата беріп, әртүрлі жазалар қолданылған, тіпті өлтіру жазасын да қолданылған. Ол жөнінде «Қалқаман-Мамыр» тарихи оқиғасында жақсы суреттелген. Қазіргі зерттеулердің нәтижесінде туыстық қатынастағы ерлі-зайыптылардың ұрпағы әртүрлі генетикалық ауруларға тап болатынын дәлелдеген. Ал егер де жігіт басқа рудың қызын алса, ұрпақтың тектілігін, қан тазалығын және ұрпақтың саулығының кепілі болған:

- Шежіре – бұл өз тарихынды білу, өз тегін білу, жеті атасын білу және жеті атадан бері қыз алыспау дәстүрін қатаң сақтау...

(қазақ – 65 жас, Қасымбек ауылы).

- Жеті ата білу маңызды, себебі қазақта жеті атадан бері қыз алыспау ережесін қатаң сақтаған. Біз де сақтау керекпіз. Сонда ұрпағымыздың денсаулығы мықты болады, қан таза болады.

(қазақ – 45 жас, Көктөбе ауылы).

Жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу жұмыстарының нәтижелері рулық қатынастардың дәстүрлі және мәдени маңыздылығымен қоса әлеуметтік және экономикалық жағынан да қолданыс тапқанын көрсетті.

Экономикалық салада рулық қатынастар патрон-клиенттік байланыс арқылы жанданды. Кәсіпкерлер арасында туыстық, рулық байланысы болса, бір-біріне көмектесу мен сенімді қатынас орнату жоғарылай түседі. Тағы бір патрон-клиенттік қатынасқа мысал ретінде өзара тиімді ықпалдастықты айтуға болады. Мысалы, бір жағынан материалдық немесе техникалық көмек болса, екінші жақтан әкімшілік, құжаттарды өткізу, немесе билігін сақтап қалуда ықпалдасу сияқты тиімді әрекеттестікті айтуға болады.

Сонымен қатар, жұмыс берушілер талантты жастардың ішінде өз руластарын өзіне тартуға тырысады. Осындай жағдайлар зерттеу барысында жиі ұшырасты:

-... Ол өте талантты бала. Жақсы семьядан шыққан, біз рулас екенбіз. Сондықтан оны күмәнсіз жұмысқа алу керек деп ойладым.

(қазақ – 33 жас, Қазтай Ұлтарақов ауылы).

Экономикалық өзара тиімді қатынастарды рулық негізде орнатуға да мысал келтіре кетсек:

- Иә, әрине, бір-бірімізге көмектесеміз, мүмкіндігімізше. Біз бір руданбыз зой. Егер оған көмек керек болса, мысалға, ауыл шаруашылығына қажетті техника беру, мен беремін. Көмектесу керек.

(қазақ - 58 жас, Ынтымақ ауылы).

Енді әлеуметтік байланыстарға келетін болсақ, рулық қатынастардың қала мен ауыл арасында әлеуметтік байланыс орнатуда маңыздылығы қандай деген сұрақ туындауы заңдылық. Ауылдағылар қалаға көшкен туыстарымен, руластарымен қалайша байланысты сақтайды? Байланыстың экономикалық тиімділігі көрініс таба ма? – деген сұрақтарға жауап іздедік.

Зерттеу барысында әлеуметтік байланыстардың сөзсіз сақталып отырғандығын байқадық. Қалаға жаңадан көшіп бара жатқан ауыл тұрғындары бұрынырақта қалаға көшіп кеткен, сол жерде орнығып тұрып жатқан туыстары мен руластарынан көмек сұрап іздеп барады. Сөйтіп

уақытша не тұрақты тұрғын үй мәселесін шешу, жұмыс табу, тіпті кеңес беріп, үлкен қалада араласатын адамын табу үшін руластарын іздеп барады екен.

- Балам қалаға оқуға түскенде, бес жыл бұрын көшіп кеткен көршіміздің баласын іздедік. Бірінші соның үйін тауып алып, университет жөнінде, жатақхана мен тұрғын үй мәселесі сияқты сұрақтарымызды қойып, баламды бір көзбен қарап қой деп айтып кеттік. Енді қала үлкен, басқа жақын туысымыз жоқ болған соң таныс, көрші, рулас – бәрін іздеп кетесің ғой.

(қазақ, 60 жас, Қазтай Ұлтарақов ауылы).

Бірақ зерттеу барысында біздің байқағанымыз, адамдар рулық қатынастардан басқа әлеуметтік байланыс түрлерін де мысалға келтіріп отырды. Яғни, рулық қатынастардан басқа, олар – көршілік, сыныптас, жерлес және тағы сондай сияқты байланыс түрлерінің маңыздылығын көрсетті. Мысалы:

- Біздің заманымызда кез келген байланыстар маңызды. Ол сенің туысын болмаса да, рулас та болмаса да, мүмкін бір армияда болған шығарсың немесе бірге мектепте, не университетте оқыған шығарсың. Ең бастысы бір-біріңді байланыстыратын ортақ нәрсені табу. Сонда әңгіме де басқаша жүреді.

(қазақ, 47 жас, Қасымбек ауылы).

- ...ол менің туған ағаммен бірге армияда болған екен. Мен ол кезде тым кішкентай болдым, сондықтан есімде жоқ. Осыны еске алып, тез арада оны қаладан тауып, ортақ тіл табыса алдым...

(қазақ, 64 жас, Ынтымақ ауылы).

Сонымен, зерттеу барысында алынған жауаптарды сараптай келе, біз қазіргі заманда рулық қатынастардың дәстүр мен мәдениетті сақтау мақсатымен қоса, өз мақсаттарын орындау үшін де құрал ретінде қолданылатынын байқадық. Бірақ рулық қатынастармен қатар басқа да әлеуметтік байланыстар бірге жүреді.

Ал енді рулық қатынастардың саясатта алатын орнын қарастыратын болсақ, біз бірнеше авторлардың жұмысына сараптама жасадық. Жалпы алғанда саясатта рулық қатынастарды жария қылмайды, ол өте құпия тақырып болып табылады.

Американың танымал зерттеушісі Кетлин Коллинз Орталық Азияда кландық саясатты зерттеген. Ол үш жыл бойы далалық зерттеу жұмыстарын жүргізген. КСРО кезінде түбірімен жойылғандай көрінген кландық саясат Орталық Азия елдерінде 90-жылдары қайта жандана бастады деген пікірге келді [183].

Қазақстанда кландық саясат туралы канадалық зерттеуші Эдвард Шатц зерттеу жүргізді. 2004 жылы оның танымал «Заманауи кландық саясат» атты

кітабы жарық көрді, алайда бұл кітап оатндық зерттеушілер тарапынан көптеген сын-пікірлерге тап болды. Эдвард Шатцтың көзқарасы бойынша жоғарғы билік басында Ұлы жүзден шыққан адамдардың үлес салмағы басым болып табылғанымен, басқа төменгі салаларда жағдай басқаша. Әрине, Кеңес кезінен қалған рулық қатынастардың құпиялығын сақтау дәстүрі осы күнге дейін өз жалғасын табуда.

Автордың көзқарасы бойынша, рулық қатынастар билікте әр уақытта қолданыла бермейді. Кейде олар маңызды болса, кейде ешқандай факторға өз әсерін тигізе алмайды. Эдвард Шатцтың пікірі бойынша кландық саясат, саясатта туыстық қатынастардың көрініс алуы – бұл мемлекеттің не қоғамның артта қалушылығын көрсетпейді. Бұл мемлекеттің саяси құрылымының ерекшелігін ғана көрсетеді. Тіпті тарихта түрлі алып империялардың өзінде билік басындағылардың көмекшілері туыскандарын тартып отырған, себебі туыстық қатынастар өте төзімді, берік болып келеді.

Бүгінгі күннің өзінде кландық саясатты өз ішінде ұтымды және сәтті қолданып отырған мемлекеттер қатары аз емес. Соның бірі ретінде автор Кенияда «Харамби» дәстүрін мысалға келтіреді. «Харамби» сөзі тіпті Кения елтаңбасында жазылған (Сурет 5). Бұл сөздің негізгі мағынасы Кения қоғамдастығының өзіне-өзі көмектесу шаралары дәстүрі. 1963 жылы Кения тәуелсіздігін алғаннан кейін оның алғашқы президенті Джомо Кениата «харамби» сөзін жаңа ұлттық бірегейлікті құру үшін елді біріктіру тұжырымдамасы ретінде қолданған болатын.

Сурет 5. Кенияның елтаңбасы.



Осы орайда Эдвард Шатц Қазақстанда рулық қатынастар мен кландық саясат елде қалыптасқан дәстүр болса, онда оның оң жақтарын қолданып қоғамға интеграциялау керек деп есептейді. Сондықтан кландық саясатты жария қылып, соның негізінде саяси құрылымды реформалау керек деп кеңес береді [165]. Расында рулық қатынастар сияқты бейресми әлеуметтік байланыстар демократиялық қоғамды құруға үлкен кедергі болып саналады. Сондықтан ру-руға бөліну, соның негізінде саяси құрылымды өзгерту мемлекеттегі

тұрақтылықтың бұзылуына алып келуі әбден мүмкін. Біздің көзқарасымыз бойынша рулық қатынастар сол дәстүр шеңберінен аспағаны абзал.

Америкалық зерттеуші Барбара Жүнісбай өзінің 2007 жылғы жүргізілген зерттеуінде Қазақстанда кландық саясатты талдаған болатын. Сонда әр кланның құрамын зерттей келе, зерттеуші олардың бір рудан шықпағанын алға тартты [184].

Қазақстандық саясаттанушы Ашимбаев Данияр өзінің «Кто есть кто в Казахстане» атты биографиялық энциклопедиясымен танымал. Ол Қазақстанның саясаткерлерінің өмірбаянын зерттеп, әрқайсысының қай рудан шыққаны туралы жазған. Оның көзқарасы бойынша, қазақ элитасының кландарға бөлінісі тек рулық негізде құралмаған [185].

Әлеуметтік-мәдени және нарықтық жаңғыру сияқты әлемдік дамудың қазіргі тенденциялары да Қазақстанды айналып өтпейді. Алайда, олар елдің барлық тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал ететін факторға айналған жоқ. Бұл үрдістер дәстүрліліктің жандануына ықпал ететін қазақ халқының қорғаныс реакциясын тудырды, соның бір мысалы ретінде рулық қатынастардың жандануын айтуға болады.

Бұл тарауда біз рулық байланыстардың тарихи даму эволюциясына тоқталып, оның қазіргі тәуелсіз Қазақстанда алатын орнын талдадық. Сондай-ақ, ру мен жүздің құрылу ерекшеліктерін түсіну үшін рулық қатынастарды зерттеудің бірнеше тәсілдері талданды. Айта кету керек барлық үш тәсілдің де маңыздылығын төмендетуге болмайды, өйткені олар рулық байланыстар феноменінің қалыптасуының әр түрлі аспектілерін, оның туысқандықпен байланысты модельдерін, территориясын, жергілікті өмір салтын, республикалық және аймақтық деңгейдегі саясатты және тағы басқаларын талдаған.

Қазіргі Қазақстанда бұл модельдер мен олардың зерттелуі ресми саяси дискурста сұранысқа ие емес, бірақ күнделікті өмірде өте өзекті болып табылады. Тарихи негізі бар рулық қатынастар қазіргі заманғы нарықтық және либералды даму модельдеріне сәйкес келмейді. Бірақ та олардың қазіргі кезде жандануына не себеп? Жүргізілген зерттеуіміз шеңберінде осы сұраққа жауап іздедік. Қазіргі кезде рулық қатынастар өмір сүру мен даму мәселелерін шешуде сенімді байланыстар мен қарым-қатынастар орнатуға, отбасына (үй шаруашылықтарына) қосымша ресурстар тарту үшін қазақтың дәстүрлі тәжірибесін тиімді қолданып отыр.

Бірақ та егер, біз Қазақстанның қоғамдық санасын жаңғырту мақсаттары тұрғысынан рулық байланыстардың генезисі, дамуы мен ыдырауының логикасын ескеретін болсақ, онда қазіргі қоғамдағы рулық құрылымның функционалдық және символдық мәні бар екендігін түсінуіміз керек. Алайда, трайбализм өзінің маңыздылығы мен өміршендігін іс жүзінде бірнеше мәрте көрсетті, бұл жерде қазіргі Қазақстанда оның қандай формада жүзеге асырылып жатқанын түсіну маңызды. Ауыл тұрғындарының жауаптары, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген мақалаларға

жүргізілген талдаулар рулық байланыстардың негізінен квазитрайбализм түрінде белгі беретіндігін көрсетеді.

Қорыта келе жүргізілген зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, қазақстандықтар рулық байланыстарды қажет болған жағдайда әр түрлі формальды және бейресми жағдайда туындайтын әлеуметтік байланыстар шеңберінде қолданады: әріптестері, әскердегі қызметтестері, жерлестері, университет студенттері, көршілер және т.б. Осы сияқты түрі әлеуметтік байланыс түрлерін алға тартады. Соның ішінде рулық қатынас та белгілі бір дәрежеде ықпалды байланыс түрі болып табылады. Ал тайпалық, рулық байланыстар – бұл халықтың тарихи жады ретінде сақталуы тиіс мәдени тарихи мұра [186].

Сонымен жоғарыда айтылған фактілер біздің алдын ала келтірген гипотезамызды дәлелдеп тұр. Рулық қатынастар қазіргі уақытта өзінің әлеуметтік-мәдени, дәстүрлі құндылығын бірте-бірте жоғалтып, өзінің мүдделерін орындау мақсатында бейресми қатынастардың бір түріне айналып отыр.

2.2. Жалпықазақстандық бірегейлікті қалыптастыру және қазақ этникалығының генезисіндегі тілдің қызметі

Қазақстан тарихи қалыптасу барысында 120-дан аса этностар мен этникалық топтар мекен еткен көпұлтты елге айналды. Мемлекетіміз алғаш тәуелсіздік алған кезде жалпы халық санағында қазақтардың үлес салмағы аз болды. Ресми статистика мәліметтеріне сүйенер болсақ, 1989 жылдың өзінде қазақтардың 63 % орыс тілінде сөйлеген. Ал қала қазақтарының 30 % мүлдем қазақ тілін білмеген [187]. Сол себепті Қазақстан мемлекет тәуелсіздік алған жылдары тілге қатысты саясатын бірден қатаң жүргізе алмады. Бірақ 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша, қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесі берілді. Ал орыс тілі ресми тіл деп белгіленіп, қазақ тілімен теңдей дәрежеде ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде заңды түрде бекітілді.

Конституция бойынша бекітілген орыс тілінің дәрежесі бір жағынан, қазақ тілінің дамуына кедергі жасаса, екінші жағынан көпұлтты елде бірлік пен ұлтаралық келісімді сақтауға көмектесті. Сонымен қатар, Қазақстанда басқа да этникалық топтардың тілдерін дамытуға жол ашылды. Қазақстан Республикасының бұрынғы Президенті Н.Ә.Назарбаев бұл жөнінде былай деген болатын: «Қазақстанның барлық халықтарының тілі мен мәдениетіне қолдау көрсету қажетпіз. Ешкім өз тілінде сөйлеуге және дәстүрлерін ұстану құқығынан айрылмау керек!» [188]. 2010-2011 жылдары республикамызда орта білім мектептерінің саны 7646 болды. Оның 3828-і мемлекеттік тілде болса, 1573 мектеп орыс тілінде білім берді. Ал мектептердің 58-і өзбек тілінде, 14-і ұйғыр тілінде, 2-і тәжік тілінде, 7-і ағылшын тілінде оқытты, ал 2164 мектеп аралас тілді деп есептелінді [189]. Көріп отырғанымыздай, Қазақстанда кез келген этнос өз тілінде мектеп ашу құқығы сақталып келеді. Алайда 1997 жылдың 11 шілдесінде «Қазақстанның тіл туралы» заңында

«Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп көрсетілген [190]. Сондықтан қай тілді мектеп болмасын мемлекеттік тілді оқыту міндетті болып саналады.

2001 жылы «2001-2010 жылдары тілдердің қызметі мен дамуы жөнінде мемлекеттік бағдарлама» қабылданды. Бұл бағдарлама бойынша, әрбір мемлекеттік мекемелерге 2010 жылдарға дейін бірте-бірте қазақ тіліне толығымен өту қажет деп қарастырылған [191].

2004 жылдан бастап мемлекеттік мекемелер қазақ тілінде іс-қағаздар жүргізе бастады. Мысалға, 2004 жылы Ауыл шаруашылық министрлігі іс-қағаздарын қазақ тілінде жүргізуге толығымен көшті [192]. Ал 2006 жылы Қазақстанның Атырау, Жамбыл, Маңғыстау, Қызылорда және Оңтүстік-Қазақстан облыстарының мемлекеттік мекемелері толығымен қазақ тіліне көшкенімен бірқатар қиыншылықтарға тап болды.

2007 жылдан бастап Мемлекет басшысының бастамасы бойынша "Тілдің үш тұғырлылығы" атты ұлттық мәдени жобасы қабылданды [193]. Яғни, бұл жоба бойынша әрбір Қазақстан азаматы үш тілді жетік меңгеру қажет. Жалпы айтқанда үш тілді меңгеру жөнінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев бірнеше рет айтқан болатын. 2006 жылы қазанда Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында бұл тақырыпты тағы бір мәрте көтерді. 2007 жылы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауы кезінде осы үш тілді жобаны іске асыру мәселесін шындап көтерді. Осы жолдауда: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі» деп атап көрсетті [194].

ЮНЕСКО концепциясы бойынша «көптілді білім беру» дегеніміз білім беру саласында кем дегенде үш тілді қолдану, яғни, туған тіл, аймақтық тіл және халықаралық тілді меңгеру [195]. Үш тілде берілген білім жоғары сапасымен ерекшеленеді. Назарбаев интеллектуалды мектептерінде осы үш тілде білім беру методикасы қолданылып келеді және өзінің артықшылығын дәлелдеп отыр. Сонымен қатар, жалпы Қазақстанда бүгінгі күні 30-дан аса мектепте үш тілді оқыту әдістемесі пайдаланылады. Енді болашақта бұл үш тілді бағдарламаны тек мектепте ғана емес, оған қоса мектепке дейінгі және жоғары білім беру орындарында жаппай енгізу мақсаты тұр. Сонда үш тілде білім беру үздіксіз жүргізіліп, оң нәтиже бермек.

Бұл реформаға қоғам ішінде қарсылық білдірушілер де аз болмады. 2009 жылы 26-қарашада Мұхтар Шаханов бастаған 124 интеллигенция өкілдері, танымал мәдениет қайраткерлері, газет пен журналдардың бас редакторлары, қоғамдық ұйымдардың белсенділерінің қолы бар және 5 мыңға жуық адамдардың қолдауымен петиция жазылды. Олардың көзқарасы бойынша, бұл жоба қазақ тілін біртіндеп өлі тілдер қатарына жатқызады, ал орыс және ағылшын тілдерінің мәртебесі жоғарылай түседі деп есептейді [196]. Жобаға қарсы болғандардың алаңдаушылығы үкімет орыс тілі мен ағылшын тіліне көп

көңіл бөлетін болса, қазақ тілдің қоғамдағы жағдайы одан бетер нашарлап, адамдардың қазақ тілін үйренуге деген ынтасын жоюды.

Көптеген қазақтар қазақ тілінің дамуы өте баяу жүріп жатыр деп есептейді. 2009 жылдың 20 қыркүйегінде Алматыда қазақ тілін дамыту және қоғамдық өмірдің барлық салаларына енгізуді қолдаушылардың митингі өтті [197]. Белсенділер қазақ тілінің қоғамда рөлін жоғарылату талабымен наразылықтарын білдірген болатын. Тіпті қазақ тілінде іс-қағаздар жүргізу үрдісі өте баяу жүрді. Расында да іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізу тек 2009 жылы көшті [198]. Орыс тілді Қазақстан азаматтарының көбісі қазақ тілін үйренуге асықпады. Қазақ тілінің осындай мүшкіл жағдайы ұлтжандыларды қанағаттандырмады. Олар қоғамда қазақ тілінің мәртебесін көтеруді ұсынды. Ал орыс тілді азаматтар болса, қайта орыс тілінің мәртебесін көтеруді әрқашан талап етіп отырды. Сондықтан да бұл тіл мәселесі қазақстандық қоғамда әлі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ұлтжанды қазақтар үшін қазақ тілі Қазақстанда ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда маңызды орын алады.

Қазақ тілінің дәрежесін көтеру мақсатында 2017 жылы қазақ тілін латын графикасына көшіруді ресми түрде қолға алды. Жоспар бойынша латын графикасына көшу 2025 жылы толығымен аяқталуы тиіс. Осы орайда латинизация үрдісінің қолдаушылары мен қарсыластары қоғамда пайда болды.

Жоғарыда айтылғандай қазақ тілінің қазіргі кезде қолданып жүрген жазу графикасы КСРО кезінде қабылданды. Сондықтан кириллицаға көшкен кезде қазақ тілінің ерекшеліктері ескерілмей қалды, тілімізге жат лингвистикалық құрылымдар енгізілді. Мысалға, қазақ тілінде мүлдем қолданылмайтын ё, ц, ч, щ, ь, ь, э, ю, я әріптерінің енгізілуі соның бір айғақ дәлелі болып табылады. Жаңа латын графикасындағы әліпби қазақ тілінің ерекшеліктеріне негізделіп құрастырылған.

Екіншіден, латын графикасын қолданатын әлемде әртүрлі тілдердің үлес салмағы үлкен. Әлемде ең дамыған жиырма мемлекеттің он сегізі осы латын графикасын пайдаланады. Қазіргі кезде әлемнің тілі ретінде танылған ағылшын тілі де осы латын графикасының негізінде жасалған. Сол үшін Қазақстан тілі, мәдениеті арқылы әлемдік үрдіске тезірек қосылуына өз септігін тигізеді.

Үшіншіден, түрік елдерінің көбісі осы латын графикасын таңдаған: Түркия, Өзбекстан, Әзербайжан және Түркменістан. Себебі түрік тілдеріндегі дыбыстардың ерекшелігіне қарай латын графикасы көбірек сәйкес келеді [199].

Ал енді қазақ тілінің латын графикасына көшудегі қандай теріс жақтары бар екенін талдайық:

Біріншіден, латын графикасына өтуде оқытатын және даярлайтын арнайы мамандардың тапшы болуы. Кәсіби даярлаған мамандардың аздығынан оны оқытуда әртүрлі мәселелер туындап, қазақ тілін жас ұрпаққа үйретуде үлкен тосқауыл болуы мүмкін.

Екіншіден, латын графикасына көшу көп қаражатты қажет етеді. Әліпбиді жасаудың өзіне бүгінгі күні үш мыңнан аса адам жұмыс істеп жатыр. Оған қоса, қаншама жаңа оқулықтарды шығару керек болады. Себебі кириллицамен жазылған тек қазақ тілі оқулықтары ғана емес барлық пәндер бойынша кітаптар жарамсыз болып кетеді. Осының барлығы үлкен қаражатты қажет етеді. Халық арасында экономикалық тұрақсыздық жағдайында қаражатты бұдан гөрі басқа өзекті мәселелерге бөлген дұрыс деп есептейді [200].

Үшіншіден, қазақтың ғасырлар бойы жиналған мәдениет мұрасы ұмыт болу қаупі бар. Кириллицадан бас тартсақ, латын графикасымен үйренген жас буын көптеген әдеби туындыларды, ғылыми кітаптарды түсінбей қалады.

Жоғарыда келтірген факторларды талдай келе, осындай қорытындыға келуге болады: әрине әліпбиді ауыстыруда үлкен қиындықтар туындауы мүмкін, бірақ бұл мәселеде асығудың қажеті жоқ. Мәселен, Қазақстанға дейін латын графикасына көшкен мемлекеттердің тәжірибесін зерттеп, қателіктерді есеп алып, оңтайлы жолды таңдаған жөн. Мысалы, Өзбекстанның латын графикасына көшуде тәжірибесін алып қарайтын болсақ. Жалпы алғанда мемлекет латын әліпбиіне көшуді 1993 жылы ресми түрде қабылдаған болатын. Толығымен көшу 2023 жылға дейін жоспарланған болатын. Қазіргі кезде Өзбекстанда кириллица мен латын графикасы қатар қолданып келеді. Көбінде кириллицаны іс-қағаздар жүргізу, құқықтық нормалар мен іскерлік салада қолданады. [201]. Қазақстан тарапынан да латын графикасына көшуде кешенді жоспар құрылып, қадам-қадаммен іске асырса, көптеген қиындықтарды алдын алып, қоғамда бұл үдерістің жұмсақ өтуіне жол ашылар еді.

Қазіргі кезде Қазақстанда қазақ тілінің жағдайы қандай? Осы сұраққа жауап беру үшін біз статистикаға жүгініп мәлімет ала аламыз. Сондай-ақ, ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының 2019 жылы жүргізілген зерттеуінің нәтижелері де қазақ тілінің жағдайы туралы нақты мәліметтер береді. Зерттеу нәтижесі бойынша, қазіргі кезде Қазақстанның тіл мәселесінде ұстанатын саясатына қарай «толерантты мемлекет» бейнесі қалыптасты [118]. Себебі елімізде қазақ және орыс тілдерін бірдей қолдану арқылы көпмәдениетті қоғамның мүдделерін сақтау саясаты қабылданған. Оның үстіне, Қазақстанда мемлекеттік тілді үйрену әкімшілік мәжбүрлеуге жатпайды, бұл халыққа салыстырмалы тілдік еркіндік береді. Алайда, мұндай бостандықтар қазақ тілінің дамуына теріс ықпалын тигізіп жатыр. Атап айтқанда, қазақ тіліне қоғамда қойылатын қатаң талаптың болмауынан Қазақстанда тұратын қазақ тілді емес азаматтардың мемлекеттік тілді үйренуге талпынбайды.

Бүгінде кәсіби ортада мемлекеттік тілді қолдану мәселесі өте өзекті болып отыр. Респонденттер қазақ тілінің терминология мен категориялық аппараты әлсіз болғандықтан әр түрлі кәсіби салаларда мемлекеттік тіл мүлдем қолданылмайтынын, оған қоса кейде адамға қазақ тіліне қарағанда орыс тіліндегі ақпаратты қабылдау әлдеқайда жеңіл болатынын атап өтті.

Түркістан, Атырау, Шымкент және Нұр-Сұлтанның қалалары тұрғындары қазақ тілінің мәртебесі мен оның қоғамда алатын орнына қанағаттанбайды. Бұл аймақтардың өкілдері орыс тілінің басымдылығына байланысты мемлекеттік тілдің беделі өте төмен деңгейде деп есептеуге бейім. Сонымен қатар респонденттердің белгілі бір бөлігі саясаткерлер мен мемлекеттік қызметкерлер елге үлгі болып халықты мемлекеттік тілде сөйлеуге ынталандырудың орнына өздері де қазақ тілінде тиісті деңгейде сөйлемейді деген пікірі бар.

Жоғарыда айтылған зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша Қазақстанның кейбір аймақтарының тұрғындары қазақ тілінің, керісінше, қоғамдағы орнын нығайта түскенін атап өтті. Мысалға, Түркістан облысының ауылдық жерлерінің тұрғындары үкімет халықтан қазақ тілінде сөйлеуді белсенді түрде талап ете бастады деп есептейді. Оған қоса 18-30 жас аралығындағы Қарағанды тұрғындары жұмыс бабында мансаптық өсу мемлекеттік тілді меңгеру дәрежесіне тікелей байланысты екенін атап өтеді.

Айта кететін бір жәйт, сауалнамаға қатысқан басқа этникалық топтар арасында (бірінші кезекте этникалық орыстар) қазіргі кезеңде қазақ тілін дамыту орыс тілінің қолданылу аясының қысқаруына әкеледі деген пікір қалыптасқан. Бұл топтың ішінде әсіресе егде жастағы адамдар бұл мәселенің өте өзекті екенін алға тартады. Себебі олар жас ұлғайған сайын қазақ тілін үйренуде елеулі қиындықтарға тап болатынын айтады.

Зерттеуге қатысқан респонденттердің көбі қазақ әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру қатты алаңдатады. Әліпбидің жаңа нұсқасына бейімделудің қиындығы сияқты айқын мәселеден басқа, мұндай қадам респонденттердің пікірінше, бұрын қазақ тілінде ұсынылған көркем, тарихи және ғылыми материалдардың жоғалу қаупін тудырады.

Соңғы зерттеулер көрсеткендей (Диаграмма 1), қазіргі кезде күнделікті өмірде қолданылу дәрежесі жағынан ең көп таралған тіл – орыс тілі. Көбінесе қазақстандықтар орыс тілінде достарымен / туыстарымен хат алмасу, кітап оқу, ресми және кәсіби қарым-қатынас жасау, теледидар жаңалықтарын тыңдауды жөн көреді. Ал қазақ тілін отбасы мүшелерімен қарым-қатынаста жиі қолданады.

Диаграмма 1 – Сіз қай тілде..?



Жалпы алғанда әлеуметтанулық сауалнама негізінде жүргізілген зерттеулер нәтижесінде қазақ тілінің қолдану аясы Қазақстанның әрбір облысында әрқалай екені байқалды.

Кесте 5 - Этникалық қазақтар арасында облыстар бойынша қазақ тілін күнделікті өмірде және кәсіби қарым-қатынас шеңберінде қолдану жиілігі бойынша көрсеткіштер

	Хабарлама жазу	Кітап оқу	Отбасында	Ресми қарым-қатынас	Жаңалықтарды оқу/тындау
Ақмола облысы	34%	34%	72%	34%	41%
Ақтөбе облысы	59%	52%	78%	52%	52%
Алматы облысы	74%	77%	90%	74%	74%
Атырау облысы	97%	90%	97%	89%	89%
БҚО	35%	30%	63%	35%	35%
Жамбыл облысы	48%	33%	78%	33%	49%
Қарағанды облысы	35%	35%	55%	35%	43%
Қостанай облысы	19%	23%	54%	8%	19%
Қызылорда облысы	96%	90%	94%	92%	88%
Маңғыстау облысы	88%	78%	96%	75%	75%
Түркістан облысы	86%	75%	94%	76%	81%
Павлодар облысы	29%	17%	57%	11%	51%
СҚО	21%	0%	14%	21%	29%
ШҚО	53%	36%	74%	30%	55%
Алматы	73%	68%	85%	63%	64%
Нұр-Сұлтан	28%	22%	56%	19%	25%
Шымкент	67%	62%	84%	61%	54%

5 кестеде көрсеткендей, қазақ тілін жиі қолданатын облыстар қатарына Атырау және Қызылорда облысын жатқыза аламыз. Ал қазақ тілі Солтүстік Қазақстан облысында ең аз қолданылады.

Этникалық қазақтар арасында қазақ тілін Алматы, Атырау, Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан облыстарында, сондай-ақ Алматы қаласында тұратын қазақтар туыстарымен, достарымен жазбаша қарым-қатынас жасау үшін; әдебиетті оқу үшін – Алматы, Атырау, Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан облыстарының қазақтары; отбасындағы қарым-қатынас үшін – Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан облыстарының тұрғындары жиі қолданады.

Көріп отырғанымыздай, 30 жыл ішінде қазақ тілінің дамуы әлі де болса толыққанды деп есептелінбейді. Қазіргі кезде қоғамда орыс тілінің мәртебесі берік сақталған. Көптеген бағдарламалар мен бөлінген қаражаттың көмегіне қарамастан қазақ тілінің осындай жағдайы ұлт жанашырларын қатты

алаңдатады. Осы мәселенің шешімін табу үшін не істеу қажет? Біздің көзқарасымыз бойынша алдымен осындай жағдайдан өткен басқа мемлекеттердің тәжірибесін сараптау қажет деп есептейміз. Мысалға, бұрын отар болған елдерде өз тәуелсіздігін алғаннан кейін ұлттық тілді қалпына келтіру үрдісі қалай жүргенін зерттеу керек.

Осыған айқын мысал ретінде отарлықта болған Алжир елін қарастыруға болады. Бір жағынан қарасақ, сонау Африка елінің Қазақстанмен қандай байланысы бар деген сұрақ туындауы мүмкін. Расында бір қарағанда Алжирдің Қазақстанмен ешқандай ұқсастығы жоқ сияқты. Алайда, қазақстандық қоғамда өзекті болып отырған осыған ұқсас тіл мәселесі Алжир елінде де бар.

Тарихқа жүгінетін болсақ Алжир территориясында көптеген бытыраңқы кішігірім сұлтанаттар билік еткен. 1848-1963 жылдар аралығында Алжир Францияның отаршылығында болды. Оған дейін Алжир Осман империяның құрамындағы ел еді. 1885-1930 жылдар аралығы Франция Алжирде көптеген өзгерістер жасап, қалаларын дамытты. Жалпы сол жылдар елдің «алтын ғасыры» ретінде есте қалды. Сол кезеңде Алжирге бір миллионнан аса шетелдіктер келіп, елде француз тілі қоғамда дамыған болатын.

Алжирде жалпы француз тілінің екі түрі тарады. Біріншісі – жұмысшылар мен қарапайым адамдардың арасында таралған ауызекі француз тілі. Екіншісі – билік басында отырған француз шенеуніктері мен интеллигенция арасында тараған әдеби француз тілі. Алжир халқы үшін француз тілін үйренудің ең маңызды каналдардың бірі әскерде қызмет ету болды. Бірінші және Екінші Дүниежүзілік соғысқа қатысқан жергілікті ер адамдар француз тілін фронтта жүргенде үйренді. Соғыстан қайтып келгеннен кейін олар француз тілін білгендіктен әкімшілікте жұмыс жасады. Оған қоса француз тілді мектептер негізінде француз тілін үйрету үрдісі қарқынды жүрді. Қарапайым халық француз тілін білу арқылы әлеуметтік және экономикалық жағдайды жақсартуда көптеген жолдарды ашатынын түсінді. Француз тілін білген адам жақсы жұмыс, жақсы табыс алатындықтан, барлығы тез арада тілді меңгеруге тырысты.

Бірақ 1960 жылдары Алжирде үлкен өзгерістер орын алды. 1963 жылы Алжир өз тәуелсіздігін жариялап, бірден жаңа қабылданған конституцияда мемлекеттік тіл әдеби араб тілі деп көрсетті. Ал француз тілі болса шетел тілі ретінде бекітілді. Себебі француз тілі қоғамда маңызды коммуникациялық функцияны атқарды.

1970-жылдары елді арабизациялау қозғалысы қарқынды жүрді. Соның нәтижесінде қоғамдық пікір екі түрлі көзқарасқа бөлініп жарылды. Бірінші топ арабтандыруды (арабизация) жақтады, ал екіншісі – француз тілін сақтап қалу мәселесін көтерді. Яғни, бір жағынан қоғамның жартысы исламдану үрдісін, араб тілінің таралуын қолдаса, қоғамның екінші бөлігі – модернизация мен еуропалық құндылықтарды, соның ішінде француз тілін сақтап қалуды жөн көрді. Осындай идеологиялық айтыс-тартыстың ортасында мәдениет, дін, дәстүр мен бірегейлік мәселесі қалды. Арабтандыруды қатаң қолдайтын

азаматтар Алжирде француз тілін ығыстыру қажет деп есептеді. Ал кейбіреулері араб тілін енгізуді кезең-кезеңмен бастау керек деген пікірді ұстанды.

Сөйтіп, 1968 жылы үкіметтің қаулысы бойынша билік басындағы барлық шенеуніктерге араб тілін меңгеру міндеттелді. Ал 1978 жылы «Алжирдің Ұлттық Хартиясы» жарияланды. Бұл құжат бойынша араб тілі алжир халқының ұлттық бірігейлігін қалыптастыруда негізгі элемент деп бекітілді. Арабтандыру үрдісі елдің барлық қоғамдық және мемлекеттік құрылымдарында тереңдеп жүрді. Білім беру, мемлекеттік және қаржылық мекемелері де толығымен араб тіліне өтті.

1986 жылы жаңа «Ұлттық Хартияда» Алжирдің арабтандыруға алған бағытын тағы бір мәрте нақты көрсететін араб тілі ұлттың бірлігін қамтамасыз ететін негізгі құрал ретінде танылды. Мемлекеттің қабылданған заңдары мен қаулыларына қарамастан француз тілі қоғамда өз мәртебесін жоғалтқан жоқ. Сондықтан 1991 жылы мемлекеттік басқаруда араб тілінен басқа тілді қолдануға заң жүзінде тыйым салынды. 1996 жылы үкімет толықтай араб тіліне көшуді 1998 жылы аяқтау қажет деп міндет қойылды. Ал 1998 жылы Араб тілі жөнінде жалпыға бірдей заң қабылданды. Бұл заң бойынша араб тілі мемлекеттік тіл ретінде бекітіліп, француз және бербер тілдерінің қолданысына шек қойылды. Тағы бір айта кететін жайт, француз тілді елдерді біріктіретін Франкофония ұйымына Алжир ғана кірмеді. Мемлекеттің осындай әрекеті биліктің француз тіліне деген ұстанымын көрсететті. Тек 1999 жылы билік басына келген Абдель Азиз Бутефлик президенті Француз тілімен қоса, ағылшын тілінің дамуына жол салынды.

Жалпы алғанда француз тілінің ұзақ уақыт бойы алжир қоғамында сақталып келеді. Билік тарапынан қатаң саясат жүргізгеніне қарамастан бүгінгі күннің өзінде француз тілі өз ұстанымын жоғалтпай отыр. Оған бірнеше себеп бар:

- Француз тілі мемлекетте маңызды экономикалық дамудың, жаңа технологиялар мен озық ғылым мен білім тілі болып сақталды. Сондықтан бизнес саласында және ғылым саласында француз тілін білу өте қажет;

- Танымал мамандықтар түрлері француз тілінде оқытылады. Жалақысы жоғары мамандықтар француз тілін қажет етеді. Ал дәстүрлі шаруашылықта араб тілі қолданылады да, француз тілін қажет етпейді. Ал Францияның өзінде білім алған мамандар өте бағалы кадрлар болып саналады;

- Тәуелсіздік алғаннан кейін Алжирде билік басына келген жаңа элита француз тілін жетік меңгерген еді. Сондықтан билік пен ақша бар жерде француз тілін білу қажет болды.

Көріп отырғанымыздай, Алжир мемлекетін біз мысал ретінде қарастырып отырғанымыз кездейсоқ емес. Көптеген тілге қатысты жағдайлар Қазақстанда да болып жатыр. Елімізде орыс тілінің рөлі Алжирде француз тілімен салыстыруға келеді. Қазақстанды орыстандыру саясаты қоғамда екі тілдің дамуына алып келді. Оған қоса «орыс тілінің» беделі сақталып қалды. Яғни орыс тілін білген адам беделді, жалақысы жақсы жұмысқа тұра алады. Орыс

тілін білген адам үшін көптеген жағдайлар жасалынып, қызметінде өсуге мүмкіндік туды.

Қазақстанның Алжирден ерекшелігі биліктің жүргізген саясатында екенін айту керек. Алжир тілге қатысты қатаң саясат жүргізсе, Қазақстанда орыс тілінің мәртебесі сақталынып отыр. Оған қоса, соңғы тілдік саясат бойынша елде үштілділікті дамыту қолға алынды. Тіпті, 2007 жылы 33 мектепте үш тілде оқыту бағдарламасы эксперимент ретінде жүргізілді. Сөйтіп, 2015 жылы 2015-2020 жылдарға арналған Жол картасы бойынша үштілді оқу бағдарламасына бірте-бірте көшу бекітілген.

Осыдан біз нені қорытындылай аламыз. Біріншіден, тіл мәселесі қоғамда бірден шешілетін мәселе емес, ол уақытты қажет етеді. Сондықтан Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан бері жүргізген тілге қатысты саясаты дұрыс ойластырылған деп санаймыз. Себебі, оған қатысты қатаң саясат ешқандай нәтиже бермейтінін Алжир мысалынан көрдік. Тіпті одан да бұрын тәуелсіздігін алған Үндістан, Гонконг және тағы басқа да алып мемлекеттерді мысалға алатын болсақ, оларда әлі күнге дейін метрополия тілі – ағылшын тілін адамдар жақсы меңгерген және қолданыстан шықпаған [202].

Екіншіден, бірнеше тілде сөйлейтін халықта қай тіл ұлттық бірегейліктің негізінде болады? Қай тілді бірегейлікті қалыптастырушы деп қарастыруға болады?

Осы сұрақтарға жауапты, біз, 2010 жылы қабылданған Қазақстанның ел бірлігі Доктринасынан көре аламыз. Доктрина бойынша Қазақстанда барлық этникалық топты біріктіретін «қазақстандық ұлт» моделі арқылы жаңа азаматтық ұлттық бірегейліктің қалыптасуына мемлекет тарапынан ықпал жасалынып жатыр. Осы турасында доктринада: «Біздің ұлттық бірлігіміз, этникалық шығу тегіне қарамастан, әрбір адамның жоғары деңгейде Қазақстанмен және оның болашағымен етене бірігуіне негізделген. Қандай да бір елдің азаматы болу – әр адамның тағдыры. Алайда, адамдар әрқашан таңдау құқығына ие – ал біз өз таңдауымызды жасадық. Біздің таңдауымыз терең дара сипатта, осы таңдау – біздің барлығымызды отандастар етеді. Себебі біздің ортақ еліміз, ортақ отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан. Тарихи тағдырымыздың ортақтығын түсіну және осы таңдауды түйсіне білу – елдің барша азаматын біріктіретін ең басты негіз» – делінген [203].

Сондықтан қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде өз мәртебесін сақтап қалды. Әр Қазақстан азаматы үшін мемлекеттік тілді білу міндеті саналды: «Бұл, ең алдымен, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолданыс аясын кеңейтуге қатысты. Оны меңгеру әркімнің парызы мен міндеті, жеке бәсекеге қабілеттілігі мен қоғамдық өмірге атсалысудағы белсенділігін айқындайтын ұмтылысы мен ынталануына айналуы қажет. Бұл шешуші басымдық, рухани және ұлттық бірліктің негізгі факторы» [204]. Алайда жаһандану үрдісі қарқынды жүріп жатқанда орыс және ағылшын тілдері қоғамда маңызды орын алады. Сондықтан қоғамда заңмен орыс тілін ығыстыру не мәртебесін түсіру мүмкін емес.

Баршамызға мәлім тілдің бірнеше функциялары бар. Солардың ішінде ең бастысы – тілдің коммуникативті функциясы. Тіл арқылы адамдар бір-бірімен араласады, ақпаратпен өзара алмасады. Сонда ақпарат алмасуда адам кез келген тілді қолдана алады. Бұл жағдайда тіл ақпарат ұғынудың немесе алудың кілті рөлін атқарып отыр. Қазақстанда үш тілді дамытудың артықшылығы осында. Әлемде ғаламтордың өзінде ақпараттың көбісі ағылшын тілінде тарайды. Халықаралық W3Techs зерттеу нәтижесі бойынша ғаламтордың ең танымал бір миллион сайттарының 57,6% ағылшын тілі контенттерінен тұрады [205]. Өкінішке орай қазақ тілінің ғаламторда қолданылуы жылдан-жылға өсіп келе жатса да, орыс тілінің деңгейіне жете алар емес. Соңғы зерттеулерге сүйенетін болсақ, Қазақстанда орыс тілді сайттардың үлес салмағы 84%-ды құрап отыр [206].

Сонымен қатар, әлемде алдыңғы қатарлы зерттеулер мен ғылыми жаңалықтар осы ағылшын тілінде жасалынады. Ranking.kz зерттеуі бойынша, Қазақстанда үш тілді білетін адамдар саны жылдан жылға көбейіп келе жатыр. Егер 2014 жылы үш тілді азаматтардың үлес салмағы 16%-ды құраса, 2016 жылы өсім байқалып 20%-ға жетті [207]. Ал 2016 жылы үш тілді мектеп бағдарламасы енгізілгенін ескерсек, бұл көрсеткіш одан әрі геометриялық прогрессияда өсуі қажет.

Сонымен қатар, тіл арқылы мәдени құндылықтар мен нормалар да тарайды. Яғни, адам қай тілді жақсы білсе, сол елдің мәдениетін түсінеді және оны өзі бойына сіңіреді деген сөз. Сондықтан көптеген ғалымдар тілді адамның ұлттық бірегейлігін қалыптастыруда алдыңғы орынға қояды. Бұл тілдің этносты қалыптастыратын функциясы жөнінде айтып отырмыз. Бір тілде сөйлейтін адамдар бір этносқа жатады. Жалпы этностардың пайда болып, адамдардың топ-топқа бөлінуінің бір факторы осы тілде екенін айттық. Яғни, этностың негізін тілмен қатар дәстүрлер мен мәдениет құрайды. Ал ұлт болса бірнеше этностан құрылуы мүмкін. Сондықтан осы этностарды өзара байланыстыратын бір ұлтаралық тіл қажет. Қазақстанда осы жағдайда орыс тілі ұлтаралық тіл рөлін атқарып отыр. Ал мемлекеттік тіл – қазақ тілі болып қалмақ.


Жалпы алғанда соңғы зерттеу жұмыстарымызда, атап айтқанда Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі Ғылым Комитеті Философия, Саясаттану және дінтану институтының «Қоғамдық сананы жаңғырту мақсаттары аясында Қазақстан бірегейлігін қалыптастыру» жобасы бойынша жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу жұмысында тіл мәселесін де көңіл бөлінді. Соның ішінде бір қазақ тілінің барлық қазақстандықтарды біріктіретін күш ретінде рөлін айқындауға қатысты сұраққа жауап іздеген болатынбыз. Сауалнамаға қатысушылардың жартысына дерлік қазақ тілі мен қазақ мәдениетінің Қазақстанда барлық этнос өкілдерін біріктіре алатын рөлін жоғары бағалады (Диаграмма 2) [118].

Диаграмма 2 - Қазақ тілі мен қазақ мәдениеті Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдерін біріктіруші күш ретінде саналады деген пікірмен келісесіз бе?



Бірақ бұл сауалға «толығымен келісемін» деген жауапты қоғамда азшылық этнос топтарын құрайтын адамдар қазақтардан екі есе аз белгіледі (Диаграмма 3) [118].

Диаграмма 3 - Қазақ тілі мен қазақ мәдениеті Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдерін біріктіруші күш ретінде саналады деген пікірмен келісесіз бе?



Бұдан біз қазақ тілінің басқа ұлт өкілдерінің арасында Қазақстанда ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда маңыздылығы есепке алынбай отырғанын көреміз.

Қазақстанда тіл мәселесінің болашағы қандай болмақ? Сараптама жасай келе, елімізде тіл саясатын дамытудың үш ықтимал сценарийін атап өткіміз келеді:

- қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту;
- орыс тілінің ұстанымын сақтау;
- үштілдік саясатты дамыту.

Біріншіден, қазақ тілін дамыту бағытын талдайтын болсақ. Жалпы алғанда қазақ тілін қолдаушыларын екі үлкен топқа бөліп қарастырамыз. Олардың бірін – «белсенді ұлттық патриоттар» деп, екінші бір топты «өте төзімділер» десек болады. Белсенді патриоттардың қатарына қазақтар көбірек шоғырланған Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Жамбыл, Қызылорда облыстары мен Шымкент қаласының тұрғындарын жатқызамыз. Бұл топтың өкілдерінің қазақ тілін дамытуды тездетуде кейде агрессивті түрде формаға өтеді.

Өз кезегінде, «аса төзімді» топтың өкілдері Қазақстанның көп ұлтты аймақтарында (Алматы облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Павлодар облысы, Қостанай облысы және Қарағанды, Алматы және Нұр-Сұлтан сияқты қалалар) тұратын этникалық қазақтар болып табылады. Бұл топ қазақстандықтардың күнделікті өміріне қазақ тілін кеңінен енгізудің маңыздылығын жоққа шығармайды, дегенмен, олардың пікірінше, мұндай саясат басқа халықтардың мүдделері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, кезең-кезеңімен жүргізілуі керек деп есептейді.

Сонымен бірге, тіл саясатының бұл бағытына этникалық орыстар мен басқа еуропалық ұлт өкілдерінің арасында да айқын қарсыластар бар. Бір жағынан, бұл топтың өкілдері мемлекеттік тілді үйренудің қажеттілігі жоқ деп есептейді. Бұл топтың респонденттері қазақ тілін белсенді түрде мәжбүрлеу орыстілді халықтың, ең алдымен Қазақстанның шығыс және солтүстік өңірлерінің тұрғындарының жаппай кетуіне әкелуі мүмкін деп санайды:

«Қазір бәрі қазақ тілін дамытуға тырысады, бірақ бұл адамдарды қорқыта бастады - бәрі Ресейге қашып жатыр»

(орыс, 26 жас, Алматы)

Тіл саясатының екінші бағыты – орыс тілінің ұстанымын сақтау. 30-жылдардағы ашаршылық салдарынан жергілікті халық үлесінің азаюы, Қазақ ССР территориясына халықтардың қоныс аударуы және тың жерлерді игеру сияқты тарихи процестер орыс тілінің кең таралуына әкелді.

Қостілділік саясатын қолдау Қостанай облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Павлодар облысы, Шығыс Қазақстан облысы сияқты аймақтардағы

этникалық орыстарға (негізінен егде жастағы топтарға) және Батыс Қазақстан облысының, Ақтөбе облысының және Алматы қаласының тұрғындарына тән. Бұл топтың кейбір өкілдері орыс тілінің рөлі жыл сайын орынсыз төмендеп келеді және оның қолданылу аясын кеңейту қажет деп санайды. Олардың көзқарасы бойынша, қостілділік саясатына немқұрайлы қарау қазақстандықтардың күнделікті өмірінен орыс тілін толығымен жойылуы әбден мүмкін деп есептейді:

«Бұл біздің ортақ тарихымыз, орыс тілін екінші орынға түсірмеу керек».

(орыс, 47 жас, Қостанай)

Этникалық орыстардан басқа, «аса толерантты» қазақтар да орыс тілінің сақталуына оң баға беріп, қостілділік арқылы басқа этностар өкілдерінің мүдделерін ескеретінін атап өтті. Жалпы алғанда, тіл саясатының бұл бағыты ең икемді нұсқа ретінде қабылданады, өйткені ол барлық ұлт өкілдерінің мүдделерін ескереді. Себебі Қазақстан аумағында болып жатқан кеңестік кезеңдегі көп жылдық тарихи оқиғалардың нәтижесінде орыс тілі қазақстандықтардың өміріне берік орын алғанын жоққа шығару мүмкін емес.

Тіл саясатының үшінші бағыты ретінде үштілділік алынды. Үштілділікті енгізу туралы идеяны алғаш рет Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында жариялады. Бір жылдан кейін, 2007 жылғы Президент Жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын кезең-кезеңімен жүзеге асыруды бастау ұсынылды. Бірақ бұл саясатты жүзеге асыруда қазақстандықтардың көзқарастары қарама-қайшы болды.

Бір жағынан бұл реформаны толығымен қолдайтындардың саны аз емес. Ағылшын тілі халықаралық тіл ретінде маңызды. Үштілділік саясатын жақтаушылардың көзқарасы бойынша, ағылшын тілін білу соңғы жаңалықтардан, трендтерден және инновациялардан хабардар болуға, сонымен қатар, ең өзекті ақпарат көздеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

«Үштілділік саясаты өте қисынды. Орыс тілі көпшілік үшін ана тілі, қазақ тілі мемлекеттік тіл, оны әркім білуі керек. Ағылшын тілі де қажет, өйткені барлық жаңа технологиялар мен инновациялар алыс шетелдерден және ағылшын тілінде келеді».

(орыс, 26 жас, Алматы)

Жалпы, тіл саясатының бұл саласына оң көзқарас Алматы облысы, Қарағанды облысы, Орал және Нұр-Сұлтан қалаларында тұратын 30 жасқа дейінгі жастар арасында байқалды.

Екінші жағынан, респонденттердің көпшілігі қазіргі білім беру жүйесінде үштілділік саясатын тиімді жүзеге асыруға негіз жоқ (ең алдымен педагогикалық кадрлардың біліктілігінің төмендігімен байланысты) деп

санауға бейім. Осы тұрғыдан алғанда, үш тілді қатар қолдануға көшу – асығыс қадам. Респонденттердің пікірінше, алдымен халықты мемлекеттік тілді оқытып, одан кейін ағылшын тілін күнделікті өмірге кезең-кезеңімен енгізуге көшкен дұрыс.

«Бәрі білім беру жүйесіне байланысты. Егер үштілділікті оқу орындарына дұрыс енгізсе, бұл бір мәселе, ал тек сөзбен, қағаз жүзінде енгізсе, бұл мүлдем басқа нәрсе. Тілдердің үштұғырлылығын қамтамасыз ету үшін алдымен оны енгізудің нақты тәсілдері мен берік базасын әзірлеу қажет».

(қазақ, 32 жас, Орал)

«Бәрімізге ең алдымен қазақ тілін дұрыстап меңгеріп алайық, содан кейін үштілділікке көшу туралы ойланамыз».

(қазақ, 49 жас, Қарағанды)

Сонымен, осы үш бағыт бойынша қазақстандықтардың көзқарасын сараптай келе, олардың оң және теріс жақтарын төмендегідей кестеде жүйеледік (Кесте 6).

Кесте 6 - Қазақстанда тіл саясатының бағыттары

Тіл саясатының бағыттары	Оң жақтары	Теріс жақтары
Қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту	<ul style="list-style-type: none"> - қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде мәртебесін нығайту - этникалық қазақтардың ұлттық бірегейлігін нығайту - тілдік негізде қақтығыс қаупін азайту - мемлекеттік тілді меңгерген халық үлесінің артуы 	<ul style="list-style-type: none"> - мемлекеттік тілді оқытудың төмен деңгейі - қазақ тілінде терминологиялық базаның және категориялық аппараттың әлсіз болуы - орыс тілінің этносаралық тіл ретінде мәртебесінің төмендеуі - тілдік қақтығыстар - Қазақстаннан орыстілді халықтың көшіп кетуі - қазақ тілінде тиісті оқу-әдістемелік құралдардың жоқтығынан жалпы

		сауаттылық деңгейінің төмендеуі
Орыс тілінің қолданыс аясын сақтау	<ul style="list-style-type: none"> - барлық этнос өкілдерінің тіл құқығын сақталуы - этникалық қазақтар арасындағы көптілділік - ақпарат көздеріне қолжетімділікті кеңейту - ТМД елдерінің өкілдерімен байланыс мүмкіндігі 	<ul style="list-style-type: none"> - қазақ тілінің қолданылу аясының азаюы - этникалық қазақтардың ұлттық-мәдени болмысын жоғалтуы
Үштілділікті дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - қазақстандық қоғамның көптілділігі - дүниежүзілік қоғамдастыққа интеграция - бастапқы дереккөздерге және өзекті жаңа ақпарат көздеріне қол жеткізу 	<ul style="list-style-type: none"> - қазақ тілінің қолданылу аясын азаюы - отандық білім беру жүйесінің үш тілде білім беруге дайын еместігі - орыс тілін ағылшын тілінмен ығыстыру - этникалық қазақтардың ұлттық-мәдени болмысын жоғалтуы

Қорыта келгенде, тіл ұлттық бірегейліктің маңызды белгілерінің бірі болып табылады. КСРО ыдырағаннан кейін қазақ тілінің рөлі айтарлықтай арта түсті дегенімен, оның күнделікті өмірдегі рөлі әлі де шектеулі. Қазақ тілінде сөйлейтіндердің пайызы өскенімен, қоғамдық ортада орыс тілінің үстемдігі толығымен жойылмады [208].

көптеген зерттеушілердің көзқарасы бойынша қандай салада қысым сезілсе, соған қарсылық, қарсы әрекет пайда болады. А. Малұфтің пікіріне сүйенетін болсақ, бірегейлік сезімі өзінің ерекшеліктерін қорғаумен негізделеді, яғни тіл, дін, әлеуметтік тиістілік, тері түсі сияқты ұлт ерекшеліктері кемсітушілікке немесе қорлауға тап болса, соны қорғау мақсатымен халық бірігеді. Бұл бірегейлік сезімін береді [209]. Егер де бүкіл бір этносқа тиісті бір мәселені қоғамда қайта еске салып немесе қайта қозғап көтерсе, халық арасында ескі жаралар қайта қансырағандай бастан өткерген әділетсіздіктер туралы жады қайта жандана түседі. Соны ескере келе, қазақ тілінің мәртебесінің өзекті мәселеге айналуының мәнін түсінуге болады. Тіл мәселесіне келгенде, шыдамсыздық таныту, тез арада нәтижеге келуді талап ету және күштеп әрекет етудің қажеті жоқ. Бұл үрдіске дұрыс бағыт берілсе, оның нәтижесін көп жылдан кейін ғана байқауға болады. Сондықтан тіл мәселесін шешуде осындай маңызды қағиданы ескеру қажет.

2.3. Қоғамдық сананы жаңғырту үрдісіндегі қазақ этникалығының өзгерісі

Қоғамдық сана – әлеуметтік өмірдің көрінісі және белгілі бір дәуірге тән ұжымдық идеялардың жиынтығы. Алғаш рет бұл терминді танымал неміс философы Ф. Гегель қолданған болатын. Кейіннен бұл терминді В.И. Ленин де өз еңбектерінде пайдаланды. Қоғамдық сананың құрамына келетін болсақ оның негізгі алты түрін атап өтуге болады: идеология, дін, құқық, мораль, ғылым және өнер.

КСРО-да коммунистік идеология негізінде қоғамның мәдени-идеологиялық өмірін түбегейлі қайта құру үшін мәдени төңкеріс жасалынды. Ең алдымен өз алдына дінді мемлекеттен бөліп шығарды [210]. Орта білім беру орындарында дінмен байланысты пәндерді оқу бағдарламасынан алып тастады. Атеистік насихат елдің ішінде өте кең таралды. Кеңестік адамдарға дін адамның санасын улайтын опиум деп үгіттелді. Кейіннен мәдени орталықтар мемлекет қарамағына алынып, олардың қызметі толық бақылауға көшті. Бұрынғы қасиетті саналған храмдар мен діни орындар клубтар мен қоймаларға айналды.

Тағы бір маңызды шара – сауатсыздықпен күрес жүргізілді. 1919 жылы 26 желтоқсанда РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі «РКФСР-да сауатсыздықты жою туралы» жарлыққа қол қойды. Жарлыққа сәйкес, 8-50 жас аралығындағы оқи да, жаза да алмайтын Кеңестік Ресейдің бүкіл халқы ана тілінде немесе орыс тілінде (қалауы бойынша) оқу мен жазуды үйренуі керек болды. Қоғамды толығымен сауатсыздықты жою үшін үлкен күш қажет талап етті. 1939 жылғы халық санағы жасалған кезде, халықтың сауаттылық деңгейі 90% жетті [210]. Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін сауатсыздық мәселесі өз өзектілігін жоғалта бастады.

Жалпы алғанда көп жылдар бойы жүргізілген саясаттың нәтижесінде марксистік-классикалық идеологияға, «коммунистік тәрбиеге» негізделген ресми кеңестік мәдениет қалыптасты. Бірақ феодализмде өмір сүрген көшпенділер үшін капитализмге аяқ баспай бірден социализм мен коммунизмге жол бастау өте қиын болды. Мал шаруашылығымен айналысып жүрген қазақтар үшін бұл идеологиялардың құндылықтары мен заңдылықтары мүлдем түсініксіз болды. Ресей империясы ыдырап, пролетариат диктатурасы орнаған жерлер көбейе бастады. Әсіресе қалаларда, жұмысшы табы көп қоныстаған аймақтарда халық арасында қолдаушылар көбейді. Бірақ алғашқы кезде қазақ даласында халық оны қалай жүзеге асыру керектігін түсінбеді. Голощекин тұсында қазақ даласында Қазан төңкерісі келмеді деген мақсатпен Кіші Қазан төңкерісі ұйымдастырылды. Байлардың жиған-тергенін тәркілеп, социализмнің талаптары қоғамда орнай бастады.

КСРО ыдырап Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, халықтың қоғамда көптен бері аңсаған коммунизм орнату арманы орындалмағанын түсінді. Жаңа билік алдында күрделі мәселелер тұрды. Экономиканы жаңарту, валюта мәселесін шешу, заңдар қабылдау және тағы сондай сияқты өзекті мәселелер

алдыңғы қатарға шықты. Ал әлеуметтік, мәдени және рухани мәселелер екінші орында қалды. Сондықтан идеология тұрғысынан Қазақстанда вакуум қалыптасты. Осы кезде көптеген мазмұны мен мақсат жағынан әртүрлі (деструктивті, радикалды) діни, идеологиялық ағымдар пайда болды.

Жалпы алғанда қоғамда нақты идеологияның, идеялардың, құндылықтардың болмауы идеологиялық плюрализмге алып келді. Адамдардың санасында қалыптасқан вакуумды ұлтшылдық, шовинизм, сепаратизм сияқты деструктивті бағыттардың жаулап алуына мүмкіндік туды. Ұлттық идея – өзін-өзі тануына мән беретін ұлттық санада басымдыққа ие көзқарастар жиынтығы. Әр елдің өзінің ұлттық идеясы болуы шарт. Олардың ішіндегі ең танымалы: америкалық ұлттық идея – америкалық әлемдік көшбасшылық идеясы, француз ұлттық идеясы – бостандық, теңдік және бауырмалдық.

Идеологияның маңыздылығы неде? Ұлттық идея қоғамда елдің барлық күштерін (саяси, экономикалық, мәдени, рухани, ұлттық) біріктіріп, үлкен күрделі мақсаттарға жету үшін қолданады. Яғни, ұлттық идея мемлекеттің игілігі үшін, өз халқының игілігі үшін жұмыс істеуі керек. Ал бұл шарт орындалу үшін мемлекетте тұратын барлық ұлттардың мүдделері ескерілуі қажет.

Қазақстанда пайда болған идеологиялық вакуумды тез арада толтыру үшін бірнеше идеологиялық тұжырымдар мен бағдарламалар ұсылды. Соның ең алғашқысы және қазақстандық қоғам тарыпан қолдау тапқан «Қазақстан-2030» бағдарламасы болды. Аталмыш құжат 1997 жылы Қазақстан Республикасының бұрынғы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауында жария етілді. Кейіннен бұл идея көптеген мемлекеттік бағдарламалардың негізіне айналды. Жалпы алғанда «Қазақстан-2030» стратегиясы аясында 460-тан аса жобалар, заңдар, бағдарламалар қабылданды [211].

Стратегияның негізгі жеті бағыты анық көрсетілді. Олар:

1. Ұлттық қауіпсіздік. Қазақстанның территориялық біртұтастығы мен тәуелсіздігін, егемендігін қорғау;
2. Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның бірігуі;
3. Ашық нарық экономикасына негізделген экономикалық өсім;
4. Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен амандығы;
5. Жер қойнауындағы энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалану;
6. Инфрақұрылымның, транспорт пен байланыстың дамуы;
7. Жоғары кәсіби маманданған мемлекеттік қызметкерлерді дайындау.

Жалпы алғанда «Қазақстан-2030» стратегиясында экономикалық, әлеуметтік, саяси, идеологиялық мәселелерді шешуде мемлекеттің алатын ролін түсінуге әрекет жасалды. Соны ішінде бұқаралық сананы жаңғыртуға ерекше көңіл бөлінді. Сонымен қатар, басты назар мен үміт келешек жас ұрпаққа бағытталды, себебі, елдің болашағы жастардың қолында деген ұран айтылды. Тіпті бұл стратегияны құрастырғанда жаңа ой, жаңа идея, жаңа

көзқарас енгізу үшін Қазақстанның Тұңғыш Президенті жас мамандарды араластыра бастады [212].

Шын мәнінде «Қазақстан-2030» Стратегиясы адамдардың жарқын болашаққа көзін ашты. 2000 жылдарда орын алған елдегі экономикалық өсім аталмыш стратегияда көрсетілген мақсаттарға жетудегі сенімін арттырды. Бірақ бұл стратегияны елдің идеологиясы ретінде қарастыру жеткіліксіз болды. Бұл оның мерзімі еді. Мерзім аяқталғаннан кейін ары қарай не болады деген сұрақ туындауы әбден мүмкін.

2012 жылдың желтоқсанында Президенттің кезекті Қазақстан халқына Жолдауында жаңа «Қазақстан-2050» стратегиясы ұсынылды. «Қазақстан-2030» Стратегиясына уақытынан бұрын барлық алға қойылған мақсаттары толығымен орындалды деген баға берілді. Қазақстан заманауи, болашаққа ұмтылған және өзіне сенімді мемлекет ретінде қалыптасты. Бірақ әлемнің жаңа қауіп-қатерлеріне барабар және уақытында жауап беру үшін ХХІ ғасырда қалыптасқан мемлекеттің тұрақтылығы мен өміршеңдігін анықтайтын «Қазақстан-2050» Стратегиясында алға қойылған міндеттерді орындау басталды. Оның басты мақсаты – мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуы.

Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін «Қазақстан – 2050» Стратегиясы жеті ұзақ мерзімді басымдықтарды іске асырудан бастады:

1. Экономикалық прагматизм бағытында Қазақстан экономикасын дамыту;
2. Кәсіпкерлікті ұлттық экономиканың жетекші күші ретінде жан-жақты қолдау;
3. Қоғамда әр азаматтың әлеуметтік кепілдіктері мен жеке жауапкершілік қағидаларын дамыту;
4. Заманауи білім беру жүйесін, кадр даярлау мен қайта даярлау негізін дамыту;
5. Мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту;
6. Сыртқы саясат бойынша ұлттық мүдделерді ілгерілету мен аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайту;
7. Жаңа қазақстандық патриотизм – көпұлтты және көпконфессиялы қоғам табысының негізі [213].

Бірақ кейіннен шыққан стратегия біріншісі сияқты идеологиялық рөл атқара алмады. «Қазақстан-2050» Стратегиясы Қазақстанның әрі қарай дамуындағы басты бағыт-бағдарларын айқындайтын құжат болып қалды. Ал ұлттық идея ретінде «Мәңгілік ел» идеясы ұсынылған болатын. Алғаш рет бұл идеяны Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының ХХІV сессиясында айтты.

Бұл идеяның да негізгі жеті тұғыры бар. Мәңгілік Ел, бұл:

1. Тәуелсіздік және Астана. Қазақстанның тәуелсіздігі мен егемендігін ең маңызды құндылық ретінде қорғаштау, ал орталық қаласы ретінде қазіргі Нұр-Сұлтан қаласын тәуелсіздіктің көрінісі ретінде қарастыру.

2. Жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. Қазақстанның халқы біркелкі емес, көп этностардан құралған. Олардың бірлігі ел ішінде бейбітшіліктің нығаюына алып келеді.

3. Зайырлы мемлекет және жоғары руханият. Қазақстан тәуелсіздігін жариялағанынан бастап, өзін зайырлы мемлекет деп жариялаған болатын. Сонымен қатар, әртүрлі этностар мен конфессиялар өкілдері татуластықта өмір сүруі өте маңызды.

4. Инновация негізіндегі тұрақты экономикалық өсім. Мемлекеттің индустриялық және инновациялық күш-қуатын дамытып, қоғамда білімнің рөлін жоғарлату арқасында Қазақстан экономикасының дамуына ат салысу.

5. Жалпыға ортақ еңбек қоғамы. Қоғамда азаматтардың арасында еңбексүйгіштік және жауапкершілік сезімдерін дамытып, жұмыс істеуге барлық қолайлы жағдайларды жасау.

6. Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы. Қазақстан халқының мәдени әралуандығын ескере отырып, ортақ жарқын болашаққа бірге талпыну.

7. Ұлттық қауіпсіздік және Қазақстанның жалпы әлемдік және өңірлік проблемаларды шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері әлемдік және аймақтық ортада өзін халықаралық қатынастардың белсенді акторы ретінде көрсетті. Ұлттық қауіпсіздік мемлекеттің ең маңызды талаптарының бірі болғандықтан әрбір азаматтың патриот ретінде борышы [214].

«Мәңгілік ел» идеясы қазақ үшін жаңа пайда болған термин емес. Түркі мұраларының зерттеушісі профессор Қ.Сартқожаұлы «Мәңгі ел» идеясын үш қағанның кеңесшісі болған Тоныкөк негізін қалаған деп есептейді [215]. Сонымен қатар, Қазақстанның тарихы сол 1991 жылдан емес, одан да бұрын басталғанын дәлелдейді. Ол жөнінде Қазақстан Республикасының бұрынғы Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақ хандығының 550 жылдық мерей тойында халық алдында сөйлеген сөзінде былай деді: «Қазақстан Қазақ хандығы бұдан бес жарым ғасыр бұрын ғана шаңырақ көтерсе де, Еуразияның ұлы даласында орнаған арғы дәуірдегі сақ, ғұн, үйсін мемлекеттерінің, бергі замандағы Ұлы түрік қағандығы, Дешті Қыпшақ пен Алтын Орда мемлекеттерінің заңды мұрагері болды» [216].

Кезінде неміс философы Э. Кант мәңгілік бейбітшілік идеясын дамытқан болатын. Яғни әлем елдерінің мәңгі соғыссыз, бір-бірімен қақтығысқа түспей, үйлесімді өмір сүруін арман еткен болатын [217]. Сол сияқты «Мәңгілік ел» ұлттық идеясында Қазақстанның халқы әлемде қандай жағдай болмасын, мәңгі ел ретінде сақталып қалу идеясы жатыр.

«Мәңгілік ел» ұғымы сол елдің тарихы тереңнен бастау алып, жарқын болашаққа үмітпен қараған ел. Әрбір адам мәңгі ғұмыр кеше алмайды, бірақ ол өзінің ісін жалғастырушысы ретінде ұрпағы арқылы мәңгі өмір сүре алады [218]. Әрбір мемлекет өзінің болашақ ұрпағы жөнінде уайымдап, оларға

жағдай жасауға тырысады. Тарихтан ондай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Мысалы, түріктер көшіп-қонып жүрген көшпенділер болса да, болашақ ұрпағы бақытты да дәулетті өмір сүру үшін шырайлы, геосаяси жағынан өте қолайлы жерлер үшін ұзақ уақыт бойы соғысты.

Қазақстанда осы «Мәңгілік ел» идеясын ұлттық идеологияның негізгі факторы ретінде қарай отырып, оны барлық қазақстандықтар қолдайтын ортақ, әлеуметтік, этностық, діни бірегейлікті қамтамасыз ететін басты ұстанымға айналдыру қазіргі кезеңнің басты міндеті болып табылады [218].

«Мәңгілік ел» идеясымен қоса Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Ұлы дала елі» деген түсінікті айтқан еді. Жалпы алғанда «Ұлы дала» ұғымы жаңа сөз тіркесі емес. Оны Дешті Қыпшақ кезеңімен байланыстырады. Сондай-ақ, бұл атау түркітілдес халықтар туралы жазылған деректерде, орыс және қытай тарихи жазбаларында кездеседі. Демек, «Ұлы дала елі» Қазақстанның географиялық ерекшелігінің сипаттамасы ғана емес, тарихи негізі бар атау. Бұл жөнінде бұрынғы президент алғаш рет Қазақ хандығының 550 жылдығында айтқан болатын.

«Ұлы дала елі» атауды Қазақстанның тарихтағы және географияда алатын орнын айқындап тұр. Осындай рухты сипаттамаларды әлемнің көптеген елдері қолданады. Мысалы, Жапония өздерін «Күншығыс елі» деп атаса, ал қытайлықтар «Аспан асты елі» эпитетін қолданады. Осы сияқты атауларды мысалға кеңінен алып қарайтын болсақ: Оңтiстiк Корея «Таңғы шық елі», Куба «Бостандық аралы», Голландия «Қызғалдақтар елі», Ұлыбритания «Тұманды Альбион» және тағы басқа осы сияқты толып жатқан атауларды кездестіреміз.

«Ұлы дала елі» ұлттық идеология ретінде қолданбаса да, Қазақстан азаматтары арасында патриоттық сезімді нығайту үшін қолдануда өте маңызды рөл атқарады. Қазақстан жастары өздерін «Ұлы дала елінің ұрпағымыз» деп нық сеніммен және мақтанышпен айта алады. Ұлттық идея мен идеология қалыптастырумен бірге қазіргі заманның талабына сай қоғам мен бәсекеге қабілетті адамдарды дайындау өте маңызды. Сондықтан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев ұсынған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы еліміз үшін өзекті деп есептейміз.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізінде 2017 жылдың 12 сәуірінде жарық көрген Тұңғыш Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жатыр. Мақаланың негізгі идеясы әлем дамуының жаңа тарихи кезеңінде Қазақстан үшін қойылатын жаңа мақсаттар, соның ішінде қазақтың ұлттық кодын сақтап қалу бар. Яғни, дәстүрлі рухани және мәдени құндылықтарымызды сақтап қана қоймай, оны ұлғайту, заманға сай икемдеу. Сонымен қатар, Қазақстанды әлемдегі дамыған бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосу мақсаты тұр. Осындай мақсаттарға жету үшін арнайы бағдарлама ұсынылды.

Аталмыш бағдарлама бойынша негізгі алты қағида бекітілді. Атап айтқанда:

1. Бәсекелік қабілеті;

2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы [219].

Әрқайсысына толығырақ тоқталар болсақ. Бірінші, постиндустриалды заман талабына сай кез келген адамның бәсекелестікке қабілетті болуы шарт. Қазақстанның мемлекет ретінде әлемнің бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіру үшін еліміздің әрбір азаматы осындай бәсекелік қабілетке ие болу керек. Мемлекеттік әлемдік экономикада бәсекелестігін арттыру үшін «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар жүзеге асырылды. Аталмыш бағдарламалар Қазақстан азаматтарын білімді, жан-жақты маман ретінде дамытуға үлкен үлесін қосады.

Екінші, грек тілінен аударғанда прагматизм іс немесе әрекет деген мағынаны білдіреді. Яғни прагматизм дегеніміз – тәжірибе негізінде пайда болған ақиқатқа сенім. Қазіргі заман тұтынушылар заманы деп есептелінеді. Бірақ ысырапқа жол бермеу керек. Ол неден көрініс табады? Жер қойнауындағы байлықты дұрыс пайдалана білу, жер бетін құнарлығын сақтай отырып, пайдалану, экологияны қорғау, дұрыс мақсатқа жетелейтін идеология табу.

Үшінші, бағдарламадағы ең маңыздысы – ұлттық бірегейлікті сақтау. «Рухани жаңғыру» үшін біріншіден оның тамыры бекем болу керек. Себебі, қазіргі нарықтың заманында бүкіл әлемде әмбебап құндылықтар таралуда. Осындай жағдайда өз ұлттық кодын сақтап қалу өте маңызды. ҚР Президентті Н.Назарбаев айтқанындай екі ереже міндетті түрде сақталуы қажет: «Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» [220]. Осы ережелерді сақтай отырып, жаңғыртуды қадам-қадаммен асықпай орындау қажет. Кез келген елдің ұлттық коды неден тұрады? Ол сол халықтың тіліне, оның мәдениетіне, дәстүрі мен дініне негізделген. Бұл элементтердің ерекше комбинациясы ұлттық кодты құрайды. Ұлттық код бір халықты басқа халықтан ажыратып, танытатын ерекше элементтер жиынтығы. Барлық халықтар капитализмді таңдап, жаһандану мәдениетін өзгертетін болса да, осы бекем ұлттық кодтың арқасында өзінің бірегейлігін сақтап қалады. Әрбір кодты бір-бірінен ару үшін белгілі бір цифрлардың комбинациясы қажет. Сол сияқты әр ұлттық код осындай ерекше тіл, діл, дін, мәдениет, дәстүр сияқты элементтер комбинациясынан тұрады.

Қазақстанның ұлттық коды – діни төзімділік, икемділік, басқа этникалық топтарға және басқа діндерге құрмет, ашық ой сияқты элементтерді қамтиды. Бұрыннан қалыптасқан ұлттық кодқа тарихи құбылыстар үлкен ықпалын тигізді. Қазақстан халқы тарихи жағдайларға байланысты көптеген этностар өкілдерінен құралған. Сонау XVIII ғасырдан Қазақстан аумағына орыстардың, украиндықтардың және басқа ұлт өкілдерінің қоныс аударуы басталды. Ресей

империясы сыртқы шекараны қорғап, көптеген казактарды Сібірден, Еділ бойынан және қазіргі Украина аймақтарынан ығыстырды. Содан кейін көшіп келушілер мен көшпелі қазақтар арасында белсенді өзара қарым-қатынас басталды. 1930 жылдары сталиндік қуғын-сүргін кезінде 250 мың шаруа КСРО-ның орталық аймақтарынан Қазақстанға жер аударылды. Осы жылдар ішінде республикаға неміс, поляк, Солтүстік Кавказ халықтарының өкілдері, 100 мыңға жуық Қиыр Шығыстан корей отбасы жер аударылды [221]. Бұл мәдениеттердің өзара әрекеттестігі болып табылады. Бұл үрдістердің барлығы біртіндеп қазақстандық қоғамның ХХІ ғасырға енген әлеуметтік кодын құрады.

Қазіргі таңда Қазақстанның ұлттық кодты жаңғырту ұлттық жадыны қалпына келтіру арқылы жүріп келеді. Оны біз қазақ тілінің мәртебесін көтеру, қазақ дәстүрлерін қайта жаңғырту үрдісінен көре аламыз. Кеңес үкіметі кезеңінде тыйым салынған дәстүрлер мен діни наным-сенімдер қайта қалпына келтіру басталды. Бірақ олардың бәрі бірдей заманауи өмірге сәйкес келе бермейді. Соның ішінде ескісінен арылып, керісінше ұлттың мәртебесін асқақтататын пайдалысын ғана қайта жаңғыртып дамыту маңызды.

Төртінші, білімнің салтанат құруы дегеніміз – қоғамда білімнің рөлін көтеру, халық арасында, әсіресе, жастар арасында, білімге деген құштарлығын қолдау, жағдай жасау, қоғамның негізгі құндылығының бірі ретінде қарастыру. Қазақстан КСРО құрамында болғанда мемлекет тарапынан білім мәселесіне өте көп көңіл бөлінді. Сауаттылықты арттыруды жүз пайызға дейін мақсатты түрде алға қойып, оның орындалуына бар күш-жігер жұмсалынды.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін білім саласына өте көп көңіл бөлінді. Жаңа мемлекетте көптеген секторларды дамыту үшін білікті мамандар қажет болды. Осы жерде «Болашақ» бағдарламасы жөнінде атап кеткенді жөн көрдік. Аталмыш бағдарлама тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, атап айтқанда 1993 жылдың 5-қарашасында қабылданды. Бағдарламаның мақсаты – ел экономикасының басым секторлары үшін кадрлар мен мамандарды дайындау. Посткеңестік мемлекеттер тарихында бірінші рет дарынды жастарға шетелде білім алуға мүмкіндік берілді. Бағдарламаның алғашқы жылдарында стипендиаттар тек төрт елде: АҚШ, Ұлыбритания, Германия және Францияда оқыды. Кейіннен шетелдік ЖОО - мен ынтымақтастықтың дамуына байланысты, сондай-ақ, үміткерлерді іріктеу ережелеріне өзгерістер енгізілуіне байланысты білім алуға мүмкіндік беретін елдердің географиясы кеңейді. Соңғы мәліметтер бойынша «Болашақ» стипендиясын 14269 адам алды [222]. Қазіргі заманды білім ғасыры деп атасақ та болады. Себебі жаңа технологиялардың қарқынды даму кезеңінде тек білімді адам табысқа жете алады. Бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына кіру үшін қоғамда білімді адамдардың, білікті мамандардың саны көп болуы қажет.

Бесінші, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық жолмен даму қағидасы. Революция, бір жағынан қарасақ, өте пайдалы құбылыс. Революция арқасында адамзат дамып, көптеген жетістіктерге жетіп отыр. Мысалы, француз революциясын алайық. 1789-1794 жылдары Францияда абсолюттік

монархияны құлатып, капитализмнің дамуына жол ашқан буржуазиялық-демократиялық көтеріліс болды. Бұл көтеріліс «Бостандық, теңдік, бауырластық» ұранымен өтті. Кейіннен көптеген мемлекеттер осы құндылықтарды өздеріне енгізген болатын.

Бірақ, басқа жағынан алып қарасақ, революция – бұл өзгерістердің шұғыл орын алуы. Көбінде осындай жағдайда адамдар өзгерістердің өзіне дайын болмай қалады. Мысал ретінде, алысқа кетпей, өзіміздің тарихымыздан келтірейік. 1917 жылғы Ресей империясындағы революция социализмді орнатқан жаңа мемлекеттің пайда болуына алып келді. Бірақ оған дайын болмаған адамдардың саны көп болды. Тіпті социализмді ұнатпай елдің өзі екі топқа бөлініп, азамат соғысына ұласып кетті. Яғни, адамдар әр кезеңнен асықпай уақытылы өтіп, өзгерістерге дайын болады. Ол үшін Қазақстан қоғамында рухани жұмысқа көп назар аудару қажет.

Алтыншы, сананың ашықтық қағидасы. Бұл қасиет қоғамды рухани жаңғырту үшін ең маңызды алғышарты. Расында, санамыз жаңаны қабылдауға дайын болмаса, модернизация жөнінде сөз де айта алмаймыз. Сана ашықтығының негізгі үш ерекшелігі бар:

- Әлемді тануға талпыну, айналада не болып жатқанына назар аудару;
- Жаңа технологиялар ағынын қабылдау және қолдана білу;
- Жетістіктерге жеткен елдердің тәжірибесінен сабақ алу.

Мәселен Қытай мен Жапония елдеріне қарайтын болсақ, Екінші Дүниежүзілік соғыста Жапония жеңілген мемлекеттердің қатарында болғанымен, қазіргі таңда көш бастап тұрған дамыған ел. Соғыстан кейін қабылданған жаңа саясат Жапонияны тез арада соғысқа дейінгі деңгейге жеткізіп, «Жапонияның экономикалық ғажабына» алып келді. Жапония әлемдік нарыққа жоғары сапамен және бәсекеге қабілеттілікпен ерекшеленетін соңғы жаңалықтарды ұсынады. Жапонияның экономикалық салада және басқаруда басқа елдерден ерекшелігі неде болды? Негізгі фактор – модернизм мен дәстүршілдіктің үйлесімінде жатыр. Жапондықтар батыс елдерінің тәжірибесін, олардың экономикалық даму әдістерін алып, оларды өздерінің ұлттық ерекшеліктеріне бейімдей алды. Осылайша олар өздерінің ұлттық болмысы мен құндылықтарын сақтай отырып, экономикалық салада үлкен жетістікке қол жеткізді [223].

Осы орайда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қазақстандық қоғамның дамуына ықпал ету үшін жоғарыда келтірілген қағидалар негізінде алты бағыт бойынша бағдарламалар жасалынып, жол картасы мен арнайы 17 жобалар жоспарланды.

«Рухани жаңғыру» жобасында жалпыұлттық патриотизмді дамыту үшін «Туған жер» бағдарламасы қабылданды. Негізгі мақсаты: тарихи-мәдени ескерткіштерді, киелі жерлерді танымал ету, сақтау, қалпына келтіру және соның негізінде халықтың патриоттық сезімдерін нығайту болды.

«Туған жер» бағдарламасы аясында «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» атты арнайы жоба қолға алынды. Оның негізгі мақсаты – қазіргі заманда қазақ әдебиетін әлемге таныту. Оны жүзеге асыру үшін көркем

әдебиет туындылары орыс, француз, ағылшын, араб, қытай және испан тілдеріне (Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми саналатын алты тілі) аударыла бастады.


Сонымен, қазақтың ұлттық коды неден тұрады? Оған қазақ этникалығының ықпалы қандай? Дәстүрлі қазақ қоғамында адамдардың бойынан әрқашан тілге, мәдениетке, салт-дәстүрге, туған жерге және ата-бабаларға деген сүйіспеншіліктің көрінісі сияқты қасиеттерді табуға болады. Басқаша айтқанда бұл қасиеттер қазақ халқының ұлттық болмысын қалыптастырады. Осының бәрі патриотизмнің маңызды белгісі болып табылады. Рухани жаңғыру тек жана құндылықтарды енгізу мен жаһандану үрдісіне бейімделу сияқты факторлардан ғана тұрмайды. Жаңғырудың көп шарттарының басты бір шарты – мәдени ұлттық кодты сақтау.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасына сараптама жасайтын болсақ, оның осы негізгі екі бағытта жүргізіліп жатқанын байқай аламыз. Бір жағынан, адам санасын жаңғырту үшін әртүрлі жобалар орындалып отыр. Яғни, адамдардың бойына қазіргі заманға сай қасиеттерді (атап айтқанда бәсекеге қабілеттілік, білім, шет тілдерді білу, тез арада ортаға және қалыптасқан жағдайға бейімделу, прагматизм, компьютерлік сауаттылық, мәдени ашықтықты үйрету арқылы сананың модернизациясын ілгерлету) дамыту жатыр. Бұл көбінде жалпы адамзатқа ортақ капитализм мен жаһандану үрдісімен бірге еніп жатқан әмбебап қасиеттер.

Бірақ осы әмбебап құндылықтар мен қасиеттердің дамуында өзіндік ерекшелікті жоғалтып алу қаупі туындайды. Сондықтан «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қазақ дәстүрі мен мәдениетінің сақталуына да көп көңіл бөледі. Шын мәнінде қоғамның жаңғыруы қазақи дәстүрлер мен ұлттық-мәдени негіздерге және құндылықтарға негізделуі керек. Сондықтан «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жан-жақты ойластырылған жоба деп есептелінеді.


Осы бағдарламаның орындалуын және адамдар арасында пікірін білу үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ғылым Комитеті Философия, саясаттану және дінтану институтының «Қоғамдық сананы жаңғырту мақсаттары аясында Қазақстан бірегейлігін қалыптастыру» жобасы бойынша арнайы сауалнамалар жүргізілді. Сол зерттеудің бір түрі ретінде қазақстандық сарапшылардың пікірін білу болды. Отандық сарапшылар «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында орындалған мемлекеттік және аймақтық бағдарламалардың тиімділігін төмен дәрежеде белгіледі (Диаграмма 4).

Диаграмма 4 - Сіздің пікіріңіз бойынша Қазақстанда рухани жаңғыру бағдарламасының орындалуы қалай өтіп жатыр?



Жоғарыда келтірілген диаграммадан байқайтынымыз ғалымдар мен мұғалімдер арасында бағдарламаның тиімділігіне күмән келтірсе, діни қызметкерлер жоғары бағалап отыр. Оның басты себебін қазақстандық философтар В.Д. Курганская мен В.Ю. Дунаев қоғамда ұлттық, әсіресе діни дәстүрлердің жандануынан деп есептейді [224]. Соңғы жылдары Қазақстан қоғамында діни құндылықтардың маңыздылығы артып келеді. Оған дәлел ретінде сауалнаманың бір сұрағында қазақстандықтардың өмірге деген көзқарасын құрайтын басты мәдениет ретінде респонденттердің көбісі ислам деп белгілеген болатын (Диаграмма 5):


Диаграмма 5 - Қазақстандықтардың өмірге деген көзқарасын қалыптастыруда қандай мәдениеттің ықпалы зор?



ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының «Қоғамдық сананы жаңғырту мақсаттары аясында Қазақстан бірегейлігін қалыптастыру» жобасы шеңберінде «BISAM – Central Asia» әлеуметтік және маркетингтік зерттеулер мен іскерлік ақпарат орталығына тапсырысы бойынша 2019 жылдың сәуір-шілде айлары аралығында жүргізілген зерттеуде қазақ этникалығында қандай қасиеттер қоғамның жаңғыруына алып келетінін анықтау басты назарда болды.

Сауалнамаға қатысушылардың көзқарасы бойынша, қазақ халқының ұлттық мәдениетіне тән келесі ерекшеліктер көп жағдайда қоғамдық сананы жаңғыртуға ықпал ету мүмкіндіктері айқындалды: өзара көмек, ақсақалдардың беделдігін қабылдау және басқа халықтардың мәдениетін қабылдау [118] (Диаграмма 6). Оны пайыздық көрсеткішпен көрсететін болсақ, қазақтың бір-біріне өзара көмек қасиетін респонденттердің жартысынан көбісі (57%) белгіледі. Сауалнамаға қатысушылардың 35%-ы қазақтардың қоғамның жаңғыруына үлкендердің беделділігін қабылдау мен басқа мәдениеттерді қабылдай білу қасиетін маңызды деп есептейді. Ал респонденттердің 20%-ы модернизмнің дамуына ру мен жүз ішіндегі бірлікті белгілегені қызықтырады.

Диаграмма 6 - «Қазақтардың қандай қасиеттері қоғамның жаңғыруына алып келеді?»




Қазақтың ұлттық сипатының жағымды қасиеттерінің ішінде, респонденттердің көпшілігі тілді білу, байланысқа бейімділік, іскерлік, бәсекелестікке қабілеттілік, жоғары білім деңгейі мен тапқырлық сияқты қасиеттер тән деген көзқарасты ұстанады. Ал жағымсыз қасиеттерге келетін болсақ, респонденттер – мансапқұмарлық, шенді құрметтеу және билікке соқыр сенім сияқты қасиеттерді жиі белгіледі [118]. 6-шы диаграмманы

талдайтын болсақ, қазақтың тіл үйренуге қабілеті жағымды қасиеті ретінде респонденттердің 86%-ы таңдаған болатын. Екінші орында тез тіл табыса алатын қасиетін 82% адам жағымсыз қабілет ретінде белгіледі. Пысықтық пен іскерлік және бәсекеге қабілеттілік қазақтың жағымды қасиеттері деп сауалнамаға қатысушылардың 79%-ы есептейді. Қазақтың оқуға деген құштарлығы да респонденттер арасында жоғары бағаланады (78%).

Ал қазақтардың жағымсыз қасиеттері ішінде мансапқұмарлық бірінші орынды иеленді. Оны респонденттердің 59%-ы таңдаған. Сауалнамаға қатысушылардың жартысынан көбі шамадан тыс шенге бас ұрушылық (58%) пен билікке соқыр сенім (54%) сияқты жағымсыз қабілеттерді белгіледі.

Диаграмма 7 - Қазақтың этнос ретінде жағымсыз қасиеттері



«Рухани жаңғыру» бағдарламасы қазақ этникалығын қалай өзгертпек? Бұл сұраққа жауап бермес бұрын, ең алдымен Қазақстанның ұлттық бірегейлігін қалыптастыруда қазақ этносының маңызды рөлін атап кеткен жөн. Қазақтар Қазақстанда мекен ететін барлық этнос өкілдерін біріктіруші

ядро ретінде танылуы қажет. Мықты ядроны қалыптастыру үшін қазақтың мәдениеті қазақстандық қоғамдағы басқа этностарға жағымды әрі тиімді болуы керек. Сондықтан қазіргі заманның талабына сай қасиеттерді дамыту мәселесі өзекті болып отыр.

Бұл жөнінде қазақстандық сарапшы А.М.Әмребаев: «Біз барлық салада қазақылықты күшейту үшін жұмыс жасауымыз керек. Бірақ бұл біреудің құқығын бұзу дегенді білдірмейді. Керісінше, мемлекеттігіміздің нығаюына, барлық этнос өкілдерінің бірігуіне алып келеді. Бұл бұлжытпай орындалатын аксиома. Дәл осылай, мысалы, этникалық тегіне қарамастан, Ресей Федерациясының барлық азаматтары орыс этносын, орыс құндылықтары мен орыс тілін ядро ретінде рөлін мойындауға міндетті. Ресей мен Қазақстан арасында белгілі бір конституциялық айырмашылықтар бар екенін еске салу қажет. Ресей-федеративті мемлекет және этникалық топтардың өзін-өзі анықтау құқығын мойындайды. Ал Қазақстан біртұтас унитарлы мемлекет. Елде тұратын титулды емес этникалық топтардың этникалық өзін-өзі анықтау мәселесі өздігінен жойылады» [225]. Қазақстанда мекен ететін басқа этнос өкілдерінің мүдделерін ескере отырып, қазақтарды біріктіруші ядролық этнос ретінде қарастыру этносаясаттың басты бағыты.

Оны жүзеге елімізде асыруда мультикультурализм идеясына жүгінеді. Мультикультурализм бастапқыда көптеген ғалымдар Еуропада көп сынға алып, оны қолдануға қарсы шыққан болатын. Атап айтқанда, Ангела Меркель, Дэвид Кэмерон және Николя Саркози Батыс елдеріндегі мультикультурализмнің күйреуі туралы бірнеше рет мінберлерде баяндама жасады. Ал Қазақстанның бұрынғы премьер-министрі Карим Масимов 2011 жылы өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының отырысынан кейін: «Мультикультурализм бір жерде өлді, бір жерде ол әрең дем алады, бірақ Қазақстанда жақсы дамып келеді» – деп өзінің жеке Twitter атты әлеуметтік желісінде жазға қалдырды [226].

Қазіргі әлемде көп жағдайда мәдениет пен саяси шекаралар сәйкес келе бермейді. Оған қоса, әлемде көптеген қоғамдар көпмәдениетті деп сипаттауға болады. Кез келген мемлекетте біз халықтың әр түрлі этномәдени және діни топтары, мәдени көзқарастары, моральдық-этикалық құндылықтары өзара ықпалдасып үйлесімін табады. Ол тек АҚШ, Канада немесе Австралия сияқты «мигранттар елі» деп аталатын мемлекеттердің қоғамдарында ғана тиесілі емес, сонымен қатар Франция немесе Ұлыбритания сияқты елдерде де осындай өзара ықпалдастықтарды көре аламыз. Қоғамда адамдардың құндылықтары мен мәдениеті алуан түрлі болса, онда ортақ игілікті анықтауда қиындықтар туындайды.

Осындай көпмәдениетті қоғамда ортақ игілікті анықтау, саяси интеграция мен қоғамдық келісімді қамтамасыз ету үшін билік арнайы саяси тетіктерді қолдануға мәжбүр. Өркениетті Батыс мемлекеттерінің іс тәжірибесінде осы мәселені шешудің үш негізгі тәсілі қалыптасқан. Олар:

1. Ассимиляция саясаты;
2. Сегрегация саясаты;

3. Мультикультурализм саясаты.

АҚШ, Канада, Жаңа Зеландия және Австралия сияқты иммигранттық елдерде мультикультурализм саясаты өз орнын таба алды. Бірақ 1970 жылдары АҚШ-та өте танымал болған бұл саясат Еуропаның көптеген елдерінде сәтсіздікке ұшырады. Мультикультурализмнің Еуропада сәтсіздігін түсіну үшін сол елдерде бұл саясатты жүргізілу ерекшеліктеріне баса назар аудару керек.

АҚШ, Канада, Австралия және Жаңа Зеландия мемлекеттері иммигранттар елі деп аталады. Себебі, бұл елдердің негізгі байырғы ұлты жоқ немесе олар өте төмен азшылықты құрайды, ал негізгі халықтың үлес салмағы бұрында көшіп келген мигранттар. Сондықтан АҚШ-та алдымен әртүрлі этностарды бір ұлтқа біріктіретін саясат ретінде «Melting pot» (балқытқыш қазан) бағытты айтуға болады. Оның мәні – әртүрлі мәдениет пен этностарды біріктіріп, бір «америкалық» ұлт құру болып табылады. Яғни, әртүрлі субмәдениеттер ірімшік сияқты бір қазанда балқытылып жаңа бір өнім «америкалық» ұлтты шығарды. XX ғасырдың 60-шы жылдарына дейін бұл саясат субмәдениеттердің құндылықтарын жоюға бағытталғандай болды. Бірақ оның кемшілік тұстары көрініп, біртіндеп одан бас тарту басталды.

XX ғасырдың 70-80 жылдары АҚШ-та әлеуметтік тұрақтылыққа қол жеткізу үшін көпмәдениетті саясаттың қажеттілігін бірінші болып мойындады. Америка Құрама Штаттарында қоғамда адамның діліне, нәсіліне байланысты кемсітушілікке тыйым салатын және мультикультурализмді ынталандыратын құқықтық база құрылды. Бұл тұжырымдама аясында этникалық азшылықты құрайтын топтарға арналған ауқымды мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылды. Кезінде АҚШ-тың 26-шы президенті Теодор Рузвельт «Melting pot» саясатын қолдап, жүзеге асыруға бел буса да, оның қаншалықты дұрыс екеніне күмән келтірген [227].

«Melting pot» саясаты мәдени плюрализмді жақтаушылар тарапынан сынға алынды. Себебі азшылықты құрайтын топтар бәрібір де кемсітушілікке ұшырады. Кез келген адам жаңа құндылықтарды қабылдағанымен, өзінің қай жерден шыққанын ұмыта алмайтыны түсінікті болды. Сонымен мемлекет көп жылдар бойы әртүрлі «ингредиенттерден» бір «өнім» балқыта алмай, саясаттың сәтсіз екенін мойындады. Егер де «Melting pot» саясаты бойынша барлық этностардың мәдениеті мен құндылықтары жоққа шығарылса, плюрализмде, керісінше, қоғам құрылымындағы басты бөлшектер деп қарастырылды. Сондықтан мультикультурализм саясаты алға қойылды.

Еуропада «Salad bowl» (салат) саясаты кеңінен қолданылды. Танымал тарихшы Карл Деглер 1959 жылы өзінің еңбектерінің бірінде былай деп жазды: «Иммигранттардың балалары, тіпті үшінші және төртінші буындарында да, өзгермейді. Ешқандай «балқу» үрдісі байқалмайды, яғни «балқытатын қазан» метафорасы ақиқатқа сай емес екенін байқауға болады. Одан да нақты ұқсастық – бұл бір ингредиентті екіншісінен ажыратуға болатын салат» [228].

Бұл саясаттың негізінде әр түрлі мәдениет өкілдерінің интеграция концепциясы жатыр. Онда әрбір мәдениет өзіне тән ерекшеліктері мен сипаттамаларын сақтайды. Қоғамда мәдени айырмашылықтар ассимиляция процесінде жойылмайды, бірақ салат сияқты ингредиенттері өзінің бастапқы түрінде сақталады деп болжайды. Ал біріге отыра, олар жаңа «өнім» береді. Ал оларды біріктіретін не деген сұрақ туындайды. Салатта ингредиенттерді соус біріктірсе, ал қоғамда әртүрлі этностық топтарды құқықтық нормалар біріктіреді. Еуропада «salad bowl» саясаты Еуропалық Одаққа әртүрлі ұлттарды біріктіру үшін қолданған болатын. Осындай «salad bowl» саясаты мультикультурализм саясатына ұқсас болып келеді.

Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін қайта қалпына келген Еуропа иммигранттар үшін тартымды бола бастады. Бұрынғы отар елінің азаматтары бірқатар Еуропа елдеріне жақсы өмір іздеп келді. Ал Австрия, Бельгия, Дания, Люксембург, Швеция, Норвегия, Финляндия, Швейцария және Германия сияқты елдерінің қарқынды экономикасының дамуына байланысты жұмысшылар қажет болды. Сондықтан мигранттар жұмысшы күші ретінде елге кіргізіліп, оларды еуропалық қоғамға интеграциялау мәселесі мультикультурализм саясатымен шешілді. Бірақ Таяу Шығыстағы соғыстар мен қақтығыстардың нәтижесінде босқындардың Еуропа елдеріне көптеп келуінен мультикультурализм сәтсіз болды. Оның басты себебі полиэтникалық қоғамда адамдардың саяси бірлігін құру үшін тиімді мультикультурализм саясатының негізі ең алдымен, ортақ игілік үшін заңды мультимәдени ымыраға келу және осындай ымыраға жетудің жолы ретінде кең мәдениетті диалог құру. Ал бұл басты талап аталмыш елдерде толығымен жүзеге аспады. Еуропа елдерінде мультикультурализм саясатына қатысты бастамалар толығымен жүргізілмеді. Яғни, қоғамды біріктіру үрдісінде барлық мәдени топтарды толықтай қоғамға қосу міндеті қойылмады. Тек белгілі бір жеңілдіктер жасау арқылы мәселені шешу қарастырылды.

Сондықтан мультикультурализм бағыты қазіргі кезде бірте-бірте ғылыми салада өз өзектілігін жоғалтуда. Ғалымдар осы тақырыпта зерттеулерін тоқтатты. Алайда тарихшы Рита Чиннің пікірінше, мультикультурализм дискурстың жоғалуы күтпеген мәселені ашты: мультикультурализм бағытымен бірге этномәдени әртүрліліктің саяси мәселелері ғылыми талқылаудан қалды. Ал іс жүзінде біз не көріп отырмыз? Әлемдегі мәдени гетерогенді қоғамдарды біріктіру мәселелері жойылған жоқ, керісінше, жаңа өзектілікке ие болуда. Бұл үрдіс жаңа қақтығыстарға алып келуі мүмкін. Сондықтан да мультикультурализм зерттеу объектісі ретінде өз өзектілігін жоғалтпауы керек.

Ал Қазақстанға келетін болсақ, көптеген этностардан тұратын қоғамда ассимиляция немесе сегрегация саясатын жүргізу мүмкін емес. Ал мультикультурализм саясаты қоғамда әртүрлі этностардың интеграциясын қамтамасыз ететіндіктен қабылданған.

Біздің көзқарасымыз бойынша мультикультурализм бағытының Қазақстанда сәтті дамуын қамтамасыз ететін ең негізгі фактор ретінде қазақ

ұлтының өзі плюралистiк, көпмәдениеттi болуымен байланысты. Қазақ этникалығы әртүрлi iшкi және сыртқы факторлардың ықпалынан сипаты жағынан бiркелкi емес екендiгiн түсiнуге болады. Бiз осы ғылыми жұмыста қазақ этникалығына сараптама жасай келе осындай қорытындыға келiп отырмыз. Себебi, қазақ этносының өз iшiнде бiрiктiрушi маркерлерi мардымсыз. Тiл деп айтайық десек, тарихи себептерге байланысты қазақтардың өзi барлығы бiрдей бiр тiлде сөйлейдi деп айта алмаймыз. Орыс тiлдi қазақтар арасында да орыс мәдениетiн бойына сiңiрiп алғандай көрiнедi. Сондықтан қазiргi кезде қазақ тiлi бiрiктiрушi емес, қайта дау туғызатын мәселе болып отыр.

Қазақ этникалығында бiрiктiрушi фактор ретiнде дiндi алатын болсақ, тағы да қателесемiз. Себебi, жалпы алғанда ислам дiнiн ұстанғанымен, оның iшiнде дәстүрлi және халықтық бағыты немесе ислам дiнiндегi әртүрлi ағымдарды ұстануына байланысты тағы да бiркелкiлiктi көре алмаймыз. Арабша киiну, сақал өсiру сияқты дiни талаптар сырт келбеттегi өзгерiстердi ғана бiлдiрмейдi, сондай-ақ, олардың көзқарасы мен құндылықтары да өзгергенiн көрсетедi. Осында топтардың бүгiнгi күнi қазақ қоғамында үлес салмағы шамамен 15%-ды құрап отыр. 8-шi диаграммаға сәйкес дiни әдет-ғұрыптарды сақтау көбiнесе Батыс Қазақстан, Қызылорда, Түркiстан облыстарында және Шымкент қаласында тұратын қазақ тiлдi респонденттерге тән [118]. Тағы бiр топ адамдар ата-баба ұстанған ислам дiнiн ұстанады. Олардың қоғамда үлес салмағы төмендегi диаграммада көрсетiлгендей 67%-ды құрайды. Ал тағы бiр топ адамдар өздерiн атеист деп жария етедi, олардың жалпы саны қоғамның 11% алады.

Диаграмма 8 - Дiнге көзқарасыңыз қандай?



Қазақтың бiрiгу факторы ретiнде ру мен жүзге бөлiнудi қарастыратын болсақ, бұл жерде де бiркелкiлiк сақталмаған. Шежiре бойынша қазақтың тегi бiр ата-бабадан тарайтыны баршаға ортақ ақиқат. Бiрақ тарих беттерiне

жүгінетін болсақ әр рудың өзіндік автономиясы болған. Ханның қабылданған жарлығы өз мүдделеріне сай болмаса, сол жайлаудан көшіп кететін болған. Рушылдықтың қоғамда жандануы трайбализмге жол ашу қаупі де жоқ емес. Сондықтан оны біз біріктіруші фактор ретінде қарастыра алмаймыз.

Жалпы алғанда «қазақ» этнонимінің мағынасы «еркін адам» деген мағынаны білдіреді. Белгілі ғалым, түркі тілінің маманы В. Радлов, «қазақ» сөзі «ерікті, тәуелсіз» деген мағынаны береді деп есептеген. В.В. Веляминов-Зернов бастапқыда «қазақ» сөзі «еркін және батыл адам» дегенді білдіреді деп айтқан болатын. В. П. Юдин «қазақ» термині «казак», яғни еркін, тәуелсіз өмір салтын жүргізетін адамды білдіреді деген тұжырым жасады. Олардың пікірімен келіскен Ш. Құдайбердиев «қазақ» сөзі «еркін елге айналған еркін, тәуелсіз халық» дегенді білдіреді деп қосты [229]. Яғни қазақтар сонау бастан әртүрлі ерікті тайпалардан құрылған. Ғасырлар бойы әртүрлі факторлардың ықпалынан қазақ этникалығы да өзгеріске ұшырады.

Сонда мультикультурализм сипаты бір этностың ішінде орын алып жатқанын байқауға болатынын зерттеуші Ғалым Жүсіпбек те айтқан болатын. Оның көзқарасы бойынша, бірегейлік пен национализм теориясына келгенде жаңа зерттеулердің қорытындысын қолдана білу қажет. Примордиализм бұрын қолданған, қазіргі кезде өз өзектілігін жоғалтып алған ғылыми бағыт. Қазіргі кезде тіпті тіл абсолютті бірегейлікті білдіретін маркер ретінде қараудың қажеті жоқ деген заманауи көзқараспен толығымен келіседі. Қазіргі зерттеушілер мультикультурализм көпұлтты мемлекетте ғана емес, бір этностың ішінде кездеседі деген пікірге келіп отыр [230].

Примордиалды бағыт бойынша бірегейлікті құру мемлекет ішіндегі біртұтастық пен бейбітшілікке үлкен қауіп төндіреді. Оған дәлел ретінде тарихтан бірнеше мысал келтіруге болады. Этникалық белгі бойынша бөліністер геноцидке алып келеді. XX ғасырдың екінші жартысының өзінде-ақ, Камбоджа, Руанда, Холокост оқиғалары және Балқандағы соғыс көптеген жазасыз адамдардың өліміне алып келіп соқтырған. Қазіргі әлем жаһанданудың ықпалынан алуан түрлі сипатқа ие. Жер шарындағы қазіргі көптеген мемлекеттердің ұлттық құрамы бір этностың негізінде құрылмаған. Осындай түрлі этностық топтардан құралған қоғамды біріктіретін, тәртіпке салатын бір нәрсе, ол – заң. Заң алдында бәрі тең, ұлты, діні немесе нәсіліне қарай бөлінбей, әркімнің құқы қорғалған. Қоғамда барлық қатынастар заңмен адал реттеледі. Сондықтан ұлттық бірегейлік азаматтық негізде құрылуы қажет. Алайда ұлттық бірегейліктің құрамында мәдени фактордың да ықпалы зор екенін ұмытпауымыз жөн. Бұл фактордың негізінде қазақтың этникалығы жатыр.

Ал қазақ этникалығының ерекшелігі – оның әртүрлілігінде. Демек, әртүрлілік қазақ мәдениетінің сипаты болып табылады. Қазіргі кезде де әртүрлі мәдениеттердің тигізген ықпалынан қазақтар менталитет жағынан, мәдениет жағынан, дін мен тіл жағынан болсын бір-бірінен ерекшелінеді. Бұдан шығатын қорытынды қазақ мәдениетінің өзі плюралистік сипатқа ие. Сондықтан Қазақстанда көпұлтты қоғамды біріктіру мақсатында таңдалған

мультикультурализм саясаты сәтті жүріп жатыр десек артық айтпаймыз. Қазақ халқының этникалық, конфессиялық, мәдени және тілдік әртүрлілік елдің баға жетпес байлығы екеніне сенімдіміз. Бұл біздің елімізге әртүрліліктегі бірлік және толеранттылық пен бейбіт қатар өмір сүрудің құндылығын түсінуге мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осы диссертациялық жұмыста біз Қазақстанның жалпыұлттық бірегейлігін қалыптастыруда қазақ этникалығының алатын орнын ашуға тырыстық. Көпэтносты Қазақстанда ұлттық бірегейлікті құру бүгінгі күні азаматтық бірегейлік негізінде жүзеге асырылып жатқанына қарамастан, оның этномәдени аспектілерін ешкім жоққа шығара алмайды. Себебі, ұлттық бірегейлік күрделі саяси және мәдени құрамдас бөліктерден тұрады. Оның саяси бөлігі азаматтық құндылықтардан құралса, ал мәдени бөлігін қазақ этникалығының негізінде қалыптасады.

Қазақ этникалығында этностың келбеті мен болмысын қалыптастыратын этномәдени қасиеттері мен өзіне тән ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктер ғасырлар бойы бірнеше ішкі және сыртқы ықпалдың негізінде қалыптасты. Біз осы зерттеу жұмысымызда қазақ этникалығының қалыптасуына тарихымыздың әртүрлі кезеңінде ықпал еткен факторларды қарастыра отырып, бүгінгі күнге дейін трансформацияға ұшырау үрдістерін жан-жақты талдауға тырыстық. Жалпы алғанда қазақтардың ұлттық болмысында негізгі үлкен төрт өзгерісті белгілеуге болады:

- көшпелі қазақ дәстүрі, өмір салты;
- империялық-отаршылдық;
- кеңестік-тоталитарлық кезең;
- қазіргі тәуелсіздік алғаннан кейін туындаған өзгерістер.

Көшпелі халыққа өмір сүру салтына климаттың ықпалы зор болды. Сондықтан қазақ халқының бойында қатаң табиғи жағдайда тіршілік ету үшін бейімділік пен төзімділік сияқты қасиеттері дамып, қоғамдық қатынастардың негізінде рулық байланыстар болды. Келесі кезең – көшпенділер мекен еткен қазақ даласына исламның келуімен басталады. Исламизация үрдісі көшпенділер арасында синкретизм негізінде қабылданды. Яғни, исламның құндылықтары мен діни салттар көшпенді өмірдің ағынына бейімделіп қазақ тайпалары арасында кең тарады. Одан әрі қазақ этникалығына отаршылдық саясатының ықпалы зор болды. Оның негізінде қазақ тайпаларын орыстандыру саясатынан көрініс тапты. Орыс патшасының көшпелі қазақ руларын орыстандыру саясаты кеңестік-тоталитарлық кезеңде өз жалғасын тауып терең еніп, қазақстандық қоғамда елеулі өзгерістер орын алды. Елдің этникалық құрамы өзгеріп, қазақ тілі ұмыт бола бастады. Қазақ халқының этникалық бірегейлігін кеңестік бірегейлігіне алмастырылды. 1990 жылдары КСРО ыдырағаннан кейін кеңестік азаматтарының құндылықтары өз маңыздылығын жоғалтып алды. Қоғамда пайда болған вакуумды Қазақстан территориясына еніп кеткен әртүрлі діни ағымдардың ықпалы қазақтың бұрынғы қазақи салт-дәстүрлерді жаңғырумен қатар жүрді. Бұл дәстүршілдік бағыттың дамуы қазақстандық қоғамда өзінің оң және теріс жақтарын алып келді. Оның артықшылығына қазақтың жеке этнос ретінде этномәдени құндылықтарын қалпына келтіру мүмкіндігі жатса, оның кемшіліктері ретінде дәстүрлі институттардың қоғамның заманауи дамуына кедергі болатынын

қарастыруға болады. Сондықтан қазақстандық қоғамды жаңа әлемге интеграциялануы үшін реформалардың қабылдау қажеттілігі туындады.

Қоғамдық сананы жаңғырту мақсатында мемлекет тарапынан бірнеше стратегиялық маңызы бар бағдарламалар мен жобалар қабылданды. Атап айтқанда «Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту мен дамыту» тұжырымдамасы, «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру» тұжырымдамасы, «Ұлт бірлігі» доктринасы, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа бағыты, «Рухани жаңғыру» және тағы басқалары Қазақстанның көптеген этностан құрылған халқын біріктіру үшін, мемлекеттің дамып өркендеуі үшін жүзеге асырылып келеді.

Зерттеу жұмысымыздың алға қойған гипотезасын фактілерді келтіру арқылы толығымен дәлелденді деп есептейміз. Яғни, ғасырлар бойы көптеген факторлардың ықпалына ұшыраған қазақ этникалығының негізі мәдени плюрализм болып табылады. Ал осы плюрализм негізінде бүгінгі күні барлық қазақстандықтарды біртұтас жалпыұлттық бірегейлік төңірегіне топтастыруға болады.

Диссертациялық жұмысты қорытындылай келе, төмендегі тәжірибелік ұсыныстарды қарастыруға болады:

1. Жалпы алғанда Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасу үрдісіне баға беретін болсақ, қоғамдық пікірдің екі үлкен топқа бөлінгенін көруге болады. Атап айтқанда, бірінші топ ұлттық бірегейлік этникалық негізде қалыптасу керек деп санаса, екінші топ оған қарсы азаматтық ұстанымды алға шығарады. Осы орайда бірінші топтың көзқарасы біз ғылымда кең таралған примордиалистік тәсіл тұрғысынан қарастырып, оларды нақты примордиалистер категориясына жатқызамыз. Ал ұлттық бірегейліктің азаматтық нұсқасын қолдайтындардың ұсытанымына конструктивистік тәсіл шеңберінде баға беріп, оларды конструктивистер деп атаймыз. Осы екі тәсілдің ішінде қазақ этникалығының этномәдени аспектілерін талдауда примордиалистік тәсіл көбірек сәйкес келеді. Демек қазақстандық бірегейлік пен қазақ этникалығын зерттеуде қолданатын тәсілдер жағдайға байланысты ситуативті сипатқа ие болып өзгеріп отырады.

2. Ұлттық бірегейлік әлеуметтік, мәдени, саяси идеялар мен құндылықтардың өзара синтезіне негізделген. Себебі, тарихта ешбір қоғам салыстырмалы түрде этникалық жағынан болсын, лингвистикалық тұрғыдан болсын біртектес болмаған. Мемлекеттер ел ішінде тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау үшін адам құқықтары мен инклюзивтілік қағидаттарын ұстанады. Қазақстанның жалпыұлттық бірегейлігін қалыптасқан этностық пен азаматтық бірегейлік арасында қарама-қайшылық негізінде құруды емес, бір-бірін өзара толықтыратын бірегейліктердің жиынтығы ретінде қарастыру жөн. Осылайша қазақстандық бірегейлік этникалық және азаматтық бірегейліктің модельдерін өз бойына үйлесімді түрде қабылдай алады.

3. Қазақстан тарихында еуропалық және азиялық векторлардың ықпалы қазақ этникалығының дамуына терең із қалдырды. Алайда қазақ этникалығының негізі болып табылатын көшпенді өмір салтынан қалған

тарихи көпвекторлық және бейімделушілік қабілеттері оның ерекше ұлттық келбетін қалыптастыруға терең ықпал етті. Сондықтан бұл қасиеттер мемлекет тарапынан қабылданған ұлттық бірегейліктің біріктіруші ядросы ретінде барлық қазақстандық этникалық топтарды бір ұлт төңірегіне топтастыруға көмектеседі.

4. Қазақ этникалығында көшпенді халық ретінде генеалогиялық фактор әрқашан өте маңызды рөл атқарды. Кеңестік кезеңде тыйым салынғанына қарамастан ұмыт бола бастаған дәстүр – тәуелсіздік алғаннан кейін қайта жандана бастады. Оның себебін түсіну үшін біз қазақ ауылдарында әлеуметтанулық-антропологиялық зерттеу жұмысын жүргіздік. Соның нәтижесінде біз рулық қатынастардың қазақ қоғамында жаңғыруы «квазитрайбализмге» алып келгенін түсіндік. Квазитрайбализмнің қауіпті трайбализмнен ерекшелігі қазақ қауымдастықтарында рулық қатынастар әлеуметтік бейресми қатынастар ретінде өздерінің жеке мүдделері үшін немесе бір-бірімен сенімді қарым-қатынас орнату үшін қолданылады.

5. Этносимволизм теориясына сәйкес этникалық бірегейлік сезімі қауым мүшелері арасында этностың символдарына қауіп төнген жағдайда оянады және оны қорғауға барлығы бірдей жұмыла кіріседі. Бұл жағдайды біз бүгінгі күні елімізде қазақ тілінің мәселесі Қазақстан тәуелсіздік алған уақыттан бері қарай қоғамда өзектілігін жоғалтпай келе жатқандығынан көре аламыз. Мемлекет тарапынан көптеген қазақ тілін дамытуға қатысты бағдарламалардың сәтті орындалуына қарамастан, көптеген қазақстандықтардың көзқарасы бойынша қазақ тілінің қоғамда алатын мәртебесіне толыққанды көңілдері толмай отыр. Бірақ та әлемнің басқа да осындай тіл мәселесіне тап болған елдерінің тәжірибесіне жүгінетін болсақ, жалпы алғанда ана тілін қалпына келтіру өте ұзақ және күрделі үрдіс екенін ескеру қажет. Қазақстанда қазақ тілінің қоғамда мәртебесін көтеруге арналған тіл саясатын жүргізуде жан-жақты ойластырылған салиқалы ұлттық саясат пен осындай әлемдік тәжірибені ескеру қажет.

6. Қазақ этникалығына талдау жасай келе біз оның ғасырлар бойы үздіксіз трансформацияға ұшырағанын байқадық. Қазіргі кезде қоғамдық сананы жаңғырту мақсатында жүргізілген «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» сияқты бағдарламалардың бағыт-бағдарын қазақстандықтарды жаңа шынайы өмірге бейімдеудің маңызды факторы ретінде бағалауға болады. Жалпы алғанда бүгінгі күні қазақ этникалығының нақты бет-бейнесі мен жағдайы өз ішінде мәдени плюрализммен ерекшеленеді. Сондықтан Қазақстанның көп этносты тұрғындарын топтастыру мен интеграциялауда ұлттық бірегейліктің негізінде азаматтық және этникалық бірегейлік арасындағы теңгерімді ұстау саясаты жату керек.

Бұл ғылыми жұмыста қазақ этникалығының екі негізгі қасиеттері жан-жақты қарастырылды: рулық қатынастар мен қазақ тілі. Болашақта қазақ этникалығының басқа да қырларын сараптап, оның ұлттық бірегейлікке ықпалын зерттеуге болады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Гранин Ю. Глобализация и национализм: история и современность. Социально-философский анализ. Lambert Academic Publishing. 2011. - С.372.
- 2 Барбашин М. Ю. Столкновение традиционализма и постмодерна в современных этнополитических процессах транзитивного общества. // Журнал социологии и социальной антропологии. 2008. - Vol. 11, № 2. - С. 168–178.
- 3 Қоғамдық сананы жаңғырту міндеттері аясындағы қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру: 3 кітап. Формирование казахстанской идентичности в контексте задач модернизации общественного сознания: книга 3. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2020. – 668 с.
- 4 Лабутова Т. Ежегодник Большой советской энциклопедии. выпуск 34. Москва 1990 г. - С. 7-11.
- 5 Назарбаев Н.А. Статья главы государства «План нации – Путь к казахстанской мечте». http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-plan-nacii-put-k-kazahstanskoi-mechte
- 6 Посадский А.Б. Западные теории гражданской нации: сущностные характеристики и последствия внедрения. <https://vrns.ru/news/zapadnye-teorii-grazhdanskoy-natsii-sushchnostnye-kharakteristiki-i-posledstviya-vnedreniya/>
- 7 Olcott M.B. The Kazakhs. – Stanford: Hoover University Press, 1995. – 388 p.
- 8 Khalid A. «Front Matter». In Islam after Communism: Religion and Politics in Central Asia, 1st ed., i–vi. University of California Press, 2014. <http://www.jstor.org/stable/10.1525/j.ctt5hjjbz.1>.
- 9 Kudaibergenova D.T. Toward Nationalizing Regimes: Power and Identity Politics in Post-Soviet Realm. Pittsburgh, PA: University of Pittsburgh Press, 2020. – 240 p.
- 10 Sharipova D., «State-building in Kazakhstan: Continuity and Transformation of Informal Institutions» Maryland: Rowan and Littlefield, Lexington Books Publishers, 2018. – 190 p.
- 11 Fierman W. Language and Education in Post-Soviet Kazakhstan: Kazakh-Medium Instruction in Urban Schools The Russian Review Vol. 65, No. 1. - 2006. - pp. 98-116.
